

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 378(574)(091)

Қолжазба құқығында

ОРАЗБАЕВА КУЛЬДАРХАН ОНАЛБЕКҚЫЗЫ

**Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби
құзыреттілігін қалыптастыру**

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
Халитова И.Р.
п.ғ.д., профессор
Шет елдік кеңесші
PhD доктор, профессор
Сервет Өздемир
(Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2016

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕР- ДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ – ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	15
1.1 Жаһандану - білім беру саласын жаңғырту негізі	15
1.2 Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру - педагогикалық проблема	31
1.3 Болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайындағы кәсіби құзыреттіліктерінің, мәні мен мазмұны	46
1.4 Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі	62
1 бөлім бойынша тұжырым	82
2 ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАРЫ	84
2.1 Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырға арналған айқындаушы эксперимент нәтижелері	84
2.2 Жаһандану жағдайына болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны, әдістемесі	96
2.3 Зерттеу жұмысы бойынша жүргізілген қалыптастырушы эксперимент жұмыстарының қорытындылары	115
2 бөлім бойынша тұжырым	131
ҚОРЫТЫНДЫ	132
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	134
ҚОСЫМШАЛАР	145

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010, ҚР Президентінің №1118 Жарлығы, Астана (2014.12.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан, №828-831 (желтоқсан, 2012).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы (17 қаңтар, 2014ж)

ҚР Президенті – Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қараша Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Ұздік отыздыққа апарар «100 нақты қадам» бағдарламасы (20 мамыр, 2015ж)

ҚР Президенті – Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қараша «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахлауда: өсім, реформалар, даму» Қазақстан халқына Жолдауы.

«Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық саясатын және Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2015.21.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы

“Ақпаратты Қазақстан – 2020” мемлекеттік бағдарламасы, 2013 жылғы 8 қаңтардағы № 464 Жарлығы

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 130 бұйрығы (2012 жыл 24 тамыздағы толықтыруымен)

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Жаһандану – жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үдерісі.

Құзырет – дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапалардың (білім, білік, дағды, іскерлік, әрекет тәсілі) жиынтығы.

Құзыреттілік - алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі.

Кәсіби құзыреттілік - педагогикалық қызметін атқару дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер жиынтығы немесе жекелік кәсіби сипаттама.

Интеграция - экономика, әлеуметтік және саяси салада халықаралық байланыстар жүйесінің жаңа даму кезеңін сипаттайды.

Пәнаралық интеграция – болашақ педагог даярлығының барлық кезеңіндегі білімдер мен практикалық іс-әрекеттер бірлігі.

Білім берудің жаһандануы – білім берудің қашықтығына бағытталған, яғни білім алудың жалпыға қол жетімділігі, оны игерудің мол мүмкіндіктерінің болуы.

Жаһандық ойлау – жеке тұлғаның өзін қоршаған дүниені бірегей қабылдауы, дүниеде болып жатқан үдерістердің бір-бірімен өзара байланыста және өзара бір-біріне әсер ететіндігін сезіну, көп ұлтты, көп мәдениетті әлемде табысты өмір сүру қабілетінің болуы және өзін-өзі жетілдіріп отыруға ұмтылу.

Жеке тұлға – әлеуметтік қатынастар мен саналы іс - әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид.

Ақпарат – дегеніміз ақпаратты алушы кісіге дейін қабылдау механизмінің қабылданды – түсінікті – бағаланды деген үш сүзгісінен өткен нәрсе.

Ақпараттандыру – ғылымның дамуына байланысты пайда болатын, ақпараттық технологиялар мен жаңа телекоммуникация құралдарын педагогиканы оқыту үдерісі кезінде қолдану, педагогикалық білім беру мазмұнын жаңа ақпараттармен толықтыру.

Әдіс (грек. «methodos» - шындыққа жетудің жолы) ретке келтірілген іс-әрекеттің белгілі бір тұрғыда мақсатқа жету жолын білдіреді.

Модельдендіру – педагогикалық үдеріс туралы теориялық түсінік. Модель педагогикалық үдерістің қызметінің шарттарын, байланысын, элементтер жүйесін бейнелейді.

Педагогикалық жүйе – жеке тұлға білім беру, дамыту мақсатында бір-бірімен біріккен көптеген құрылымдар мен компоненттен тұратын педагогикалық үдеріс.

Әлем мәдениеті - салт-дәстүрлік құндылықтарды алмастыра алмайды, олар тек өздерінің әр түрлілігін сақтай отырып, мәдениеттер арасындағы сұхбаттың негізі бола алады.

Мәдениет – халықтың туған топырағында жинақталған өмірлік тәжірибесінің, тәлімі мен тәрбиесінің, өмір сүру бейнесінің жиынтығы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы.

БҰҰ – Біріккен ұлттар ұйымы

АҚШ – Америка Құрама Штаттары

БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары

АҚ – Ақпараттық құралдар

ЖОО – Жоғары оқу орны

ҚР МЖМББС – Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ХҒПК – Халықаралық ғылыми- практикалық конференция

PhD – философия докторы

ҚазҰПУ – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

СОӨЖ – Студенттердің оқытушымен өзіндік жұмыстары

ЭТ – Эксперименттік топ

БТ – Бақылау топ

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Еліміздің әлеуметтік экономикалық құрылымында болып жатқан өзгерістер жоғары мектептің білімдік үдерісін ұйымдастыруға жаңа талаптар қояда.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» халқына Жолдауында еліміздің болашағын қазақстандықтардың әлеуетін ашу үшін жаңа мүмкіндіктер құрумен байланыстыра келе, «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» екендігіне тоқталды [1]. Бұл өз кезегінде бес институционалдық реформаларды жүзеге асыру үшін ұлттың идеясы, жарияланған ұлт жоспары, «100 нақты қадам» бағдарламасында әлемнің отыз дамыған елінің қатарына кіруі негізінде адам капиталының сапасын көтеру, он алдыңғы қатарлы колледж бен он жоғары оқу орнында білікті кадрларды әзірлеу, халықаралық тәжірибеге сәйкестендіру үшін еліміздің оқу мекемелерінде білім беруді дамытудың басым бағыттарын алға қойды [2].

Білім саласында қазіргі кездегі жаңғырту үдерістері ең алдымен XXI ғасыр тұлғасы мен оларды тәрбиелейтін педагогтардың ұлттық және трансұлттық білімдік кеңістіктердегі орны мен роліне, жаһандану жағдайында халықаралық өзара әрекеттестікке дайын болу тұрғысынан жүргізілуде.

Өйткені жаңа жағдайда педагог алдында жалпыадамзаттық демократиялық және гуманистік құндылықтар негізінде бір адамнан өз елінің білімді, саналы азаматын және әлем азаматын тәрбиелеу міндеті тұр. Мұндай тұлға интеллектуалды, дүниетанымы кең, жаңаша ойлау қабілеті жоғары, білімге құштар, отансүйгіштік қасиеті қалыптасқан, бәсекеге қабілетті болуымен қатар, ел экономикасын, мәдениетін алға тартатын, ұтқыр күш, әлеует ретінде қалыптасуы тиіс.

Біздің тілімізде: ғаламдану, жаһандасу, ғаламшарлану түрінде қолданылып жүрген «жаһандану» дегеніміз қандай да болсын үдерістің, іс-әрекет барысының немесе мәдени-әлеуметтік феноменнің, құбылыстың бір ғана ұлт, халық, мәдениет, өркениет немесе құрлық шеңберімен шектелмей, бүкіл планеталық, жұмыр жерлік, бүкіл әлемдік деңгейде көрініс тауып, маңызға ие болуын танытатын ұғым. Жаһандану – үдеріс, орын алып отырған, әлі өз мәресіне жетпеген, аяқталмаған іс. «Жаһандану» бүкіл жер жүзінде жайылу, таралу деген мағынаны да, әлемдік елдердің біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру екпініне ілесу дегенді де білдіреді.

Қазақ қоғамы қазір қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану үдерісінің ықпалынан, өзі қаламаса да, оқшау бола алмайтындығы белгілі. Жаһандануды әрбір ұлт, әрбір этнос, әрбір мемлекет өзінің болмысына бейімдеп сіңіре алғанда ғана осынау қауіптілеу болып көрінетін құбылыстың игілігін көреді.

Еліміз енген Болонья жүйесі бойынша педагогтарды кәсіби дайындау үдерісі де осы мәселенің бізде таралуының көрінісі. Бұл ретте оқытудың барлық деңгейінде білім мазмұнының қайта қаралып, технологияларының жаңғыртылуы сапаға бағытталу мен нәтижеге қол жеткізудің бірден - бір

жолы. Осыған орай жоғары білімнің нәтижесі болып табылатын болашақ маман бойында жаһандық білімге қатысты құзыреттіліктер қалыптастыру өзекті мәселе қатарына жатады.

Білім беру саласы алдында тұрған бұл мәселені тиімді шешудің нормативтік - құқықтық негіздерін Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы [3], Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы [4], Қазақстан Республикасы жоғарғы педагогикалық білім беру тұжырымдамасы [5], Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары [6], және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайын Қазақстан халқына ұсынатын Жолдауының стратегиялық бағдарламалары құрайды.

Жаһандану және жаһандық білім беруді ұйымдастыру қажеттілігі мәселесі еуропалық ғалымдар (А.Габезудо, Ф.Гальбартшлагер, Х.Христидис [7]), американдық (Дж.Коэн, М.Мелин, Е.Морри [8], Д.Девлин-Фолтс [9]), канадалық (Д. Браун, Д. Прайсверк, М. Сэнд, И.Стокко и А. Янг [10]), ресейлік (И.Ю.Алексашина [11], В.С.Кукушин [12], Е.С.Устинова [13], Г.Ф.Шайдуллина [14], және т.б.) еңбектерінде қарастырылған.

Құзыреттілік амал «Еуропалық білім беру жобасында» (1996 ж.) негізі қаланып, еліміздегі білім беруді ұйымдастыруға қатысты барлық құжаттардың басты парадигмалық идеясы ретінде басшылыққа алынады.

Болашақ педагогтарды дайындау мәселесі психология мен педагогикада кең түрде қарастырылған деуге болады. Зерттеу барысында зерделенген еңбектер төмендегідей топтастырылды:

– студенттердің кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру және өзін-өзі әрі қарай үздіксіз білім алу арқылы дамытуының моделін құрылымдау (С.И.Архангельский [15], А.А.Вербицкий [16], В.А.Сластенин [17], және т.б.);

– маманды кәсіби даярлау үдерісінің психологиялық-педагогикалық негіздері, мамандықтың мәні, өзіндік ерекшеліктері мен қызметтері және өздігінен дербес білімін жетілдіруге байланысты ғылыми-әдістемелік бағдар ұсыну (Ю.К.Бабанский [18], Н.В.Кузьмина [19], В.В.Сериков [20], Н.Д.Хмель [21], С.М.Кеңесбаев [22], К.М.Беркімбаев [23], Ұ.М. Әбдіғапарова [24], және т.б.);

– білім алушылардың танымдық, коммуникативтік әрекеттерінің түрлері мен оларды белсендіру мәселелері (Қ.Б.Жарықбаев [25], С.М.Жақыпов [26], М.Ә.Перленбетов [27], Н.Б.Жиенбаева [28], А.Р.Ерментаева [29], және т.б.);

– болашақ мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру (Ж.Ы.Намазбаева [30], Б.А.Тұрғынбаева [31], М.А.Абсатова [32], және т.б.);

– студенттерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін (Ш.Х.Құрманалина [33], К.С.Кудайбергенова [34], Б.Т.Кенжебеков [35], Г.Ж.Меңлібекова [36], Б.Р.Қасқатаева [37], М.В.Семёнова [38], С.И.Ферхо [39], және т.б.).

Дегенмен зерттеу барысында жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды кәсіби әрекетке дайындау үдерісін жаһандық талаптарға сай

қайта қарау, оның теориясы мен ғылыми-әдістемелік негіздерін жаңарту мәселесі арнайы зерттелмегендігі анықталды. Мамандар дайындаудың практикалық пәндер бойынша жоғары оқу орынында беріліп жатқан педагогикалық білімнің ғаламдық үдерістермен байланысының аздығын, олардың әлемнің кез-келген жерінде білім алып, еңбек етуге дайын азаматтарын қалыптастырудағы әлеуетінің жеткіліксіз екендігін байқатты.

Бұл жағдай:

– ЖОО болашақ педагог мамандарды жаһандық талаптарға сай дайындауға деген қоғамдық сұраныс пен оған негіз болатын теориялық тұғырлардың айқындалмауы арасындағы;

– болашақ мамандарда жаһандану жағдайына байланысты құзыреттіліктерін қалыптастырудың объективті қажеттілігі мен оның жүзеге асуын қамтамасыз ететін ғылыми негізделген тиімді әдістері мен жолдарының айқындалмауы арасындағы қарама-қайшылықтардың бар екендігін көрсетеді.

Осы аталған қарама-қайшылықтардан жаһандану жағдайындағы мұғалімдердің өз педагогикалық іс-әрекетін тиімді атқаруларына қажетті құзыреттіліктердің құрылымы қандай, оны кәсіби білім алу барысында қалыптастыру қандай жолдар мен әдістер арқылы іске асырылуы тиіс деген зерттеу мәселесі туындайды.

Мәселенің көкейкестілігі мен аталған қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру зерттеу тақырыбын **«Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру»** - деп таңдауға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеп, әдістемесін жасау.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орындағы біртұтас педагогикалық үдеріс.

Зерттеу пәні: болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайында еңбек етуге қажетті кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Зерттеу болжамы: егер, болашақ мұғалімдерді дайындау үдерісінде мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік компоненттерден тұратын, әдіс, құралдары, көрсеткіштері айқындалған модель жүзеге асырылып, студент жаһандану жайлы білімдер мен кәсіби білік, дағдыларды өзіндік белсенді әрекет нәтижесінде меңгерсе, **онда** олардың жаһандану жағдайындағы кәсіби құзыреттіліктерін кіріктірілген тұлғалық сапа ретінде қалыптастырудың тиімділігі артады, **өйткені** бұл жағдайда жоғары оқу орынының педагогикалық үдерісінің жаһандық білім беру талаптарына сәйкестенуі мүмкін болады.

Зерттеу міндеттері

– жаһандану үдерісі дамуының тарихи кезеңдері мен олардың білім беру саласына әсеріне сипаттама беру;

– жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымын, мәнін, мазмұнын айқындау;

– жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделін жасау;

– жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруың әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыста сынақтан өткізу.

Зерттеудің жетекші идеясы: ЖОО білім мазмұны мен әдістерінің ғаламдық жаңарулар талаптарына сай жаңғыртылуы болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайына қажетті құзыреттіліктерін қалыптастыруға негіз болады.

Зерттеудің теориялық - әдіснамалық негіздері болып құзыреттілік амал (А.К.Маркова, А.А.Вербицкий, Б.Т.Кенжебеков, Г.Ж.Меңлібекова және т.б.); жүйелік амал. (В.В. Краевский, Н.В. Кузьмина т.б.); тұлғалық, (В.В.Сериков, В.А.Сластенин, И.С.Якиманская және т.б.); іс-әрекеттік (Т.Г.Браже, Л.С.Рубинштейн, Л.Ф.Спирин және т.б.); мәдениеттанулық (Е.В.Бондаревская, Б.С.Гершунский, И.Ф.Исаев және т.б.); синергетикалық (П.Анохин, З.Ж.Жаңабаев т.б.); рефлексиялық (В.В.Давыдов, А.И.Зимняя, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин және т.б.) тұлға құзыреттілігінің мәні философиялық қағидалармен, құбылыстардың өзара байланыстары мен сабақтастығының логикалық қағидаларымен, зерттеу мәселесі бойынша жазылған ғылыми педагогикалық - психологиялық еңбектермен, кәсіби педагогикалық сапаларды, құзыреттілік, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, болашақ мұғалімдерді оқытудың психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, технологиялық негіздері туралы тұжырымдамалар және идеялармен анықталады.

Зерттеу көздері: зерттеу мәселесі бойынша философтардың, психологтардың, педагогтардың және әлеуметтану бойынша мамандардың ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңдары; Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім және жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттары; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім беру мәселелеріне қатысты нормативті құжаттары; Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ғылыми педагогикалық мерзімді басылымдар және автордың педагогикалық тәжірибесі.

Зерттеудің әдістері: диссертациялық жұмысты жүргізу барысында қолданылған теориялық (зерттеу мәселесі бойынша философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық, педагогикалық ғылыми әдебиеттерге теориялық әдіснамалық талдау жасау, салыстыру, озық іс-тәжірибелерді жинақтау; зерттеудің нәтижесін жобалау, үлгілеу, тұжырымдау); эмпирикалық (сауалнама, тест, педагогикалық бақылау, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізу); статистикалық (зерттеу бойынша алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық тұрғыдан өңдеу).

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі

– жаһандану үдерісі дамуының тарихи кезеңдері мен олардың білім беру саласына әсеріне сипаттама берілді;

– жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымы, мәні, мазмұны айқындалды;

– жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін

калыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі жасалды;

– жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі жасалып және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыста сынақтан өткізілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы зерттеу барысында қол жеткізген теориялық қағидалар мен тұжырымдар білім беру мазмұнын жаңартуға арналған практикалық оқу материалдарын жасауға мүмкіндік берді.

«Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» тақырыбында дайындалған элективті курсының бағдарламасын жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде қолдану арқылы мұғалімдерді дайындау ісін модернизациялау, сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

1 Жаһандану - жалпы саяси экономикалық, басқа да әлемдік даму кезеңі, өндірістік дамудың жоғары сатысы, ұлттардың, мемлекеттердің, технологиялардың, нарықтың бірігуі, әр текті әлемнің біртұтастыққа айналуына байланысты өзгерістердің жиынтығы. Жаһандану дегеніміз объективті, бірақ өте қарама-қайшы үдеріс, адам қызметінің барлық: экономика, саясат, білім беру, әлеуметтік-мәдени т.б. саласына жағымды не жағымсыз әсер ететін құбылыс. Ол - түбегейлі жана нәрсе ретінде жаһандық мәселелерді Фшешуге бағытталады. Білім беру саласындағы жаһандану үдерісінің мақсаты - бірегей әлемдік білім беру кеңістігін құру болып табылады. Бұл үдеріс адамзаттың бірігуін жаһандық ауқымды мойындау үшін жағдай жасауға бағытталған шаралар жүйесі арқылы үлкен нәтижелерге жету мүмкіндігін береді.

2 Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі өзгеріп жатқан әлемнің білім беру кеңістігінде өзара қарым-қатынастар мен іс-әрекет тәжірибесіне қажетті бойында білімділіктің, іскерліктің жиынтығы, әлем азаматын қалыптастыруға дайындығын көрсететін педагогтың кіріктірілген күрделі тұлғалық сапасы. Бұл сапа жалпы адамзаттық, демократиялық, гуманистік құндылықтар негізінде жаһандық ауқымда ойлап, жергілікті ауқымда жұмыс істейтін тұлғаны тәрбиелеуге негіз болады. Болашақ мұғалімдердің аталмыш кәсіби құзыреттілігі әлемдік мәселелер, өмірдің жаңа бейнесі, ондағы мәдениеттер әртүрлілігі жайындағы білімдер, ғаламдық ортамен тиімді әрекеттесе алу біліктері, ақпараттық сауаттылық, қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарудағы және өзіне жүктелген жауапкершілікті сезіну сияқты сапаны өзгеріп жатқан әлемнің білім беру кеңістігіндегі педагогикалық әрекетте жүзеге асыруда көрінетін мұғалімнің кәсіби даярлығының көрсеткіші.

3 Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделі, тұғырлары, мазмұнының әдістемелік жолдарының қалыптасу деңгейлерінің мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттер мен көрсеткіштердің бірлігін құрайды. Ұсынылып отырған модель болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайында бәсекелестікке

кабілеттілігін, олардың әмбебап және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды көздейді.

4 «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» атты элективті курс мазмұны студенттердің өз пәні аясында ғаламдық мәселелерге бағыттала алуға қатысты білімдерін, мәдениаралық, ақпараттық біліктерін, жергілікті және ғаламдық жауапкершілікке қатысты дағдыларын қалыптастыруға негіз болады.

Зерттеу базасы: Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті және Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің (217) студенттері.

Зерттеу кезендері: Болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған тәжірибелік – педагогикалық жұмысқа қойылған мақсатқа сай үш кезеңде жүргізілді.

Бірінші кезең (2012-2013жж.) зерттеу мәселесі анықталып, оның мақсаты мен міндеттері айқындалды, зерттеудің ғылыми аппараты дайындалды. Отандық, шетелдік іргелі ғылыми зерттеулерге талдау жасау барысында қарастырылып отырған мәселенің теориялық - әдіснамалық негіздері анықталды. Тақырып бойынша материалдар сұрыпталып, жинақталды. Ғылыми мақалалар дайындалып, басылымдарда жарық көрді. Тәжірибелік алаңдар анықталып, эксперименттік жұмыстың жоспары, таңдау курсының оқу бағдарламасы дайындалды.

Екінші кезең (2013-2014жж.) теориялық материалдарды жүйелеу жалғасын тапты, анықтау эксперименті барысында болашақ мұғалімдердің тест, сауалнама арқылы алғашқы білім деңгейлері тексерілді, нәтижелері қорытындыланды, қалыптастыру эксперименті жүргізілді. Студенттерге арналған элективті курсы үшін жұмыстар (семинар, тренинг) байқаудан өткізіліп, тәжірибеге енгізілді.

Үшінші кезең (2014-2015жж.) қалыптастыру эксперименті жалғасын тапты, алынған нәтижелер сұрыпталып, өңделіп, құрылымы бойынша жүйеленді, ұсыныстар әзірленді, диссертация талаптарға сай рәсімделді.

Зерттеудің дәлелділігі мен негізділігі: теориялық – әдіснамалық және тәжірибелік тұрғыда негізделуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, зерттеу мақсатына сай кешенді әдіс-тәсілдер қолданылумен; теориялық білімді және тәжірибеден алынған деректерді салыстырумен, докторанттың өзіндік іс-әрекетінің қалыптасуына арналған философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектердегі қағидалардың басшылыққа алынуымен, ЖОО оқу үдерісіне зерттеудің нәтижелерін енгізуімен дәлелденді.

Зерттеу нәтижелерінің мақұлданыуы: Диссертациялық жұмыстың мазмұны 13 еңбекте жарық көрген. Соның ішінде 4-еуі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, 1-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 2-еуі халықаралық ғылыми журналда, 6-уы халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар (оның 3-еуі шетелдік) материалдарында жарияланды.

Сондай-ақ ЖОО ғылыми-әдістемелік семинарларда, педагогика және психология кафедрасында іс-тәжірибе жұмысы үдерісінде жүзеге асырылды.

1. Педагог мамандардың жаһандану құзыреттілігін қалыптастырудың кейбір мәселелері. Абай атындағы ҚазҰПУ Магистратура және PhD докторантура институты «ЖОО кейінгі білім беру жағдайында ғылыми педагогикалық әлеуетті дайындаудың өзекті мәселелері» ХҒПК материалдары. 28 қараша. Алматы. -2012. 263-268б. 2. Ұлттық құндылықтар - педагогтің жаһандану құзыреттілігінің негізі ретінде. С.Торайғыров атындағы ПМУ «Мәшһүр Жүсіп-әлемдік Ғаламат» атты ХҒПК материалдары. 13-желтоқсан. 2013. 229-231б. 3. Жаһандану жағдайында сапалы педагог мамандар даярлау мәселесі. С.Торайғыров атындағы ПМУ «Хабаршы». -Павлодар, -2013. -173-179бб. 4. Scientific and Theoretical Analysis of the Issue of Teachers' Global Competence Formation. «Life Science Journal» 2013. –V.10.–Iss.12(s). (Scopus) P. 266-270. 5. Жаһандану – педагогика ғылымының даму факторы ретінде. Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы». –Алматы, -2013. №3 (39). -191-195бб. 6. Педагог мамандардың жаһандық құзырттілігін қалыптастырудың теориялық тұстары. Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы». –Алматы, 2014. №1(41), 82-85б. 7. Болашақ педагог мамандардың жаһандық құзыреттілігін қалыптастыруда ұлттық құндылықтардың алатын орны. Ш.Уәлиханов атындағы КМУ «Шоқан оқулары-18» ХҒПК материалдары. 24-26 сәуір Көкшетау. 2014. 232-238б. 8. Leadership interntional Conference “Leadership in Education, Business and Culture” Iacet international center for education & technology. -25th April, -2014. Almaty-Seattle, 93-95p. 9. Bilimin içiğında eğitimsel liderlik üzerene uluslararası konferans/siirt-TÜRKiYE. 22-24. Mayıs -2014.P.148. 10. Научно-теоретический анализ формирования глобальной компетентности педагога XXI века. VI Международная научная конференция «Проблемы и перспективы развития образования» Пермь. апрель, 2015.9-13с. 11. Структурная модель формирования профессиональной компетентности будущих пелагогов в условиях глобализации. SCIENCE AND WORLD International scientific journal, № 1 (29), -2016, -80-84Vol. III Impact factor of the journal «Science and world» – 0.325. 12. Болашақ мұғалімдердің жаһандық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелеріне ғылыми теориялық талдау. Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана Science and life of Kazakhstan. Халықаралық ғылыми журналы. Международный научно-популярный журнал. №2/2 (37), 2016. 161-164б. 13. Professional Competence of Teachers in the Age of Globalization. International journal of environmental & science education. -2016, V. 11. –Iss. 9. (Scopus) – P. 2659-2672. SJR. 0,326.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы. Диссертация мазмұнын кіріспе, екі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар құрайды.

Кіріспе бөлімінде зерттеудің көкейкестілігі, ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеу көздері, әдістері, негізгі кезеңдері мен базасы, қорғауға

ұсынылатын қағидалары, ғылыми жаңалығы мен теориялық және тәжірибелік мәні, нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі ашып көрсетіледі.

«Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық – әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімде жаһандану жағдайында болып жатқан құбылыстарға сәйкес білім беру жүйесінің даму тенденцияларына, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі туралы ғылыми зерттеулерге талдау жүргізу арқылы оны жаһандану жағдайында дамытудың жаңа бағыттарына, болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделіне сипаттама беріледі.

«Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары» атты екінші бөлімде болашақ мұғалімнің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың барысы, мазмұны және оның нәтижелері келтіріледі.

Қорытындыда зерттеу жұмысы бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижелеріне негізделген тұжырымдар жасалынып, ғылыми тұрғыдан ұсыныстар берілді.

Қосымшада зерттеу барысында пайдаланылған диагностикалық материалдар, студенттерге арналған сауалнамалар, тренингтер және тест сұрақтары ұсынылады.

1 ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Жаһандану - білім беру саласын жаңғырту негізі

Болашақта бәсекеге қабілетті ХХІ ғасыр шәкіртін тәрбиелеу білім беру саласының алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Соған сай ұстаз - ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, тынымсыз еңбеккер, ортаның ұйтқысы, жан-жақты шебер, терең қазыналы білімпаз, гуманист, белсенді патриот, ғаламдық мәселелер туралы пайымы бар, өз ісін жаһандық талаптар деңгейінде жүргізе алатын болғанда ғана қоғамның мықты да білікті, мәдениетті, жан-жақты дамыған, шығармашылығы жоғары жеке тұлғаны қалыптастырып, тәрбиелеу нәтижелі болады.

Жаһандану, ғаламдану, әлемдік ауқымдану, глобализация (ағылш. *Global* - әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) - жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құру үдерісі. «Жаһандану» терминін алғаш рет 1983 жылы «Гарвард бизнес ревью» журналында жарияланған «Нарықтың жаһандануы» деген мақаласында Гарвард бизнес мектебінің профессоры Теодор Левитт ұсынған болатын [40]. Осы ұғым арқылы ол «жаһандық фирмалар» деп аталған кәсіпорындардың жаңа нышандағы іс-әрекеті арқылы дүниежүзіндегі нарықтардың бірігуін атады. Оның пікірінше, жаһандану және технологиялар халықаралық қатынастарды анықтайтын басты екі факторға айналды. Сол жылы жарияланған «The Marketing Imagination» атты монографиясында Т.Левитт технологияларды «әлемді біркелікке қарай жылжуға итермелейтін қуатты күш» деп бағалады. Мұның арқасында жаңа коммерциялық шындық дүниеге келіп, барынша бірқалыпқа түскен өнімдер үшін жаһандық нарықтар пайда болады. Олардың көлемі мен ауқымын бұған дейін көзге елестету де мүмкін болмаған.

Жаһанданудың нақты нәтижелерін шартты шекараларын экономикалық, мәдени және саяси қызмет үшін барған сайын айқындалып жатқанынан көруге болады және трансұлттық жүйелер – өнеркәсіп монополиялары, ғаламтор, студенттермен және кәсіби мамандармен өзара алмасу қызмет көрсету саласы, «жасылдардың» ұйымы және адам құқын қорғау қозғалысы – шын мәнінде жаһандық мәдениет пен экономика жүйесін құруға ықпал етті [41].

Осы факторлардың арқасында ХХ ғасыр үшін әлемдік кеңістіктерге, аумақтарға және идеологиялық блоктарға бөліп қараудан тұрған дәстүрлі геосаясаттың іргесі шайқалып, «ағыстар» мен «жүйелерден» тұратын жаһандану барған сайын бір тұтастықтың бейнесін қабылдаған әлемге жанаша қарауды қалыптастыруға алып келді. Жаһандануды жалпы әлеуметтік мәселе ретінде зерттеу оның феноменін терең түсінуде жатыр.

Көптеген зерттеушілердің көзқарасы бойынша «жаһандану» ұғымы «өзара тәуелділік», «интеграция немесе кірігушілік» деген мағына береді және халықаралық экономикада, әлеуметтік және саяси салада жүйенің жаңа даму кезеңін сипаттайды. Олар жаһандануды әр текті, бірақ әлемнің біртұтастыққа

айналу логикасымен біріктірілетін өзгерістердің жиынтығы деп түсіндіреді. Жаһандық өзара тәуелділік және бүкіләлемдік даму үдерісі жаһандануға алып келмей қоймайды. Бұл үдеріс трансұлттық экономика мен жалпыадамдық құндылықтарды қорғауға негізделген халықаралық ұйымдар жүйесі ықпалын күшейтеді.

Жаһандану әлеуметтік феномен ретінде көп қырлы және көптеген құрамдас бөліктерді қамтиды. Негізінен, оны ұлттық және әлемдік шаруашылықтың техникалық және қаржылық жағынан дамуының нәтижесі деп есептейді. Алайда әлеуметтік-мәдени өзгерістер, адамдар тұрмысының өзгеруі, адамзаттың қоршаған ортамен қарым-қатынасының күрделенуі де Жаһандануға елеулі ықпал жасап отыр. Ғалымдардың барлығы дерлік жаһанданудың объективтілік сипатын атап өтеді. Сондықтан бұл ұғым академиялық сөздік құрамында ғана емес, сонымен бірге, журналистер, саясаткерлер, іскерлік және білім беру орталықтарына да кең тарады.

Ғылыми әдебиеттерде келтірілетін жаһанданудың қашан басталғандығы, оның дамуының ерекшеліктері жөніндегі әр-түрлі ой-пікірлерге қарамастан, аталмыш үдерісті өткен ғасырдың 60-жылдарының басымен байланыстырады. Бұл кезде ақпараттық және коммуникациялық технологиялардағы ғылыми-техникалық төңкеріс жаппай дами бастаған болатын [42]. Осы кезеңде «жаһандық қоғам» деген термин солтүстік американдық ғалымдардың еңбектерінде жарық көрген (университет Ман Луан, Торонто), «жаһандық ауыл» термині алғаш рет жалпы ақпаратты бір уақытта планетамыздың кез-келген нүктесінен дүниенің төрт бұрышына коммуникация құралдары арқылы таралу феноменін көрсету үшін қолданылған [43].

Тағы бір американдық зерттеуші Т.Фридманның көзқарасы бойынша, «жаһандану» - «ұлттардың, мемлекеттердің, технологиялардың, нарықтың бірігуі, ол жеке тұлғаларға, корпорацияларға, ұлт - мемлекеттерге бұрын - соңды болып көрмеген жылдамдықпен әлемнің кез-келген нүктесіне жылдам әрі арзан жетуге мүмкіндік береді» - деген [44].

Профессор И.Ф.Кефели жаһанданудың көп қырлылығын атап өте отырып, оны – мәдени-тарихи тұрғыда ұлттық мәдениеттің барлық түрін қамтитын жалпы адамзаттық мәдениет ретінде қарастырады [45].

Ағылшын зерттеушісі П.Скотт жаһандануды түбегейлі жаңа нәрсе болғандықтан, оны интернационалдандырудың жоғары түрі ретінде қарастырмау керектігіне тоқталады, себебі жаһандану интернационалдандыруға қарағанда ұлттық шекараларды бұзады, жаһандық капитализмді жаппай қолданудың «төменгі» жерлерінде жүзеге асырылады, және ол жаһандық мәселелерді шешуге бағытталған деген пікірін білдіреді [46].

Американдық және Батыс Еуропалық ғалымдардан кейін жаһандану үдерісін зерттеудің қажеттілігіне ресейлік ғалымдар да көңіл аудара бастады. Ресейлік энциклопедиялық басылымдарда «жаһандану», соған сәйкес «жаһандануды зерттеу ілімі», «жаһанданушылық» сынды терминдер ХХ ғасырдың 90-жылдарында пайда болды. Бұл сөздіктер мен анықтамаларда «жаһандық мәселелер», «жаһанданушылық» ұғымдары қарастырыла отырып,

соңынан «жаһандану» феноменінің анықтамалары пайда бола бастады [47, с. 25]. Атап айтсақ, 1993 жылы саясаттану саласы бойынша жарық көрген энциклопедиялық сөздікте алғаш рет «жаһанданушылық», «жаһандану» ұғымдарына талдау беріліп, аталған бағыттың дамуының үш кезеңі қарастырылыады [48].

Бірінші кезең ХХ ғасырдың 60-шы жылдарын қамтиды, бұл кезеңде адамзат тарихында тұңғыш рет өндіріс арқылы табиғаттың антропогендік мүмкіндігіне қауіп төнгізе бастағаны және жер бетіне апат әкелетін стратегиялық құралдардың қанат жаюы болып табылады.

Екінші кезеңге әдіснамалық тұрғыдан болсын, қолданбалы тұрғыдан болсын, глобализмнің шарықтауы жатады. Бұл кезеңде қоғамдық дамуды танып-білуге қомақты үлес қосқан Э. Ласло, С.Медловиц, А.Тоффлер сынды зерттеушілердің еңбектерін атап айтуға болады. ХХ ғасырдың 80-жылдарының ортасында басталған жаһандану дамуының үшінші кезеңінің ерекшелігі, даму динамикасының өте жоғары болуында, яғни жаһандық мәселелер әлемінің саяси бет әлпетіндегі тарихи өзгерістер нәтижесінде екінші орынға шығып қалды [49].

Еліміздің саяси және экономикалық, әлеуметтік салаларының дерлік әлемдік кеңістікке кірігуі жаһандасуды осы ұғым жайында айтылған пікірлер мен көзқарастарды зерделеуді талап етеді. Ғалым М.Делятиннің жаһандану-бірегей қаржылық ақпараттық кеңістікті құру және оны дамыту үдерісі, бұл үдеріс бүкіл әлемді қамтиды және капиталды тез қолданумен, ақпаратқа оңай қол жеткізумен байланысты. Ол ұлы географиялық ашылулар дәуірінен басталып, әлі күнге дейін жалғасып келеді. Ең бастысы жаңа технологияларға негізделген сапа мен нәтижелер емес, сананы жаңаша құру болып отыр» - деген түйінді ойымен біз де келісеміз [50].

Жаһандану мәселесін Б.Пядышев былай тұжырымдайды: жаһандану - жалпы саяси экономикалық, басқа да әлемдік дамудың алдағы кезеңі, өндірістік дамудың жоғары сатысы, толығырақ айтсақ, капиталистік, саяси, әлеуметтік, философиялық қоршаған орта болып табылады – дейді [51].

Ғалым И.О.Радионова жаһандану – ХХ ғасырдың екінші жартысында бүкіл ғаламшарды қамтыған әлеуметтік және экономикалық дағдарыстың ғаламдануы - деп көрсетеді [52]. Автордың пікірінше, қазіргі кезде қиындап, неше түрлі түрге еніп отырған дағдарыстың себебі өркениет пен қоршаған ортаның арасындағы белгілі бір тепе-теңдікті сақтап отыруға мүмкіндік беретін тетіктердің күрт кейін кетуі, тиімділігін жоғалтуында.

М.А.Чешковтың пайымдауынша, «жаһандану» термині әлемдік қоғамдастықтың әр түрлі бөліктерінің бір-біріне тәуелділік, өзара бірігу және өзара шарттасу үдерісі ретінде көрсетуге болатын үдерістер мен құрылымдардың кең жиынтығын білдіреді [53]. Басқаша айтқанда, қазіргі заманда аумақтағы жағдайлармен анықталатын біртұтас нәрсе құрылады делінген.

Жаһандану – бұл күрделі әрі көпқырлы құбылыс. Оның маңызды аспектілерінің бірі – «әлдебір жалпы адами гуманитарлық: мәденитанымдық,

идеологиялық, моральдық-этикалық негіздерді біртіндеп қалыптастыру, осы арқылы түрлі өркениетке, әрі түрлі тарихқа, дәстүр мен мәдениетке ие ұлттар мен халықтарды жақындата түседі». Жаһандану жағдайында атап айтқанда, оның гуманитарлық негіздерін қалыптастыруда адамзаттың барлық өркениеттік ағындарының мәдени мұрасын пайдаланылуы керек, мұның өзі әр халықты және әлемдік қауымдастықты байыта түседі [54].

Әлеуметтік-мәдени өзгерістер, адамдар тұрмысының өзгеруі, адамзаттың қоршаған ортамен қарым-қатынасының күрделенуі де жаһандануға елеулі ықпал жасап отырғаны белгілі. Осы ойымыздың дәлелі ретінде отандық зерттеуші А.А. Арыстанбекованың «жаһандану кезінде-экономика, ақпарат, экология, технология салаларында, әлеуметтік қоғамның түрлі аспектілерінде шекараның соншалықты маңызы бола қоймайды», - деген тұжырымымен келісеміз. Ғалымның пайымдауынша ақша, тауарлар, технологиялар, ақпараттар мен уланатын заттар шекара жоқ сияқты оп-оңай өтіп кетеді. Тіпті, үкімет өткізгісі келмейтін адамдар мен олардың ой-пікірлері, идеялары, заттар, мысалы, есірткілер т.б. жаңа территорияға кірудің өз жолын тауып алады. Тура осы жолмен жаһандану кез-келген қашықтықты болдырмайды. Бұл адамдардың кейде өздері түсініп болмайтын, өздері қабылдамайтын” трансұлттық өмір сүру дағдысын қабылдауларына тура келеді деген сөз [42, с.16].

Зерттеу барысында жаңа түсініктер мен бұл құбылыстың төменде келтірілетін негізгі сипаттамаларын анықтадық:

– жаһандану дегеніміз объективті, бірақ өте қарама-қайшы үдеріс, адам қызметінің барлық: экономика, саясат, білім беру, әлеуметтік-мәдени т.б. саласына жағымды не жағымсыз әсер ететін құбылыс;

– жаһандану көптеген елдердің қызмет салалары бойынша өзара біріккен күшін білдіреді.

Бұл жерде маңызды рөл адамға тиесілі, оның дүниетанымы, құндылықтар жүйесі, ақыл-ойы, білімі, адамгершілігі, руханилығы – бәрі қазіргі кезде түбегейлі өзгерістерге ұшырауы мүмкін [55].

«Жаһандану» ұғымына берілген сипаттамаларды талдай отырып, оның ХХІ ғасырдың басындағы дүниежүзінің даму үдерістерін сипаттайтынын, халықтар мен мемлекеттер арасындағы байланыс пен өзара тәуекелділікті қиындатып, жалпы ғаламшар аумағындағы қоғамдық дамудың жаңа кезеңін көрсететінін және әлеуметтік байланыстар мен қоғамдық үдерістердің жаңа сапасын байқатады [56, с. 29] (сурет 1).



Сурет 1- Жаһандану (ғаламдану) үдерісінің бағыттары

Жаһандану интернационалдандырудың сапалы жаңа кезеңі, соған қарамастан ол ұлттық шекараны бұзуды ұсынған емес. Бұл қазіргі замандағы тәртіпке жаңа ғылыми-техникалық революция нәтижелерінің екі жақты әсер етуіне себепші болуы. Бір жағынан ғылыми-өндірістік кешеннің тез арада дамуы адамзатты экологиялық апатқа, яғни, түрлі елдердің тек біріге отырып шешімін табатын жаһандық проблемалардың пайда болуына әкеп соқты. Екінші жағынан, жаһандық ақпараттық-коммуникациялық желілерді құру кез-келген уақытта кез-келген жерде дерлік қажетті ақпаратты алуға, адамзат қызметінің барлық саласында мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты жеңілдетіп, байланысты тездетуге мүмкіндік береді [57, с. 97].

А. Фурсов өзінің «Мир на рубеже столетий» атты еңбегінде жаһандану үдерісі төмендегідей бірқатар мәселелердің туындауына да себеп болғандығына тоқталады:

1. Әлеуметтік-экономикалық мәселелер. Жаһанданудың стихиялылығы мемлекетті әлеуметтік-экономикалық өмірді реттеу үдерісінен шығарып жібереді деген ой-пікір бар. Нарық жағдайында көп пайда табу негізгі ұстанымға айналып, әлеуметтік қорғау, мәдени құндылықтар мен экологияны қорғау сынды дүниелерді құрбандыққа шалады. БҰҰ-ның және басқа да халықаралық ұйымдардың ұстанымы бойынша олар мемлекетті командалық басқару мақсатымен емес, даму мақсатымен нарықтық жолға қайтару керек деп ойлайды. Мемлекет шетел инвесторларына жақсы жағдай туғызуға ұмтылмауы керек, өйткені бұл экологиялық мәселелердің туындауына, еңбек шарттарының бұзылуына, еңбекақының төмендеуіне, білім беру мен денсаулық сақтау салалары аясының тарылуына әкеліп соғады. Мемлекет жаһанданудың әлеуметтік салдарын халықты тікелей әлеуметтік қорғау мен қоршаған орта,

еңбек туралы заңнаманы күшейту арқылы жою керек. Жаһанданудың кері әсерлерін жою үшін жаһандық институттардың құрылуы мүмкіндік береді, олар трансұлттық корпорациялардың қызметі мен қаржы ағындарына бақылау жүргізіп отырады.

2. Жаһандық басқару - саяси мүдделерді қайта бағыттау мәселелері.

Қазіргі таңда дүние жүзінде жаһандану мәселелерін арнайы реттейтін құрылым жоқ. Бұл кейбір елдер мен мемлекеттердің «Халықаралық қауымдастық» ұғымын теріс қолдануына алып келеді, өздерін-өзі тағайындаған «дүниежүзілік полиция қызметкері» ретінде көрінгісі келеді. Жаһанданудың кері әсерлерін жою мәселесінің жаһандық сипаты барлық мүдделі жақтардың күш салуын талап етеді.

3. Мәдениет пен ұлттық құндылықтарды жаһандандыру мәселелері

Бір жағынан, ұлттық және жергілікті мәдениеттердің көзінің жойылуы, олардың жаһандық мәдениет ағынында көрінбей кетуі байқалады. Ал екінші жағынан, бір-бірін түсінушілікке, бейтаныс адамдардан қорқуды еңсеруге, т.б. мүмкіндік беретін мәдениет саласындағы ұғымдармен және құндылықтармен алмасу жүзеге асырылады. ЮНЕСКО-ның 1994 жылы қабылдаған «Мәдениет» бағдарламасында көрсетілгендей әлемдік мәдени құндылықтар, салт-дәстүрлік құндылықтарды алмастыра алмайды, олар тек өздерінің әр түрлілігін сақтай отырып, мәдениеттер арасындағы сұхбаттың негізі бола алады.

4. Ақпараттық және коммуникациялық ағындар мәселесі.

Білім беру саласында компьютерлік және спутниктік технологиялардың кеңінен таралуы, кейбір елдердің қатал шаралар қолданса да, бақылаудан шығып кететін жаһандық ақпараттық кеңістіктің пайда болуына әкеп соқты [58].

Байқап отырғандай, автордың көзқарасында жаһандық үрдістің жағымды да, жағымсыз жақтарына сипаттама беріледі. Осыған ұқсас жаһандық ақпараттық кеңістік білім беру жүйесінің қайта құрылуына, халықаралық және мемлекеттің ішкі саясатын демократияландыруға үлкен қауіп туғызуы мүмкін. Адамның көңіл күйіне әсер ету арқылы шындықты жасыру, өтірік айту арқылы жаһандық бұқаралық ақпарат құралдары белгілі бір мақсаттармен көптеген елдердің қоғамдық пікірін қалыптастыра алады - деген тұжырым ЮНЕСКО-ның «Әлем мәдениеті» атты бағдарламасында да келтіріледі [59].

В.С.Степин мен Г.Ю.Семгин сынды зерттеушілер «жаһандану-өркениеттің дамуының жалпы үдерістерімен байланысты ғаламшардағы өмір эволюциясының жаңа шарттарын пәнаралық зерттеу; жалпы адамзат және табиғат субъектісі болып табылатын жаһандық көлемдегі қарама-қайшылықтармен байланысты жаһандық мәселелерді зерттеу; адамзаттың өзін-өзі жоюының алдын алу мақсатымен ұйымдастырылған және үйлестірілген саяси стратегиялар жиынтығы» деген анықтама берген [60]. Бұл пікірде білім беру саласының ғаламдық өзгерістерге байланысты жаңа міндеттерді шешуінің өзектілігін арттыруды меңзелетіндіктен біздің зерттеуіміз үшін маңызы жоғары.

И.М.Сиганатуллин жаһандану идеялары: адамдарды зерттеуге ұмтылу және адамзаттың бір-бірімен өзара әрекеттестікке кедергісіз түсе алуы сияқты жағымды жағын атап өте отырып, кері әсеріне де көңіл бөледі. Ол негізінен өскелең ұрпаққа білім беру тәрбие жұмысына қатысты мына жағдайларда көрінетіндігіне тоқталады:

1) *Халықтарды ұлттық дамудың төл мәдениетінен, өзіндік жолынан тайдыру болады.* Көптеген Отандық ғалымдар, таяу шетелдердегі ғалымдардың жаһандануға деген пікірлері біркелкі емес, кейде тіпті жағымсыз болып келеді, олар жаһанданудың келбетінен ұлттық сәйкестікке қауіп-қатер көреді, және олардың көбінің ойынша, білім беруді жаһандандыру отандық білім беруге де орны толмас шығын әкеледі.

2) *Ақпараттық – тілдік теңсіздік пайда болады.* Жаһандану мен қоғамдық жаһандық ақпараттандыру жаңа мүмкіндіктермен қоса, жаңа проблемалар туғызады. Мысалы, ақпараттық тілдік ортаның мүмкіндіктерін тиімді және мақсатты түрде қолдана алатын елдермен жеке тұлғалар осылай істей алмайтындардан артықшылықтары басым болады. Екіншілері өркениеттен тыс қалады.

3) *Білімдік теңсіздік пайда болады.* Білімге, ақпараттық технологияға, халықаралық қатынас тіліне қол жеткізушілік бірдей емес, сондықтан білім беру мәселесіндегі теңсіздіктің басты себептері осы болып табылады.

4) *Білім берудің коммерциялануы пайда болады,* ең алдымен бұл жоғары білім беруге қатысты. Білім берудің коммерциялануының өсуіне қарай жоғары оқу орындарына рыноктың құндылықтары келе бастайды, сөйтіп жаһандық білім беруді қоғамдық емес, жеке бас игілігі, яғни оқып жүргендердің игілігі үшін деп қарастырады.

5) *Халық пен жаһанданушы элита арасында алашақтық пайда болады.*

6) *Тілдер ығыстырылып шығарылады.* Жаһандану жуырда ғана адамдар арасында ақпарат алмасу мақсатымен белгілі бір рөл атқарып жүрген тілдердің бір тобын ығыстырып жатыр. Мысалы, ағылшын тілі таяу шығыс елдеріне жылыстап кіріп араб тілін, ал Латын Америкасында испан тілін ығыстырып шығарып жатыр. Мектептерде неміс және француз тілдерін үйренгісі келетін оқушылар азайып бара жатыр.

7) *Қалалық және ауылдың инфрақұрылымдар арасындағы алашақтық ұлғайып бара жатыр* [61].

Дегенмен де жаһандану ұлттық шекараны бұзуды ұсынбаған интернационалдандырудың сапалы жаңа кезеңі екенін мойындау керек деп ойлаймыз. Ол қазіргі замандағы тәртіпке жаңа ғылыми-техникалық революция нәтижелерінің екі жақты әсер етуіне себепші. Ғылыми-өндірістік кешеннің тез арада дамуы адамзатты экологиялық апатқа, яғни, түрлі елдердің тек біріге отырып шешімін табатын жаһандық мәселелердің пайда болуына әкелгенімен, жаһандық ақпараттық-коммуникациялық желілерді құру кез-келген уақытта кез-келген жерде дерлік қажетті ақпаратты алуға, адамзат қызметінің барлық саласында мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты жеңілдетіп, байланысты тездетуге мүмкіндік беретіндігі ақиқат [62, с. 127].

Сонымен қатар жаһандану халықаралық бәсекелестікті өршіте түседі. Ал бәсекелестік пен нарықтың кеңеюі мамандану және халықаралық еңбек бөлінісін тереңдетуге әкеледі. Жаһанданудың тағы бір артықшылығы – өндіріс ауқымындағы үнемділік, мұның өзі ысырапшылыққа жол бермеу мен бағаның төмендеуіне, соның салдарынан тұрақты экономикалық дамуға әкеледі. Егерде жаһанданудың оң және теріс жақтарын саралайтын болсақ, оның өзі әлемдік жүйенің сипатына байланысты болады. Егер әлем қақтығыстарға толы болса, онда ол мүлдем теріс сипат алады. Керісінше, әлем ынтымақтастыққа қарай бет түзесе, онда жаһандану оң әсер береді [63, с. 15].

Бұл ретте ЮНЕСКО Бас директор К. Мацуураның және БҰҰ-ның Бас секретары К.Ананның осы ұйымның Бас Ассамблеясының 55-сессиясындағы баяндамаларында дүние жүзі азаматтарында жаһандық ой-пікір қалыптастыру саласында бағдарламалар мен жобаларды жасау және жүзеге асыруға арналған заманауи тәсілдердің қажеттілігінің атап көрсетілуі ойымыздың дәлелі болмақ [64].

Коитиро Мацуура ЮНЕСКО-ң назарында жаһандық экономика жаңа өркениет үшін құндылықтар жасай ма жоқ па деген сұрақтың күн тәртібінде тұрғандығын атап көрсе отырып, жаһандық технология саласындағы орасан зор қадамдар мен мүмкіндіктер БҰҰ мен ЮНЕСКО жүйесінің құрылуы негізінде жатқандығын тілге тиек етеді. Негізгі тірек болып табылатын экономика, саясат және тәрбие жүйесі бойынша халықаралық қауымдастық мүшелерінің бірге жұмыс істеуге ұмтылуы қажет екендігіне ерекше назар аударады [65, с. 27]. К. Мацуура дәстүрлі білім беру саласындағы құндылықтарды қалыптастыруда әдістемелік ресурстары бар орта және жоғары мектептердің атқарған жұмыс көлемінің маңыздылығын, және оларға көмек көрсету үшін халықаралық ұйымдардың уақыт талабына сай жұмыс атқаруы қажет екендігін атап өтті. Соған сәйкес, ЮНЕСКО - ның ұстанымы – мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы саясат барлық адамдардың игілігіне бағытталуы тиіс екендігін атап өтеді [65, с. 29].

Біз осы көзқарастармен толықтай келісеміз, яғни тәрбие, адамгершілік құндылықтар жаңа мыңжылдықтағы жалпыәлемдік құбылыс ретінде жаһанданудың негізі болып табылуы тиіс.

Жаһандық өркениеттің пайда болуына септігін тигізетін шарттарды құруға бағытталған басымдықтар қатарында төмендегілерді атап өтуге болады:

– бүкіл ғұмыр бойы барлығы үшін үздіксіз білім беру;

– халықаралық диалогты мәдени құндылықтар негізінде құру, қоршаған ортаға, жаңа технологияларға, ғылымның этикалық аспектілеріне назар аудару.

Жаһандану қоғамдарды және мәдениеттерді қайта жасақтауда; өзгеріс уақыттың үлкен талабы болып табылуда және бұл да білім беруге әсер етуде.

Барлық салада трансформативті және инновациялық қабілеттер талап етілуде және білім беру соның бірі болып табылады. Жаңа технологиялар мен коммуникациялар көшбасшылар мен көшбасшылыққа көптеген мүмкіндіктер береді, және сәйкесінше көшбасшылар мен менеджерлер басшылықтың жаңа формасын қайта жасақтап, өздерінің біліктерін әртүрлі деңгейде дамытады.

Өзгермелі әлемде басшылыққа жасалған иерархиялық қадам екіұшты болып келеді және бұл өзгерісті қажет етеді. Сенге және басқаларына сілтеме жасай отырып, Харрис былай дейді: «әлемдік торапта біз иерархиялық басшылықтың тиімсіз екендігін дәлелдейтін міселелерді жиі кездестіреміз» [66].

Жаһандану үдерісінің білім беру жүйесі жайлы айтар болсақ, Еуропада алғаш рет білім берудегі жаһандану мәселесі өткен ғасырдың 70- жылдарында айтыла бастады. «Білім беруді жаһандандыру» ұғымын талдай отырып, профессор Е.В.Шевченко жаһандану білім берудің әлемдік, бірегей, әмбебап жүйесін құру үшін қолданылады, білім беру жүйелерінің арасындағы айырмашылықтар жойылады. Басқаша айтқанда, білім беруді жаһандандырумен үйлестіру теңдестіріледі» деген тұжырым жасаған [67].

Ал өзге мамандар білім берудегі жаһандану мен интернационалдандырудың арасындағы байланысқа, назар аударып отыр. Яғни, жоғары оқу орындарының шетелдік университеттермен шарт жасасып, халықаралық байланыстар орнатып, өзара студенттерді тарту мен интернет арқылы қашықтықтан оқыту бағдарламасын құрумен қарастырады. Осылайша, жаңа ақпараттық технологиялар негізінде білім берудің жаһандану үдерісі белсенді дамып келе жатыр деп есептейді [68].

Осы бағытта А.Кроплидың ой-пікірі де көңіл аударарлық, оның пікірі бойынша жаһандық оқыту-оқытудың стратегиясы, ол бойынша студенттер жаһандану мәселелерін оқып-зерттеп, шоғырлану әдісінің көмегімен өздерінің білімдерін алады. Сөйтіп, жаһандық білім берудің екі сипатын атап айтуға болады, бір жағынан, бұл оқыту үдерісі, ол әлеуметтік-мәдени қоршаған ортада өмір сүретін жеке бір адамнан бастап, тұтас бір ұлтты қамтиды. Екінші жағынан, ол жаһандану мәселелеріне байланысты және оқытуды ұйымдастырудағы көп пәндік тәсілді қолданады. Сол себепті жаһандық даму әр түрлі пәндер арасындағы білімді шоғырландыратын жазық немесе көлденең тәсілді, ғылыми, жалпыға ортақ тәжірибені біріктіретін тік тәсілді де қажетсінетін екі мәселелеге тап болуда [69].

Білім беру саласындағы жаһанданудың дамуы мен жай-күйін талдауға арналған зерттеулерде атап көрсетілгендей, жаһандану үдерісінің мақсаты - *бірегей әлемдік білім беру кеңістігін* құру болып табылады. Әлемдік білім беру кеңістігін әр түрлі елдердің білім беруінің ұлттық жүйелерінің жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Кейбір авторлар мұндай кеңістіктің бірігуіне ұмтылу үшін өте маңызды екі алғышарт бар екендігін атап көрсетті:

– біріншісі - бірегей экономикалық кеңістікті құрудың салдары болып табылады, яғни көптеген дамыған елдерді өзіне қосып алып жатқан экономиканың жаһандануы;

– екіншісі - ғаламшардың болашағына қауіп төндіретін жаһандық мәселелердің бар екендігін әр адамның өз түйсігімен ұғынып-білдірумен байланысты [70].

Ғалым В. Лысенконың пайымдауынша, жаһандық білім беру адамға әлемге кіруге, заманға сай өмірдің мәдени, әлеуметтік, экономикалық және

басқа да деңгейлеріндегі өзара байланыс жүйесіне үйлесімді еруге көмектесетін маңызды негіздердің бірі болып табылады, оның міндеті әлемді тану мүмкіндігін кеңейту, өз елінің басқа елдермен өзара әрекеттестік механизмдерін, оның әлемдік қоғамдастықтағы алатын орнын түсінуге және әлемге басқа халықтар көзімен қарауды үйренуге ықпал ету болып табылады [71, с. 10].

Әлемдік педагогикада жаһандық білім берудегі тұжырымдаманың негізін қалаушы американдық философ Р.Хенвидің еңбектерін салыстырмалы түрде атап кетуге болады. Ол жаһандану үдерісіндегі білім беру астарларын қарастыра отырып төмендегідей бес ұстаным ұсынды:

- дүниенің біркелкі еместігін қабылдау;
- ғаламшардың жай-күйін мойындау;
- басқа халықтардың мәдениетін түсіну;
- жаһандық динамиканы білу;
- адамның саналы таңдауы .

Айрықша көңіл бөлген *бірінші мәселе* - дүниені қабылдаудың біркелкі еместігін мойындау. Біз өзімізді қоршаған орта туралы бала кезімізден айтылып жүрген пікірлер арқылы ғана білеміз. Сол себепті әр түрлі ой-пікірдің болуы, дүниені әртүрлі қабылдау - біз жаһандық деп айтуға толықтай айта алатындай сананы қалыптастыру маңызды саты болып табылады [72, р. 29]. Автордың ойынша, берілген ұстаным шеңберінде пікірталас туғызатын конференция, дебаттар, достық сипаттағы дау-дамайлар секілді жұмыс әдістері мен түрлері нәтижелі болады. Олар жастарды өз ойын қалыптастыруға, өз пікірінің дұрыстығына көз жеткізуге үлкен мүмкіндіктер береді. Одан басқа, бұл жұмыс үдерісінде өз пікірінде қарама-қайшы болса да ой-пікіріне деген сабырлы қарым-қатынасты қалыптастырады.

Екінші ұстаным - ғаламшардың жай-күйін мойындау. Бүгінде адамдар орасан зор ақпарат көлемін алады. Мәселе берілген ақпараттың қаншалықты шынайы екендігінде. Бүгінгі заманда интернет біздің өмірімізге толықтай енген кезде көптеген адамдар оны ақпарат алудың бірден бір көзі ретінде қарастырады. Белгілі бір адамға қатысы жоқ болып көрінсе де, оның денсаулығына, басқа да тіршілік әрекетіне әсер ете алатын белгілі бір дүниежүзілік мәселелер жөнінде адамға ойлануға мүмкіндік беретін білім берудің белгілі бір деңгейлері қалыптасады, бұл біріншіден. Екіншіден, білімділік адамға кез-келген ақпаратқа сын көзбен қарауға мүмкіндік береді [73].

Келесі ұстаным басқа халықтардың мәдениетін түсіну. Бөтен мәдениетті түсіну, қабылдау айтарлықтай оңай емес. Тіпті адам ұзақ уақыт бойы басқа ұлт өкілдерімен бірге біте қайнасып өмір сүрсе де, олардың мәдениетін қабылдауы мүмкін. Мұнда бір ғана байланыс жеткіліксіз. Адам басқа елдің салт-дәстүрін қабылдап, оны өз өмірінің бір бөлігі етуге даяр болуы керек. Мүмкін бұл жерде белгілі бір таным икемділігі, психикалық үйлесімділік, жаңа атаулыны жете түсініп, өзгеру мүмкіндігі өте маңызды болып табылады.

Жаһандық динамиканы бұл ұстанымына келетін болсақ, бүгінде әлемдегі барлық нәрселер бір-бірімен тығыз байланысты деген анықтаманы көруге болады. Соңғы он жылдықта дүниеде болып жатқан құбылыстардың себептерін түсіндіру оңай емес. Қазіргі уақытта кез-келген уоқиғаның, кез-келген іс-қимылдың жеке сипатта да, дүниежүзілік сипатта да көптеген салдары болуы мүмкін. Бір сөзбен айтқанда дүниеде болып жатқан өзгерістер адам қызметімен тікелей байланысты болатындығын мойындауымыз керек.

Бесінші ұстаным жөнінде айтсақ, бұл адамның саналы таңдауы. Біз мына нәрсеге көңіл бөлуіміз керек соңғы жылдарда адамдардың санасында белгілі бір өзгерістер болып жатыр. Бұл өзгерістер ойланып, кесіліп-пішілген адамның өзін-өзі ұстау астарларына қатысты. Біз бұрын қажетті және пайдалы деп жасаған істеріміздің енді күмәнді екендігіне көзіміз жетіп отыр [74, p. 57].

Әлемдік білім беру жүйесіндегі белгілі жаһандық тенденцияларды ғалым А. Савельев төмендегіше бөліп қарастырады:

1) елдің барлық тұрғындарына демократиялық білім беру жүйесіне талпыну, оның сатылары мен деңгейлерінің сабақтастығы, осы орындарына автономдық пен дербестік беру;

2) тілек білдірушілердің барлығына білім алу құқығын қамтамасыз ету (ұлтына, нәсіліне қарамастан әрбір адам үшін кез-келген жоғары оқу орнында білім алудың тең мүмкіндігі);

3) әлеуметтік-экономикалық факторлардың білім алуға айтарлықтай әсері (кейбір этникалық аз топтардың мәдени-ағартушылық монополиясы, ақылы білім беру, шовинизм мен расизмнің көріністері);

4) оқушылардың жан-жақты қызығушылығын қанағаттандыруға, қабілеттерін дамытуға бағытталған оқу-ұйымдастырушылық шаралардың көбеюі;

5) білім беру қызметі нарығының өсуі;

6) жоғары білім желісінің кеңеюі және әлеуметтік студенттіліктің өзгеруі (демократияланған);

7) білім беруді басқару өрісінде қатаң орталықтандыру мен толық автономия арасында дұрыс шешім табу;

8) әлемнің дамыған елдерінде білім беру қаржыландырудың басты объектісіне айналуға;

9) мектеп пен жоғары оқу орындарының бағдарламаларын үнемі жаңартып отыру, түзетулер енгізу;

10) «орташа оқушы» бағытынан бас тартып, білім беру барысында және білім беру құралдары арқылы дарынды балалар мен жастарға, олардың қабілеттерін ашып, дамытуға ерекше көңіл бөлу;

11) дамуы жағынан қалып қойған балаларға білім беру үшін қосымша ресурстар іздестіру [75]. Осы келтірілген білім беруді дамытудың жаңа беталыстары еліміздің аталмыш әлеуметтік саласының да басты бағыттары екені белгілі.

Ғалым Р.Хенви өзінің жаһандық білім беру тұжырымдамасында оқытушылар өздері жергілікті, аймақтық және халықаралық тұрғыдағы

мәселелерді шешу үдерісіне қатысуға көмек беретін, бағдар сілтейтін жолдарды саналарымен түйсінулері қажет деген болатын [76, р. 102]. Бұл жаһандық білім беру бағдарламасының курстарында қоғамдық-саяси пікірталастарға қатысуға түрткі болатын қажетті ақпараттары болуы керек екендігін меңзейді.

Жаһандық білім берудің мақсатын көрсете отырып, бірқатар авторлар білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығы, мейлі орта оқу орындары субъектілері, мейлі жоғары педагогикалық білім алып жатқан болашақ мамандар мен оқытушылары болсын мәселе ортақ екендігін білдірді.

Мәселен, С.Лейми жаһандық білім берудің мақсаттарын былайша анықтаған:

1. Жаһандық білім беру бағдарламалары барлық қатысушыларын өздерінің құндылықтар жүйесін қарастырып, оған талдау жасау мүмкіндігімен қамтамасыз етулері керек, олар өз құндылықтар жүйесін жаһандық білім беру тұжырымдамасы арқылы жүзеге асыруы үшін, шетелдік қатысушылардың құндылықтар жүйесімен салыстыра білуі маңызды. Бағдарламаларға қатысушылар әлем туралы өз ой-пікірін ортаға сала білуге, халықаралық оқиғаларға өз бағасын бере білуге, оларға өз көзқарасын жеткізе білуге үйренуі тиіс.

2. Жаһандық білім беру тұжырымдамасын жүзеге асырушы мұғалімдердің барлығы шетелдегі өз әріптестерінің оқу бағдарламасы бойынша, белгілі бір пән бойынша дәріс беруді қандай жаңа нәрселерге қол жеткізгені жөнінде нақты, толыққанды ақпарат алулары керек. Әрі қарай бұл ақпараттың ішінде мәдениет, тарихи идеологиялық компоненттердің бар-жоғын, білетін ақпараттар туралы мәліметтерін жинақтап, оқып зерттеулері қажет.

3. Жаһандық білім беру бағдарламасы мұғалімдерге оқиғаларды, фактілерді, құбылыстарды талдап, баға беру мүмкіндіктерін дамыту арқылы халықаралық және мәдениаралық деңгейде күрделі оқиғаларға орай пікір айтуға, соған сәйкес іс-әрекет жасауға көмектеседі. Мысалы, зерттеу жұмысы бойынша ақпаратты жинап, оны талдауға мұғалімдерге өздерінің болжамдары мен нұсқаларын өз беттерімен мақұлдап, бекітуге немесе жоққа шығаруға көмек береді [77].

Сонымен қатар жаһандық білім беру жаһандық және жергілікті деңгейдегі оқиғалардың бір-бірімен әрекеттесуі, өзара тәуекелділіктерін баса көрсетуге бағытталған болуы қажет - деп көрсеткен. Бұл тұрғыда С.Леймидің «Студенттерге әлемде және елімізде болып жатқан оқиғаларға толықтай объективті және әділ пікірді ұсыну мүмкін емес. Дегенмен, оқытушылар оқушыларды белгілі бір саяси көзқарасты ұстануға итермелеп, түртпектеулеріне мүлдем болмайды, сонымен қатар белгілі бір саяси шешімдерге қатысты да, сыни баға беруге кедергі келтіруге болмайды», - деген пікірі маңызды деп санаймыз [78].

Жоғарыдағы пікір «XX ғасырдағы білім беру философиясы» атты зерттеудің авторы Б.С.Гершунскийдің философиялық негіздемелерімен сәйкес келеді. Біріншіден, бұл білім мен сенімнің үндестігі, олардың дүниетанымдық синтездерінің мәселелері. Екіншіден, бұл адамзат қауымдастығының рухани

бірігуінің объективті қажеттілігі. Үшіншіден, бұл өркениет дамуының қозғаушы күштерінің тілдік негіздерін мойындау қажеттілігі [79].

Мұндай мақсаттар жеке мәдениеттердің жиынтығы ретіндегі өркениеттің дамуына негізделген интегративті оқытуды талап етеді. Біздің ойымызша, жаһандық білім беруді қазіргі замандағы педагогикалық теория мен практиканың дамуының бір бағыты ретінде қарастыруға болады, ол адамды қазіргі кезеңдегі жылдам өзгермелі, шешуі көп мәселелер мен дағдарыстарға дайындықтың қажеттілігіне негізделеді.

Сондай-ақ, белгілі зерттеуші А.П.Лиферовтың жаһандық білім беруді ресейлік білім беру жүйесін қайта құру бағыттарының бірі ретінде қарастырған теориялық көзқарасы да қызықты [80, с. 85]. Оның пікірінше, ұлттық өзіндік ерекшелікті сақтай отырып, әлем бірегейлене, бір-біріне тәуелді бола түседі, жаһандық білім беру мәселелері қазіргі заманның шынайы құбылыстарына өзіндік жауап ретінде қарастырылады. Осыған орай төмендегідей үш факторды келтіреді:

Бірінші фактор - қазіргі замандағы барлық әлеуметтік - мәдени үдерістің керемет шапшаңдықпен жүруі. Ол жайында философ О.Тоффлердің [81] «Болашақтың өте тез келетіндігі» тұжырымын және француз педагогы С.Френенің [82] білім берудің дамуы мен қоғамның қажеттілігі арасындағы айырмашылық азаймайды, керісінше, өседі деген дәлелдерін келтіреді.

Екінші фактор - «адамзаттың өркениет тағдырына алаңдаушылығы», яғни әлемді бөлек-бөлек қарастыруы - деп есептейді.

Үшінші фактор - қазіргі педагогикалық теория мен практикада «дүниежүзілік қоғамдық-экономикалық үдерістердің үзілмеуі, жекелеген елдер мен халықтардың өзара тәуелділігінің ұдайы өсуі, олардың мәдениетінің бір-бірімен сіңісуі, жаһандық дағдарыс жағдайында адамды өмірге дайындау қажеттілігін» ең жоғары деңгейде есепке алу мәселесі туындайтындығы [83, с. 6].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, жаһанданудың үш бағытын атап көрсетуге болады:

Бірінші бағыт - «жаһанданудың американдық моделі». Америка бұл бағытты мемлекеттік мақсатқа жету үшін қолданады деген пікірлерді қалыптастырды. Ынтымақтастық мүмкіндігі өте шектеулі. Бұл көзқарасты жақтаушыларының ойынша, дүние қарама-қайшылыққа толы, ол достар мен жауларға бөлінеді. Білім беру жүйесіне бәсекелестікке қабілетті, өз мүдделерін сақтай отырып, ұлттық мүддені қамтамасыз ете алатын тұлғаны қалыптастыру міндеті жүктелген. Оқушы-жастар экономикалық және идеологиялық тұрғыда алдыңғы қатарда келе жатқан, әлемдік мәртебесі жоғары ел ретінде АҚШ-тың мүдделерін қорғауға дайын болып, ондағы құндылықтарды бүкіл дүние жүзіне белсенді түрде таратулары керек.

Екінші бағыт - білім берудің либералды моделі. Бұл пікірді көптеген педагог-тәжірибешілер қолдайды. Оның мәні мынада: жаһандық мәселелер халықаралық қауымдастық үшін қарастырылуы керек. Бұл аздап реформистік көзқарас, жаһандық мәселелерге қарсы тұруда олар ынтымақтастықтың

қажеттілігіне сүйенеді. Мемлекеттің хал-ахуалы дүние жүзінде олардың мүдделері мен құзыреттіліктерімен анықталады [42, с. 27].

Жаһандық білім берудің бұл бағытын жақтаушылар да Р.Хенви ұсынған білім беру мақсаттарына сүйенеді:

а) өткінші факторлармен байланысты, саяси жүйеге қосақталған шектеулерді мойындау;

б) ынтымақтастық мүмкіндіктерін зерттеу;

в) «өзіңе-өзің көмектес», «жеңімпаз барлығын алады» ұстанымдарын қайта бағалауды қажет ететін жалпы дағдарыс алдында тұрған мемлекеттер қауымдастығы екендігін мойындау [83, р. 64].

Бұл ой-пікір педагогикалық қауымдастықта алдыңғы қатарда тұрмаса да, білім беру саласындағы кейбір мұғалімдер мен басшылар үшін маңызды болып табылады, олар мектепте жаһандық білім беру идеяларын дамытуды қолдайтын, дүниенің әр түрлілігін әр мәдениеттің тепе-теңдікте өмір сүруіне құқы барын мойындайды. Алайда, мұндай көзқарас қақтығыс көзі болып тұрады, себебі бұл көзқарасты толықтай қолдамайтын, бірақ жаһандық ойлау мен жергілікті іс-әрекет жасайтын жеке тұлғаны қалыптастырудың маңыздылығын мойындайтын мұғалімдер жалпы алғанда ұлттық мүдде шеңберінде белсенді қызмет істеудің қажеттілігі жөнінде идеяны қолдайды.

Үшінші бағыт - жаһандандудың «педагогикалық» моделі педагогикалық көзқарастары бойынша, дүние бірегей біртұтас құбылыс және білім беру болмыс туралы біртұтас танымның қалыптасуына мүмкіндік туғызуы керек. Біртұтас әлемнің дамуы заманауи білім күрделі әрі мамандандырылған болып келе жатыр, ал екінші жағынан, аймақтар, елдер мен жеке тұлғалар арасындағы өсіп келе жатқан өзара тәуелділік үдерістерін байқауға болады. Мұндай жағдай білім беру үдерісінің дәстүрлі парадигмасын өзгертіп, холистикалық көзқарас пен оған сәйкес жаһандық білім берудің жаңа идеологиясына көшуді талап етеді [84, р. 34].

Жалпы алғанда, үш бағыттың да жақтастары «Жаһандық білім беру» - деп бір мемлекет шеңберінен шығып кететін мәселелер мен құбылыстарды зерттеп білуді, сонымен қатар, экономикалық, саяси, экологиялық, мәдени, және технология жүйелерінің өзара тәуелділігі мен байланысын оқып-үйрену қажеттігі туралы айтады. Жаһандық білім беру - дегеніміз әлемді тұтастай қабылдау - басқа адамның көзімен, санасымен қабылдау, бұл – адамдардың дүниеге көзқарасы әртүрлі болғанымен, олардың мұқтаждары мен тілегі ортақ дегенді білдіреді [85, р. 59].

Қазіргі кезде, білім беру сапасының мәселесі жаһандану жағдайындағы өзгерістер адамдардың көптүрлілігінің бірігуін дамыту қажеттілігі мен болашақ ұрпақтың өсуінде болып жатқан әлеуметтік жағдайдың қолға алынуы, күрделенуі көрінуде [86].

Әлемдік (дүниежүзілік) білім беру кеңістігі әр түрлі және әр деңгейдегі білім беру жүйесін біріктіреді, оның өзінің сапалық жағдайы, мақсаты мен мәселелер деңгейі, философиялық, мәдени салт-дәстүрлері бойынша бір-бірінен айырмашылығы бар. Сол себепті қазіргі замандағы дүниежүзілік білім беру

кеңістігі жөнінде жаһандық үдерістер әрбір білім беру жүйесінде бар және әр түрлілікті сақтайтын, ұлттық ерекшелікті сақтайтын енді құрылып жатқан бірегей жүйе. Сонымен қатар жаһандық білім беру жаһандық және жергілікті деңгейдегі оқиғалардың бір-бірімен әрекеттесуі, өзара тәуекелділіктерін баса көрсетуге бағытталған болуы керек [87, с. 30].

Жаһандандудың әсерін оң пайдалана отырып, қазақ халқының ұлттық құндылықтарының қазіргі заманға трансформациялануы қажет. Барлық ұлттардың мәдени ерекшеліктеріне түсіністікпен қарап, өзіміздің ұлттық бірегейлігімізді сақтап қалуды аса маңызды міндет ретінде қабылдауымыз қажет [88].

Қазақстан – 1990 жылдардың басында тәуелсіздігін алған мемлекет екендігі белгілі. Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдары барлық салаларда қиыншылықтарға, әсіресе білім беру жүйесінде басшылық және реформа дағдарысына кез болды. Білім берудің дәстүрлі кеңес жүйесін жалғастыру керек пе әлде алдыңғы қатарлы Батыс елдерінің білім кеңістігін игеру қажет пе деген екіұшты үлкен сұрақ тұрды. Өркениетті елдердің тәжірибесін зерделей келе қазақ үкіметі бірнеше Батыс реформаларын қабылдады. Олардың көбісі тиімді жемісін берді деуге болады. Мысалы ұлттық бірінғай тестілеу (ҰБТ, ғылыми-педагогикалық мамандарды дайындаудың үш сатылы жүйесі: бакалавриат, магистратура, PhD докторантура, кредиттік, дуальді оқыту жүйелері т.б. Қазақстанның білім жүйесіне енген жаһандық жаңалықтардың бастамасы осылар деген болар едік.

Білім жүйесін әлемдік дамыған инновациялық технологиялармен жабдықтау, білім мен ғылымның халықаралық стандартын меңгеру, сапалы білім беруге қол жеткізу, қоғам сұранысына жауап беретін білікті маман даярлаудың негізгі шарттары ретінде қарастырар болсақ, жаһандану жағдайында өмір сүретін болашақтың адамы ерекше құзыреттілікке ие болуы керек екендігі дау туғызбайды. Оларға тоқталар болсақ: өзара ынтымақтастық, көпмәдениеттілікті мойындай, қабылдай алатын, барлық жағдайларда да шыдамды, ең алдымен өзінің ана тілін жақсы біліп, сол тілде ойлайтын және басқа тілдердерді меңгерген, азаматтық борышын сезінетін тұлға болып қалыптасуы тиіс.

Сондықтан жаһандану жағдайында ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануы төмендегідей мақсаттарды көздегені дұрыс:

1. Әлемдік жаһандану жағдайында ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануының кезеңінде жастарға берілер білімнің мазмұнын ұлттық құндылықтармен, мәдениетаралық түсінік-пайыммен, ақпараттық жетістіктермен, тілдік (ана тілі мен шетел тілдері) байлықпен толықтыру.

2. Жастардың бойында қоғамның экономикалық және әлеуметтік саласына деген практикалық таным негізін қалыптастырып, өзінің, отбасының, достарының, айналасының, жалпы қоғамның әл-ауқатын ойлайтын жауапкершілігін сезіндіру.

3. Шыққан әлеуметтік тегіне қарамай, талантты да белсенді, білімді де ойлы жастарды толық қолдау арқылы қоғамның әлеуметтік икемділігін қамтамасыз

ету қажет. Осы арқылы жас буынның ақылды адам денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыру.

4. Білім мәдениеті мен қоғам алдындағы жауапкершілікке бағытталған кешенді іс-шараны жағымсыз нәрселерді (наркомания, бейәдептілік, т.б.) аластатуға бағыттап құру.

5. Білім – еркіндік пен таңдаудың көзі әрі дем берушісі. Білімге әлеуметтік тапсырыс беруші – жалғыз мемлекет емес, мүдделі мекемелер, ойлы да іскер адамдар болуы тиіс.

Қорыта айтқанда, адамзаттың бірігуін жаһандық ауқымда мойындау үшін жағдай жасауға бағытталған шаралар жүйесі үлкен нәтижелерге жету мүмкіндігін береді. Тығыз желі, қоян-қолтық аралас және жаһандану дәуірінде әріптестік болған кезде білім беру жұмысы жанданып, дами түседі.

Ғалым С. Өздемир «бүгінгі әлем барлық жағынан соның ішінде білімге байланысты даму бет алысын «өзгеріс» және «бәсекелестік» - деген екі ұғымның төңірегінде қарастырып, басқару жүйесін әлімдік өзгерістерге сәйкес қайта құру қажет екендігін көрсеткен [89]. Автордың ойынша, білім саласының дамуы мемлекеттердің ішкі және сыртқы өзгерістеріне тәуелді.

Сондықтан барлық педагогикалық тәсілдер мен шешімдердің эксперименттік негізделуі айрықша маңыздылыққа ие болады, олар бір жағынан, мәдени контекстердің ұлттық ерекшеліктерін есепке алады, ал екінші жағынан, бірлік пен алуан түрлілік идеясын ұстанатын жалпы өркениеттік ортақ құндылықтарды жеңіл қабылдау жолын белгілеуге мүмкіндік береді.

Жаһандық білім беру - бұл тек қана ұлттық білім беру кеңістігінің көптеген жиынтығы ғана емес, онда ұлттық және әлемдік білім беру саясатының мақсаты жүзеге асырылады, жеке тұлғаның даму мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған мемлекеттер мен білім беру жүйелері арасындағы арнайы қарым-қатынастық қызмет атқаратын ерекше мегажүйе деп айтуға болады. Адамзаттың бірігуін жаһандық ауқымда мойындау үшін жағдай жасауға бағытталған шаралар жүйесі үлкен нәтижелерге жету мүмкіндігін береді. Тығыз желі, қоян-қолтық аралас және жаһандану дәуірінде әріптестік болған кезде білім беру жұмысы жанданып, дами түседі.

Жаһандық білім беру идеал емес, оны жақсы білім беруге қосымша көмек деп қана қарауға тиіспіз. Себебі ол тек қазіргі заманда адамды өмірге дайындаудың бір жолы, амалы.

1.2 Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру - педагогикалық проблема

Қоғамдық дамудың қазіргі үдерісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбелеу мәселесін қойып отыр. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады.

Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттікке қарай толықтырып отыруды талап етеді.

Қоғамда әлеуметтік, мәдени үдеріспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық – білім. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады. Олай болса, білімге негізделген қоғам құрылысының негізгі басымдықтарын есепке ала отырып, педагог мамандардан аса жоғары кәсіби құзыреттілік талап етіледі.

Құзыреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Оқытушының құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Осыған орай, дамыған елдердің оқу жүйесінде кеңінен қолданыла бастаған «құзырет», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» терминдері жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде біздің еліміздің білім беру жүйесіне енгізілген. Біздің мақсатымыз жаһандану жағдайында құзыреттіліктің әрекет категориясына қатысты мәнін, кәсіби құзыреттілік деңгейінде жүргізілген зерттеулерді зерделеу арқылы ашуға ұмтылыс жасау.

«Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында Н.Хомский енгізген, алғашында ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіктер ұғымын берген [90]. Философиялық энциклопедиялық сөздікте құзыреттілік «компетенция» - сөзінің француз (competence- құзыретті, хабардар), латын (competentia - әділ, дұрыс қорытынды; competere - дегеніне жету, сәйкес келу, жақын келу) тілінен келгендігін, әмбебаптық тұрғыда қолданылатын термин екендігі көрсетілген. Өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған, негізгі ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды белгілі бір саладағы құзыреттіліктерді меңгерген деп есептеуге болады [91].

«Құзыреттілік» ұғымы «құзыр» сөзінен алынған туынды сөз екендігіне қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде мынандай анықтама берілген: «құзыр» - жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» дегенді білдіреді [92].

Қазақ Ұлттық энциклопедиясында «құзырет» – нақты органның не лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген өкілеттіліктерінің, құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы деп көрсетілген [93].

Сонымен қатар, педагогикалық білім беру теориясында құзыреттілік маманның өзінің қызметіндегі мәселелерін нақты жағдайларда шеше алу мүмкіндігін анықтайтын интегралды сипаттама, ол үшін білімі мен өмірлік тәжірибесін және құндылықтар мен қабілетті қолдану керек [94].

«Құзыреттілік» түсінігін анықтауда өзіндік тәсілді Н.К. Кабардов пен Е.В. Арцишевскаядан байқауға болады. Берілген тәсіл «құзыреттілік», «қабілет» түсініктерін салыстыру әрекетінде бекітілген. Аталған авторлар, құзыреттілік - дегеніміз мінез - құлықтың сипаттамасы, жеке тұлғаның белсенділігі, қажетті дағдылардың қалыптасуы деген тұжырым жасай отырып, «құзыреттілік» - меңгеру сатысы және үйретудің нәтижесі ретінде анықталатындығына тоқталған [95].

М.А. Холодная құзыреттілікті белгілі бір қызмет саласында тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін арнайы пәндік білімнің ерекше түрі ретінде анықтайды [96].

Л. М. Митинаның пікірі бойынша «құзыреттілік» ұғымына «білім, дағды, білік, сонымен қатар практикада, тілдесуде, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуда қолданатын тәсілдері» деген анықтама береді [97].

А.Ф.Присяжная педагогика ғылымында құзыреттілік - тұлғаның белгілі бір сала қызметі мен уәкілеттігін анықтайтын, оның интегративті қасиеті ретінде қарастылатындығын жатқызады [98].

Білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыреттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасын құруда. Бұл тұрғыдағы көзқарасты М.В.Рыжков өз еңбегінде:

– «құзыреттілік» ұғымы тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес, әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез - құлықтық, яғни оқыту нәтижелерін (білім, білік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қамтиды;

– құзыреттілік - алған білім, білік, тәжірибе, мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс - әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті;

– құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны интеграциясы;

– құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында да қалыптасады - деген [99].

Н.Г. Милорадованың айтуынша білім беру жүйесінде құзыреттілікті тудыратын төрт негіз бар:

- біріншісі кәсіби-әдістемелік құзыреттілік;
- екіншісі іс-әрекет негізіндегі құзыреттілік;
- үшіншісі әлеуметтік қарым-қатынас құзыреттілігі;
- төртіншісі жеке тұлға негізіндегі құзыреттілік.

Сонымен қатар, сыншыл ойлауды, рефлексияны, өз позициясын анықтау

кабілеттілігін, өздігінен бағалайтын ойдың дамуын және өмір бойы үйрену кабілеттілігін талап ететіні анық - деп көрсеткен [100].

Психологиялық зерттеулерде құзыреттілік адамның белгілі бір қызметті тиімді атқаруын қамтамасыз ететін психологиялық сапаның жиынтығы ретінде көрсетіледі. Құзыреттілік қай салаға қатысты болса да, ол жүйелі түрде жаңа ресурстармен толықтырылады [101].

Кейбір ғалымдардың ойынша, құзыреттілік – жалпы бағалау термині, ол мүмкіндікті, қызметтегі «істі білуді» көрсетеді. Әдетте, бұл термин белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статусы бар тұлғаларға қолданылады, ол шешілетін мәселелер, орындалатын тапсырмалардың күрделілігінің нақты деңгейіне олардың білімінің, түсінігінің, дағдыларының сәйкестігінің өлшемін сипаттайды [102, с. 153].

Белгілі психолог И.А.Зимняяның пікірінше, құзыреттілік - ішкі, әлуатті, жасырын психологиялық жаңа құрылым, білім, көріністер, бағдарламалар, құндылықтар, қарым-қатынастар жүйесі дей келе, адамның құзыреттілік әрекет ете білетін бейнесін төмендегіше сипаттайды:

1. Адамға жеке тұлға, субъект, болашақ мұғалім ретінде қарайтын құзыреттіліктер:

– денсаулық сақтау құзыреттілігі: салауатты өмір сүру нормаларын сақтау, темекі шегудің қауіптілігін білу, адамның дене тәрбиесі, бостандық, өмір сүру түрін таңдаудағы жауапкершілік;

– интеграция құзыреттілігі: білімді құрылымға бөлу, алынған білімді кеңейту;

– азаматтық құзыреттілігі: азаматтың құқығы мен міндеттерін білу және сақтау; бостандық және жауапкершілік, өзіне-өзі сенімді болу, азаматтық борыш;

– өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі: өзін-өзі реттеу, өзін-өзі дамыту, өмірдің мәні, тілдік даму, ана тілінің мәдениетін меңгеру, шет тілін меңгеру.

2. Адам мен әлеуметтік салаға әлеуметтік әсер ету құзыреттілігі:

– әлеуметтік өзара әрекеттесу құзыреттілігі: қоғаммен, қауыммен, ұжыммен, жанұямен, ынтымақтастық, төзімділік, басқа нәсіл, жыныс, ұлт, статус, дін, рөл т.б. қабылдау және сыйлау;

– араласудағы құзыреттілігі: ауызша, жазбаша, диалог, монолог, салт-дәстүрді білу, сақтау, іскерлік хат. т.б.

3. Адам қызметіне қатысты құзыреттілік:

– танымдық қызмет құзыреттілігі: танымдық мәселелерді қою және шешу, стандартқа сай емес шешімдер, проблемалық жағдайлар;

– қызмет құзыреттілігі: ойын, оқу, еңбек, қызметтің, іс-қимылдың құралдары мен түрлері;

– ақпараттық технологиялар құзыреттілігі: ақпаратты қабылдау, қайта өңдеу, жіберу, бұқаралық ақпарат құралдары, мультимедиялық технологиялар, компьютерлік сауаттылық, электронды меңгеру [103].

Томас Дюран жаңа қоғам адамының құзыреттілік деңгейлері ретінде мыналарды қарастырады: кабілет, ақпарат, білім, дағды, ноу-хау, құзыреттілік,

тәжірибе (даналық). Бұл деңгейлер өз кезегінде құзырттілікті қалыптастырудың кезеңдерін моделдейді [104] (кесте 1).

Кесте 1 - Т. Дюран анықтаған құзыреттілік деңгейлері

№	Деңгейі	Интерпретация /Түсіндіруі/
1.	Қабілет	Сыртқы ақпаратты мен оңай түсінемін
2.	Ақпарат	Мен білемін, үйрендім, меңгердім, анықтадым.
3.	Білім	Мен ақпаратқа құрылымдық талдау жасадым. Мен оны басқа біреуге түсіндіре аламын.
4.	Дағды	Мен оны істей аламын.
5.	Ноу -хау	Мен оны қалай істеу керектігін білемін және оны басқаға қалай істеу керектігін көрсете аламын.
6.	Құзыреттілік	Мен басқаларға қарағанда не істеу керек және қалай оны істеу керектігін жақсы түсіндіруге қабілеттімін.
7.	Тәжірибе	Мен оны қалай істеймін, не істеу керек, не үшін істеу керек, оны қалай істеу керек екенін түсіндіре алатын сарапшымын.

Болонья үдерісінің аумағында 2004 жылы құрылған TUNING («Еуропада білім құрылымдарын сәйкестендіруге бағыттау») жобасы «құзырлылық» ұғымына келесі өлшемдерді жатқызады:

–³/₄ «білім және түсінік» (қандайда болмасын ғылым саласындағы теориялық білім, білу және түсіну);

–³/₄ «қалайша әрекет жасау 2015-11-232015-11-23 керектігін білу» білімі (нақты ситуацияларда білімді практикалық және оперативтік тұрғыдан қолдана білу);

–³/₄ «қалайша өмір сүру керек» білімі (әлеуметтік контексте басқа адамдармен өмір сүрудің ажырамас бөлігі болып табылатын құндылықтар) [105].

Ғалым психолог М.Кордуэлл «Психология от А до Я» атты анықтамалық – сөздікте адамның құзыреттілігінің түрінің анықтамасын ұсынады: когнитивті құзыреттілік – мәселені шешу және мақсатқа жету қабілеттілігі; әлеуметтік құзыреттілік – өзге адамдармен қарым – қатынас орнату қабілеттілігі деп түсіндіреді [106].

«Құзыреттілік» ұғымы педагогикалық зерттеулер аясында да жеткілікті дәрежеде қарастырылған деуге болады. Мысалы К.С.Қудайбергенова «Құзыреттілік табиғаты тұлғаның өзіндік дамуында» атты еңбегінде «Құзыреттілік» - белгілі сала бойынша жан - жақты хабардар, білгір деген мағынаны қарастыра отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алу дегенді білдіреді», - деп көрсетсе [107], белгілі педагог Б.А.Тұрғынбаева «Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру

жағдайында дамыту» еңбегінде «... өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын құзыреттіліктер деп атаймыз» деп анықтама берген [108, б. 147].

Г.Ж.Ниязова зерттеу жұмысында «құзыреттілік» ұғымына «студенттің мағыналық бағдарлары, білімдері, біліктіліктері мен тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына қажетті нақты анықталған объектілер шеңберіне қатысты тәжірибелерінің жиынтығы» - деп қарастырған [109].


Г.Ж.Меңлібекова болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігін - адамның әлеуметтік шындықты құндылық ретінде түсінуінің, әрекетті басқарудағы нақты әлеуметтік білімінің, өзін анықтаудағы субъективтік қабілетінің, әлеуметтік технологияны жүзеге асыру біліктілігінің бірігуі ретіндегі кіріктірілген сапалық қасиеттері ретінде қарастырып, бұл сапаның қалыптасуына үлкен мән береді [110, с. 156].

Жоғарыда келтірілген ой - пікірлер болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырып дамыту мәселесінің қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектерінің өзекті мәселесі болғандығын дәлелдейді. Оларды болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайына қатысты білік - дағдыларын қалыптастыруда маңызы жоғары деген тұжырым жасауға болады.

Г.М.Коджаспирова, А.Ю.Коджаспиров құзыреттілік терминіне «жалпымәдени құзыреттілік - өз білімін жетілдіруге және пайда болған танымдық мәселелерді өзбетінше шешуге және өз көзқарасын анықтауға қажетті білімділіктің деңгейі; кәсіби шебер мұғалімнің құзыреттілігі-мұғалімнің педагогикалық қызметінде қалыптасуына, педагогикалық қарым-қатынас және белгілі бір құндылықты, мұратты, педагогикалық сананы жеткізуші жеке тұлға ретіндегі қажетті білім, білік және дағды жиынтығын меңгеруі» деп анықтама береді [111].

И.Р.Халитова құзыреттілік туралы айта келіп, мұғалім мамандар үшін білім, білік, дағдылардың маңыздылығын төмендетпейді. Керісінше, осы педагогикалық білім, білік, дағдыларға негіздей отырып, болашақ мамандарда білімге деген қажеттілікті үнемі сезіну, оны қанағаттандыру үшін үздіксіз ізденіс, сол тапқан нәтижелерін өз тәжірибесінде шығармашылықпен пайдалану қазіргі заман талабы - деп көрсетеді [112]. Ғалымның бұл пікірі біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі идеясына сәйкес келеді.

Құзыреттілікке байланысты талдауларды қорытындылай келе, оларды төмендегіше топтастыруды жөн көрдік (сурет 2).



Сурет 2 - Ғалым-педагогтардың еңбектеріндегі құзыреттілік түрлері

Маманның кәсіби құзыреттілігі – күрделі де көпқырлы категория. Бұл – философияда, психологияда, педагогикада, әлеуметтануда, кәсіби білім берудің теориясы мен әдістемесінде, акмеологияда, андрагогикада, еңбек психологиясында т.б. гуманитарлық ғылымдарда әр қырынан қарастырылып зерттелуде. Біздің зерттеу жұмысымыз жаһандану жағдайында еңбек ететін болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктері болғандықтан, әрі қарай осы мәселеге тереңірек тоқталамыз.

Қай саланың маманы болмасын адам кәсібилігінің қажетті құрамдас бөлігі кәсіби құзыреттілік болып табылады. Кәсіби құзыреттіліктің заманауи бағыттары және түсіндірмелері тіптен әртүрлі. Қазіргі кезде шетел әдебиеттерінде бар кәсіби құзыреттілік анықтамалары, яғни ана тілімізге «терең білім», «тапсырманы барабар, сәйкесінше орындау күйі», «қызметті сапалы орындау қабілеттері» деп аударылып қолданылуда. Алайда олар да басқа да қолданыстағы түсініктер бұл ұғымның мазмұнын толық нақты түсіндіре алып отырған жоқ дейміз.

Кәсіби құзыреттілік маманның дайындық сапасының сипаттамасы, еңбек қызметінің тиімділік әлеуеті ретінде қарастырылады. Педагогикада бұл категория «жалпы мәдени құзыреттіліктен» туындаған өнімді компонент ретінде немесе «маманның білімділік деңгейі» ретінде қарастырылады[113]. Егер кәсіби шеберлік деңгейлер жүйесінде құзыреттілік орнын анықтайтын болсақ, онда ол орындаушылық пен кемелдену арасында орналасқан.

«Кәсіби құзыреттілік» – кәсібиліктің маңызды құраушысы мен оның жоғары деңгейінің көрсеткіші. Кәсіби құзыреттілік осы құзыреттілік түрлері негізіне жататын белгілі бір бағыттағы кәсіби міндеттерді табысты шешуде көрініс береді [114, с. 67].

Кәсібилікті маманның дамуының әртүрлі бағыттарымен қатыстырып, кәсіби құзыреттіліктің келесі түрлері анықталады: арнайы, әлеуметтік, жеке.

1. Арнайы, немесе қызметтік кәсіби құзыреттілік жоғары кәсіби деңгейде қызметті меңгерумен және тек арнайы білімді игеріп қоймай, сонымен бірге оны тәжірибеде қолдануды білумен сипатталады.

2. Әлеуметтік кәсіби құзыреттілік кәсіби қоғамдастықта қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін, біріккен кәсіби қызмет және серіктестік әдістерін игерумен сипатталады.

3. Жеке кәсіби құзыреттілік өзін-өзі көрсету және өзін-өзі дамыту әдістері кәсіби сипатталады [115].

Н.Д.Никандров еңбегінде АҚШ-тағы маман дайындау мақсаттары мен оның нәтижесі қандай жетістіктерге әкелетіні дәйектеледі:

- әлеуметтік ұйымды дамытуды ұғынуы және оның ғылым мен білімге ықпалын сезіне білу;
- мәселелерді айқындай білу және оған талдау жасау қабілеті;
- логикалы ойлау іскерлігі және өз ойын жазбаша, ауызша түрде білдіре алуы;
- мәдени ескерткіштерді тануы және олардың өркениеттілікте алатын рөлін тани білуі;
- қоғамдық сұраныстарға жауап бере алатын моральдық, этикалық, әлеуметтік ұғымдарды терең түсінуі;
- үздіксіз білім алу қажеттілігін түсіну және оған қызығушылық қалыптастыру [116].

В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, Л.И.Мищенко және т.б. педагог мамандығының ерекшелігіне орай мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі ұғымын оның педагогикалық қызметті жүзеге асыруға теориялық және тәжірибелік жағынан дайындығы мен кәсіби шеберлігінің бірлігі ретінде түсіндіреді. Бұл жағдайда кәсіби құзыреттіліктің құрылымы неғұрлым жалпыдан жеке біліктілікке бағытталған мұғалімнің біліктілігі арқылы анықталады. Мұғалімнің педагогикалық ойлай білудегі (ішкі, ойлау әрекеттері) жалпылама біліктілігі кезінде байқалатын теориялық дайындығының мазмұны мұғалім бойындағы аналитикалық, болжамдық, жобалау және рефлексивтік біліктіліктерінің болуымен анықталады. Тәжірибелік дайындығының мазмұны мұғалімдердің әртүрлі біліктіліктерінің (сыртқы, тәжірибелік) қалыптасуымен айқындалады [117, с. 189].

Көбіне бұл ұғым кәсібиліктің жоғары деңгейін бейнелеуде қолданылады. Кейбір авторлардың еңбектерінде «кәсіби құзыреттілік» ұғымы «кәсіби қызметке даярлық» (В.А. Сластенин, Н.Н. Лобанова және т.б.) және «педагогикалық кәсібилік» ұғымымен теңестіріледі. Кәсіби - педагогикалық құзыреттілік пен оның жекелеген түрлерінің жалпы феноменологиясы Н.В. Кузьминаның және т.б. еңбектерінде көрініс таптапқанын анықтап отырмыз [118].

Ғалым Д.М.Фесслердің пікірінше, әлемдік кәсіби құзыреттілікке тұлғаның қызмет ортасының маңыздылығын жатқызады, себебі қазіргі заманда адамның

кәсіби өсуі көбінесе қызмет ету ортасына байланысты дей келе, бір-бірімен өзара әрекет етуші үш ортаның дамуын көрсетеді:

- «жеке қоршаған орта»;
- «ұйымдастыру ортасы»;
- «мансап ортасы»; (білім беру, мамандыққа ену, құзыреттіліктің өсуі) [119].

Ғалым психолог В.Р.Веснин кәсіби құзыреттілік негізіне кәсіби жарамдылығы енгізілген, «психофизиологиялық іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті адамның психологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы» ретінде түсіндіреді. Сондай-ақ, В.Р.Веснин кәсіби құзыреттіліктің төрт түрін бөліп көрсетеді:

- кәсіби білім мен іскерліктерді сипаттайтын және оларды жүзеге асыратын - функциональдылық;
- талдап ойлау қабілеттілігінде көрінетін және өзінің міндетін орындауға кешенді тұғырды жүзеге асыратын - интеллектуалдық;
- сәйкес жағдаяттарда әрекет етуге мүмкіндік беретін - ситуациялық;
- коммуникативті және интегративті қабілеттердің бар болуын болжайтын – әлеуметтік [120].

Е.И. Гарбер, В.В. Козача кәсіби маңызды сапаларды адамның еңбек субъектісі ретіндегі анатомиялық-физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік сапалары ретінде қарастырады. Еңбек психологиясы және кәсіп үшін ең алдымен, психологиялық сапалар маңызды – психикалық үдерістердің, күйлердің, тұлға қасиеттерінің ерекшеліктері. Олардың қатарында, нақты адамның біліктілігін, дағдыларын, әдеттері және тағы басқа да психологиялық ерекшеліктерін атауға болады [121]. Авторлардың ойынша кәсіби-маңызды сапалардың даму үдерістерін зерттеу, іс-әрекет бірлігі ұстанымымен жалпыланатын құбылыстарды түсіндіруге жетелейді.

Ғалым А.К.Маркова кәсіби құзыреттілікті әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыра отырып, кәсібиліктің психологиясына қатысты ұғымды кәсібилік, құзыреттілік мамандық үш түрлі ажыратады.

Автор кәсіби құзыреттілік белгелі еңбек функцияларын орындаудағы өзіндік жауапкершілігі, адамның біліктілігі мен қабілеттілігі, психологиялық сапалары, психологиялық жағдайының сабақтастығы деп айқындайды. Осыдан барып автор алдымен құзыреттілік, сонан кейін кәсібилік деген түйінге келеді. Автор құзыреттілікті адамның кәсіби талаптарына сай жеке сипат дәрежесі, яғни адамның кәсіби қызметіндегі, кәсіби қарым-қатынастағы көрегендігі оның даралығы мен кәсіби тұлғалық бейнесінің тұрақтануы деп пайымдайды. Сол секілді маманның кәсіби көрегендігіне байланысты төрт кәсіби құзыреттіліктің түрін ажыратады:

- кәсіби қызметті жоғары дәрежеде меңгеруіне және өзінің кәсіби дамуын жобалау қабілетіне байланысты арнайы құзыреттілік;
- субъект-субъектілік біріккен қызметті ұйымдастыру біліктілігін меңгерумен байланысты әлеуметтік құзыреттілік;
- тұлғалық өзін дамыту, өзін көрсету тәсілдерін меңгерген, сол секілді,

тұлғаның кәсіби деформациялануына қарсы тұра алатын тұлғалық құзыреттілік;

– өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі ұйымдастыру, өз кәсібі төңірегінде даралығын дамыту, кәсіби тұлғалық өсу дайындығын меңгерген даралық құзыреттілік.

Ғалымның тұжырымдамасы бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттілік құрылымы төмендегідей:

- кәсіби психологиялық және педагогикалық білімі;
- кәсіби педагогикалық іскерлігі;
- мамандық талап ететіндей мұғалімнің нұсқауы, кәсіби психологиялық ұстанымы;

– мұғалімнің білімі мен іскерлігін меңгеруді қамтамасыз ететін тұлғалық ерекшеліктері – деп көрсеткен [122].

Кәсіби құзыреттілікті зерттей келе Г.А. Ларионова негізгі құзыретке «мәдени таралық және салаарлық білім, дағдылар, мүмкіндіктер табысты қызметке әр түрлі кәсіби қауымдастықтар үшін қажет» - деген болатын [123, с. 103].

Д.М. Гришиннің басшылығымен болашақ мұғалімдердің біліктілік сипаттамасының негізгі ұғымы ретінде кәсіби құзыреттілік ұғымы енгізілді. Оның ойынша, кәсіби құзыреттілік - дегеніміз мұғалімдердің коммуникативті, конструктивті, ұйымдастыру қабілетінің жиынтығы. Мұғалім педагогикалық қызметтің субъектісі ретінде, осы қабілетті педагогикалық қызметте тәжірибе жүзінде қолдана білу мүмкіндігіне ие болады [124, с. 27]. Автордың бұл пікіріне қосыла отырып, аталған сапалардың мамандарды кәсіби дайындау үрдісінде қалыптастыру қажеттілігіне көңіл бөлеміз.

Ғалым Е.М. Павлютенков болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі деп оның өзінің қызметін орындау түрін айтады. Автор кәсіби құзыретті болашақ мұғалімдердің келесі сипаттамасын ұсынады:

- өзіне қатысты шешімді және өзін-өзі дамытуға байланысты шешімді қабылдай алу қабілеті;
- өзіне-өзі сенімсіздікті жеңе білу қабілеті;
- мақсатқа жетудің ең тиімді түрлерін көрсету;
- алынған білім мен тәжірибе негізінде болып жатқан шарттарға байланысты

қызметтің сипаты мен мазмұнын анықтау қабілеті [125]. Бұл айтылғандар жаһандану жағдайында еңбек ететін болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің құраушылары да бола алады деген пікірімізді білдіреміз.

Л.А.Ненашева студенттің болашақ мамандығына дайындығының үш деңгейін:

- қызметтік-операциялық;
- белгілі бір іс-әрекеттерді саналы түрде орындау қабілеті;
- кәсіби қызметтің қалыптасу деңгейінде топтар арасында, ұжым ішінде қарым-қатынасқа түсе білу қабілеті, мінез-құлқы, белгілі бір құндылық бағыты бар жеке тұлғаның әлеуметтік – кәсіби түрі;

– кәсіби мотивациясы дамыған жеке тұлғаны атап көрсетеді.

Сонымен қатар, автор өз зерттеулеріне сүйене отырып, психологиялық, педагогикалық және адамгершілік тұрғысынан кәсіби қалыптасу кезеңдерінің шекарасы бір-біріне сәйкес келмеуі де мүмкін, мұндай сәйкессіздік ауытқудан гөрі ережеге көбірек ұқсайды, себебі кәсіби қалыптасудың келесі кезеңіне өту ең алдымен әлеуметтік, содан соң психологиялық меңгеру болады деген тұжырым жасаған [126].

Белгілі педагог Ю.К.Бабанский мұғалімнің кәсіптік маңызды және жеке тұлғалық қасиеттерін үш топқа бөліп қарастырады:

1. Жеке тұлғалық (балалармен жұмыс жасауға қабілеттілігі, саяси - идеялық және мәдени өрісі, жұмысқа табандылығы; педагогикалық такт, педагогикалық бағдары, жаңаны сезе білуі, оған ынтымақпен кірісуі; өзіне және басқаларға талап қоя білуі).

2. Оқу іс - әрекетіне байланысты қасиеті (пән бойынша білімі; білім, іскерлік пен дағды сапасын бағалай білуі; жұмысты жоспарлай білуі, ойды дамыта алуы, қызығушылықты қалыптастыру, жоспарды уақтылы, сапалы орындау іскерлігі, пәнаралық байланысты орнату, балаға жеке ықпалы, әр баланың қабілетіне, жеке қасиеттеріне орай қарым - қатынас жасай білуі, оқушылардың оқу еңбегіне дағдысын қалыптастыру; оқытудың педагогикалық - психологиялық негізі жөніндегі білімі).

3. Мұғалімнің тәрбие жұмыстарына байланысты сапасы (нәтижені бағалай білу іскерлігі; тәрбие жұмысын жоспарлау; тәрбиелеу барысында жекелей ықпал ету, жоспарланған жұмыстарды тиімді ұйымдастыру, мұғалімдер мен ата - аналардың іс - әрекеттерінің тұтастығы; тәрбие теориясының психологиялық - педагогикалық негізі бойынша білімі; пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарды тиімді ұйымдастыра білуі) [127]. Белгілі ғалымның бұл айтылған пікірін біздің зерттеуіміз қарастырып отырған мәселенің шешімін табуда басшылыққа алуға әбден болады деп есептейміз.

М.И.Дьяченко, Л.А.Кандыбович студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру болашақ мамандығына жағымды қарым-қатынасын және қызығушылығын туғызу, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін өзінің біліктілігін жетілдіру, материалдық және рухани қажеттілігін өтеу, таңдаған кәсіби еңбегі бойынша үнемі айналысып отыру - деп түсіндіреді [128].

Ғалым А.В. Тутолмин педагогтың кәсіби құзыреттілігіне «Кәсіпке баулудың құзыретті педагогы – бұл кәсіптік қызметтің жаңа тәсілдерін, педагогикалық үдеріске қатысушылар арасында қатынастардың жаңа ролдік құрылымын, кең бейінді даярлығы бар білім берудің жаңа технологияларын меңгерген маман» - деп анықтама береді [129].

О.Ю. Перцованың анықтамасында, педагогтың кәсіби құзыреттілігі келесідей тұжырымдалған: «Педагогтың кәсіби құзыреттілігі – бұл бір жағынан білімді, іскерліктерді, дағдыларды, кәсіби және өмірлік тәжірибені, ал келесі жағынан кәсіби-тұлғалық қабілеттерді қолдану арқылы кәсіби педагогикалық қызметтің нақты жағдайларында туындайтын, кәсіби өзекті мәселелерді және әдеттегі кәсіби тапсырмаларды педагогтың шешуге даярлығын және қабілетін

анықтайтын, дамыған маңызды, негізгі және арнайы құзыреттіліктерде бейнеленген тұлғаның интегративтік мінездемесі» [130].

Ғалым-профессор Н.Д. Хмельдің зерттеулерінде болашақ мұғалімдерді кәсіби іс-әрекетке дайындау біртұтас педагогикалық үдеріс барысында қалыптасады. Психологиялық даярлық ғалым еңбегінде жеке бастың білім алуы ретінде қарастырылады және оның қалыптасуын жеке тұлғаның өзін-өзі өзектілендіруі үшін ең жоғары шарттардың құрылуымен байланыстырады. Бұл идеяның жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы кезінде біз үшін де өте маңызды және біздің ойымызша, жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби қалыптасуының бір бөлігі болып табылады, оған қоса оның қазіргі жаһандану жағдайында маңызы зор.

Бұл жерде дайындық :

а) іс-әрекеттен шығатын және тұлғаның белсенді жай-күй;

б) іс-әрекет салдары;

в) алдағы іс-әрекетті анықтайтын сапа болып табылады [131, с. 179].

Болашақ мұғалімдердің кәсібилігі жайлы көрнекті психолог Ж.Ы. Намазбаева: «...педагог өзінің бойындағы бар қасиеттерін ғана шәкірттерінің тұлғасында дамыта алатынын ескерсек, аталған мамандардың тұлғалық - кәсіби қасиеттерінің маңыздылығын айқындап, түзету мәселелерін зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр» деген пікір білдіреді [132, с. 176]. Айтылған пікірмен қосыла отырып, шындығында маманды дайындау барысында болашақ педагогтардың кәсіби мәнді сапаларын дамыту олардың өзгермелі қоғам талаптарына сай құзырлылықтары қалыптасқан мұғалімдер болып шығуларының басты кепілі деген тұжырым жасаймыз.

Ғалым Б.Т.Кенжебеков жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін зерттеу барысында кәсіби құзыреттілік ұғымына: «кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі» деп тұжырымдаған [133, с. 189]. Автордың пікірін тұжырымдайтын болсақ, құзыреттілік жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасау, іс-әрекеттің барысында теориялық білімінің практикалық нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыру іскерліктерінің белсенділігінен көрінеді.

Ал, М.З.Джанбубкованың пікірінше мұғалімдік тұлғаның қалыптасуының бастапқы кезеңі студентті зерттеуші кезеңге қою, олай болса, студент кәсіби-педагогикалық қызметтің мәнін іздеудегі мүше болып табылады. Ал, кәсіби-педагогикалық қызметтің мәні тек орынды тәсіл арқылы анықталады. Бұл жерде кәсібилік нақты кәсіби-педагогикалық қызметке айналу тәсілін іздестіру барысында қалыптасады [134]. Бұдан автордың кәсіби іс-әрекеті кәсіби құзыреттілікке жалғасатыны туралы тұжырым жасағанын көруге болады.

Жоғарыда біз шетелдік және ресейлік ғалымдардың еңбектеріндегі кәсіби құзыреттіліктің мәні мен мазмұнына берілген түсіндірмелерді талдадық. Сонымен қатар отандық зерттеушілердің кейбірінің пікірлеріне тоқталдық. Дегенмен бұл мәселе қазақстандық көптеген ғалымдар еңбегінде

қарастырылғандығын атап өте отырып, аталмыш ұғымның өз еліміздің ғалым-зерттеушілердің еңбектерінде зерделенуін және болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі және оны анықтау критерийлерін жүйелеп кестеде көрсетуді жөн көрдік.

Кесте 2 - «Кәсіби құзыреттілік» ұғымының қазақстандық ғалым зерттеушілердің еңбектерінде зерттелуі

№	Авторы	Анықтамасы	Диссертация тақырыбы
1	2	3	4
1.	Рахымжанова А.Е.	Кәсіби құзыреттілік - дегеніміз кәсіби білімі мен іс- тәжірибесін ұштастырып, өз жұмысын бағалай алу, кәсіби еңбегінің нәтижесіне әлеуметтік жауапкершілік алу, өз мамандығына сәйкес қарым-қатынасты игеру қабілеттілігі.	«Жастардың қоғамдық ұйымдарында болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың педагогикалық жағдайлары».
2.	Аблязимова Н.М.	Кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқару мақсатында теориялық және практикалық дайындығы мен қабілеттерінің бірлігі.	«Болашақ физика мұғалімдерінің инновациялық технологияларды жүзеге асыруға кәсіптік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары».
3.	Қилыбаева Г.К.	Болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігі деп фундаменталды пәндер бойынша психологиялық, педагогикалық білімі; практикалық шеберлігі, біліктілігін, кәсіби қасиеттерін дамытуға қолдана алатындай деңгейді айтамыз.	«Жоғары оқу орнында болашақ педагогтердің технологиялық құзыреттілігінің өлшемдері».
4.	Жексенбинова А.К.	Кәсіби құзыреттілік педогогтің әр түрлі нұсқаларда рефлексияның, тұлғалық сапалардың, тәжірибенің, құндылықтардың, біліктердің, білімдердің жиынтығы болып табылатын тұлғаның аралық сипаттамасы ретінде қарастырылады.	«Болашақ әлеуметтік педагогтардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары».

2 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
5.	Әбілда Ж	Қазіргі күнде Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі негізгі бағдар-нәтижеге бағытталған білім беруге даярлық. Кәсіби құзыреттілік-білім беру үдерісіндегі білім, білік, дағдылардың түпкі нәтижесін көрсетуі. Кәсіби құзыреттілік адам бойындағы сапалар мен іс-әрекетіндегі үйлесімділігі.	«12 жылдық білім беруде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктері».
6.	Омарова Ләззат Тәліпқызы	Кәсіби құзыретті деп өзінің педагогикалық әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, қарым-қатынасқа әрдайым дайын, педагогикалық үдерісте үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын маманды атауға болады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістер студенттердің кәсібилігінің артуын, яғни кәсіби және әдістемелік құзыреттілігін арттыруды қажет етеді.	«Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары».
7.	Асанов А.	Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі – жас ұрпаққа қоғам міндеттеп отырған талаптарға жауап беретіндей тәрбие мен білім беру.Қазіргі кезеңде мектептегі жас ұрпақ тәрбиесі, оның жеке тұлғасының жаңаша қалыптасуы, әлеуметтік дүниеге көзқарасы, жалпы болмысы жоғары оқу орындары даярлайтын бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дайындығына байланысты.	«Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру».
8.	Намазбаева Ж.Ы., Каракулова З.Ш.	- құндылық-адамгершілік: кәсіби және кәсіби емес құндылықтардың өзара байланысы; кәсіби іс-әрекет пен өмір мәнінің сәйкестігі; аталған құндылықтарды мағыналы түсіну деңгейі: мейірімділік, шынайылық, ұқыптылық, жауапкершілік, тиянақтылық, өзін-өзі сыни бағалауы. –эстетикалық: эстетикалық сезімінің болуы, нақты эстетикалық қабілеттер (музыкалық, әдеби, моторлы т.б.). –коммуникативтік: ұйымдастыру қабілеттері, лидерлікке дайындығы; коммуникативті қабілеттер, сөйлеу – ішкі, сыртқы, вербалды, вербалсыз, ауызша, жазбаша, дауыстың күші, ырғағы; коммуникативті такт және тәрбиелілігі, әзіл-сықақ сезімі.	Личностно-профессиональное развитие личности преподавателя в современного вуза: Учебное пособие. – Алматы: Каз НПУ им.Абая, 2010. – с. 90.

2 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
9.	Куатова Н.Р, Мезибаева Н.А.	Кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс – әрекетті арттыруға бағытталған теориялық және тәжірибелік әзірлігі мен қабілеттілігінің бірігуі.	«Жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқушылардың танымдылық іс-әрекетін ұйымдастыра отырып кәсіби құзыреттілігін дамыту».
10.	Еспенбетов Б.Ж	Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі педагогтарды кәсіби даярлаудың нәтижесі және кіріктірілген кәсіби-тұлғалық сипаттамасы, яғни кәсіби-көркемдік білімділік және біліктілік, кәсіби-көркемдік іс-әрекетке лайық танымдық іскерлік пен дағдылар, кәсіби мәні бар тұлғалық қасиеттердің бірұтас жиынтығы болып табылады.	«Қазақтың ұлттық қолданбалы қолөнері негізінде болашақ мұғалімдердің кәсіби-көркемдік құзыреттілігін қалыптастыру».
11.	Шамуратова Қ.Ш.	Кәсіби құзыреттілік маманның дайындық сапасының сипаттамасы, еңбек қызметінің тиімділік әлеуеті ретінде қарастырылады. Педагогикада бұл категория «жалпы мәдени құзыреттіліктен» туындаған өнімді компонент ретінде немесе «маманның білімділік деңгейі» ретінде қарастырылады.	«Педагогтердің кәсіби құзыреттіліктері құрылымының кейбір ерекшеліктері».
12.	Кабулова Г.К.	Кәсіби құзыреттілік деп оқытушының жеке бас сапалары мен оның психологиялық – педагогикалық және теориялық білімнің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады.	«Кәсіби құзыреттілік оқытушының кәсіби маңызды сапасы ретінде».
13.	Сейлханова Бакыт Кауатаевна	Кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқару мақсатында теориялық және практикалық дайындығы мен қабілеттерінің бірлігі деп есептейді. «Құзыреттілік» ұғымы адамның мәселеден жақсы хабардарлығы, танымдар мен тәжірибелерді меңгеру аумағын білдіреді. Белгілі бір сала бойынша құзыретті болу – осы салаға негіздемелік талдау жасау және ондағы тиімді іс-әрекет етуге мүмкіндік беретін лайықты білім мен қабілетке ие болу.	«Болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері».

2 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
14.	Қайболдиева Нұргүл Жұмакелдіқызы	Кәсіби құзыреттілік - дегеніміз ең алдымен студенттің функционалдық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Кәсіби құзыретті маман деп өзінің педагогикалық әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, қарым-қатынасқа әрдайым дайын, педагогикалық үдерісте үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын маманды атауға болады.	«Кәсіптік білім беру жүйесінде студенттің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері».
15.	Жумашева Светлана Сатыбалдиевна	Кәсіби құзыреттілік – нақты бір деңгейдегі кәсіби маңызы бар қабілеттері, білім, қабілет, дағдылар, икемділіктер жүйесі. «Кәсіби құзыреттілік» ұғымын кәсіби қызметті жүзеге асыруға дайындығы және қабілетімен тығыз байланыстырады. Соған сәйкес «педагогтың кәсіби құзыреттілігін» педагогикалық әрекетті жүзеге асыруға қабілеттілігі мен дайындығымен өзара байланыста қарастырады.	«Спорттық педагогтың кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру (әдіснамалық тұрғыдан қарау)».
16.	Жармағанбетов Н.С.	Кәсіби құзыреттілік - қоршаған ортамен өзара әрекет етуінде адамның кәсіби іс – әрекетін жобалау және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттері, білімі, іскерлігі және тәжірибесінің біріккен жиынтығы.	«Білім беру жүйесіндегі кәсіби құзыреттіліктерді дамытудың маңызы».

Сонымен, кәсіби білім берудегі құзыреттілік түйіні нәтижелерге жетуді көздейді. Мұны болашақ мұғалімдерді даярлауда қалыптастыруды ескеру жаһандық жаңарулар жағдайында еңбек ететін болашақ мұғалімдердің аса қажетті сапасын дамыту мәселесін шешеді деп есептейміз.

Қоғам дамуының динамикасы адамның кәсіби қызметі, мансабы үздіксіз білім алуды, өзінің кәсіби біліктілігін, құзыреттілігін арттырып отыруды талап ететіндігі бүгінгі күні белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары білім жүйесін халықаралық деңгейде интеграциялау - құнды шешім болып табылады.

1.3 Болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайындағы кәсіби құзыреттіліктерінің, мәні мен мазмұны

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында оқытушы кадрлардың кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты

мақсат деп көрсетілген және ол төмендегідей құзіреттіліктерді игеруі тиіс деп белгіленген: арнайы құзіреттілік - өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілет, әлеуметтік құзіреттілік – кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті, білім беру құзіреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті [135].

Құзіреттілікті дамыту – студенттердің шығармашылық қабілеттерін аша отырып, ойлау жүйесінің, интеллектісінің өсуіне, өзінің осал тұстарын білуге, сол арқылы іздене түсуге бағыттап, нәтижесінде жоғары біліктілік деңгейіне жету [136] деген автор пікірімен қосыла отырып, болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайына байланысты кәсіби құзыреттіліктерінің мәнін ашуға көшеміз.

Жұмысымыздың алдыңғы бөлімдеріндегі талдауларда әртүрлі ғалымдардың еңбектеріндегі болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктерінің түрлері, қызметтері сипатталды. Оларға қосымша біз қарастырып отырған жаһандану жағдайында еңбек ететін мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктеріне сипаттама беру қажеттілігі туындайды. Ол үшін жаһандық үдерістерді ерте бастаған елдер тәжірибесіне жүгінген жөн.

Мұндай құзыреттіліктерді айқындаудың бастамасы Жак Делор тұжырымдамасы бойынша мыналар: *тани алуға, жасай білуге, бірге тіршілік етуге және өмір сүруге үйрену*. Олар жаһандық білім берудің басты қағидаттары болып саналады. Мұндағы алғашқы тануға үйрену.

Таным тәжірибемен тығыз байланыста адамның әрекеті негізінде дамиды. Сондықтан таным дүниенің ғылыми көзқарастарда, теорияда, болжамдарда көрініс табуы, олай болса білім беруді ақиқат шындық дүниенің ғылыми танымы ретінде де қарастыруға болады. Ғылымда ақиқатты танудың нәтижесі білім деп қарастырылады, ол адам санасында объективті шындық көзқарастар, ұғымдар, заңдар, теориялар нысанына сәйкес бейнеленеді.

Таным теориясы немесе гносеология философияның алғашқы даму кезендерінен келе жатыр (гр. gnosis-таным, logos-ұғым, ілім). Гносеология-адамның танымдық ізденістерінің табиғатың, білімнің шындыққа қатынасын, оның мәдениет және қатынастар-байланыстар жүйесінде алатын орнының, даму шарттарын, ақиқат өлшемін және сонымен қатар, шынайы білімдерге жету заңдылықтары мен әдіс-тәсілдерін қарастырады [137].

Танымның объектісіне материалдық және рухани құбылыстар, сондай-ақ субъектінің өзі де кіреді. Танымның субъектісі мен объектісі бір-бірінің себебі болып табылады, өйткені субъектісіз объект жоқ, объектісіз субъектінің де болуы мүмкін емес. Таным үдерісінде субъект және объект бір-біріне едәуір әсерін тигізеді. Таным объектісін тандауының өзі субъектінің болуын қажет етеді. Ал бұл тандау адамның іс-әрекеттер мінезімен және оның рухани қажеттіліктерімен айқындалады: біреуге өнер туындысы эстетикалық сезімдер объектісі болса, екіншісіне ол өнертанымдық анализ жасау объектісі.

Таным үдерісінде маңызды орынды сезімдік және рационалдының өзара қатынасы мәселесі алады. Бұл мәселемен байланысты екі қарама қарсы пікірлер қалыптасты: сенсуалистер - танымда сезімдік формалардың маңыздылығын

арттыра бағалайды; ал рационалистер - керісінше абстрактілі ойлау формаларына шешуші орын береді. Ал соңғы кездері бұл танымның екі түрлеріде маңызды екенін, екеуінде бір-бірінен бөліп қарастыруға, ажыратуға болмайтының дәлелдеді, өйткені олар бірі-бірінен өтіп жатады. Адамға дүниенің ішкі мәнін үңілуге, табиғаттың, қоғамның, тухани өмірдің даму заңдылықтарың білуге, адам санасының ең жоғары бейнелеу формасы- ғылыми абстракциялық, теориялық ойлауға көмектеседі [138].

Халықаралық құжаттарда әлем адамы алдымен басқа адамдар арасында, олардың тарихы, дәстүрі мен ойлау амалдары жайлы білімдерін дамыта отырып, *бірге өмір сүруді үйрену*;

Экономикалық, әлеуметтік қызметтің жаңа түрлері және ғылыми ілгерілеумен байланысты жылдам өзгерістерді есепке ала отырып, *білім алуға үйрену*;

Жұмыс жасауға үйрену, өзінің мамандығында жетілу қажет, кең мағынада айтатын болсақ - кей жағдайларда алдын-ала байқауға мүмкін болмайтын түрлі жағдаяттарды жеңуге мүмкіндік беретін, топтағы жұмысты жеңілдететін құзыреттілікті меңгеру;

Өмір сүре білуге үйренуді басқалармен қарым-қатынас құру қабілеті, эстетикалық сезім, физикалық мүмкіндіктер, қиял, ойлау қабілеті, жадты іске қосу арқылы іске асады. Осы айтылғандар әр адамның бойында жасырылған тура бір асыл қазына ретінде қарастырылады [139].

«Высшее образование в Европе» журналының әр басылымында (ЮНЕСКО) шетелдегі мамандар қызметіне қойылатын талаптарға және тұлғаға тән талаптарға жалпы сипаттама беріліп отырады. Маман дайындаудың тиімді критерийлері ретінде оның *тез үйренуге бейімділігі, жаңа білімді жылдам меңгеру қабілеті* алынады. Осы қасиеттері бар маман жұмыс таңдауда да, өмір сүру салтын таңдауда да толық еркіндікке ие болады деп есептеледі. Сондай-ақ тұлға қалыптастыру критерийлеріне бейімделген маман технологиямен байланысты болмаса да зияткерлік тәсілдерге икемделе түседі, әрі өмірге деген көзқарасы кеңейеді деп саналады. Бұл пікірді толық қолдай отырып, барлық саладағы ғаламдық интеграция кезінде бұларға қосымша дағдылар мен біліктер қажетті деп санаймыз.

Соңғы уақыттарда халықаралық және ұлттық ұйымдар жүргізілген көптеген зерттеулер педагогикалық оқу орындары мен университеттердің педагогикалық факультеттерінің түлектерінің жаһандану жағдайында кәсіби әрекет етуге қажетті құзыреттіліктерінің жеткіліксіз екендігін көрсетеді. Болашақ педагогтар ең алдымен жаһандық үдерістердің мәні мен олардың білімді дамытуға әсерін түсінбейтіндігі, ұғынбайтындығы айқындалған.

Мұндай нәтижелер әртүрлі мемлекеттер ғалымдарын ғаламданған әлеумет жағдайында педагогикалық мамандарды дайындау талаптарын қайта қарауға ынталандырды. Мысалы Америка Құрама Штаттарының ғалымдарын болашақ педагогтардың халықаралық дайындығының нашарлығы алаңдатады. Американдық зерттеуші Энн Имла Шнайдер жоғары педагогикалық білім беруде интернационалдық үдерістерге көңіл бөлінгендігіне қарамастан,

қолданыстағы оқу бағдарламаларының интернационалдандыру деңгейінің төмендігін атап өтеді [140].

Ал оның Минесота университетіндегі әріптесі профессор Крейг Киссоқ американдық педагогикалық білімді сипаттай келе, оның жергілікті мектептер қоятын талаптар деңгейінен шыға алмай отырғандығына тоқталады. Ол мұғалімдердің ғаламдану жағдайының болашақ азаматтарын тәрбиелеуді қанағаттандыра алмайтындарына тоқталады [141].

Осы бағыттағы ізденістер нәтижесіне американдық педагогтардың: білімді ғаламдық мәселелерді шешуде пайдалана алу, әлемдік мәселелер мен түйткілдер туралы білу, мұғалімдік қызметте ғаламшарлық ойлау сияқты жаһандық құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатын алға шығарады [142].

В. Девлин-Фолтс пікірі бойынша мұғалімдер жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігі көп қырылы құбылыс оны қалыптастыру үшін арнайы пәндер кешені, жаһандану ұғымының маңызын ашып көрсету, білімін іс жүзінде қолданып, тәжірибелік мәселелерді шешу біліктілігі; жаһандық мақсатқа жеткізетін этиканы, мінез-құлықты бойына сіңіруі - деп көрсеткен [143]. Бұл білім алушыларға жаһандану туралы білімдер беру, сол жағдайда өмір сүруге дайындаудың маңыздылығын көрсетеді.

Г.Ф.Шайдуллинаның түсініктемесі бойынша, мұғалімдердің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігі - бұл білім беру жүйесіндегі бір-бірімен тұрақты байланыстағы ішкі және сыртқы факторлардың себептері-салдары (жеке сапасы, кәсіби педагогикалық бағыттағы мұғалімнің субъект ретіндегі іс-әрекеті) білімі, жан-жақты біліктілігі - деген дәлелдер келтіреді [144]. Ғалымның жаһандық жаңаруларға сәйкес кәсіби құзыреттіліктерді болашақ мұғалімнің субъектілігі мен білімі мен біліктілігінің байланыста қарастыруы көңілге қонады.

З.Т. Галиеваның өз тұжырымы бойынша жаһандану жағдайында студенттерді тиімді тәрбиелеу үшін жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдер мынадай кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс:

- әлемнің кеңдігін көру;
- тұлғаны жаһандық мәселелер мен оқиғаларға үнемі және тұрақты назар аударуға бағдарлау;
- ғаламшардағы ұлттардың мәдениеті мен тілі, салт-дәстүріне қызығушылық пен құрмет көрсету;
- әлемдегі әлеуметтік және табиғи үдерістерді танып білуде жүйелі ойлау дағдылары;
- әлемдік мәселелерді шешуге үлес қосуда өз мүмкүндіктерін сезініп пайымдауы;
- жалпы әлемдік, жалпы ұлттық өз ісінде өзіндік тактикасы мен стратегиясын құра білуі - деп көрсеткен [145].

Келесі маңызды пікір атақты ғалым Г.Халажға (G. Halasz) тиесілі. Ол тұлғалық-кәсіптік құзыреттілікті ХХІ ғасырдың әлемдік қауымдастығының алдында тұрған басты міндеттердің бір ретінде қарастырады: демократиялық ашық қоғамды сақтап қалу, қаржылық-экономикалық дағдарысты жеңу,

экологиялық мәселелерді шешу, көп тілділік пен көп мәдениеттілікті сақтау, өндіріске жаңа ғылыми технологияларды енгізу, еңбек өнімділігін арттыру. Бұл міндеттердің орындалуы, ең алдымен, біліктілік деңгейі жоғары мамандардың еңбегін пайдалануды қажет етеді.

Зерттеу жұмысымыздың басты мәселесінің негізін айқындау аясында қарастыратын тағы бір құжат 1996 жылы Еуропалық Кеңес қабылдаған негізгі құзыреттіліктерге тоқталатын болсақ:

– Ана тілін жетік білу, сол тілде ойлап, әрекет ете алу.

– Жауапкершілікті өз мойнына алу, топтық шешімдер қабылдауға қатысу, күш қолданбай дау-жанжалдарды шешу, демократиялық институттарды қолдау және жағдайын жақсартуға қатысу қабілеті сияқты саяси және әлеуметтік құзыреттілік.

– Көп мәдениетті қоғам өмірімен байланысты құзыреттілік. Нәсілшілдік, үркек (ксенофобия) және толеранттылық емес ахуалдың болмауын қадағалау үшін «жас ұрпаққа өзгешеліктерді қабылдау, басқаларды сыйлау және басқа мәдениет, тіл дін адамдарымен өмір сүре алу қабілеті сияқты мәдениетаралық құзыреттілік жайлы білім беру қажет.

– Ауызша және жазбаша қарым – қатынасты меңгеруге қатысты құзыреттілікке, олар жұмыс істеу үшін және әлеуметтік қоғамда өмір сүру үшін өте қажет, өйткені, осы құзыреттіліктерді меңгермеген адам әлеуметтік тұрғыдан оқшаулануы мүмкін. Қарым-қатынастың осы мәнмәтінінде бір тілден артық тілді меңгеру өте үлкен маңызға ие.

– Математикалық құзыреттілік және техникалық, іргелі жаратылыстану ғылымдары саласына байланысты құзыреттіліктер;

– Оқи алу құзыреттіліктері немесе білім алуға қабілеттілік;

– Қоғамды ақпараттандырудың артуына байланысты құзыреттіліктер. Бұл технологияларды меңгеру, олардың қолданысын, мықты және осал тұстары мен жарнама, БАҚ арқылы таратылатын ақпараттарды сыни тұрғыдан талқылау тәсілдерін түсіну .

– Жеке кәсіби және әлеуметтік өмір мәнмәтінінде үздіксіз оқу негіздері ретінде өмір бойы білім алу құзыреттіліктері [146].

Бұлар әрбір еуропалық адам үшін меңгеруге міндетті тірек құзыреттіліктер болып саналады. Аталған құзыреттіліктер сыни ойлауды, креативтілікті, белсенді өмірлік позициясын қамтамасыз ете отырып еуропалық өлшемдерге сәйкес тұлғаның дамуын, мәдениетаралық қарым- қатынасқа түсуін, жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін молайтады деп есептеледі.

Педагог мамандарын даярлаудағы жоғарыда талданған шет елдік тәжірибелердегі көтерілген мәселер отандық жүйеде де орын алып отырған көріністер. Қазақстанның қазіргі уақытта экономикалық, саяси, әлеуметтік бағытта әлемдік қауымдастыққа кірігуі жаһандану жағдайының болашақ азаматтарын қалыптастыру қажеттілігін тудырады [147].

XX ғасырдың 80 – ші жылдары пайда бола бастаған адамзат баласының алдында туындаған түйіткелді жағдайларды қазіргі жаһандық мәселелер – деп атайды. Жаһандық түйіткелді мәселелер – әлемді тұтас қамтитын әлеуметтік

табиғи, антропогендік құбылыстар. Бұған жататындар: экологиялық апаттар, демографиялық жағдай, экономикалық дағдарыстар, соғыс қауыптері. Бұл мәселелерді дер кезінде және дұрыс шешу адамзаттық прогресс пен өркениеттің дамуына жеткізеді. Жаһандық мәселелер өзара байланысты және адам өмірінің барлық салалары мен тұтас елдерді қамтиды. Оқушылардың, студент жастардың арасында адамзат алдында тұрған ғаламдық мәселелер және ұлтаралық қарым - қатынас негіздеріне дайындайтын халықаралық білім алуға жағдай жасау керек - деп ойлаймыз.

Ал ХХІ - ші ғасырда өмір сүретін азаматтарға қажетті білік, дағдыларды ғасыр экономикасы, қоғамның дамуы көрсетеді. Оларды соңғы кездерде «болашақтың дағдылары» - деп те атап жүрміз. Болашақтың дағдылары тұлғаның қоғамда табысты өмір сүруге, бәсекеге қабілеті, белсенді өз позициясының болуына көмектесетін дағдылар. Бұдан туындайтын қорытынды мұндай азаматтарды қалыптастырумен айналысатын мұғалімдер жаңа ғасырдың шақырғыларына сай дайындалу тиіс.

Бұл ретте жоғары педагогикалық оқу орындарында кәсіби мамандар дайындау бағдарламаларын жаңғырту кезек күттірмейтін мәселе. Біздің ойымызша, ең алдымен ХХІ ғасыр мұғалімінің тұлғасы мен оның ұлттық және трансұлттық білімдік кеңістіктегі кәсіби әрекетінің роліне шынайы баға берілуі тиіс. Сонымен қатар, жаһандану жағдайындағы халықаралық әрекеттестікке дайындығының теориялық әдіснамалық негіздері жаңартылуы жөн. Жаһанданған қоғамның азаматына тән құзыреттіліктер көпөлшемді құбылыс болғандықтан, көтеріліп отырған мәселені шешу үшін ЖОО профессорлық оқытушылық құрамының академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысулары, оқу жоспарларында арнайы пәндердің қарастырылуы, студенттерді халықаралық тағлымдамаларға, іс-шараларға қатыстыру, кәсіби педагогикалық пәндер мазмұнын интернационалдандыру, шетел тілдерін оқып үйрену үдерісін жетілдіру сияқты шаралар оңтайлы шешілуі тиіс деп ойлаймыз.

Педагогикалық оқу орындарында білім алып жатқан болашақ мамандардың *арнайы, түйінді, пәндік* құзыреттіліктері жайында ізденістер жүргізіліп, сипаттамалар берілген. Дей тұрғанмен, ХХІ ғасыр мұғалімінің жан - жақты әрекетіне қатысты құзыреттіліктер жиынтығы да әралуан болатындығы белгілі. Сондықтан өз зерттеу жұмысымыздың аясында бізге дейінгі зерттеулерде қарастырылмаған ғаламдану кезеңінің педагогының құзыреттіліктерінің жаңа бағыттарын ұсынып отырмыз.

Ғылымтануда бағыт – даму жолы; ғылыми ағым, топ, ғылыми мектеп; ортақ мақсат пен, дүниетанымының бірлігі, зерттеу әдістері арқылы біріккен жұмыстар тобы деген түсініктерге сай келеді. Олардың пікірінше, ғылыми бағыттың құрылымдық бірліктеріне: кешенді мәселелер, тақырыптар және ғылыми сұрақтар жатады. Біздің зерттеуіміздің аясында бұл ұғым білім беру жүйесінің ғаламдық өзгерістерге байланысты шақырғыларға қажетті маманның құзыреттіліктерін дамытудың жаңа жолдары, салалары.

Жұмысымыздың алдыңғы бөлімдерінде тоқталып кеткендей кәсіби құзыреттілік маманның кәсіби білімдері, білік-дағдыларының, қарым –қатынас

кабілеттерінің жиынтығы болғандықтан, болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттіліктерін көпбағытты құрылым ретінде қарастыруды жөн деп есептедік.

Жаңа ғасыр мұғалімнің қазіргі уақытта әмбебап маман болуының жоғары орынға қойылып жатуы мұның басты себебі деуге болады. Осыған орай оның бойында: 1) *өзі оқытатын пәніне қатысты ғаламдық мәселелерге бағыттай алуға негіз болатын білімдері;* 2) *оқушыларын көпмәдениетті ортада өмір сүруге дайындау біліктері,* 3) *оқушыларды әлемдік ақпараттарды, әртүрлі көзқарастарды талдауға үйрететін педагогикалық біліктері,* 4) *жастардың бойында өзінің, отбасының, айналасының, жалпы қоғамның алдындағы жауапкершілікті қалыптастыруға қабілеттілігі қалыптасқан болуы керек* деп санаймыз.

Осы айтылғандар біз қарастырып отырған жаһандану жағдайында еңбек ететін мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрылымын жасауға негіз болды. Ғаламдық білім беру жағдайындағы педагогтың кәсіби құзыреттілігінің құрылымына біз: өз пәнін ғаламдық мәселелерге бағыттай алуға негіз болатын білімдері, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері, ақпараттық біліктері, жергілікті және ғаламдық жауапкершілікті сезіну қабілеттілігін жатқыздық. Төменде осы аталғандарға сипаттама беріледі.

1. Пәнін ғаламдық мәселелерге бағыттай алуға негіз болатын білімдері. Мектепте, жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндер аясында адамзат баласының осы уақытқа дейін жасаған озық тәжірибелері мен жетістіктерін қолдан келгенше түгел игеріп, қажетке жарата алудың қарастырылуы кез-келген ғылым саласын жаһандық деңгейге көтеру арқылы шешіледі. Бұл ағымдағы уақыттың талабы мен сұранысы. Оның түпкі мақсатында кең ауқымды ойлап, әлемдік өркениетке бағдарлана білетін, инновациялық білімі терең, технологиялар әлемінде қабілеттілік таныта білетін тұлғалар қалыптастыру екендігі түсінікті.

Дегенмен кез - келген адам ең алдымен өз топырағының құнарынан нәр алып, ұлттық тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ділін, дінін дәстүрлі мәдениетін ұлттық рухын асқақтата алуы тиіс. Рухы мен мәдениеті биік, білімі терең деңгейдегі ұлт жаһандану деген алып мұхиттың үстінде өзінің келбетін жоғалтпайды. Ондай ұлттың да, мемлекеттің де болашағы жарқын. Өйткені, біз бұдан былайғы кезеңде бүкіл адамзат баласы жасаған өркениеттермен қатар дамуға тиіс мәдениеттің (қазақ мәдениетінің) мүшесі болып саналамыз.

Қазіргі американдық педагог Гвендолин Бейкердің ғаламдық білім беру ойының аясында мектеп білімінің мазмұнының үлгісін жасауы, сондай-ақ оның оқу жоспарының жаңа идеологиясына сәйкес оқу пәндерінің мазмұнын қалыптастыруы жаһандық білім беру теориясы мен тәжірибесіне қосқан елеулі үлесі болды. Американдық ұстаздың гуманитарлық қана емес, жаратылыс-математикалық пәндердің де көпмәдениетті бөлшегін жасауының мәні өте зор. Осылайша ол көпмәдениетті бағдардың, мысалы, математикада болуы мүмкін бе деген сұраққа тың жауап қайтарды. Мысалы оқушылар есептеу жүйесі мен

математикалық әрекеттердің сандық көрінісінің дамуын барлығын қамтитын өркениетті үдерістің құрамдас бөлшектерінің бірі ретінде қарастырып, әр түрлі мәдениеттерді, күнтізбенің пайда болуы мен оның әр түрлі елдегі айырмашылығын салыстырады, араб мәдениетінің заманауи есептеу жүйесіне қосқан үлесін оқып біледі.

Осылайша Г.Бейкердің мектеп білімінің мазмұны мен технологиясы саласындағы ойлары мен еңбектері ұстаздарға мектеп білімінде көпмәдениетті тәсілдемені жүзеге асыруға көмектесе алады. Ұстаздардың көбісі көпмәдениетті тәрбие, ең алдымен, өзінің мәдени дәстүрлеріне ие болып, өзін-өзі үлкен қауымдастықтың кіші тобы деп сезінетін үлкен және кіші этностарға арналған деп есептейді. Кіші этникалық топтарды әрқашан тілдің ортақтығы, мәдени дәстүрлер (дін, өнер, тарих) біріктіреді [148].

Бүгінгі таңда пәндерді ана тіліндегі сияқты, екінші немесе үшінші тілде оқытуға даяр, жаңа бейнедегі педагогтардың әлеуметтік және академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін болашақ мұғалімдерді даярлаудағы полилингвальды полимәдени кеңістік құру талап етіледі. Бұл мемлекетіміздің жоғары оқу орындарының жақын болашақта шешуге тиісті міндеттері.

Өз пәнін ғаламдық мәселелерге бағыттап алуға негіз болатын білімдер дегеніміз - педагогтардың әлемдегі өзгерістердің динамикасы жайындағы білімдері, болып жатқан жаңару үдерістерінің, оқиғалардың, ғылымның жетістіктерінің бағытын бағамдай білуі, өз пәні аясында студенттердің оларды түсініп өзіндік дамуы үшін пайдаға асыруларына көмек көрсетуі, пән мазмұнын жаһандық мәселелер және олардың даму беталыстарымен байланыста қарастыру деп тұжырымдаймыз. Тек осындай жағдайда ғана студенттер бір мәселелерге қатысты әртүрлі көзқарас пікірлерді салыстыруға, таным көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік алады. Бұл сапа пән мұғалімдерін кәсіби даярлау барысында, білімді интеграциялау тәсілдері аясында шешіліп, мұғалімнің өз пәнінің аясында әлемдегі болып жатқан мәселелерді қамти алу, оқушыларды ғаламдық жетістіктерді талдай алуға баулу сияқты әрекеттерінде көрінеді.

2. Мәдениаралық қарым – қатынас біліктері. Мәдениет - әлеуметтік фактор, қозғаушы күш болғандықтан, оның дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты. Адам, оның қызметі мен өзара қатынасы бар жерде мәдениет бар. Демек, «мәдениет - адамдардың бірлесе ғылыми, моральдық-әлеуметтік, көркем және техникалық құндылықтар жасаудағы қарым-қатынастар жиынтығы» - деген тұжырымды қолдауға болады.

Мәдениет – халықтың туған топырағында жинақталған өмірлік тәжірибесінің, тәлімі мен тәрбиесінің, өмір сүру бейнесінің жиынтығы. Бұл тұрғыдан ойды ары қарай өрбітетін болсақ, шығыс мәдениетінде батыс пен шығысты бірдей тербеген Абай көзқарасының маңызы зор. Ол қазақ халқының ойлау жүйесін алғаш рет әлемдегі даму мен өзгеруге, диалектикаға қатысты зерделеді. «Егер адам мәдениетін дүниежүзілік мұхитқа құятын ағысқа теңесек, онда дәстүрлер сабақтастығын қуат күшіне бірлестіруге болады» [149].

Кәсіби құзыреттілікті зерттей келе Г.А. Ларионова негізгі құзыретке «мәдениаралық және салаарлық білім, дағдылар, мүмкіндіктер табысты қызметке әр түрлі кәсіби қауымдастықтар үшін қажет» - деген болатын [150, с. 79].

Ғалым Н. А.Сушкова өзінің еңбегінде мәдениаралық қабілеттер бірнеше мәдениет өкілдерінің өзара әрекеттестігінің алтын көпірі деп санайды. Оның пікірінше мұндай құзыреттілікке ие адам бірнеше тілді білетін, мәдениеттер жайлы білімдер жинақтаған, салыстырып өзінің шыққан жүйесінің құндылықтары тұрғысынан талдай алатын, тума мәдениетке сәйкестігін жоғалтпай өзгешелікті де қабылдауға дайын болуды көрсетеді [151].

Мәдениаралық қарым - қатынас білігін бұлай түсіну біздің ойымызға да жақын. Олай болса, заманауи, көпмәдениетті ортада еңбек ететін, көпмәдениетті білім беретін мұғалімдерді дайындауда ескерілетін мәселе деп қараған дұрыс.

Қазақстанның ашық қоғам құрып әлемдік өркениетке кірігуі өскелең ұрпақта көпмәдениетті ортадағы өмірге қатысты құзыреттіліктерді қалыптастыру талаптарын күшейтеді. Мемлекетімізде әр жыл сайы студенттер, магистранттар мен докторанттар шет елдерде болып тағлымдамалардан өтеді. «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдік оқу орындарында білімдерін жалғастырады. Мәдениаралық қарым - қатынас білігі көпмәдениетті тәрбиеге тікелей байланысты десек, онымен айналысатын мұғалімдердің әсіресе жаһандық интеграция кезінде бұл саладағы құзыреттіліктерінің болуы білім саласының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Мәдениаралық қарым - қатынас білігі негізінен көпмәдениетті білім беру және мақсатты жүргізілетін тәрбие жұмыстары арқылы қалыптасады.

Көпмәдениетті тәрбие беру ұғымы (multicultural education) әлемдік педагогикада 1960-жылдары кеңінен тараған еді, ал Ресейде бұл ғылыми ұғым 1990-жылдары қолданысқа енгізіліп, 1977 жылы оның ең бірінші анықтамасы берілді. 1980-жылдардың басында ол басты педагогикалық энциклопедияларда пайда болады: 1982 жылы – «Білім беру саласындағы зерттеулер энциклопедиясының» (The Encyclopedia of Educational Research) 5-басылымында, 1985 жылы – «Халықаралық білім беру энциклопедиясында» (The International Encyclopedia of Education). 1980-жылдардың ортасында Ұлттық көпмәдениетті білім беру ассоциациясы (National Association for Multicultural Education) кәсіби ұйымы құрылады.

Мәдениет адамы, Әлем азаматының жеке тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеудің болашағы көпмәдениетті білім берумен байланысты. Соңғы уақытта ғалымдар, саясаткерлер, мәдениет пен білім беру саласының қайраткерлерінің көбісі адамзаттың стратегиялық міндеттері – мемлекеттер, халықтар, этностар арасында өзара түсіністікке қол жеткізу, өзге елдің мәдени дәстүрлеріне, сеніміне құрметпен қарау, әр түрлі көзқарастарды, ойларды ескере білу деген ойға келіп отыр.

Р.Л.Гарсиа көпмәдениеттілік мәселесін шешуге байланысты өз көзқарасын ұсынады. Зерттеуші жаһандық білім берудің мынадай мақсаттарын атайды:

- өзге ұлтты төмендетіп, өз ұлтыңды жоғары қою сезімін бәсендету;
- өзін жеке тұлға ретінде, сондай-ақ жаһандық қауымдастықтың мүшесі ретінде қабылдау қабілетін дамыту;
- өз елінің аясында ғана емес, сондай-ақ жаһандық деңгейде алуантүрлілік қоғамда өмір сүруге дайын болу: «оқушылар өмір жолында өшпенді шовинизммен, нәсілшілдікпен, ұлтшылдықпен бетпе-бет келуі мүмкін, оларды қалай женуге болатынын білу керек» [152].

Көпмәдениетті білім беру мен жаһандық білім беру бір-бірімен тығыз байланысты екені анық. Д.Хупс мәдениаралық білім берудің негізгі мақсаты оқушыларды жаһандық тәуелді және мәдени алуантүрлілікке толы әлемде өмір сүруге дайындау дейді, осының арқасында оның тұжырымдамасын жаһандық білім беруге жатқызуға болады. Бұған қоса автор адамзат тіршілігінің этникалық (жергілікті), ұлттық және жаһандық деңгейінің өзара байланысы мәселесіне көп көңіл бөледі. Д. Хупс өзге мәдениетті тану өзін-өзі танудан, өз мәдениетінің бірегей сипаттамасы мен оның «өзгеге» деген қатынасқа ықпал етуін ұғынудан басталу керек деп ойлайды. Адамзат тіршілігінің этникалық, ұлттық, жаһандық деңгейлерін біріктіретін түйіннің бірі – білім беру. Оның пікірінше, мәдениаралық білім беру екі тұжырымдаманың міндеттерінен біріктіреді: бір жағынан, оқушыларды нақты біліммен қамтамасыз ету, жаһандық мәдениет аясында адамның іс-әрекетінің барлық өрістерінде өзге мәдениетпен өзара әрекеттестік үшін қажетті нақты білікті қалыптастыру, екінші жағынан, басты мәдениетке жатпайтын оқушылардың мәдени өзгешелігін нығайтып, өзіндік бағасын арттыру, мұғалімді әр түрлі нәсілдік, этникалық топтардан шыққан оқушылары бар сыныппен жұмыс істеуге дайындау [153].

Көпмәдениетті білім беру дегеніміз - өсіп келе жатқан ұрпақтың жан дүниесін байыту, жаһандық және ғаламшарлық сананы дамыту, мәдени құндылықтар жүйесі өзгеше көпмәдениетті көпэтникалық ортада өмір сүруге дайындығы мен білігін қалыптастыру мақсатында этникалық, жалпыұлттық және әлемдік мәдениетті игеру үдерісі.

Көпмәдениетті білім берудің мақсаты – мектеп және басқа да білім беру институттарының, жанұя мен қоғамдық ұйымдардың көмегімен Қазақстанның демократиялық мемлекет ретінде нығаюына ықпал ету, оның негізгі сипаты мынадай:

- көзқарастардың, пікірлердің, адамдардың толеранттығы (шыдамдылығы);
- қоғамда мәдени алуантүрлілікті мойындау және дамыту;
- барлық азаматтардың құқығы, міндеті мен мүмкіндіктерінің теңдігі;
- барлық азаматтардың адамның жеке өміріне де, қоғам өміріне де қатысты шешім қабылдауға тиімді түрде қатысуы;
- әрбір адамға қатысты әділеттілік;
- таңдау еркіндігі;
- көпшіліктің шешімін құрметтеу және азшылық топтардың құқығын қорғау;
- адамның мәдени өзгешелігін еркін таңдау құқығын құрметтеу [154, с. 16].

Біздің пікірімізше, мәдениаралық қарым–қатынас біліктілігі қалыптасқан педагог белгілі бір кәсіби білімдермен қаруланған, дағдылар және мінез - құлық қалыптасқан, қатысымшылдықты игерген болуы тиіс. Ондай педагогтар өзге мәдениет өкілдерімен қарым - қатынаста диалогтың дұрыс бағытта өрбуін жолға салады, қоғам мүшелерінің әртүрлілігін құрметтейді және соған жас ұрпақты тәрбиелейді. Бойындағы кәсіби қызметті дұрыс атқару, толеранттылық, ашықтық, танымдық икемділік, әртүрлілікке құрмет, эмпатия, мотивация сияқты сапалары мәдениаралық біліктіліктің көрінісі, тиімді қарым - қатынастың негізі болады [155].

Қорыта келе айтарымыз, көпмәдениетті білім беру жеке тұлғаның өзге мәдениеттің адамдарын айрықша қабылдау, тану, ойлау жүйесін, олардың құндылықтар мен әрекет ету жүйесін түсіну үшін жаңа тәжірибені өзінің мәдени жүйесімен салыстырып, біріктіріп, оны өзге мәдениетке сәйкес өзгерту үшін сол адамдармен қарым - қатынас жасауға ұмтылуы, оқушылардың өзге мәдениеттер туралы білімдерін, халықтардың дәстүрлерін, өмір салтындағы, мәдени құндылықтарындағы жалпы мен ерекшені (бірегейлікті) түсінуде, құрметпен қарауында көрінетін мәдениаралық қарым – қатынас біліктері негізі болып табылады.

Жаһандану жағдайына байланысты педагогтар бойында болуға тиісті тағы бір сапа ақпаратпен жұмыс жасай алу. Бұл жерде ақпараттық коммуникациялық құралдарды меңгеру құзыреттіліктерінен басқа мәселе көтеріліп отыр. Осы ойымызды төменде ашатын боламыз.

3. Ақпараттық біліктіліктер. «Ақпарат» термині латынның «Informatio», «түсіндіру» «мазмұндама» деген сөзінен шыққан, бір нәрсені жетілдіріп түсіндіру деген мағынаны білдіреді. Ақпараттар алмастырылады, сақталады, өңделеді және белгілі бір тапсырманы шешу үшін қолданылады. Ақпаратты тек қандай да бір мәліметтердің жиынтығы деп түсінуге болмайды. Ақпарат белгілі бір мәселелерді шешуге қажетті, ұғынықты және белгілі бір дәрежедегі бағалылығы танылған білім болып табылады. «Ақпарат дегеніміз – ақпаратты алушы кісіге дейін қабылдау механизмінің қабылданды – түсінікті – бағаланды деген үш сүзгісінен өткен нәрсе».

«Ақпарат» ұғымына Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында берілген түсінік төмендегідей: ақпарат (информация, лат. Informatio – түсіндіру, баяндау, хабардар ету);

1) істің жағдайы, қандай да болмасын оқиға немесе біреудің қызметі туралы хабарлау, мәлімет беру;

2) ХХ ғасырдың ортасынан бастап адам мен адам, адам мен автомат, автомат пен автомат арасындағы деректер алмасуды, жануарлар мен өсімдіктер арасындағы сигналдар алмасуды, тұқым қуалаушылық белгісін бір клеткадан басқа бір клеткаға, бір ағзадан (организмнен), екінші бір ағзаға жеткізуді қамтитын жалпы ғылыми ұғым;

3) кибернетиканың негізгі ұғымдарының бірі. Ақпарат үздіксіз (аналогты) не үзілісті (дискретті) болуы мүмкін. Ақпаратты жеткізу, қабылдау. Түрлендіру және сақтаудың жалпы мәселелерімен ақпарат теориясы айналысады. Ақпарат

сөзі өте жиі кездеседі. Алайда ақпарат деген не екенін ешкім дәл айта алмайды. Өйткені, ақпарат математикадағы нүкте ұғымы сияқты анықтама берілмейтін ұғым [156].

Басқаша айтқанда, ақпарат - тұтынушының мәлімет алмағанға дейінгі анықталмағандық туғызатын әсерін белгілі бір деңгейде шешетін құрал, объект туралы оның түсінігін кеңейтетін мәлімет. Д.Қ.Пошаев «Ақпарат сөзі - ғылымдағы, бірқатар мағлұматтар қандай да бір мәліметтер жиынтығын білдіретін ең бір жалпы ұғым болып табылады – деп көрсеткен [157].

Ресей зерттеушілері Д.С.Черешкин мен Г.Л. Смолян ақпараттық қоғамның негізгі белгілеріне қатыстыларды атап көрсетеді: адамдардың тиімді ақпараттық өзара әрекетін қамтамасыз ететін, *глобалді* ақпараттық кеңістік құру, олардың әлемдік ақпараттық қорларға рұқсаты және олардың ақпараттық өнімдермен және қызметтерге әлеуметтік жеке қажеттіктерін қанағаттандыру; әлеуметтік және экономикалық іс-әрекеттердің формаларының пайда болуына әкелетін және экономикада желілік ақпараттық технологияларды жаппай қолдануға негізделетін жаңа технологиялық құрылыстар қалыптасуы және соңынан үстемдік етуі (қашықтан білім беру, тележұмыс, телемедицина, электрондық сауда, электрондық үкімет және т.б.); табиғи қорлар, еңбек және капитал нарығына толықтырушы өндірістік факторлар ретінде ақпарат және білім нарығының құрылуы және дамуы, қоғамның ақпараттық қорларының нақты әлеуметтік-экономикалық қорға өтуі және ақпараттың тауарға айналуы; қоғамдық өндіріс жүйесінде инфрақұрылым рөлінің өсуі мен экономикадағы ақпараттық және ақшалай ағындардың бірлескен жұмыс жасау тенденциялардың күшеюі; қоғамның ақпараттық өнімдер мен қызметтерге нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру; халықаралық, ұлттық деңгейлерде ақпарат алмасу жүйелерінің мүмкіндіктерін кеңейту есебінен білім деңгейін жоғарылату және сәйкесінше біліктіліктің, кәсіпқойлықтың және шығармашылыққа қабілеттіліктің еңбек қызметінің маңызды сипаты ретінде рөлін арттыру; демократиялық дамудың, өкімет органдары мен халықтың өзара әрекетін жақсартудың басты шарты ретінде ақпаратты еркін алу, тарату мен қолдануға азаматтар және әлеуметтік институттардың құқығын қамтамасыз етудің тиімді жүйесін құру [158].

Ақпарат - қызығушылық тудыратын, тіркеуді және өңдеуді қажет ететін фактілер, құбылыстар, оқиғалар жиынтығы. Ақпарат көзі және қабылдаушысы болады. Олардың әрқайсысы ретінде - ғылым мен техника, қоғам мен табиғат объектілері, адамдар мен жануарлар бола алады. Осылардың өзара әрекеттесу нәтижесінде ақпарат пайда болады. Ақпарат, мазмұны жағынан сан түрлі болып келеді де, адам іс-әрекетінің түрлеріне байланысты жіктеледі: ғылыми, өндірістік, басқару (әлеуметтік-экономикалық), медициналық, экологиялық, құқықтық және т.с.с. Ақпараттың әрбір түрінің өзіне тән-өңдеу технологиясы, мазмұндық құндылығы, берілу түрлері және дәлділігіне қойылатын талаптары бар. Ақпаратты, техникалық құралдар көмегімен, өңдеу технологиясының талабы бойынша, ақпараттың жеке элементтерімен жұмыс істеп, олардың

формалды сипаттамасын дайындап, өңдеп және сақталуын қамтамасыз ету қажет. Формалды түрде бейнеленген ақпарат «мәлімет» деп аталады.

Ақпарат дегеніміз тұтынушыға бұрын белгісіз болған және оның зерттелетін объект (үдеріс, құбылыс) туралы түсінігін толықтыратын фактілерден тұратын мәліметтер жиынтығы деп анықтама береміз.

Ақпараттық үдерістер - ақпаратты жинау, жіберу, жинақтау, сақтау, өңдеу, іздеу, беру және пайдаланушыға жеткізу үдерістері. Информатика ғылымы, ақпараттық үдерістерді мақсатты түрде зерттеу нәтижесінде пайда болды. Информатика – ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және жеткізу моделдерін, әдістерін және құралдарын зерттейтін ғылым.

«Ақпараттық құзыреттілік» термині ресми түрде 1992 Европа кеңесінің «Среднее образование в Европе» жобасында қолданылып, оған білім, білік, дағдының әмбебап жүйесі ретінде сипаттама берілген [159].

О.Б. Зайцева ақпараттық құзыреттілікке мынадай анықтама берген: «айқындалған тұлғалық сапалар жиынтығы және инновациялық технологиялар аумағындағы теориялық білім мен практикалық біліктерінің бірлігі негізіндегі күрделі тұлғалық-психологиялық білім» [160, с. 10].

А.Л. Семёнов ақпараттық құзыреттілікті «жаңаша сауаттылық» деп анықтай отырып, оның құрамына адамның ақпаратты өзбетімен белсенді түрде өңдей алу, техникалық құралдар көмегімен қорытындылар шығару білігін жатқызады [161].

Бұл тұжырымдар ақпараттық құзыреттіліктің жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті дегенге келіп саяды. Дегенмен біздің жұмысымыздың аясында құзыреттіліктің бұл түрін кеңірек қарастырған жөн деп санаймыз.

Жаһандану жағдайындағы мұғалімнің ақпараттық біліктілігі мемлекеттік, қоғамдық, әлеуметтік, жеке құндылық, педагогикалық әрекетте әртүрлі ақпаратты пайдалана алу жүйесі, тұлғаның қажетті ақпаратты іздеп таба алуында көрінетін ішкі қуаты, әрекетін нәтижелі ететін үдеріс.

Бұл айтылғандар негізінде ақпараттық біліктілікке қатысты мынадай тұжырым жасауға болады: *ақпараттық біліктілігі – мұғалімнің ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану арқылы әртүрлі ақпаратты табу, оған сыни баға беру, қабылдау, сақтау, оны пайдалануда көрінетін кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі, педагогтың білім беру қызметінің қажетті бөлігі, ғылыми қызметінің ақпараттық астарларының сапалық көрсеткіші болып табылады.*

Ақпараттық біліктілікті қалыптастырудың басты мақсаты – білім алушылардың ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың қабілеттерін қалыптастыру. Мұғалімнің ақпараттық біліктілігі ақпараттық оқыту ортасында жұмыс жасай алу қабілетінен, білім, білік, дағдыларынан көрінеді.

Ғаламдық адамға қажетті тағы бір аса маңызды қасиет ол – *жауаптылық.*

Жергілікті және ғаламдық жауапкершілікті сезіну қабілеттілігі - адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет; тұлғаның қоғамда немесе ұжымда қабылданған әлеуметтік, өнегелі және құқықтық нормалар мен ережелеріне, борыш сезіміне сәйкес өз қызметін бақылау қабілеттілігі. Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы, көбінесе, оның жауапкершілікті сезінуіне тікелей байланысты болып келеді. Өсіп келе жатқан адамды жауаптылыққа тәрбиелеу - қазіргі заманның өзекті мақсаты. Өмір бойы білім алуға қатысты құзыреттіліктер ішінде тұлғаның өзінің, отбасының, айналасының, елінің, тіпті ғаламның алдындағы жауапкершілігін сезінуді бойына дарыту маңызды орын алады.

1996 жылы Европа Кеңесі бекіткен құзыреттіліктер тобында қазіргі заман адамдарының мәдениаралық, әлеуметтік, саяси қоғамдық қатынастардың тиімділігі үшін қажетті негізгі құзыреттілігінің бірі ретінде жауаптылық құзырет алынған. Сонымен қатар, оны кәсіби мәнді құзыреттілік деп тану ұсынылған. «Жауаптылық» ұғымы заманауи ғылымда құндылық бағдар және этикалық құқықтық категория ретінде қарастырылып, тұлғаның әлеуметтік орта, қоғам, мемлекеттен тәуелділігін көрсететін, оның жеке мінез-құлқының белгіленген нормативті үлгілерге сай болуын көрсетеді [162].

Әрбір жеке тұлғаның белсенді және саналы болуын арнайы қалыптастыру арқылы, адамзатқа пайда келтіруін алдын ала болжау С.М. Боткиннің идеясымен де сабақтас. Бұл жерде жеке тұлғаның кез-келген жағдайда табысқа қол жеткізе алуы, оқиғалар мен олардың алдын алу, баламаларды анықтауға жеке құлшыныстың болуы, белсенді ынтымақтастыққа, диалог құруға, өзара түсінісе және бірге күйзелуге қабілетті болу, болжам жасауға, өткен мен бүгінгіні салыстыра білуге, белгілі бір шешімдерді қабылдағанда өзіне жауапкершілікті алуға дайын болу керектігі айтылған [163].

Адам - барлығы үшін жауапты. Мысалы: дұрыс таңдау жасау, үйлесімді қарым-қатынас, қоршаған орта, табандылық және жұмыс, тіпті бақыт, қуаныш пен махаббат үшін де. Жауапкершілікті өз мойнына алуда тұлғаның белгілі бір сапалары, атап айтсақ, ерік күші мен тәртіптілігі қалыптасқан болуы керек. Жауаптылық өз-өзіне деген сенімділігін нығайтады және өмір дағдысын қалыптастырады. Себебі жауаптылықта өмірді толық бақылауға болады және адамның мұндай жағдайы оның ішкі құндылықтары мен жүрек дауысына сәйкес өз өмірін құруға мүмкіндік береді. Жауаптылық сонымен бірге өз өміріне қатысты кез-келген шешім қабылдауға және олар үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алуға құқық береді.

Адамның қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарумен бірге, өзіне жүктелген жауапкершілікті орындап шығуы оның кісілік беделін қалыптастырып, іскерлігін шыңдайды. Әр адам ерік жігеріне, қайраты мен табандылығына қарай жауапкершілікті әрқалай сезінеді. Жүктелген міндетіне жауаптылықпен қарайтын адам туған туыстары, жора жолдастары, ұжымдағы қызметтестері, жалпы әлеумет алдында жоғары бағаланып оған күрделі істерді

атқаруға сенім артылады. Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы, көбнесе, оның жауапкершілікті сезінуіне тікелей байланысты болып келеді.


Еліміздің оқушы балаларын, жастарын, студенттерді жауапкершілігі зор етіп тәрбиелеу отбасында және білім беру ұйымдарында үздіксіз жүргізілуге тиіс міндетті әрекет болуы тиіс деп есептейміз. Жауаптылыққа баулу қарапайым тапсырылған жұмысты дұрыс, сапалы атқаруға талап қоюдан бастаған жөн. Одан әрі қарай өзінің білім алуына жауапкершілікпен қарау, ата-ана, туған – туыс, жора- жолдас алдындағы жауапкершілікті мойындау, орындаумен жалғасады. Бұл сапалары қалыптасқан тұлғада ғаламдық үдерістерге деген өзінің қатысымшылығын сезіну сезімдері қалыптасады. Ол әлем алдындағы мәселелерге тікелей әсер ете алмаса да, өзі тұрған жерінде, жасап жүрген қызметінде адамзатқа зиян келтіретін істің орын алмауына ықпал ететіндігіне сенім бар. Ал бұл тікелей мұғалімдер араласатын іс-шаралар.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе *жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі - пәнін ғаламдық мәселелерге бағыттап алуға негіз болатын білімдері, ақпараттық, мәдениаралық қарым – қатынас біліктері, жергілікті және ғаламдық жауаптылықты сезіну қабілеттерінен тұратын, әлем азаматын қалыптастыруға дайындығын көрсететін олардың кіріктірілген күрделі сапасы* деген түсініктеме жасаймыз.

Болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайына байланысты біз жоғарыда сипаттап өткен кәсіби құзыреттілігі түптеп келгенде Жак Делор ұсынған қасиеттердің негізі қызметін атқарады деп санауға болады.

Олай дейтін себебіміз, өз мәдениетінің нағыз өкілі бола тұрып, көптілділікті меңгерген, соның негізінде мәдениаралық қарым – қатынас біліктері қалыптасқан тұлға басқалармен бірлесе өмір сүруде қиындыққа тап болмайды, әлемдік ақпараттарды талдауға үйренген жастардың, айналадағыны танып білу, одан қорытынды жасау мүмкіндігі молаяды, жастар бойындағы жергілікті және ғаламдық жауапкершілікке қатысты қабілеттері, өмір сүрудің жолдарын дұрыс таңдауға ықпал етеді.

Ал осының барлығы болашақ мұғалімдердің пәнінің мазмұнын әлемдік материалдармен толықтыра оқытуда, озық әлемдік педагогикалық әдістер мен технологияларды тиімді пайдалануда жүзеге асады деп сеніммен айтуға болады. Осы айтылғандарға сәйкес жаһандану жағдайындағы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін төмендегідей сурет түрінде бейнеледік.



Сурет 3 - Болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайындағы кәсіби құзыреттілігінің құрылымы

Суреттен көріп отырғанымыздай кәсіби құзыреттіліктер ғаламшар кейпіндегі дөңгелек айналасына орналастырылып, олардың қалыптасуы: жұмыр жер тұрғындарының бірге тіршілік ете алу; әлемді тану тәсілдеріне үйрену; қолдан іс келіп, жасай білуді және лайықты өмір сүруге үйренуді қамтамасыз етеді деп күтіледі. Ал олар әртүрлі тренингтер, коучингтер, семинарлар, іскерлік ойындар, диспуттар арқылы жүзеге асырылады.

Біздің түсінігімізше жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі әлемдік мәселелер, өмірдің жаңа бейнесі, ондағы мәдениеттер әртүрлілігі жайындағы білімдер, ғаламдық ортамен тиімді әрекеттесе алу біліктері, ақпараттық сауаттылық, қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарудағы, және өзіне жүктелген жауапкершілікті сезіну сияқты сапаны өзгеріп жатқан әлемнің білім беру кеңістігіндегі педагогикалық әрекетте жүзеге асыруда көрінетін мұғалімнің кәсіби даярлығының көрсеткіші [164].

Ондай мұғалімдер барлық нәрседен хабардар, ізденімпаз, өз пәнінің практикалық бағыттылығын айналадағы өзгерістерді қарастыру арқылы жоғарылатып отырады, оқушыларда әртүрлі идеяларды қарастыру негізінде жаңа білімдерді жинақтауға қызықтыра біледі.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындық барысында құзыреттілігін қалыптастыру бір күнгі жұмыс емес. Ол күнделікті оқытушыдан шеберлікті, ізденісті, студенттен оқуға деген құлшынысты, ынта-жігерді талап етеді.

Студенттің құзыреттілігі жинаған білімін тәжірибемен ұштастыра білгенде ғана байқалады. Құзыреттілікті әрдайым дамытып, жетілдіріп отыру керек. Құзыреттілік тек бір пән төңірегінде қалыптаспайды. Ол үнемі толықтырып, дамытып отыруды қажет етеді. Құзыреттіліктің қалыптасуына әлеуметтік орта, қарым-қатынас, білім, қабілет, дағды әсер етеді. Осы қасиеттердің барлығы бір арнаға тоғысқанда ғана студенттің кәсіби құзыреттілігін белгілі бір дәрежеде қалыптастыруға мүмкіндік туады. Белгілі бір дәрежеде деу себебіміз, кәсіби құзыреттілік еңбекке араласқанда, үздіксіз білім көтеру үдерісінде қалыптаса беруі жалғасатын толассыз, тоқтаусыз үдеріс.

Біз қарастырып отырған құзыреттілік ХХІ - ғасырда өмір сүріп, еңбек ететін әрбір азамат бойында болуы тиіс. Олар тұлғаның ең алдымен жақсы білім алуының, еңбекте алда болуының, лайықты өмір сүруінің, өзгелермен шынайы, ізгілікті қарым-қатынаста болуының негізі. Тек осындай жағдайда ғана білімділік, табыстылық, ұтқырлық нәтижесінде тұлғаның тіршілік етуі сапалық тұрғыда жоғары деңгейге көтеріледі. Демек өскелең ұрпақтың ұстазы осындай әлемдік шақырғыларға дайын болуы тарихи қажеттілік.

Сондықтан, жоғары оқу орындарында жаһандық өзгерістер жағдайында жұмыс істеп, өмір сүре алатын болашақ маманның дайындығын жүзеге асыру педагогика ғылымының теориялық және практикалық салалары қарастыратын маңызды мәселе қатарына жатады деп санаймыз. Бұл - басқа да ғылым салалары бойынша мамандар дайындауда зерттеу нысанасына алынуға тиісті пәнаралық күрделі мәселе. Біз оның өз зерттеуіміз аясындағы аспектілерін ғана қарастырып отырмыз.

Жұмысымызды бұдан әрі қарай жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың жасалған құрылымдық - мазмұндық моделін сипаттаумен жалғастырамыз.

1.4 Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық–мазмұндық моделі

Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту Тұжырымдамасында: «Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесіне жаңа сана мен қоғамдық мәртебе беру және оны айрықша сала ретінде қабылдау қажет, оның бірінші кезектегі міндеті – жоғары білікті мамандарды оздыра даярлау, икемділік пен білімділік болуға тиісті» - екендігі айтылған. Білікті маман ғана қоғамға пайдасын тигізеді, экономиканы дамытады. Қазақстанның білім беру жүйесіндегі серпілістер адамның еркін дамуына, оның мәдениетінің, шығармашылық белсенділігінің, бәсекеге қабілеттілігінің, толеранттылығының дамуына бағыт береді.

Осы тұжырымдамада «маман моделі» кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар белгіленген. Еліміздің білім беру жүйесінде жоғары деңгейге жету үшін әртүрлі әдіс-тәсілдермен терең білімді, ізденімпаз, шығармашылық бағыт

ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру маңызды міндет болып отыр [165].

Біздің зерттеуімізде алға қойған мақсаттардың бірі - болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделін түзу барысында педагогикалық әдебиеттер мен ғылыми зерттеулерді зерделеу негізінде «модель» ұғымының мәнін сипаттаудан бастауды жөн көрдік.

Мұғалім идеалы – білімнің құндылығын айқын түсінетін, «мәдениеті жоғары адам», өз пәнінің жетік шебері, педагогика мен психологияны терең меңгерген, жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық әдістерді қолдана алатын, өзін жеке тұлға ретінде дамытып, рухани өсуге деген қажеттілігі мол болуы тиіс делінген.

Әлемдік педагогикада мінсіз мұғалім мен оның дайындығының моделі жасалуда. Мысалы, жапондық оқымысты және практик Томомучи Киучи ұсынған мұғалімнің моделі, оның пікірінше, мынадай маңызды белгілер мен қасиеттерден тұруы керек: бір уақытта оқыта да, тәрбиелей де алу қабілеті, мықты теориялық педагогикалық білім, жоғары мәдениеттілік пен тәрбие құндылықтарын түсіну, еркіндік пен жауапкершілік, интеллектуалды топқа қатыстылық және т.б. - деп атап көрсеткен [166]. Американдық педагогикада (М. Грин, А. Комбс, Дж. Лембо және т.б.) «тиімді мұғалім» моделін жасауда. Ол коммуникативтік дағдыларын, жанашылдық әлеуетін қамтиды, бейресми байланыс, эмоционалдық тұрақтылық, өмір оптимизмі жатады [167].

Мемлекетіміздің дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы еліміздің жаңа сапалық деңгейге жылдам өту қажеттілігін туындатуда.

Осыған орай, қазіргі кезде жасалып жатқан реформалар даму институттарының қалыптасуы мен даму кезеңіне өтуге және саяси бағыттардағы осындай өзгерістер өмірдің барлық саласындағы шығармашыл тұлғаның мәртебесін көтеруде.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыра алатын білім жүйесінде болып жатқан өзекті мәселелерді шешуге және жаңаша білім беруді ұйымдастыруға қабілетті болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру ХХІ ғасыр «білім ғасырының» басты талаптарының бірі деуге болады [168].

Ғалым Ш.Т.Таубаеваның «Педагогика әдіснамасы» атты зерттеу еңбегінде педагогика саласындағы модельдеу мәселесіне кеңірек тоқталған. Ол «модель» түсінігінің, латынның «modules» сөзінен туындағандығына, ол «өлшем», «бейне» деген түсінікті білдіретіндігіне тоқталып, «модельдеу» түсінігі ғылым саласында әртүрлі мағынада пайдаланылатындығын атап өтеді. Бұл нақты мағынада «модельдеу» объектінің арнайы жасалған пішінінің, нақты нысанның сипаттамасын өңдеп жасауы деген қорытынды жасауға негіз болады.

Логикалық түсіндірме сөздікте «модельдеу» нысанның қолдан құрастырылған нұсқасы, қисындық-матаметикалық таңбалау формуласы, физикалық конструкциялар, құрастырулар т.б. Модельдеу зерттеу нысанына

сәйкес, құрылымы мен құрылысын түсінікті түрде қайта өңдеп бейнелейді. Зерттеу нысанының элементтері арасындағы қарым-қатынастары мен байланыстарын, қасиеттерін көрсетіп, түсінуге қиын, көп уақыт жұмсауды талап ететін қиын мәселелерді шешіп, өзінің қажетті мәлімет алу үдерісін тиімді етеді. «Модельдеу» даяр зерттеу нысанының түпнұсқа моделі делінеді [169].

Сондықтан да педагогикалық оқу орындарындағы білім алушылардың жаһандық жағдайға байланысты құзыреттіліктерінің моделін нақтылауда ол жайындағы ойларды жинақтап және бір қалыпқа келтіруді жөн санадық.

Модель туралы сөз қозғайтын болсақ, бұл термин латын тілінен (*modulus*) шыққан, «өлшем» деген ұғымды білдіреді. Модельдің негізінде белгілі бір білім саласындағы фактілер, заттар мен қарым-қатынастың көрініс беруі - деп түсінеміз.

«Модель» мазмұны мен типі, мақсаты мен міндетіне байланысты әртүрлі. Көбінесе зерттелетін заттық ортаның түпнұсқасының мазмұнына, оның қоршаған ортаға әсеріне де байланысты өзгеріп отырады. Модель сөздің көмегімен заттық ортаны айқындайтын білім туралы ұғым ретінде, белгілі топтасқан өзара байланысы сөйлем жиынтығы, қорытындылар түрінде, объектінің негізгі жақтарын, элементтерін, байланысын айқындайтын физикалық – графика, схема түрінде сондай-ақ негізгі сыртқы және ішкі байланыстары мен қатынастарын анықтайтын математикалық формулалар немесе сандық кесте түрінде болуы мүмкін [170, с. 236].

Г.Клаустың пікірі бойынша, модель – теория мен практиканың диалектикалық қарама-қайшылығы болып есептеледі. Модель – теория, ол белгісіз ортаны дәлелдеудің, абстракциялықтан нақтылыққа көшудің мүмкіндігі, ғылыми дәлелділігі [171]. Айтылған ойды тұжырымдасақ, модель түрлерінің ең негізгісі ғылыми модель болып есептеледі. Бұл модель зерттеу арқылы сол заттық орта туралы жаңа білімдер, түсініктер, жобалар алуға негізделуі қажет.

А.М. Новиков модельді сипаттай келе, оны негізгі нысан туралы жаңаша ақпарат беретін, танымдық мақсатқа таңдалған немесе қайта жасақталған қосымша нысан ретінде қарастырады [172]. Ал, А.Б. Горстко модельді нақты нысанның, оның дамуы мен қоршаған ортамен әрекеттестігінің негізгі ережелерін білу үшін нысананы басқара білуге үйрену немесе берілген жағдайларда мақсаттар мен өлшемдерді тиімді тәсілдерді анықтаумен байланыстырады [173]. Келтірілген пікірлер бірін - бірі жоққа шығармай, керісінше толықтырып тұр деп санаймыз.

В.А. Штофтың модельге берген түсінігінің, модельдеуге деген ұстанымының педагогикалық зерттеулерде мәні зор. Автордың айтуынша, модель – зерттеу нысаны бейнелеп, шығаратын және сол нысанның орнын басып, жаңа ақпарат бере білетін, ойда бейнеленіп немесе материалды түрде іске асатын жүйесі болып табылады – деген [174]. Автордың пікірлерін түйіндейтін болсақ, модель зерттеу тақырыбының теориялық негіздемесіне сүйене отырып, мақсаты, міндеттеріне сәйкес іске асырылатын абстракты

түрдегі құрылымдық-мазмұндық біртұтас жүйе ретінде жасалады, жобалар алуға негізделеді.

Л.А. Белялованың пікірінше, модель құрудың мазмұнды жақтарын анықтай отырып, модельді бағалаудың келесі өлшемдерін бөліп көрсетеді:

- объектілік аймақтар арасындағы тәуелділікті анықтайтын, байланыстылық;
- модельдендіретін объектіні қадағалау және тіркеу мүмкіндігі яғни бақылаушылық;
- тұрақтылық (көрсетушілік және техникалық).

«Модельдік білім беру» түсінігі мен идеясы алғаш рет ХХ ғасырдың 60-шы жылдары АҚШ-да, Англияда пайда болды. Сол кезде білім алушыларға берілген білім материалдарында әрекеттердің мақсатқа сай негіздері, ақпараттар қоры және алға қойылған білім алу міндеттеріне қол жеткізудің әдістемелік құралы болса, онда оқу бағдарламасы шеңберінде білім алушылар білім материалдарымен өздігінен жұмыс істей алады деген болжам айтылған еді. «Модель – оқу мазмұндары мен оларды меңгеру технологиялары біріктірілген мақсатты функционалды түйін. Тек модуль ғана мазмұны, оқыту әдісі, дербестілік деңгейі, оқушының оқу-танымдық әрекеттері қарқыны жағынан дараланған оқытудың бағдарламасы бола алады» - деген [175]. Автордың пікірін қарастыратын болсақ, модель түсінігі шындықтың белгілі бір тұстарын тереңірек түсіну мақсатында көрсету құралы ретінде анықталады.

Қазіргі кезде психология, педагогика ғылымдарында болашақ мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы мен дамуы үдерісіндегі мазмұны мен құрылымын зерттеудің профессиографиялық, деңгейлік және міндеттік сияқты бірнеше тәсілдері бар екені байқалады.

Алғашқы профессиограммалық зерттеуге В.А. Сластениннің ғылыми зерттеулерін жатқызуға болады. Студенттің, болашақ мұғалімнің профессиограммасына ғалым қоғамдық-саяси және психологиялық-педагогикалық даярлығын, арнаулы білім мен әдістемені толық меңгеруін жатқызады. Ғалым педагогиканың әдістемелік негіздерін, категориялары мен заңдылықтарын, тұлғаның даму жолдары мен әлеуметтік қалыптасуын, балалардың барлық жастағы даму кезеңдерінде болатын анатомиялық-физиологиялық, жастық және дербестік ерекшеліктерді білуді қарастыратын жоғары психологиялық-педагогикалық даярлықты мұғалім кәсібилігінің шешуші белгісі деп есептейді. Сонымен қатар ол педагогтың бағыттылығындағы бір көрсеткіш ретінде санайды [176, с. 78]. Біздің ойымызша осы пікір педагог мамандарын дайындауға қатысатын әр тұлғаның ұстанатын бағыты болуы тиіс.

К.Н. Дурай-Новакова мұғалім даярлау бағытында жүзеге асырылған жұмыстарды барлық қырларының әзірлік астарлары бойынша топтастыра келіп, оларды негізгі екі топқа бөледі: оның алғашқысына ерекше ұзақ немесе қысқа мерзімдік жағдайға байланысты айқындалатын даярлаудың психологиялық астарларына жасалған зерттеулер жинақталса, екіншісіне даярлаудың алуан түрлі іс-әрекет түріне жасалған зерттеулері енеді [177].

Б.С.Динамов пен Д.В.Чернилевскийдің жұмыстарында модельдеп оқудың мақсаты ретінде және жеке тұлғаның кәсіби сапаларының көрінісі ретінде қарастырылады [178]. Ал С.И.Архангельский, Т.А.Ильина т.б. ғалымдардың зерттеулерінде маманның моделі қызмет істеп жатқан органикалық жүйе ретінде, жеке тұлға бірегей тәсіл ретінде қарастырылады [179, с. 198].

А.А.Кыверялгтың зерттеуінде көрсетілгендей, педагогикада модельдер ғылыми зерттеудің құралы ретінде, зерттеу пәні, іс-әрекеттің құралы ретінде көрінуі мүмкін [180]. Жоғары оқу орнының оқу үдерісіндегі тәрбие мен оқу мазмұнын модельдеу мәселесін Л.И.Романкова т.б. бірқатар авторлар қарастырған [181]. Бұл келтірілген талдаулар болашақ маманның моделін жасау сапалы маман даярлаудың басты кепілі екендігін дәлелдейтіндігін көрсетеді. Сондықтан көптеген ғылыми еңбектерде қарастырылып, практика үшін маңызы бар қорытындылар түрінде тұжырымдалады.

Американдық философ М. Вартофскийдің көзқарасы бойынша, модельдеуді болашақ әрекетке бағдарланған прототип деп атауды ұсынады. «Ең алдымен менің есептейтінім, модельдер - біздің техникалық жабдықтауымыздың жоғары мамандырылған бөлігі, олардың өзіндік функциялары болашақты жасаудан тұрады. Модель ретінде мен кейбір мәнді ғана емес, осы мәнді анықтайтын әрекет тәсілін көремін. Бұл мағынада модельдер - мақсаттарды іске асыру және сонымен қатар, осы мақсаттарды іске асыратын инструменттер... Модель бір мезгілде мақсатты ескереді және оның жүзеге асуын кепілдейді» [182].

Г.Қ. Нұрғалиева болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін ұйымдастыруды, мектептегі оқу-тәрбие мәселелерін когнитивтік, мотивациялық-қажеттілік, әрекеттік-мінез-құлықтық компоненттер тұрғысынан талдады [183]. Ғалымның бұл пікірімен келісе отырып, өз жұмысымыздың мәселесі бойынша модель жасауда басшылыққа алдық.

И.П. Подласый ғылыми модель - зерттеу объектісін қамтып, оны ойша елестететін немесе материалдық жағынан жүзеге асыратын жүйе. Педагогикалық модель оқу-тәрбие мақсатын, мазмұнын, формасын, әдісін, басқару жолдарын анықтаса, ғылыми негізделген модель тұтас педагогикалық үдерісті немесе оның бір бөлігін ұйымдастыру және қызмет ету жолдарын анықтайды деп есептейді [184]. Автордың ойын қуаттай отырып, педагогикалық зерттеулердегі модельдердің өзгертушілік қызметінің ролі басым екендігіне көңіл бөлеміз.

Маманның моделін анықтауда В.Э.Смирнованың пайымдауынша, кәсіби қызметтің ерекшелігін ескеру керек. Маманның моделін жасаудағы негізгі ұстаным оның болашақ қызметінің сараптамалық ұстанымы болып табылады [185]. Автордың пікірі бойынша тәсілдің артықшылығы, маманның жұмысында даярлық пен нақты қызметі арасында сәйкессіздік көрініп тұрады. Сол себепті жаһандану жағдайында жоғары оқу орнындағы оқу үдерісін дамыту ең алдымен, студенттің сапаларын, білімі мен тәжірибесін жүйелі, мақсатты түрде қалыптастыруды жүзеге асыру.

Зерттеуші ұстаз үшін модельдеу зерттелінетін құбылыстың идеалдық моделін қайта жасаудың тәсілі болады дей келе, Н.Д. Хмель модельдеуді біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды бөлігі деп есептейді [186, с. 45].

Т.К. Чмут «Адам тұтас мәдениетінің құрамдас бөлігі қарым-қатынас құзыреттілігі. Ол қандай да болмасын қарым-қатынас туралы белгілі мөлшердегі білімді құрайды», - деп ой түйіндеген. Біз автордың болашақ мамандардың педагогикалық мәдениет, такт, этикасының негізі болып табылатын кәсіби құзыреттіліктің білім негізінде қалыптасады, деген пікірін қолдаймыз.

Біздің жағдайымызда, болашақ мұғалімді оқыту мен тәрбиелеудің мақсатын модельдеу, маманның кәсіби сапасына, оны даярлаудың деңгейіне деген талап арқылы көрсетіліп отыр. Болашақ мұғалім кәсіби-педагогикалық іс-әрекет барысында қарапайым ғана емес, күрделі кәсіби қабілеттерге, дағдыларға үйрене алады, сонымен қатар, оқу-тәрбие үдерісінде студенттер жеке тұлғаның жаһандану жағдайында қажетті психологиялық-адамгершілік және кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыра алуы керек.

Мұғалім моделі мен оның кәсіби құзыреттілігі сипаттамасы туралы көріністерді айқындау оның кәсіби іс-әрекетінің психологиялық-педагогикалық сипаты болып табылады.

«Маман моделі» деген түсінік және оған тығыз байланыстағы «жоғары білімі бар маманның құзыреттілік сипаттамасы» түсінігі білім беру мазмұнын және оны таңдаудың негізі мен құрылымдарын ашады. Маман моделінде тек қана оның жеке жақтары мен сипаты ғана емес, олардың оқу-тәрбие үдерісі нәтижесіндегі алған жетістіктер және жоғары оқу орны қызметіндегі тәжірибелік үдеріске қажеттілігін көрсететін мамандардың білімділігі мен қабілеттері жатады [187].

Модель мен түпнұсқаның арасында айырмашылық болады, өйткені модель белгілі бір шектеулер негізінде құралады. Модель түпнұсқаның маңызды жақтарын көрсете отырып, оның мәнін түсінуге көмектеседі. Модель құру кезінде оның зерттеу объектісінің түпнұсқаға сай келуін қадағалау қажет. Модель үнемі түсіндіру, анықтау құралы бола отырып, танымдық рөл атқарады. Қазіргі заман ғылымда модель ұғымын материалдық немесе тұжырымдамалық жүйе ретінде түсіндіреді:

– біріншіден, қандай да бір формада түпнұсқаның маңызды қасиеттері мен қарым-қатынасын бейнелеп, көрсетеді;

– екіншіден, нақты берілген мағынада оның орнын басады;

– үшіншіден, түпнұсқа туралы жаңа ақпарат ұсынады.

Бұл бағыттағы басқа да ғылыми зерттеулерді талдап қорыту болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделін жасауға мүмкіндік берді.

Осы орайда алдымен модельдің мақсатын - жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде болашақ мұғалімдердің белсенділігін арттыру деп белгіледік.

Одан төмендегідей міндеттер туындайды:

- жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін қарым-қатынас ортасын құру;
- жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік туралы білімдерін қалыптастыру;
- болшақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру шарттарын дәйектеу [188].

Басқаша айтқанда, модельдеу ұстаз үшін педагогикалық теория мен нақтылы тәжірибелік іс-әрекет арасындағы бөлік болады. Модельдеу барысында зерттеуші назары тәжірибенің өзгеріске келуге тиісті жақтарына аударылады, сондай-ақ кейбір бөліктеріне (нормалар, құралдар, өнімдер, әрекет субъектілері т.б.).


Модельдеу - нақты өмірдің құбылыстарын бейнелейтін құрал ғана емес, модель түрінде шығатын теориялардың жүзеге асуы арқылы алынған білімнің ақиқат екенін тексеретін критерий. Біздің жағдайымызда болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделі - бұл кәсіпқой адамның идеалды бейнесі немесе тұлғалық - кәсіби дамуының эталоны мән-мағыналық қасиеттерін қайталайтын объектілер мен белгілердің жүйесі [189].

Осы айтылғандарды негізге ала отырып, біз педагогикада модельдеу мынадай жағдайларда қолданылатынын байқадық:

- а) педагогикалық міндеттерді және педагогикалық жағдаяттарды модельдеу;
- б) оқыту, тәрбие және үйренушілерді дамыту үдерісін модельдеу;
- в) білім беру мекемелерін басқару жүйесі жағдайын модельдеу.

Онда болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мақсаты, міндеттері, білім мазмұны, әдістемесі мен ұстанымдары, осыларды жүзеге асырудың нысаны оқу үдерісі, ондағы жүйесі, келтірілді. Осыған орай модельде болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің ұғымдар, түсініктер, қағидалар, оны қалыптастыруға ықпал ететін факторлар т.б. берілді.

Жоғарыда берілген отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдары, анықтамалары, түсініктемелерін ескеріп және талдау жасау негізінде біз кәсіби құзыреттілікті маманның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындау дайындығын атаймыз. Біздің ойымызша аталғандарды ескеру арқылы жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің бойында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік болады. Төмендегі суретте біз жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынамыз.



Сурет 4 - Жаһандану жағдайындағы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделі

Ұсынылып отырған модель: жаһандану жағдайындағы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің әдіснамалық негіздері айқындалған, мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттерден тұратын, өлшемдері мен көрсеткіштері, қалыптасу деңгейлері анықталған, әдістемелік жолдары негізделген күрделі құрылым. Енді осы модельдің ішкі жүйе элементтеріне сипаттама береміз.

Жаһандану жағдайындағы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері ретінде *іс-әрекеттік, құзыреттілік, жүйелілік, мәдениеттанымдық, тұлғалық, синергетикалық*, амалдар мен *гуманистік, көпмәдениеттілік; мәдениетке сәйкестік; субъектілік*; ұстанымдарын басшылыққа алдық.

Философиялық тұрғыдан әдіснама таным және объективті шынайылықты өзгерту үдерісінің тәсілдері мен жолдары жөніндегі ғылым. Философиялық энциклопедиялық сөздікте әдіснама (грек сөзінен *methodos* - зерттеу жолы, таным, ілім, білім; *logos* - сөз, түсінік) қағидалар жүйесі және тәжірибелік теориялық іс-әрекетті ұйымдастыру және құру тәсілдері, ғылыми таным әдістері туралы оқу; қандай да бір ғылымда қолданатын әдістердің жиынтығы дегенді білдіреді делінген [190].

Әдіснама – үнемі өзгеріс үстіндегі педагогикалық шынайылықты көрсететін ғылыми білімді алу тәсілдерін, нақты ғылыми зерттеу мақсатына жету жолдарын анықтайды. Әдіснаманың негізгі қызметі - таным үдерісін реттеу және іштей ұйымдастыру немесе нысанды тәжірибелік өзгертудің жолын анықтау болып табылады. Кез-келген ғылым танымның әдістері мен тәсілдерін пайдалана отырып, өзінің әдіснамалық негізін қалыптастырады. Әдіснама нақты ұйымдастыру, тәсілдер жиынтығын құрайтын әдіс емес, әдіснама зерттелетін объектінің, пәннің нақты анықтамасы арқылы қойылған мәселеге қай қырынан, қай бұрышынан келу керектігін қарастырады [191, с. 67].

Педагогика ғылымы әдіснамасының атқаратын қызметтері төмендегілер болып табылады:

– гносеологиялық (танымдық) қызмет – бұл қызметтің жүзеге асуы педагогикалық құбылыстар мен пәндерде екеніне сипаттама береді, екенін түсіндіреді, болжайды;

– праксеологиялық (өзгертушілік) қызмет – педагогикалық практикаға білімдік мақсаттарға жетудің жолдарын, құралдарын, технологиялары мен әдістерін сипаттап тәжірибеге ендіруді қамтамасыз етеді.

Праксеологиялық қызметті жүзеге асыру педагогика ғылымының қолданбалылығын, практикалық құндылығын айқындайды.

– аксиологиялық қызмет немесе педагогика ғылымына сыни көзқарасты дамыту. Бұл қызметтің жүзеге асуы педагогикалық модельдердің, өзгерістердің, жаңашылдықтардың бағасын беретін өлшемдер мен көрсеткіштер әзірлеуге ықпал етеді;

– рефлексивтік қызмет педагогика ғылымының нәтижелерін талдап,

мағынасын ұғынуға, зерттеу әдістері жүйесін жетілдіруге бағытталған, яғни рефлексивтік қызмет педагогика ғылымының өзін зерттеуге бағытталған деуге болады;

– нормативтік ұсыныс қызметі - «ненің қалай болатынын» көрсетсе;
– эвристикалық (шығармашылық) қызмет - педагогика ғылымының қызметтерінің іске асуы барысында теориялық және практикалық міндеттердің қойылуы мен таңдалуы мәселесін қарастырады [192].

Болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеу арнайы әдіснамалық амалдар мен ұстанымдарды басшылыққа алуды талап етті. Енді жұмысымыздың әдіснамалық негізі болып табылатын амалдар мен ұстанымдарды сипаттауға көшеміз.

Педагогикалық қызметті ұйымдастырудың негізгі сүйенетін әдіснамалық амалдарға талдау олардың тарихи қоғамдық ауқымды тәжірибе негізінде жинақталғандығын көрсетеді. Бұдан қандай да бір қызметті ұйымдастырудың әдіснамалық деңгейдегі амалын тұғыр ретінде тұжырымдаудың басты факторлары, уақыт, тәжірибе екендеген аңғаруға болады [193].

«Амал» ғылыми әдіснамада өте жиі қолданылатын категория болып табылады, да теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешуде қолданылады. Әдіснамалық категория ретінде *амал* зерттеу алдына қойған міндеттерді шешуде әдіснамалық құралы қызметін атқарады, зерттеудің теориялық тұғырының орнықты болуын қамтамасыз етеді.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты мен міндеттерін, мазмұнын ашу үшін педагогика және психологиялық ғылымдарға тән теориялық тұжырымдарды біріктіруші іс-әрекеттік, жүйелілік, құзыреттілік, тұлғалық, мәдениеттанымдық, синергетикалық амалдарды басшылыққа алдық.

Зерттеу жұмысында негізге алынатын әдіснамалық тұғыр *іс-әрекеттік амал* ұғымы психология ғылымына 20 – 30 жылдары қолданыла бастаған. Бұл ұғым туралы бірнеше бағыттағы түсіндірулер болған. Соның бірі С.А.Смирновтың айтуынша, іс-әрекеттік амал дегеніміз – объектінің біртұтастығын және оның тетіктерін ашу философия, элеуметтану теориялары бойынша тұлғаның әрекет арқылы қоршаған ортаны тануы және қайта өзгертуі, іс-әрекетінің құрылымын, қызметін қарастырады деп тұжырымдалады [194].

Іс-әрекеттік амал – педагогикалық құбылысқа әрекеттің бүкіл компоненттерінің тұтастығы позициясымен, яғни мақсаты, мотиві, әрекеті, операциясы, ретке келтіру жолы, жөндеу, жеткен нәтижені бақылау және талдауға мүмкіндік береді. Тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың негізі, құралы және басты шарты ретінде қарастыратын, іс-әрекет үдерісінде тұлғаны дамытудың оңтайлы шарттарын анықтауға мүмкіндік беретін *іс-әрекеттік амалды* дамытушылар Н.В.Кузьмина [195], Л.С.Рубинштейн [196], және т.б. болып табылады.

Біздің жұмысымызда болашақ мұғалімнің кәсіби білім алу барысындағы өзіндік әрекеті оның жаһандану жағдайындағы құзыреттілігінің қалыптасуының негізгі тетігі ретінде қарастырылады.

Жүйелік амал - зерттелетін педагогикалық құбылысты және оның арасындағы байланыстың көптеген элементін анықтау. Зерттелуші объектіні жүйе ретінде, оның элементін, олардың арасындағы байланысты және оны жіктеп, құрылымын және ұйымдастыруды, тұтастай білім беру ретінде басқару жолдарын анықтауға бағытталады. Көрнекті өкілдері В.В.Краевский [191], Э.Г.Юдин [197] педагогикалық жүйені өзара байланысты құрамдас бөлшек жиынтығы ретінде қарастырады. Олар: білім беру мақсаты, педагогикалық үдеріс субъектілері, (ұстаз бен дәріс алушы), білім беру мазмұны (білім, білік, дағды, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен көңіл-күй-әрекет қатынас тәжірибесінің жүйесі), педагогикалық үдерісті ұйымдастыру әдістері мен түрлері, мәліметтер қоры (құралдар) деп түсіндіріледі [198].

Жүйелілік амал танымдық әрекеттегі ең әмбебап құрал. Олай болатын себебі, кез-келген құбылыс жүйе ретінде қарастырылады. «Жүйе» ұғымының грек тілінен аудармасы «құрастыру» ретінде түсіндіріліп, заттардың аморфты еместігін, бөлінбейтіндей болмайтындығын, оларды жақын барып талдағанда бөліктерден тұратындығын білдіреді. Демек жүйені өзгерту үшін оның ішкі құрамаларына әсер ету қажет. Бұл үшін жүйелі білім қажет. Жүйелі білім объектінің құраушыларын зерттеп тану нәтижесінде жинақталады.

Студенттің өзін - өзі кәсіби құзыреттілікке қалыптастыруда жүйелілік амалдың алатын орыны ерекше. Себебі бұл жерде, біздің ойымызша бірнеше жүйе бар. Атап айтсақ студенттің өзі ішкі құрылымдардан (биологиялық, психологиялық т.б.) тұратын жүйе, ал білім беру де реттілікті, тәртіпті, кезеңділікті, сақтауды талап ететін тұтас жүйе. Ендеше осы жүйелердің бір - бірімен байланысын ретке келтіріп, ортақ іске бағыттау оқытушыдан үлкен шеберлікті талап ететіндігі сөзсіз.

Құзыреттілік амал - білім, білік және дағды арқылы мәселені өз бетінше шешетін, өзін-өзі жүзеге асыратын тұлғалық қасиеттерді қолдана алу, оның нақты әрекет пен үдерістерде тиімді, өнімді әрекеттер жасай алу қабілетін, дара тұлға сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік жасайтын қабілеттерін көрсетеді. Әдіснаманың бұл саласының дамуына үлес қосқан ғалымдар қатарына А.К.Маркова [199], М.А.Чошанов [200], Б.Т.Кенжебеков [201], Г.Ж.Меңлібекова [202], және т.б. жатады.

Құзыреттілік амалға сай білім беру жүйесіндегі негізгі нәтижелері түйінді құзіреттіліктер болып табылады. Мұнда жоғары деңгейдегі қарым-қатынасты игере алуға, талдау жасауға, дүниетанымдық түсінік қалыптастыруға баса мән беріледі. Бұл тәсіл өмірдің әр түрлі саласында стандарттан тыс тапсырмаларды шешуге деген қабілеттілікті және қоғамда (социумда) табысты түрде әлеуметтенуге бейімделудің жолдарын игеруге мүмкіндік береді.

Болашақ мұғалімнің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы сипатталып отырған теорияны басшылыққа алу негізінде мүмкін болады.

Зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық негізі ретінде алынған *тұлғалық амал* жеке тұлғаны зерттеу психологиясынан негіз алады. Жеке тұлғаның құндылығын зерттеушінің талдамасына сәйкес технологияны және оқу

әдістемесін жасаудың негізгі бағыттарын анықтайды. Тұлғалық амал - тұлғалық тәжірибе білім мазмұнының компоненттерін (объектінің тұлға ретіндегі әлеуметтік, тұлғалық және тәжірибелік мәнін, тұлғалық бірегейлігін, адамгершілік және интеллектуалдық еркіндігін педагогикалық үдерісті жобалау мен конструктілеуде тұлғаға мақсат, субъект, нәтиже ретінде бағытталуын көрсететін) айқындайды. Көрнекті өкілдері В.В.Сериков [203], В.А.Сластенин [204], И.С.Якиманская [205], және т.б.

Тұлғалық амал - ол тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруын қолдайтын әр педагогикалық істің мазмұнына апаратын бетбұрыс. Жалпы айтқанда әрбір міндет (өндірістік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, білім беру) оны шешудің әдіснамасы ретінде тұлғалық бағытты қолданған жағдайда ғана, адам жасаушы мәнге ие болады. Бұдан шығатын қорытынды білім берудің тұлғаға бағдарлануы білім алушының даралық ерекшеліктерінің жетілуіне жағдай жасайды. Ғалым И.С.Якиманскаяның пайымдауынша, жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда даралау тәсілі барлық білім беру үдерісінің негізгі қағидасы болып табылады, оның мақсаты-әрбір жеке тұлғаның мүмкіндіктерін танып, дамыту. Ғалым жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті мынадай төрт компонент міндетті түрде болуы қажет деп атап көрсеткен. Олар: аксиологиялық, когнитивті, шығармашылық-әрекеттік және жеке тұлғалық. Осы жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнының төрт компоненті де негізінен сөйлесу, шығармашылық іс-әрекет арқылы әрбір жеке тұлғаның жекелеген дамытуға жағдай жасауға, өз бетінше шешім қабылдауға және шығармашылығына, оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға толық мүмкіндік береді деп тұжырымдайды [205, с. 67].

В.В.Сериков ұсынған жеке тұлғаға бағдарланған білім беру тұжырымдамасында «жеке тұлға» - дегеніміз адамның арнайы білім алу және даму аясын білдіретін педагогикалық категория дей келе, барлық адамның «жеке тұлға болуы» тәжірибесін, яғни жеке тұлға қызметтерін атқара білу тәжірибесін меңгеруі тиіс екендігіне тоқталады [203, с. 107]. Автор жеке тұлғаға бағдарланған білім беру - әрбір оқушының, студенттің даралығына, жеке ерекшеліктеріне бағыттала отырып, студенттің жеке даму траекториясын жасауға мүмкіндік беретіндігіне көңіл бөледі.

Сондықтан да педагогикалық және психологиялық тұрғыдан болашақ маманның өзін - өзі дамыту іс-әрекеті мен оның өзіндік санасының ерекшеліктерін тұлғаның танымдық компоненті ретінде қарастырудың маңызы зор. Жаһандану жағдайында еңбек ететін болашақ маман үшін де осы айтылғандардың маңызы зор.

Болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайына байланысты кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесін негіздеуде адам мен мәдениеттің дамуын құндылықтар жүйесі ретінде және адамның өзін дамытуы, оның шығармашыл тұлға және мәдениет субъектісі ретінде қалыптасуы ретінде қарастыратын *мәдениеттанымдық амалдың* идеялары тірек етілді.

Мәдениеттанымдық амал зерттелініп отырған мәселе контекстінде тұлғаның мәдениет әлеміне табысты кірігуін қамтамасыз ететін мәдени құндылықтарды меңгеруге және тасымалдауға жағдай жасауға бағытталған теориялық-әдіснамалық заңдылықтар мен ұйымдастырушылық-педагогикалық іс-шаралар жиынтығын ұсынады.

И.Ф. Кефелидің пікірінше, «мәдениет қатынасында мәдениеттің негізгі әлеуметтік қызметі, яғни қоғамдық дамудың нәтижесіне сәйкес адамзаттық даралық дамуы да жүзеге асырылады» [206]. Мәдениеттің әлеуметтік қызметі – түрлі әрекеттердің қосындысы, яғни бұл – тәжірибе алмасу, білім алмасу қызметі, адамзатқа тән іс-әрекет нәтижелерінің өзара алмасу әрекеті.

Мәдениеттанымдық амал – білім алушының жеке тұлғасын зерттеп, құндылық бағдарын жалпы адамзаттық құндылықтарға қайшы келмейтін ұлттық мәдениеттің құндылықтары мен нормаларына сәйкес құрылып, қалыптастыруға нақты ғылыми әдіснама ретінде таным мен педагогикалық іс-әрекеттерді қайта құруға немесе өзгерістер енгізуге бағыт-бағдар береді.

Мәдениеттанымдық амал арқылы жеке тұлғаның мәдениетпен объективтік байланысы негізінде оның мінез-құлқындағы құндылықтар жүйесін анықтайды. Өйткені, адам мәдениет арқылы дамығандықтан сол мәдениетке жаңа элементтер енгізуге үлес қосады. Сол себептен адам мәдениет құндылықтарының жүйесін игеріп өзін-өзі дамытса, екінші жағынан, оның шығармашылықты жеке тұлға болып дамуына жағдай туады. Білім беруде мәдениеттанушылық тұғырды ұсынушылар М.С.Каган [207], Е.В.Бондаревская [208], М.Х. Балтабаев [209], және т.б.

Біз зерттеу жұмысымызда басшылыққа алған келесі амал болашақ маманның өзін-өзі дамытуының әдіснамалық негізінің бірі болып саналатын қазіргі педагогикадағы синергетикалық амал. *Синергетика* («синергейя» – бірлесіп әрекеттесу, ынтымақтасу) немесе өзін-өзі дамыту теориясы педагогика үшін эвристикалық мәні бар тұлғаны дамытудың әмбебап модельдерін іздеуге бағытталған күрделі жүйе болып табылады.

Синергетикалық амал немесе білімнің синергетикасы білім берудің байырғы З.Ж.Жаңабаев, П.Анохин, И.Пригожин және т.б модельдерінен өзге, жаңа педагогикалық әлемді синергетикалық тұрғыдан қарастыратын білім алушыларға өзін-өзі танудың, өзін-өзі дамытудың жаңа әдістерін меңгеруге бағытталған жаңа әдіснамасын жасауды алға шығарады. Білім алушылар үшін жаңа әрекеттерге деген олардың эмоциялық қарым-қатынастарын (ым, бет қимылдауы, дауыс ырғағы), олармен тікелей өзара байланыс құрғанда, қарым-қатынас жасағанда ғана көруге болады.

Бұл саланың дамуына үлес қосқан ғалымдар З.Ж.Жаңабаев [210], П.Анохин [211] т.б. Олар күрделі, ашық жүйелерді өзін-өзі ұйымдастыруы, өзін - өзі дамыту мен байланысты болғандықтан, қазіргі философияның жаңа кезеңін ашуға серпін беретіндігін негіздейді.

Басқа ғалымдардың пікірлеріне тоқталсақ, айталық И.Пригожин бойынша әлемге синергетикалық тұрғыдан зер салу арқылы болашақтың ғылымы жасалады, адамдар санасында табиғи үдерістердің қайталанбастығы, уақыт

жайлы түсініктерге революциялық өзгерістер әкеледі [212]. Ал, ғалым З.Ж.Жаңабаевтың пікірінше, педагогикалық үдерісте педагогика мен синергетиканың өзара байланысы тұрғысынан басқаруға көңіл бөле отырып, аталмыш үдерістің барлық элементтерінің өзін - өзі ұйымдастыру қабілеті барлығын атап өтеді. Өйткені мұғалімдер, студенттер, топтар ақпаратқа ашық жүйелер болып табылады.

Синергетикалық амал педагогикада қолданылатын жүйелілік - қызметтік әдістердің дамуы болып есептеледі. Ал оның нәтижесі білімнің мақсаттары мен мазмұнының өзгеруінде, жаңа парадигманың пайда болуына, ақпараттармен алмасу құралы ретінде жаңа технологиялардың қолданылуында, басқару үдерісін синергетикаландыруда көрінеді [213]. Сондықтан да біздің ойымызша синергетика өзін - өзі ұйымдастыратын үдерістерді жүзеге асуының нақты тәсілдеріне көңіл бөледі және біздің мәселемізді шешуде ұстанатын амалдарда басшылыққа алынады.

Ғылыми теориялық әдебиеттерге жасалған талдаулар негізінде төменде құзыреттілікке қатысты зерттеулерде келтірілген әдіснамалық амалдарды және теориялық жаңалықтарын көрсетуге тырыстық.

Кесте 3 - Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда басшылыққа алынатын әдіснамалық амалдар

1	2
Әдіснамалық бағыттар, зерттеулер	Болашақ мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру аясындағы әдіснамалық амал.
Тұлғалық (В.В.Сериков, В.А.Сластенин, И.С.Якиманская)	Тұлғаға субъект ретінде қарау. Болашақ мұғалімдердің өзіндік ерекшелігіне бағыттай отырып, оның әлеуетін, өзіндік сапаларын аша білуге және заман талабына сай дамытуға бағдарлау.
Іс -әрекеттік (Н.В.Кузьмина, Т.Г. Браже, Л.С.Рубинштейн, Л.Ф.Спирин)	Болашақ мұғалімінің өздігінен мақсат қоя білуі, іс-әрекетін жоспарлауы, орындауы, нәтижеге жете білу.
Мәдениеттанымдық (М.С.Каган, Е.В.Бондаревская, М.Х. Балтабаев)	Болашақ мұғалімнің кәсіби қалыптасқандығы, дамығандығы, білімділігі, қоршаған ортадағы қатынасының нәтижесі
Жүйелілік (В.В.Краевский, Э.Г.Юдин Б.Г. Ананьев)	Тұлғаның кәсіби дайындығын жүйелі және кәсіби компоненттер бірлігінде жүргізу.

3 - кестенің жалғасы

1	2
Рефлексиялық (А.Н.Леонтьев, Д.Б. Эльконин, В.В.Давыдов)	Субъектінің ойлану, өз ойларын талдау, өзінің психикалық күйін саралау, өз әрекетін талдауға деген бейімділігі.
Синергетикалық (П.Анохин, З.Ж.Жаңабаев)	Болашақ мұғалімдердің әмбебап модельдерін іздеуге бағытталуы, эмоциялық қарым-қатынастарын, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі ұйымдастыру үдерістерін жүзеге асыра алуы.

Дегенмен зерттеудің нақты, өзіндік міндеттерінің тиімді шешілуіне мүмкіндік беретін біздің зерттеу жұмысымызда басшылыққа алынып отырған амалдар жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға жүйелілік, тұлғалық, синергетикалық, рефлексиялық амалдарға сүйенеді, болашақ мұғалімдердің өзгеріп жатқан әлемнің білім беру кеңістігінде көрінетін өмірдің жаңа бейнесін игеруге дайын Әлем азаматы болуына мүмкіндік береді.

Себебі, білім, білік және дағды арқылы мәселені өз бетінше шешетін, өзін-өзі жүзеге асыратын тұлғалық қасиеттерді қолдана алуды табу тәсілдері туралы білім жүйесін құрайды.

Жоғарыдағы әдіснамалық амалдарға тән жұмыстың құрылымында жүйелілікті, зерттеу материалдарын сипаттауда бірізділікті сақтау, жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің бойында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда әрекетті басшылыққа алу, зерттеу нәтижесіне жету үшін қалыптасқан педагогикалық объектіні жаңа жағдайға өзгерту басшылыққа алынды.

Сондықтанда бұл жерде ұстаным туралы айта кететін болсақ, ғылыми әдіснама әдіснамалық ұстанымдар арқылы жүзеге асады. Ұстаным (принцип – латын сөзі) – басшылыққа алынатын идея, негізгі талап, қағида дегенді береді. Педагогикалық зерттеудің ұстанымдары зерттеу үдерісінің мақсаты мен заңдылықтарына сәйкес білім берудің мазмұнын, ұйымдастыру формаларын және әдістерін анықтайтын негізгі қағидалар [213, с. 45].

Олар тарихи нақтылыққа ие және қоғам қажеттіліктерін бейнелейді. Әлеуметтік даму және ғылыми жетістіктерге жетудің әсерінен олар әрдайым өзгеріп, жетілдіріліп отырады. Болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеу жалпы дидактикалық ұстанымдар негізінде іске асады.

Бұл ретте, жоғарыда көрсетілгендерді ескере отырып, біз өзіміздің зерттеуімізде келесідей әдіснамалық ұстанымдарды басшылыққа алдық:

– *гуманистік ұстанымы;*

- көпмәдениеттік ұстанымы;
- мәдениетке сәйкестік ұстанымы;
- субъектілік ұстанымы.

Бірінші гуманистік ұстанымның жаһандық адамды қалыптастырудағы маңызы зор деп білеміз. Гуманизм идеясы қайта өрлеу дәуірінде (Италияда XIV – XVI ғғ., Еуропаның басқа елдерінде XV – XVI ғғ. соңында) пайда болған. Алайда, бұл идеяның жетілу үстіндегі адамның тәрбиесінде гуманистік қарым-қатынасқа қол жеткізуі үшін көптеген ғасырлар қажет болды. Ұстаным: дамыту мен тәрбиелеу адамның мүддесіне бағытталады және оның өзін-өзі жетілдіруіне мүмкіндік туғызуға тиіс; білім мен тәрбие адамды оның жеке даралық мүмкіндіктеріне неғұрлым сәйкес келетін және жеке тұлғаның өзін-өзі құртуына жол бермейтіндей белгілі бір жағдайларға жеткізуі тиіс деген тұжырымдарға негізделеді.

Гуманистік ұстанымының *мәні* – адамның әлеуметтік құндылықтарының басымдылығын, оның құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету, дамуы мен тәрбиесіне, өмірде өзін-өзі табуына, қоғамға сіңісуіне көмек көрсету үшін жағдай туғызуды білдіреді.

Жоғарыдағы айтылғандарды саралай отырып, біздің ойымызша гуманистік ұстанымы болашақ мұғалімдерді дайындауда, әсіресе қоғам қарым - қатынастардың ғаламшарлық сипатта дамуы жағдайының талаптарына сай мамандарды қалыптастыруда басшылыққа алатын басты әдіснамалық ереже болдып табылады деген пікірімізді білдіреміз.

Мәдениетке сәйкестік ұстанымы. Адам әлеуметтік болмыс ретінде өмір сүру үшін және өмір сүру ортасының және оған сәйкес мәдениеттің нақтылы жағдайында өзін-өзі таныту үшін дамиды және қалыптасады. Адам - солардың өнімі. Мәдениетпен бірге ол ортаның өмір сүру ортасына тән менталитет сіңеді және сол ортада іске асады. Неміс педагогы Ф.А.Дистервег тәрбиенің мәдениетке сәйкестік сипатының қажеттілігін негіздей келе, адамды тәрбиелеуде оның туған жері немесе алда тұратын жері, тілі мен дәстүр салтын, отаны болып табылатын елдің мәдениет жағдайын назарға алу қажеттілігіне тоқталады [214].

Осы ойдың біздің зерттеуіміз үшін өте маңыздылығын атап өте отырып, оны іске асыруда баланы ең жас кезінен бастап ұлттық (халықтық) мәдениетпен қауыштыру; бүкіл тәрбиелік қызметті халық даналығының (тілінің, дәстүрі, әдеп-ғұрпының және т.б.) мүмкіндіктерін пайдалана отырып, халықтың тәрбиесінің өзгешеліктерімен толтыру ойластырылғаны жөн деген пікір білдіреміз. Олай дейтініміз әлемнің кез-келген жерінде тұрмыс кешіп, еңбек етуге даяр тұлға ең алдымен өзінің төл мәдениетін құрметтеуі, ана тілін жақсы меңгерген болуы қажет. Басқа халықтардың мәдениеті мен тілдері ана тілі мен мәдениетінің аясында үйретілуі тиіс.

Өз мәдениетінің жарқын, шынайы өкілі ғана өзге мәдениетті түсініп қабылдауға мүмкіндігі болады. Мұндай ұрпақты тәрбиелейтін болашақ мұғалім елінің ұлтжанды азаматы, ауқымды ойлайтын, дүниетанымы кең, мәдени

диалогтық қарым - қатынаста мейлінше ашық, тілдерді меңгерген, білікті жетекші бола алатындай кәсіби дайындықтан өтуі тиіс.

Көпмәдениеттілік ұсатынымы білім беру жүйесінде әлемдік үдерістердің жаһандануы жағдайында дамудың факторы, түрлі мәдениет пен тілдердің пайда болуы және жаңаруында тиімді механизм ретінде қаралады. Сондықтан педагогикалық үдерісте түрлі әлеуметтік мәдениеттік білім берудегі көпмәдениеттік арақатынастың тәжірибелік іске асырылуы маңызды. Заманауи білім беру тәжірибесі өзінің даму векторы ретінде көптеген мәдениеттерді және әрбір мәдениеттің жеткілікті қасиетін, соның ішінде ұлттық мәдениетті айқындайтын, плюрализмді қабылдауы керек.

Кез-келген білім беру мен тәрбиелеуді жүзеге асырудың жетекші ұстанымына түрлі этникалық мәдениетті түсінетін және сыйлайтын көпұлтты ортада табысты және белсенді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тұлға дамуының әлеуметтік мәдени жағы, білім беру стратегиясы жатады.

Біздің ойымызша, аталған білім беру стратегиясы келесі міндеттерді шешуі қажет: біріншіден, өзге мәдениеттердің кіріктірілуінің маңызды шарты болып табылатын ұлттық мәдениеттің негіздерін жан-жақты игеруге атсалысу; екіншіден, білім алушылардың бойында тұлғаның полиэтникалық ортада өзін-өзі белсенділендіруінің шартын құратын түрлі ұлттық мәдениеттерге толерантты қарым-қатынасты тәрбиелеу, түрлі этникалық мәдениет туралы бейне қалыптастыру; үшіншіден, өркениетті дамытудың өзекті мәселелерін шешу барысында этностардың өзара тәуелділігі мен өзара көмек беру, заманауи әлемде жаһандану үдерісінің объективті себептерін ашу, әлем мәдениетінің негіздеріне баулу.

Болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайындағы кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда өзін-өзі жетілдіруді қарастыратын *субъектілік ұстанымның алар орыны ерекше*. Алғаш рет «субъект» ұғымы тұлға болмысына орай енгізген психолог С.Л.Рубинштейн болатын [215]. Көрнекті өкілдері Б.Г.Ананьев [216], А.А.Деркач [217], және т.б. болып табылатын ұстанымдағы субъект (лат. *subjectum* — бастауыш) ұғымы психологиялық әдебиеттерде төмендегіше түсіндіріледі:

- болмысты тану мен өзгертудің қайнары ретіндегі индивид немесе топ;
- белсенділікті жеткізуші;
- субъект индивид немесе топ іс-әрекетті танудың және өңдеудің негізі ретінде;
- іс-әрекеттегі белсенділіктің тасымалдаушысы.

Ондағы басты тұжырым: адам субъект болып дүниеге келмейді, субъект болып, дамып жетіледі. Демек, субъект – аса жоғары белсенділік, біртұтастық, жүйелілік, автономдық деңгейіне жеткен адам. Тұлғаның субъект дәрежесіне жетуі үшін үнемі қозғалыста болуы қажет деп түсіндіреді келесі психолог К.А. Абульханов-Славская. Ол «... кез-келген тұлға іс-әрекет субъектісі бола алмайды», - деп жазады. К.А. Абульханов-Славская қарама-қайшылықтарды шеше алудағы мүмкіндіктерді субъект категориясының анықтаушы ретінде ұйғарады [218].

Тұлғаның өзіне деген құнды және ортаға қатысты рухани-адамгершілік қатынастарын анықтайтын қасиеттер - белсенділік, дербестік, жауапкершілік, шығармашылық және т.с.с. субъектілік ұстанымның құраушылары болып табылады [219]. Осы қасиеттерге бағдарлап жұмыстар ұйымдастырылса, субъектілікті дамытуға болады. Бұл әсіресе, білім алушының оқу әрекетіндегі ерекше орынымен, танымдық белсенділігімен анықталады. Бұл ұстанымға сәйкес білім алушы үшін оқу әрекетінің мәні, маңызы болуы тиіс, үдеріс барысында оның жеке ерекшеліктері ескерілген, осы әрекетте ол өзін-өзі басқара, ұйымдастыра алатындай жағдайлар болуы тиіс. Бұлайша ойластырылған білімдік үдерісте субъектаралық қарым-қатынасқа жоғары мән беріледі.

Біздің зерттеуіміздің мақсатына сай бұл ұстаным негізінде субъектаралық, бірлескен қарым-қатынас негізінде студент – студент, оқытушы – студент арасындағы белсенді білімдік әрекет орын алады да нәтижеде психологиялық даму жеделдейді.

Қорыта айтқанда, Сонымен, іс-әрекет және тұлға кәсібилігі негізінде жатқан қасиетті дамытуға бағытталған тұлғаның қызығушылықтарын жүзеге асырудағы ықпал ету болып табылады. Өзара әрекеттесу осы амалдармен мақсаттарға қол жеткізуді қамтиды (шығармашылық әлеуетті жүзеге асыру, игеру, дамыту, өзін-өзі жетілдіруге, өзектілендіруге бағытталған тиімді өмірлік стратегияларды қалыптастыру және т.б.

Ұсынылып отырған жаһандану жағдайындағы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың теориялық моделі *мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік* көрсеткіштерден тұрады. Бұдан әрі солардың сипаттамасына көшеміз.

Мотивациялық компонент – оқу-танымдық іс-әрекетте болашақ мұғалімдердің ғылыми білімді меңгеруге құштарлығы, жаңашылдыққа белсенді ұмтылуы, танымдық қызығушылығы мен шығармашылық дербестікке саналы талаптануы, өзінің меңгерген білімін құндылық бағдары ретінде түсінуі.

Мотив – субъект қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты іс-әрекетке итермелеуші күш; субъект белсенділігін тудыратын және оның бағыттылығын анықтайтын ішкі және сыртқы шарттардың жиынтығы; тұлғаның әрекет таңдауы және қылықтарының негізінде жататын себеп.

Педагогика және психология түсіндірме сөздігінде (Мотив; фран.*motif*, лат. *Moveo* - қозғаймын) – субъектінің өмір сүру жағдайы ықпалымен қалыптасатын және оның белсенділігінің бағыттылығын анықтайтын әрекетті туғызушы түрткі ретінде қарастырылады. «Түрткі» термині субъектінің белсенділігін туғызатын түрлі құбылыстар мен күйлерді білдіру үшін қолданылады [220, с. 57].

Кез-келген іске деген мотивация немесе түрткі табысты болудың алғышарты болып табылады. Мотиві жоғары адамдар үнемі белсенді, бастамашыл, мақсатқа қарай бағыттылығы тұрақты, табандылық сияқты сапалармен сипатталады. Мәселені шешуде олар қалыптан тыс әдістерді

таңдап, өзіне жауапкершілік ала біледі. Өзіне деген сенімділігі мен ішкі түрткілердің тегеуріні оны табыстарға жігерлендіреді.

Мотивациялық компоненттің көрсеткіштері:

– болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайына сәйкес кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруге қызығушылығы;

– құзыреттіліктердің жаңа бағыттарының мәнін ұғып, машықтануға ынтасы.

Танымдық компонент тұлғаның: дүние және адам туралы жүйелі білімі; дүниені диалектикалық және икемді түсінуі; ойлаудың аналитикалық-синтетикалық қабілеттері; тұлға мәдениетін бағалауы және дәлелді ой-пікірлерін сипаттайды. Танымдық компонент болашақ мұғалімінің, білімге ынтасы мен қызығушылығын, әдіснамалық тұғырларды, білімдерінің мазмұндық деңгейін, оны өз тәжірибесінде қолдана білуі мен өзінің әдіснамалық білім, білік, дағды, қабілет және өзінің тәжірибесінде әдіснамалық білім мен білігін бағалай білуінен көрінеді.

Танымдық компонент кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуына негіз болатын теориялар мен жоғары оқу орынында оқытылатын пәндердің мазмұны бағытындағы білімдер жүйесін, оларды жүзеге асырудағы біліктілігін, дағдысы мен қабілеті және теориялық білім, біліктеріне рефлексия жасай білуімен сипатталады

Танымдық компонент білім берудің мемлекеттік стандартындағы пәндерді оқытудың әдіс-тәсілдерін білуге, өзінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ынтасы, дидактикалық біліктер туралы білімдер жүйесі, оларды практикада қолдана білу және әдістемелік білім, білік, дағдыларын іс-тәжірибеде қолдануын және оны бағалау деңгейінен көрінеді.

Танымдық компоненттің көрсеткіштері:

– өз пәнін ғаламдық мәселермен ұштастыруға қатысты білімдерінің болуы;

– әлемнің білім беру кеңістігіндегі жаңашылдықты білу.

Іс-әрекеттік компонент білім алушының өзінің танымдық әрекетін ұйымдастырушы өзі болатындай етіп, тұтастай білім берудің әдістемелік және технологиялық жағын инновациялауға бағытталған. Зерттеуімізде әрекеттік компоненттің екі құрамдас бөлігі қарастырылады. Олар: студенттің әрекеті және білім алушының әрекеті студенттің ішкі әлеміне әсер ететін, оның шығармашылық белсенділігін тудыратын, әдіс құралдар арқылы дамытушылық креативтілік орта жасаудан тұрады.

Оларды сипаттай кетсек, оқытушы: студенттің белсенді танымдық әрекетін ұйымдастырады, басқарады, ғылыми шығармашылық жұмыстарына қызығушылығын белсендіреді, интеллектуалдық өсуіне жағдай жасайды, оқу - білік дағдыларын жоспарлауды меңгеру білігін қалыптастырады, білім алушылардың өзіне сенімділігін қалыптастырады.

Іс-әрекеттік компоненттің көрсеткіштері:

– жаһандану жағдайында ақпаратпен жұмыс жасау, мәдениаралық диалогқа түсе алуға дағдылану;

– кәсіби өзін-өзі дамытудың жоспарын құрып, жүзеге асыра алуы.

Болашақ мұғалімдерді дайындаудың мемлекеттік стандарттарында сәйкес белгіленген міндетті, базалық және элективті пәндері құрайды.

Дегенмен болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілік дайындығын жүзеге асыруда педагогикалық дағды мен білікті шеберлікті дамытуға негіз болатын пәндермен элективті пәндердің бір-бірімен байланыста оқытылғаны дұрыс деп ойлаймыз.

Анықталған көрсеткіштер негізінде болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің қалыптастыру деңгейлері анықталды.

Жоғары деңгей – болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайына сәйкес кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруге қызығушылығы тұрақты; жаңа құзыреттіліктердің мәнін ұғып, машықтануға ынтасы жоғары, жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің теориялық әдіснамалық, әдістемелік негіздерін меңгерген, ақпараттық, мәдениаралық қарым - қатынас біліктері қалыптасқан, сабақтарын ғаламдық мәселелер тұрғысынан жобалай біледі, оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, технологияларын қолданып өткізе алады.

Орташа деңгей – жаһандану жағдайына сәйкес кәсіби құзыреттілікке деген жағымды көзқараста, олар жайындағы теориялық білімдерден хабардар, ақпараттық, мәдениаралық қарым - қатынас біліктері біршама қалыптасқан, болашақта оқушыларды оқытудың әдіс-тәсілдерін, технологияларын қолдануға, шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілеті бар, бірақ тұрақты қолдануға машықтанбаған.

Төменгі деңгей – жаһандану жағдайына сәйкес кәсіби құзыреттілік жайлы білімдері, қызығушылықтары бар, бірақ тұрақты емес, кәсіби құзыретті мұғалім болудың қажеттілігін сезінеді, ақпараттық, мәдениаралық қарым - қатынас біліктері болғанмен, оны іс жүзінде қолдануы нашар, көмек қажет етеді, сабақтарын ғаламдық мәселелер тұрғысынан жобалауды оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, технологияларын тұрақты қолдануды дағдыға айналдырмаған.

Сонымен болашақ мұғалімдердің көрсетілген кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделі олардың жаһандану жағдайында бәсекелестікке қабілеттілігін қалыптастыруды, болашақ маманның әмбебап және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды көздейді [221].

Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелеріне байланысты теориялық және тәжірибелік материалдарды зерттеу және өз ізденістеріміз бен тәжірибемізді жинақтай келе, танымдық, коммуникативтік, кәсіптік және рефлексивті іс-әрекеттерде тұлғаның өзін және қоршаған әлемді мәдени тұрғыдан қабылдауына ықпал етеді.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Қазіргі кездегі жаңғырту үдерістері ең алдымен ХХІ ғасыр тұлғасын болашақта бәсекеге қабілетті шәкірті тәрбиелеу білім беру саласының алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Осыған орай, бірінші бөлімде философиялық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтану әдістемелік зерттеулерді талдау арқылы жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық мәселелері айқындалды. Сонымен, бөлімдерді қорытындылай отырып, келесі *тұжырым* жасаймыз:

– Жаһанданудың білім беру саласына әсерін тұжырымдай келе, қайсыбір қоғам - өте күрделі, өзін-өзі ұйымдастырып дамыта алатын жүйе екендігіне назар аударамыз. Өйткені қоғамның «атомы» - адам. Әр адам өз өмірінің шеңберінде алдына неше түрлі мақсат – мұраттар қойып, соларға жетуге ұмтылады. Олардың жүзеге асуы тұлғаның әлемдік деңгейдегі пайым – парасатының болуына, әлеми ақпараттарды пайдаға асыра алу, ұлттық мүддені жоғары қоя алу сияқты қасиет–сапаларға байланысты. Жаһандық білім беру - бұл тек қана ұлттық білім беру кеңістігінің көптеген жиынтығы ғана емес, онда ұлттық және әлемдік білім беру саясатының мақсаты жүзеге асырылады, жеке тұлғаның даму мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған мемлекеттер мен білім беру жүйелері арасындағы арнайы қарым-қатынастық қызмет атқаратын ерекше мегажүйе деп айтуға болады.

– Болашақ мұғалімдердің құзыреттілігі мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің ғылыми - теориялық еңбектерде қарастырылуын жаһандану ғасырындағы ғалымдардың зерттеулеріне сүйене қорыту, маманының құзыреттілігінің мәні, интерактивті және аналитикалық мүмкіндіктерді дамытуға негізделуі керек деген тұжырым жасауға негіз болады. Педагогикалық білім беру теориясында құзыреттілік маманның кәсіби іс – әрекеті барысында туындайтын мәселелерді нақты жағдайларға байланысты шеше алу мүмкіндігін анықтайтын интегралды сипаттама, ол үшін білім, кәсіби және өмірлік тәжірибе, құндылықтар мен қабілетті бірге қолдану қажет. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары білім беру жүйесін халықаралық деңгейде интеграциялау - құнды шешім болып табылады.

– Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік өз мәдениетінің нағыз өкілі бола тұрып, көптілділікті меңгерген, соның негізінде мәдениаралық қарым – қатынас біліктері қалыптасқан тұлға басқалармен бірлесе өмір сүруде қиындыққа тап болмайды, әлемдік ақпараттарды талдауға үйренген жастардың, айналадағыны танып білу, одан қорытынды жасау мүмкіндігі молаяды, болашақ мұғалімдер бойындағы жергілікті және ғаламдық жауапкершілікке қатысты қабілеттері, өмір сүрудің жолдарын дұрыс таңдауға ықпал етеді. Ал осының барлығы болашақ мұғалімдердің пәнінің мазмұнын әлемдік материалдармен толықтыра оқытуда, озық әлемдік педагогикалық әдістер мен технологияларды тиімді пайдалануда жүзеге асады деп айтуға болады.

– Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің моделі әдіснамалық негіздері жасалып, көрсеткіштері, қалыптасу деңгейлері анықталып, әдістемелік жолдары негізделген мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттердің бірлігін құрайтын жүйе ретінде тәжірибеде сынақтан өткізіліп, тиімділігі дәлелденді.

Сонымен қатар, ХХІ ғасырдың басындағы дүние жүзі қауымдастығы әлемнің әр түрлі мәдениетін оқып-үйрену, дүниеде болып жатқан үдерістерді сезіну, жер шарының қал-ахуалын мойындауға үйренуі жаһандық ойлаудың қалыптасуы, мұғалімдердің жеке тұлғасының даму үдерісінде қоршаған ортаны бірегей деп тануға бағыт алуы болып табылады.

2 ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАРЫ

2.1 Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған айқындаушы эксперимент нәтижелері

Еліміздің білім беру саласының алдында тұрған, ҚР білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған басты мәселе - кәсіби білімде құзыреттілікке қол жеткізу. Біздің қарастырып отырғанымыз жаһандық жаңарулар талаптарына сай педагогикалық әрекетте табыстылығын көрсете білетін, өз мамандығын, өз пәнін ғаламдық мәселелерге бағыттай алуға негіз болатын білімдер деңгейіне көтеруге үлес қоса алатын, педагогикалық тұрғыда ұтқыр болашақ мұғалімдерді қалыптастыру болғандықтан, алдыңғы бөлімдердегі теориялық ізденістерден туған идеялар негізінде дайындалған материалдарды эксперименттен өткізу міндеті тұрды.

Эксперимент (лат. *experimentum* - тәжірибе) - ежелден қалыптасқан ғылыми – зерттеудің эмпирикалық әдістерінің бірі болып табылады. Бұл әдісте нысандар мен құбылыстар қатаң байқау, басқару талаптарымен игеріледі. Эксперимент – шығармашылық әрекет, бақылау және басқару жағдайында құбылыстың зерттелуін қамтамасыз етеді.

Алайда эксперимент пен бақылау бір нәрсе емес. Тәжірибе барысында зерттеуші құбылысты жай ғана бақылап қоймай, сол құбылыстың өзгеруіне де мүмкіндік береді. Бақылаудың маңызды ерекшелігі - бақыланып отырған құбылысқа кедергі келтірмей, нысанның табиғи қалпында өзгеріссіз жүргізілуі. Зерттелініп отырған нысанға, құбылысқа белсенді әрекет, әсер эксперимент арқылы болады.

Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген эксперименттік жұмысымыздың базасы ретінде Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті және Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетті алынып, «5В010300 – Педагогика және психология», «5В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі», «5В012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығында оқитын студенттер қатысты. Олардың жалпы саны - 217 (жалпы мониторингке 157, бақылау және тәжірибелік топқа 60 студент).

Зерттеу барысында жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс: айқындаушы, қалыптастырушы және қорытындылаушы кезеңдерінен тұрды. Әр кезең белгілі мақсаттарға сай, жоспарланған мерзімде өткізілді. Жүргізілетін жұмыстар үшін арнайы, тиімді әдістер таңдалды. Осы айтылғандарды төменде кесте түрінде беріп отырмыз.

Кесте 4 - Зерттеу мәселесі бойынша ұйымдастырылған тәжірибелік - эксперименттік мазмұны мен кезеңдері

Эксперимент кезеңдері	Ұйымдастырылу мерзімі	Мазмұны	Жүргізу әдістері
I. Айқындаушы	2012-2013 ж.ж	1. Айқындаушы экспериментке қажетті диагностикалық құралдар, критерийелерді әзірлеу 2. Зерттеу мәселесінің бастапқы жағдайын анықтау	Бақылау, тест, сауалнама.
II. Қалыптастырушы	2014-2015 ж.ж	1. Болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайындағы құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тәжірибені сынақтан өткізу	«Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» атты элективті курсты жүргізу.
III. Қорытынды	2015	1. Эксперимент барысында алынған деректерді жалпылау және жүйелеу. 2. Эксперимент нәтижелерін қорытындылау және құжаттарды рәсімдеу.	Қорыту және жүйелеу.

Тәжірибелік - эксперименттік жұмыстың мақсаты – болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайына сәйкес құзыреттіліктерінің бастапқы жағдайын анықтап, дамуын зерттеу, оларды әрі қарай дамытуға, қалыптастыруға бағытталған арнайы дайындалып, мақсатты ұйымдастырылатын психологиялық - педагогикалық жұмыстардың тиімділігін тексеру, нәтижелерінің дәйектілігін дәлелдеу.

Эксперименттік жұмысты бастамас бұрын оны ұйымдастырудың ретін жоспарладық:

- Эксперименттік - тәжірибелік жұмысты жүзеге асыру алгоритмі:
- Эксперименттік (ЭТ) және бақылау топтарының (БТ) студенттерінің

кәсіби құзыреттілік, жаһандану жағдайына байланысты білімдегі басымдылықтар жайындағы бастапқы деңгейлерін, олардың өзара сәйкестігін айқындау.

– Эксперименттің мазмұнына сай жүргізілген жұмыстардың топқа әсер ету жағдайларын анықтау.

– Алынған мәліметтер бойынша эксперименталды және бақылау топтарының соңғы нәтижелерінің айырмашылықтарын айқындап, сипаттау.

Бұл бөлімде біз зерттеу жұмысымыздың айқындаушы экспериментінің жүргізілу барысы мен алынған нәтижелерге сипаттама береміз.

Айқындаушы экспериментінің мақсаты – студенттердің жалпы жаһандану үдерісі, соған байланысты білімдегі өзгерістер мен болашақ мұғалімнің жалпы құзыреттіліктері, жаһандану жағдайында еңбек етуге қажетті қандай кәсіби құзыреттіліктердің болуы жайлы таным – түсініктерінің бастапқы деңгейін анықтау.

Айқындаушы эксперименттің міндеттері:

– болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктің көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік беретін авторлық сауалнама жасау және әдістемелер іріктеу;

– айқындаушы эксперимент кезеңінде сыналушылардың кәсіби құзыреттілігінің көрсеткіштерінің деңгейінің бастапқы жағдайын анықтайтын диагностикалық материалдар іріктелді;

– кәсіби құзыреттілік деңгейлерінің көрсеткіштері мен белгілері айқындалды.

Жоғарыда аталған зерттеу жұмысының бағытына сәйкес біз таңдаған әдістемелер мен сауалнамалар, тесттер кәсіби құзыреттіліктің көрсеткіштеріне сәйкес таңдалды. Нәтижесінде ғылыми тұрғыдан дәлелденген төрт әдістеме іріктелді және авторлық сауалнама әзірленді.

Оларды жүргізу үшін эксперименттік және бақылау топтары анықталып, жасалған жоспарға сәйкес таңдалған әдістемелерді пайдалана отырып диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

Төменде таңдалған әдістемелердің сипаттамалары келтіріледі. Алғашқы әдістеме кәсіби іс-әрекетке студенттердің қызығушылығы мотивациялық компонентке байланысты таңдалды. Мотивация - студенттің оқуға қызығушылығын оятатын түрткі.

Демек, біз үшін студенттердің оқуға, жалпы педагогикалық білімге деген мотивациясының қалыптасу деңгейін білу маңызды болды. Соның негізінде мотивацияға тәуелді біздің студенттердің оқуға деген ынтасын анықтай аламыз. Аталған мақсатпен Т.И.Ильиннің *«ЖОО-да білім алу мотивациясын анықтауға бағытталған зерттеу әдістемесі»* әдістемесі қолданылды.

1. Т.И.Ильиннің «ЖОО–да білім алу мотивациясын зерттеу» әдістемесі.

Әдістемені жүргізуге нұсқау:

Төменде келтірілген пікірлермен келіссеңіз «+» немесе келіспесеңіз «-» белгісін қойыңыз.

Әдістемені өңдеуде автор белгілі бірнеше әдістемені негізге алған. Әдістеме үш шкаладан тұрады: «Білім алу» (білім алуға ұмтылысы, танымға

қызығушылығы); «мамандықты игеру» (кәсіби білімді игеру мен кәсіби маңызды сапаларды қалыптастыруға ұмтылысы); «Диплом алу» (жалған білімдерді игеру арқылы диплом алуға ұмтылу).

Әдістеменің қолданылу мақсатын бұрмалау мақсатында нәтижелері өңделмейтін бірнеше сұрақтар қосылған.

Сауалнаманың интерпретациясы:

«Білім алу» шкаласы – келісемін («+») п. 4 бойынша 3,6 ұпай; п. 17 бойынша – 3,6 ұпай; п. 26 бойынша – 2,4 ұпай; келіспеймін («-») п. 28 бойынша – 1,2 ұпай; п. 42 бойынша – 1,8 ұпай.

Максимум – 12,6 ұпай.

«Мамандықты игеру» шкаласы – келісемін п. 9 бойынша – 1 ұпай; п. 31 бойынша – 2 ұпай; п. 33 бойынша – 2 ұпай; п. 43 бойынша – 3 ұпай; п. 48 бойынша – 1 ұпай және п. 49 бойынша – 1 ұпай.

Максимум – 10 ұпай.

«Диплом алу» шкаласы – келіспеймін п. 11 бойынша – 3,5 ұпай; келісемін п. 24 бойынша – 2,5 ұпай; п. 35 бойынша – 1,5 ұпай; п. 38 бойынша – 1,5 ұпай және п. 44 – 1 ұпай.

Максимум – 10 ұпай.

5, 13, 30, 39 бойынша сұрақтардың нәтижелері нейтралды, сауалнаманың мақсатына жауап бермейді және нәтижелері өңделмейді.


Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі оның үздіксіз ізденісімен тікелей байланысты. Бұл жағдайда студент өзін-өзі дамыту арқылы қазіргі келіп жатқан ақпараттарды қабылдап, меңгеріп, қоғамның талабына сай дамитындығы белгілі.

Мотив – студенттердің білім алуының бағыт – бағдарын анықтайды. Құзыреттіліктің, әсіресе кәсіпке деген бағытын анықтау үшін студенттердің мотивациясын білу маңызды. Студенттердің ЖОО – да білім алу мотивациясын зерттеу әдістемесінің нәтижелері:

Кесте 5 - «ЖОО – да білім алу мотивациясын зерттеу» әдістемесінің анықтау нәтижелері

(n=157)	«ЖОО – да білім алу мотивациясын зерттеу» әдістемесі		
	«Білім алу» шкаласы	«Мамандықты игеру» шкаласы	«Диплом алу» шкаласы
Анықтау нәтижелері	46, 29%	37, 24%	74, 47%

Кестеде студенттердің оқуға мотивациясының ішінде «диплом алу» мотивациясы шкаласы бойынша пайыздық үлестің басым екенін байқаймыз.



Сурет 5 - ЖОО – да білім алу мотивациясының графикалық көрінісі

Аталған шкалалардың ішінде студенттердің білімге деген мотивациясы диплом алумен байланысты екені анықталды. Бұл студенттердің білім алу мен мамандықты игеру бойынша жұмыстар жүргізу қажеттілігін көрсетті.

Зерттеуіміздің мақсаты мен міндеттеріне орай ендігі кезекте білімгерлердің өзіндік дамуын анықтау қажеттілігі туды. Осыған орай, оны анықтау үшін «Өзіндік даму деңгейін анықтау диагностикасы» (Е.П. Никитин, Н.Е. Харламенкова) сауалнамасы қолданылды.

1. Өзіндік даму деңгейін анықтау диагностикасы.

Сауалнама мақсаты: студенттің өзіндік даму қабілетін анықтау.

Сауалнама нұсқауы: Төменде келтірілген пікірлермен қаншалықты келісетініңізді немесе келіспейтініңізді анықтаңыз.

Сауалнаманың жауап нұсқалары:

- бұл менің шынайылығымға толық сәйкес келеді – 5 ұпай;
- жоққа қарағанда, иә жауабы басым – 4 ұпай;
- иә және жоқ – 3 ұпай;
- шынайылығымға сәйкес келмейтін секілді – 2 ұпай;
- мүлдем сәйкес емес – 1 ұпай.

Сауалнама нәтижелерінің интерпритациясы:


- 55-75 ұпай – студенттердің өзіндік даму белсенділігі анық байқалады;
- 36-54 өзіндік даму белсенділігі ішкі және сыртқы жағдайларға тәуелділігі;
- 15-35 өзіндік даму тоқталған.

Біз берген кәсіби құзыреттілікке анықтамамыздың бір көрсеткіші студенттердің өзіндік дамуға деген қажеттілігі болып табылады. Аталған көрсеткіштердің деңгейін анықтау мақсатымен кәсіби құзыреттілігі

студенттердің өзіндік даму деңгейлері анықталды. Сауалнама нәтижелерін төмендегі кестеде беріп отырмыз.

Кесте 6 – Студенттердің өзіндік даму деңгейлері

Өзіндік даму деңгейін анықтау (n=157)			
Деңгейлері	Төмен	Орташа	Жоғары
%	36, 39%	30, 32%	25, 29%



Сурет 6 - Студенттердің өзіндік даму деңгейлері көрсеткіштердің динамикасы, %

Сонымен, диаграммадан байқап тұрсақ, студенттердің өзіндік даму белсенділігі тек 25,29%-да ғана жоғары. Таңдаманың жоғары бөлігінде төменгі (36,39%) көрсеткіштер басым. Бұдан студенттерге өзіндік дамуға байланысты қажеттіліктерін қалыптастыру қажеттігі анықталды.

Зерттеу бойынша қолданылған келесі диагностикалық әдістеме болашақ мұғалімнің кәсіби шығармашылық деңгейін анықтау үшін таңдалды. Себебі жаһандану жағдайында еңбек ететін мұғалім үшін бұл негізгі кәсіби мәнді сапа десек артық айтқандық емес.

2. Кәсіби құзыреттілік шығармашылық әлеуетпен тығыз байланысты.

Кәсіби құзыреттіліктің көрсеткіштерінің бірі де осы – шығармашылық. Демек, біз үшін студенттердің бойындағы шығармашылықтың бастапқы деңгейін анықтау аса маңызды болды. Таңдалған сауалнама (Е.И. Роговтің) «Өзіңіздің шығармашылық әлеуетіңізге баға беріңіз» деп аталады. Әрбір сұраққа шынайы жауап бере отырып, оны жүргізудің талаптары төменде келтіріледі.

«Иә» жауап үшін

“а” – 3 ұпай,

“б” – 1 ұпай,

“в” – 2 ұпай, беріледі. Әдістеменің сұрақтары 1,6,7 анықтау шекарасы студенттің танымға қызығушылығы, 2,3,4,5 – өзіне сенімділігін, 8 және 14 - тұрақтылығын, 9,13 - тәуелсіздікке ұмтылысын, 10 – көру жады, 11,12 - есту жады, абстракциясын және концентрациясын диагностикалауға мүмкіндік береді. Аталған көрсеткіштер шығармашылық әлеуеттің көрсеткіштерін анықтайды.

48 және одан жоғары ұпай шығармашылық әлеуетін және мүмкіндіктердің жоғары екенін білдіреді. Бұл студенттер бойындағы қабілеттерін іс-әрекеттерінде қолдана алмаса да, оларға шығармашылықтың түрлі формалары тән екенін көрсетеді. 24 – 47 ұпай арасы шығармашылық сапалары бар, бірақ шығармашылықта кедергілер туындайды. Мұндағы қауіптісі – қорқыныш, әсіресе міндетті сәттілікке ұмтылыстары бағытталатын студенттер. Сәтсіздіктен қорқу студенттің қиялын шектейді. Кез-келген ойлар, идеялар кенеттен пайда болады және қоршаған ортаның қабылдамауы, қарсылықтары, таңдану, сатысынан өтеді. Жаңашылдық үшін қорқыныш, өзгелер үшін әдетті емес мінез-құлықтар, көзқарастар, сезімдер шығармашылық белсенділікті шектеп, тұлға бойында шығармашылықты тежейді.

Әсіресе, студенттердің өз бойларында аталған қабілетті бағалауы маңызды. Бұл студенттердің танымға қызығушылығын, өзіне сенімділігін, бірқалыптылығын, көру және есту арқылы есте сақтау қабілетін, тәуелсіздікке ұмтылысын және тұрақтылығының деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді. Аталған сапалар мен қабілеттер кәсіби құзыреттіліктің де көрсеткіштерін айқындайды. Сонымен, студенттердің өз бойында шығармашылық қабілеттерін бағалауы бойынша нәтижелеріне тоқталайық: 42%-да, яғни 66 студенттің бойында шығармашылық әлеует жоғары қалыптасқан. Бұл студенттерге шығармашылыққа мүмкіндіктерінің басымдығын көрсетті. Ал, 24-46 ұпай арасында жинаған студенттер саны 82-і (52%) студентті құрады.

4. «Дж.Роттер бойынша бағалау локусын зерттеу» әдістемесі бойынша.

Біз қолданған келесі әдістеме Дж.Роттер бойынша бағалау локусын психодиагностикалық зерттеу болды. Бағалау локусы – адамның оқиғаның болу себебіне ішкі және сыртқы факторлармен байланыстыру. Жаһандану жағдайындағы болашақ мұғалімдердің сыртқы әсерлер маңызды роль атқаратындықтан біздің таңдауымыз осы әдістемеге түсті. Жүргізу шарттары бойынша нәтижелерді өңдеу:

Тұлғаның бағалау локусы екі негізгі өлшемге сәйкес жүзеге анықталады:

№ 1. Экстернал: 2а, 3б; 4б, 5б, 6а, 7а, 9а, 10б, 11б, 12б, 13б, 15б, 16а, 17а, 18а, 20а, 21а, 22б, 23а, 25а, 26б, 28б, 29а.

№ 2. Интернал: 2б, 3а, 4а, 5а, 6б, 7б, 9б, 10а, 11а, 12а, 13а, 15а, 16б, 17б, 18б, 20б, 21б, 22а, 23б, 25б, 26а, 28а, 29б.

(Ru = Re x 60/23 + 20). Re – «иә» және «жоқ» жауаптарының жалпы қосындысы.


Практикада психодиагностиктер бақылау локусы арқылы білім беру саласында орын алатын когнитивті стиль туралы талқылайды. Психиканың когнитивті компоненттері оның барлық құбылыстарында болатындықтан, бақылау локусы туралы ойлар тұлғаның іс-әрекетінде, мінез-құлқында көрінеді.

Интерналдар көп жағдайда өздерінің біліктілігіне, мақсатшылдығына, қабілетінің деңгейіне тәуелді жетістіктер мен сәтсіздіктердің елеулі белгілері арқылы ерекшеленеді. Интерналдар үшін мақсат қою үдерісінің құрылымына және мотивацияға апаратын жол эго-сәйкестікті іздеу болып табылады. Үлкен когнитивті белсенділіктің салдарынан болашақ және өткен оқиғаларды қамтитын уақытша интерналдар басымдықтарға ие. Соған орай олардың іс-әрекеттері біліктілікті дамыту мен ақпаратты терең зерттеуге негізделген бірізділікке бағытталған. Осылай мақсатқа жету қажеттілігі сәтсіздіктер кезіндегі үлкен фрустрациялану мен стреске қарсы тұра алу қабілетінің кемуінің белгісі болып табылатын үлкен тұлғалық және реактивті мазасыздық тенденциясының жоғарылауына әкеліп соғады. Дегенмен жалпы алғанда шынайы, сырттай бақыланған әрекет кезіндегі интерналдар өзіне сенімді адамдарда танданыс туғызады, оған қоса олар экстерналдарға қарағанда жоғары қоғамдық орын алады – деп санайды: Дж.Дигман, Р.Кеттелл және Дж.Роттер. Олардың көзқарастары бойынша жетістікке ұмтылу, шыдамдылық, жоспарлылық, ұмтылыстық, жауапкершіліктік, ұқыптылық пен реттілік құрылымының жағымды полюсінде орналасады. Енжарлық, ұқыпсыздық, жауапсыздық және міндетсіздік жағымсыз полюсін құрайды.

Мұндай қорытынды шығару супер-Эгоның күшін түсінуге жауап береді (Р.Кеттеллдің факторы бойынша). Дж.Роттер жоғарыда берілген тексттен полюстер моральдық бағалаулар мен бақылау локусының архетиптілігі туралы ойларға аса тым жауапкершілік қоятыны көрінеді. Бұл адам адамгершілік құндылықтарына қарамастан өзінің локусына сай әрекет ететіндігін білдіреді. Бұндай жағдайда экстерналдар үшін эмоционалды тұрақсыздық және практикалық, себепсіздік ойлау арасында байланыс туындайды.

Кесте 7 - «Дж.Роттер бойынша бағалау локусын зерттеу» әдістемесінің анықтау нәтижелері

Барлығы	Экстерналдар	Интерналдар
157 студент	38 %	60 %



Сурет 7 - Дж.Роттер бойынша бағалау локусының графикалық көрінісі

Экстерналдарға (38 %) сыртқа бағытталған қорғаныс мінез-құлық тән. Мұндай адамдарға қолдау мен мақұлдау өте қажет, әйтпесе олар одан бетер нашар жұмыс жасайды.

Интерналдар (60 %) жетістікке ұмтылу шыдамдылық, жоспарлылық, ұмтылыстық, жауапкершіліктік, ұқыптылық пен реттілік секілді қасиеттермен анықталады. Енжарлық, ұқыпсыздық, жауапсыздық және міндетсіздік оның жағымсыз полюсін құрайды.

Зерттеу алдындағы студенттердің жалпы жаһандану үдерісі мен құзыреттілікке байланысты жалпы деңгейлерін анықтау мақсатында өзіміз құрастырған авторлық сауалнама жүргізуді жөн деп есептедік.

3.Авторлық сауалнама студенттердің жаһандану, жаһандану мәселелері, кәсіби құзыреттілік туралы білімдердің қалыптасу деңгейлерін анықтайтын төрт сұрақтардан тұрады. Сауалнама «*Жаһанданудан тыс қалуға бола ма?*»; «*Болашақ мұғалімдерге жаһандануға байланысты жаңа құзыреттіліктер болуы керек пе?*»; «*Қазіргі адамдар арасындағы қарым-қатынаста жаһандану жағдайындағы құзыреттіліктер бар деп ойлайсыз ба?*»; «*Жаһандану жағдайына байланысты кәсіби құзыреттілікке болашақ мұғалімдер өз бетінше бейімделе ала ма?*» түріндегі сұрақтарды қамтыды.

Авторлық сауалнаманың анықтау нәтижелері:

1. Сұрақ бойынша студенттердің 48 %-ы ғана «*Жаһанданудан тыс қалуға бола ма?*» деген сұраққа «*ия*», 17% «*жоқ*», 35% «*білмеймін*» деп жауап берді.

2.«*Болашақ мұғалімдерге жаһандануға байланысты жаңа құзыреттіліктер болуы керек пе?* - деген сауалға: 56% «*ия*» десе, 19% «*жоқ*», 25% «*білмеймін*» болашақ мұғалімдердің арнайы құзыреттіліктері жеткілікті деп ойламаймыз деген нәтижелері бізді алаңдатты. Сауалнамамыздың нәтижесін одан әрі толықтыру барысында

3. «Қазіргі адамдар арасындағы қарым-қатынаста жаһандану жағдайындағы құзыреттіліктер бар деп ойлайсыз ба?» деген сұрақ берілген болатын. Оның нәтижесі де біздерді қуанта қойған жоқ. Сұраққа студенттердің 43%-ы «иә», 30%-ы «жоқ», 17% «білмеймін» қалғандары ойлану керек, бірақ оған уақытымыз жоқ деп жауап берді.

4. «Жаһандану жағдайына байланысты кәсіби құзыреттілікке болашақ мұғалімдер өз бетінше бейімделе ала ма? – деген сұраққа 54% «иә», 23% «жоқ», 15% «білмеймін» - деп жауап берсе, студенттердің қалғандары «бұл туралы мүлде ойламаппыз» деген нәтижелер алдық.

Кесте 8 - Студенттермен жүргізілген авторлық сауалнаманы анықтау кестесі

Сауалнама сұрақтары	Иә	Жоқ	Білмеймін
Жаһанданудан тыс қалуға бола ма?	48%	17%	35%
Болашақ мұғалімдерге жаһандануға байланысты жаңа құзыреттіліктер болуы керек пе?	56%	19%	25%
Қазіргі адамдар арасындағы қарым-қатынаста жаһандану жағдайындағы құзыреттіліктер бар деп ойлайсыз ба?	43%	30%	17%
Жаһандану жағдайына байланысты кәсіби құзыреттілікке болашақ мұғалімдер өз бетінше бейімделе ала ма?	54%	23%	15%

Осы сипаттағы өз пікірімізді одан әрі тексеру мақсатында студенттер арасында «Болашақ мұғалімдерде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыра отырып, адам бойындағы қасиеттерді қалай сақтай аламыз» тақырыптық жазба жұмысы өткізілді.

Оның мақсаты: «Кәсіби құзыреттілік» ұғымының мәнін қаншалықты дұрыс түсіне алатынын анықтау.

Алынған мәліметтерден шығатын қорытынды, студенттердің қазіргі кездегі жаһандану үдерісі жайлы терең ойланбайтындығы, оған өзімен өзі жүріп жатқан үдеріс ретінде қарайтындықтары, соған сәйкес арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыру мәселесіне онша мән беріп, маңыздылығына көңіл аудармағандықтары байқалды.

Осыған орай болашақ мұғалімдердің жаһандық жаңаруларға сай жаңа кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда білімін тереңдететін ақпараттар беру жолдарын қарастыру; студенттердің білім беру жүйесін дамытуға қатысты мемлекеттік құжаттарда қарастырылған жалпы кәсіби құзыреттілік негіздерін танып-білуін ұйымдастыру; ақпарат құралдарындағы кәсіби құзыреттілік мәселелеріне қатысты материалдарды талдауын ұйымдастыру; осыған байланысты оқудан тыс танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру керек екенін көрсетті.

Айқындаушы эксперименті барысында үш компонент бойынша (мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік) сауалнама, жазба жұмысы, тесттер қолданып, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі өлшенді. Модельдің мотивациялық көрсеткіші мамандықты таңдау себептері, құндылықтар бағытын, педагогикалық қызметтің маңыздылығын анықтау арқылы нақтыланды. Танымдық көрсеткіші «Шығармашылық әлеуетіңізге баға беріңіз» және бағалау локусы тесттері арқылы бағаланды. Іс-әрекеттік көрсеткіші әр түрлі жағдайларда тапсырмаларды және мәселелерді шешу жағдайы арқылы анықталды. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің «Өзіндік даму деңгейлерін анықтау» әдістемесі негізінде алынды.

Эксперимент жұмысының айқындаушы кезеңінде жүргізілген сауалнама, тест студенттердің кәсіби құзыреттілік туралы, оны меңгеріп, өз өмірінде қолданудың қазіргі кездегі өзекті мәселе екенін, оған оқу үдерісінде көп мән бермейтіндігі, арнайы теориялық және әдістемелік жұмыстың жоқтығын көрсетті. Алғашқы тәжірибе барысында біз студенттердің «жаһандану», «жаһандық мәселелер», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» түсінігіне байланысты сұрақтарға жауап беруде қиналғандықтарын және зерттеу мәселемізге сәйкес студенттердің қызығушылық танытпайтындығын анықтадық. Зерттеу нәтижелері бойынша оқу үдерісінде жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілікке байланысты білімінің жеткіліксіз екендігін, студенттердің бойындағы біз байқаған кәсіби құзыреттілікті сипаттайтын сапалардың деңгейлері басым көпшілігінде төмен екендігі анықталды.

Эксперимент нәтижесі студенттердің кәсіби құзыреттілігі туралы білімінің төмендігін, кәсіби құзыреттілігі тек педагогика сабағында ғана қысқаша меңгерілетінін, оны студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында пайдаланылмайтыны анықталды. Арнайы пән ретінде жүргізілмеуі, оқулықтардың, бағдарламалардың, әдістемелік нұсқаулардың жоқтығы да мәселенің шешімін шектеп отырғанын айғақтады.

Бұл жағдай жаһандану жағдайында педагогикалық жоғары оқу орынында кәсіби құзырттілікке түлектерді дайындау жүйесін жасау қажет екенін көрсетті. Осыдан, студенттердің теориялық даярлықтарының жеткіліксіздігі «жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» атты элективті курс бағдарламасын жасап, оның мазмұнын сынақтан өткізу қажеттілігін көрсетті. Аталған элективті курсының бағдарламасы мен сағаттар саны, әдістемесі диссертацияның 2.2 бөлімінде берілген.

Сонымен заманауи қоғамда жүріп жатқан ғаламдық және интеграциялық үдерістер адамдардың өзгермелі жағдайда еңбек етіп, өмір сүруге дайын болуына, қажет жағдайда бір жерден екінші жерге жылдам ауыса алуына байланысты шешім қабылдауға, сол жаңа ортада басқалармен тез араласа алуына, әлемнің кез - келген орынынан керекті ақпаратты тауып ала білуге байланысты құзыреттіліктердің болуы қажеттілігін алға шығарады. Демек жас ұрпақты білімдендіру мен тәрбиелеу ісімен айналысатын мұғалімдер бұл

қажеттілікті ерте ұғынып, өздерін дайындауға кәсіби білім алу барысында мақсатты түрде тартылулары тиіс.

Қазіргі таңда жаһандық білім беруді өзектілендіру мен құрастыру үдерісі қарқынды жүруде және ол әлемдік стандарттарды ескере отырып, жекелеген елдердің білім беру жүйелерін қайта құруды талап етеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің дамуы халықаралық білім кеңістігіне ену мақсатымен білім беру жүйесінің әлемдік рейтингінде лайықты бағыттарды иеленуге бағытталғандығы белгілі. Білім саласындағы модернизациялық үдерістер осыған сәйкес жүргізілуде.

Жоғары білімді жаңартудың басым бағыттарының бірі - ақпараттық білім жағдайында табысты еңбек ете алатын мамандар дайындау. Жаһандық өзгерістер де осыны талап етеді. Ақпараттық біліктілігі қалыптасқан болашақ маман өз қызметінің шегінде қажетті ақпаратты тауып ала алуымен, оны сараптай, саралай білуімен, пайдаға тиімді жарататындығымен ерекшеленеді.

Білім беру саласының алдында сондай - ақ белгілі бір мәдениет өкілі бола тұрып, басқа мәдениет адамдарымен қарым - қатынасқа түсе алудың тетіктерін меңгерту сияқты стратегиялық міндет те тұр. Мәдениаралық біліктілік деп саналатын бұл сапа әлем адамның кез-келгенінде қалыптасуы тиіс.

Жаһандық үдерістер тұлғаның жауапкершілігінің зор болуына ерекше назар аударады. Жауаптылық өмір бойы білім алуға қатысты құзыреттіліктер ішінде тұлғаның өзінің, отбасының, айналасының, елінің, тіпті ғаламның алдындағы жауапкершілігін сезінуді бойына дарыту дегенді білдіреді. Бұл айтылғандар түптеп келгенде пәнінің аясында әлемдегі болып жатқан мәселелерді қамти алу, оқушыларды ғаламдық жетістіктерді талдай алуға үйрете алатын оқытушылар арқылы қалыптасатын білік, сапа, қабілеттер. Ол үшін педагогтардың әлемдегі өзгерістердің бағыты жайындағы білімдері, болып жатқан жаңару үдерістерінің, оқиғалардың, ғылымның жетістіктерін пән мазмұнымен байланысты қарастыра алулары тиіс.

Қазақстандық қоғамның жаһандануы жағдайында білім беру жүйесінде де: көптілді білім беру, көпмәдениетті, кәсіби ұтқыр, ақпаратты сауатты, жауапкершілігі жоғары тұлға қалыптастыру жетекші әлемдік бағыттардың бірі ретінде қабылдана отырып, адами капиталды арттыру мәселесін шешеді деп күтілуде.

Зерттеу мәселесінің көкейкестілігі мен оны шешудің алдыға қойылған міндеттеріне орай біз жаһандану жағдайында еңбек ететін болашақ мұғалімдердің: өзі оқытатын пәніне қатысты ғаламдық мәселелерге бағыттала алуға негіз болатын білімдері; оқушыларын көпмәдениетті ортада өмір сүруге дайындау біліктері, оқушыларды әлемдік ақпараттарды, әртүрлі көзқарастарды талдауға үйрететін педагогикалық біліктері, жастардың бойында өзінің, отбасының, айналасының, жалпы қоғамның алдындағы жауапкершілікті қалыптастыруға қабілеттілігі сияқты құрамалардан тұратын кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған тәжірибелік - эксперименттік

жұмысын жүргіздік. Оның барысы мен алынған қорытындылар жайлы диссертацияның келесі бөлімінде баяндайтын боламыз.

2.2 Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны, әдістемесі

Жоғары оқу орындары үшін жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдерді кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі екендігі белгілі. Осыған байланысты әрбір студенттің бойында ғаламдық өзгерістерді ұғына, қабылдай, соған сәйкес білім дағдыларды қарқынды меңгере алу, жанашылдық ізденіске ұмтылу сияқты белгілері толығымен қалыптасуы тиіс.

Бұл туралы Қазақстан Республикасының жаңа формация педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасында былай делінген: «Қоғамның жоғары педагогикалық білімді мамандарға қойылатын талаптары соңғы жылдары күрделенді. Жаңа қоғам мұғалімі-ол рухани адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз, рефлексияға қабілеті басым, экологиялық тұрғыдан білімді, шығармашыл тұлға, өзін-өзі дамытуға ұмтылысы бар, әдіснамалық қалыптасуының жоғары деңгейін сипаттайтын әлеуметтік, тұлғалық коммуникативтік, ақпараттық және біліктіліктің басқа түрлерін меңгерген біліктілігі жоғары маман» [222]. болуы керек деп көрсетілген болатын. Осы бағдарламалық идея біздің ғылыми ізденісіміздің де арқауы болды.

Бұл айтылғандарға педагогикалық әрекетте жетістіктерге жетуде заман талабына сай, жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілікке бағытталған білімдерді де қосқан болар едік. Себебі, өзгермелі өмірде білім алып жатқан қазіргі студент, болашақ мұғалімдердің ең алдымен жалпы жаһандануға қатысты, сондай-ақ ғаламдық өзгерістерге байланысты кәсіби құзыреттіліктердің жаңа бағыттары жайлы теориялық білімдері мен практикалық дағдыларының болуы тиіс екендігі дау тудырмайды.

Демек, бұл мәселелер арнайы қарастырылатын пәннің оқу бағдарламасында қарастырылуы керек және кәсіби шеберлікке дайындықтың алғышарттарының бірі болуы тиіс. Сол себептен болашақ мұғалімдердің кәсіби маман ретінде өзін-өзі өзектендіру ерекшеліктерін, кәсіби құзыреттілік туралы зерттеулерді тәжірибемен ұштастыра отырып, жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағдарланған элективті курстың мазмұнын қарастыруды мақсат еттік.

Бұл бөлімде тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында сынақтан өткен *«Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері»* атты элективті курсының бағдарламасы мазмұны мен жүргізу әдістемесі сипатталады.

Аталған элективті курсы педагогика және психология мамандықтары бойынша студенттерге элективті пәні ретінде ұсынылады. Элективті курсына бөлінген жалпы сағат саны – 1 кредит, яғни 45 сағат, оның ішінде 15 сағат – дәріс 15 семинар, 10 сағат – студенттердің оқытушымен өзіндік жұмысы, 5

сағат – болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру тренингтеріне бөлінген (кесте 9).

Кесте 9 – «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» элективті курсының оқу-тақырыптық жоспары

№ р/с	Тақырыптар	Дәріс	Семинар	СОӨЖ	Тренинг
1	Жаһандану – әлеуметтік феномен ретінде	2	2		
2	Білім беру саласындағы жаһандану үдерістері	2	2		
3	«Құзырет» «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», ұғымдарының жаһандық жағдайлар контексіндегі түсініктері	2	2		
4	Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің жаңа бағыттары: өз пәнін ғаламдық мәселелерге бағыттай алуға негіз болатын білімдері, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері, ақпараттық біліктері, жергілікті және ғаламдық жауапкершілікті сезіну қабілеттілігі мәні, мазмұны	4	4		
5	Болашақ мұғалімнің жаһандану жағдайына байланысты кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістері мен технологиялары	4	4		
	Жаһандану жағдайына байланысты кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру тренингтері				5
	Болашақ мұғалімнің жаһандану жағдайына байланысты кәсіби құзыреттілігінің диагностикалық құралдары	1	1		
	Барлығы	15	15	10	5

Пәнді оқытудың негізгі мақсаты:

– болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілік

саласындағы іс-әрекеттің негізгі білімдері, біліктері мен тәсілдерін игеруімен;

– тұлғаның жаһандық әлеуетін дамыту мен өздігінен жүзеге асыру тәсілі, іс-әрекетке және болашақта кәсібиліктің шынына қол жеткізуге бағытталумен;

– өзін-өзі жетілдіруге бағдарланумен, жаһандық ойлауды дамытумен, кәсіби құзыреттілікке бағдарланған тұлғаны кәсіби дайындау барысында қалыптастырумен, оқу іс-әрекетіне танымдық қатынасын дамытумен анықталынады.

Осыған орай, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда келесі *міндеттер орындалады*:

– жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттіліктің мәні мен маңызы туралы;

– болашақ мұғалімдердің білімдерін жалпылау және жүйелеу;

– болашақ мамандығы бойынша кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруды теориялық талдау;

«Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» атты элективті курсының нәтижесінде болашақ мұғалімдер біледі:

– жаһандану жағдайындағы кәсіби құзыреттілік туралы жалпы түсінікті;

– жаһандану жағдайында кәсіби құзыретті мұғалім ретінде оқыту мен тәрбие үдерісінде технологиялар мен әдістерді қолдану ерекшеліктерін;

– кәсіби құзыретті маманға қойылатын талаптарды.

«Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» элективті курсының нәтижесінде: болашақ мұғалімдер кәсіби құзыреттілікке байланысты негізгі ұғымдар мен ережелерін игеріп, сабақтарда және өзіндік жұмыс барысында өзінің танымдық іс-әрекетін басқарудың құзыреттілік әдіс-тәсілдерін, кәсіби және рухани мәселелерді шешуде игерілген білімдерді пайдалану біліктерін қалыптастырып, жаһандық ойлау іс-әрекетін жүзеге асыру тәсілдерін меңгеруі, жаһандану жағдайындағы жетістіктерді талдау негізінде, шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруын білетін болады.

Диссертациялық жұмыста осы элективті курсының қысқаша мазмұнына тоқталып кетуді жөн санадық.

1. Тақырып: Жаһандану - әлеуметтік феномен ретінде

Интеграция тұрғысындағы жаһандану құрылымдары, мемлекеттің білім берудегі саясатын, жұмыспен қамтылуын, кадрларды даярлау, халықаралық ұйымдардың әлемдегі және аймақтағы рөлінің күшейуінің объективті және қарқынды іс-әрекетінің көрінісі ретінде түсініктері мен білімдерінің қалыптасуына әсер етеді. «Жаһандану» ұғымы және оның қолданысқа ену себептері, оның жағымды және кері әсеріне талдау жасайды. Қазіргі таңда әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістердің үлкен жылдамдығын ескере отырып, болашақтағы білім беру жүйесіне әлемдегі жетекші білім беру ұйымдарының күтілетін нәтижелері мен әсері қандай болады деген сұрақтарға жауаптар қарастырылады. «Жаһандану», «тұлға»,

«білім беру» категорияларының өзара интеграциялануының мағынасын анықтау.

Ғаламдық - әлемді тұтас қамтитын табиғи, табиғи-антропогендік немесе таза антропогендік құбылыстар. Қазіргі таңда Халықаралық деңгейде мынадай ғаламдық түйткілдер бар: *ресурстар; азық-түлік немесе ашаршылық; энергетикалық; демографиялық; климаттың өзгеруі; экологиялық; «үшінші әлем» елдерінің артта қалуын жою; қауіпті ауруларды жою; әлемдік мұхит пен космосты игеру; қылмыспен және терроризммен; наркобизнеспен күрес.* Осы құбылыстардың даму үдерісі жаһандану деп аталады.

2. Тақырып: «Білім беру саласындағы жаһандану мәселесі»

Әлемдік білім кеңістігі және білім берудегі жаһандану туралы терең теориялық және практикалық тұрғыда және салыстырмалы педагогика негізінде зерттеулерді қажет ететін ашық сұрақтардың бірі екендігін түсінеді. Әлемдік білім беру кеңістігіндегі ұлттық білім беру жүйесінің даму сатысы мен кірігуі, әлемдегі білім берудің дамуының басым бағыттары.

«Жаһандық білім беру», «жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзырттілігі», «жаһандық ойлау» жаңа ұғымдардың пайда болуының ықпал еткен факторларды қарастыру. Білім беру мен тәрбиелеудегі белгілі міндеттерді жаһандық даму тенденцияларымен ұштастыра шешу жолы - педагогикалық жаңа идеялар, әдістер, технологиялармен қатар, әлемдік жаңғыру үдерістерінің элементтерінің бірлігі ретінде.

Жаһандану жағдайында ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануы, білім берудің жаңа моделінде іскерлік сипаттар мазмұндалады.

3. Тақырып: «Құзырет», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының жаһандық жағдайлар контекстіндегі түсініктері «Құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік ұғымдарының мәні мен мазмұны» бойынша қазіргі кезде «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілікті» қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілері ғылыми еңбектердің әдіснамалық негізі, теориялық жаңалықтары.

Білім беру саласында болашақ мұғалімдердің құзыреттілігі деп олардың қалыптасқан тұлғалық сапасын және белгілі бір саладағы іс-әрекетке қатысты жинақталған тәжірибесімен байланыстылығы. Оқыту үдерісінде «құзыреттілік» ұғымы студенттердің білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы. Бүгінгі күні шетел ғалымдарының еңбектеріндегі кәсіби құзыреттілік анықтамалары «тереңдетілген білім», «міндетті шешудегі теңдік жағдайы», «қызметті орындаудағы қабілеттілік» ұғымымен мағыналасстығы. «Кәсіби құзыреттілік» адамның өзіндік кәсіби деңгейімен, тәжірибесімен және өзіндік қабілеттерімен ерекшеленіп, оның түрткі болған талпынысын, үздіксіз өз бетімен білім алу, білімін жетілдіру, іске деген шығармашылық және жауапкершілік қатынасымен анықталады.

Мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі оның мақсат, мән, құрылым, құрал тәсілдер жөніндегі ақпараттануын, кәсіби қызметті (білім), осы қызмет технологиясын меңгеруін (біліктілігі, дағдысы), мұғалім қызметінің

маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ететін педагогтың жеке психологиялық сапаларын жетілдіру және стандартты емес тапсырмаларды орындаудағы қабілеті. Яғни, тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыруды дамыту және оқыту үдерістерінің салдары ретінде қарастырылады. Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдерді кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттерінің көрсеткіштері.

4.Тақырып: Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің: *пәнін ғаламдық мәселелерге бағыттай алуға негіз болатын білімдері, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері, ақпараттық біліктері, жергілікті және ғаламдық жауапкершілікті сезіну қабілеттілігінен тұратын кәсіби құзыреттілігінің мәні, мазмұны.*

Жаһандану жағдайында студенттерді тиімді тәрбиелеу үшін жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдер аталмыш кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруі:


- әлемнің кеңдігін көру;
- тұлғаны жаһандық мәселелер мен оқиғаларға үнемі және тұрақты назар аударуға бағдарлау;
- ғаламшардағы ұлттардың мәдениеті мен тілі, салт-дәстүріне қызығушылығы мен құрмет көрсету;
- әлемдегі әлеуметтік және табиғи үдерістерді танып білуде жүйелі ойлау дағдылары;
- әлемдік мәселелерді шешуге үлес қосуда өз мүмкүндіктерін сезініп пайымдауы;
- жалпы әлемдік, жалпы ұлттық өз ісінде өзіндік тактикасы мен стратегиясын құра білуі сияқты сапалары мен практикалық мәселелерді шешу дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді.

Сондықтан оқу бағдарламасының ұсынылған тақырыбында жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің жаңа бағыттары: өз пәніне қатысты ғаламдық мәселелерге бағыттала алу; мәдениаралық қарым-қатынас біліктері, ақпараттық біліктері, жергілікті және ғаламдық жауапкершілікті сезіну қабілеттілігі болып талданады.

Элективті курстың **5 тақырыбы:** Болашақ мұғалімнің жаһандану жағдайына байланысты кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістері, технологиялары мен психологиялық тренингтері деп аталады. Тақырыпты ашу аясында зерттеу барысында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің дайындығын қалыптастырудың әдістерін айқындадық. Оларға ең алдымен кәсіби құзыреттілікті дамытуға бағытталған педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, дәрістің инновациялық формаларын, сонымен қатар арнайы құрастырылған тренингтерді, оқытудың белсенді әдістерін жатқыздық. Бұл әдістеме өзіміз ұсынған «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» элективті курсын жүргізуде тәжірибеде қолданылды. Ал формалар топтық, жұптық, шағын топтық ұжымдық жұмыстар түрінде ұйымдастырылды.

Енді диссертациялық жұмысымызды тәжірибелік-эксперимент барысында пайдаланылған әдістерге сипаттама берумен жалғастырамыз. Солардың бірі, әрі негізгісі дәріс деп білеміз.

Дәріс – жоғары мектеп оқу үдерісіндегі оқытуды ұйымдастырудың ертеден келе жатқан, маңызды формаларының бірі. Білім алушыларды білім, ғылым саласындағы жаңа бағыттар жайлы түсініктер беру үшін негізінен жаңа идеяны насихаттау, жаңа хабарламалар жасау, жаңа тәжірибені жеткізу мақсатында қолданылатын кең тараған оқыту формасының бірі болып табылады. Төменде оқытушылар қолданатын дәрістің дәстүрлі түрінің сызбасын беріп отырмыз (сурет 8).



Сурет 8 - Дәстүрлі дәрістің құрылымдық сызбасы

Бұл – негізінен жоғары оқу орындары мен қосымша білім беру мекемелерінің оқу үдерісінде қолданылады. Дәрістің маңызды сапасы оның, ғылымилығы, өмірмен байланыстылығы, өміршеңдігі. Дәріс барысында ақпараттың ғылымилығы, оның дәйектілігі мен дәлелділігі қамтамасыз етілуі керек. Алғашқы университеттердің пайда болғанына көп жылдар өтсе де, дәрісті оқу мен оны дайындау әдістемесінің өзгергеніне қарамастан, дәріс жоғары мектептегі оқытудың тиімді формасы болып отыр.

Дәріс мынандай өте маңызды міндеттерді шешуге тиісті:

- ғылыми негіздері туралы білім беру;
- ғылым ұстанымдарымен, заңдылықтарымен таныстыру;
- ғылымға қызығушылығын ояту;
- білімді тәжірибеде қолдану жолдарын үйрету;

- зерттеушілік шығармашылығын дамыту;
- ізденімпаздық мотивтерін қалыптастыруға тәрбиелік әсер ету;
- студенттердің өздігінен жұмыс істеуіне бағыт-бағдар беріп отыру.

Әрине, дәрістің жоғары оқу орындарындағы оқыту үдерісін ұйымдастырудың және білімнің сапасын арттырудағы идеалды формасы деп қабылдауға болмайды. Дегенмен біздің тәжірибемізде дәрістің жаңа инновациялық формалары қолданылды. Оларды жүргізу үшін нақты алгоритм түзілді. Алгоритммен жұмыс жасаудың негізгі мақсаты - оқыту үдерісін үздіксіз және толық деңгейде бақылау, сонымен қатар, ізденіс қабілетін дамыту. Түзілген алгоритм негізінде жұмыс жасау болашақ мұғалімдердің өз бетінше білім алу, танымдық белсенділікті, білім сапасын арттыруға, кәсіби сауаттылықты дамытуға ықпалы мол деп есептейміз.

Курсты өту барысында қолданылған дәріс және оның инновациялық формалары, семинар, тренинг, коуч т.б. Аталған білім беру формалары негізінен интерактивті жағдайда өтілуі ойластырылды.

Елбасы, Н.Ә.Назарбаев: «...Адамзат үшін ХХІ ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру - бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры- ұстаздардың қолында» - деп атап көрсеткенінде, бүгінгі ұстаздар қауымы алдына үлкен міндеттердің жүктелгенін байқаймыз [223].

Т.С.Садықов пен А.Е.Әбілқасымованың «Жоғары мектепте білім берудің дидактикалық негіздері» атты еңбегінде барлық дамыған елдерде оқу үдерісін жаңа тенденцияда дамыта отырып, заманның жаңа талаптарына сай жаңаша технологиялар да қалыптасуда дей келе, жоғары мектептегі технологиялық оқытудың келесі негізгі белгілеріне тоқталады. Олар: осы заманауылдық, оңтайлылық, интеграциялық, ғылымилық, үдерістер мен нәтижелердің қайталанымдылығы, оқытушы мен студенттердің қызметтерін бағдарламалау, оқу құралдары мен материалдарын зерттеу, материалдық оқу ортасын тиімді ұйымдастыру, оқыту нәтижелерін сапалы бағалау [224].

Педагогтардың жаңашылдық әдістер мен технологияларды меңгеруі білім саласын жаңғыртудың негізгі саласының бірі. Оның түпкі мақсаты білім алушылардың танымдық белсенділігінің негізінде оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыру. Сондықтан егер, өткен уақыттарда таным үдерісін біз «білім беру», «оқыту», «үйрету» деп түсінсек, бүгінгі уақытта бұл түсініктерді белсенді және интербелсенді әдістерге негізделген «білім алу/игеру», «оқу», «үйрену» деп ұғыну деген болар едік. Мұндай ұстаным бүгінгі күні әлемде жүріп жатқан жоғары оқу жүйесінде Болонья үдерісінің идеяларын толық қамтып, өзінің мазмұнын осы үдеріспен байланыстыруы ЖОО-ның жұмыстарына елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді.

Белсенді әдістер немесе белсенді оқыту дегеніміз «белсенділік» деген ұғымнан туындайды. Адамның білім алуының белсенділікке негізделуі Л.С.Выготский және С.Л.Рубинштейн ұсынған сананың қоғамдық - тарихи сипаты туралы идеяларынан бастау алады. Соның негізінде П.И.Зинченко,

А.А.Леонтьев, П.И.Гальперин т.б. әрекеттің құрылымын және сананың білім алуға әсерін зерттеді.

Педагогика оқулықтарында белсенді оқыту әдістерін төмендегіше сипатталады: 1) білім алушылар мен оқытушының оқу барысындағы өзара іс-қимыл, амал мен тәсілдердің жиынтығы; 2) білім алушыларды жаңа идеяларды іздестіру, шығармашылық белсенділігін, ойлау әрекетін жаңа мәселелерді шешуге ынталандыратын педагогикалық ықпал ету әдістері мен тәсілдері.

Дәстүрлі оқыту мен қазіргі таңда кеңінен қолданылып жатқан біріккен шығармашылық, ынтымақтастық педагогикасы аясында пайда болған оқыту жүйесі бойынша сабақтың басты мақсаты – санаткерлік, рухани, физикалық қабілеттерін, қызығушылығын, дәлелдерін дамыту, ғылыми-материалистік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Ал сабақтың мазмұнына келер болсақ, ол – таным тәсілдерін, айналадағы орта мен өзінде болып жатқан қоғамдық және жеке адамға қатысты маңызды қайта құруларды меңгеру. Ынтымақтастық педагогикасы аясында құрылған оқытудың қозғаушы күші деп шығармашылық қуаныш, өзінің өсуін сезіну, білімін жетілдіру, өзіне сенім арту танылады. Ал жұмыс әдісі – біріккен қызмет, іздену, танымдық әңгіме, пікірталас, оқытушы мен студенттің ынтымақтасу мүмкіндігі. Озық сабақ ұйымдастыру үдерісі оқушымен біріккен мақсатқа жету, сұрақтарға жауап іздеу, әртүрлі өмірлік міндеттерді шешу, ұжымдық мақсаттың орындалуы, игерілуге тиіс материалды уақыт шеңберіне сыйғызу, топтық және жеке жұмыстардың болуы арқылы жүзеге асады.

Соған сәйкес студент әрдайым ұжымдық еңбекке етене араласып, ізденіс үстінде болып, жаңалықты қабылдауға даяр күйде болуы тиіс. Жоғары мектептегі оқытудың басты нәтижесі – студенттің игерген білімін тәжірибеде пайдалана білуі, өзін жетілдіріп отыруы, кәсіби тұрғыда өзін шыңдап отыруы.

Сөз жоқ, бұл осы тұста оқу материалы белсенді практикалық әрекет негізінде меңгеру жүзеге асады. Мұндай сабақтар өткізу - жеке, топтық, ұжымдық алуан пікір алмасуға, олардың арасындағы өзара іс-қимылдың бағытын дұрыс арнаға салып отыру, білімгерлердің оқу мәселелерін ұжымдасып шешуіне жағдай жасайды. Белсенді оқыту әдістерін сауатты пайдалану студенттердің танымдық белсенділігінің деңгейінің артуына, сын тұрғысынан, шығармашылық ойлау қабілеттерінің жетілуіне мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындарында қолданылатын белсенді оқыту әдістеріне: миға шабуыл, алгоритм бойынша мәселе шешу, нақты жағдаяттарды талқылау, жатады. Сонымен қатар студенттерді белсенді жағдайға қоятын: проблемалық дәріс, дәріс - консультация, дәріс пресс-конференция, екі кісі жүргізетін дәріс, дәріс - әңгіме, дәріс - дискуссия, дәріс – зерттеу, кері байланыс элементтері қолданылған дәріс сияқты түрлері кеңінен қолданылады.

«Миға шабуыл» – күрделі мәселелердің шешімін бірлесе іздеу жолымен студенттердің ойлау қабілеттерін белсендіру әдісі (оны американдық психолог А.Осборн ұсынған). Оқу үдерісіндегі «миға шабуыл» ешкімнің мәжбүрлеуінсіз, білім алушылардың өз еріктерімен біріккен 5-6 студент бар топтар арасында жүреді. Мұнда ешқандай сын, өзін-өзі сынау болмайды, ең

тосын, тіпті шындыққа жанаспайтын идеяның өзі де қабылданып, топтық сараптаудан өтеді. Рейтинг жолымен пән мазмұнындағы күрделі де өзекті тақырып таңдалады.

Әуел баста жарнамалық бизнесте қолданылған «миға шабуыл» әдісі адамның шығармашылық ойлауына қозғау салу мақсатынан туындағаны белгілі.

Бұл әдістің негізгі міндеттері:

- мүмкіндігінше, көп идеяларды жинақтау;
- ғылымға немесе оқуға қатысты мәселелерді шешу;
- студенттің шығармашылық ойлауын дамыту;
- ынтымақтастықты дамыту.

Миға шабуыл – топ мүшелерінің белгілі бір тақырып бойынша белсенді жұмыс істей отырып, соған қатысты айтылған түрлі идеяларын өз ішінде талқылап, ортақ келісімге негізделгендерін жазып ұсыну әрекеті. Бұл әрекет жүргізуші тарапынан нақты белгіленген уақытқа сыйымды түрде орындалуы шарт.

«Миға шабуыл» ережелері:

1.«Миға шабуыл» кезінде идеяларды сынамаңыз, бағаламаңыз, талқыламаңыз және қорғамаңыз. «Ойға шабуылдың» міндеті – белгілі бір шектеулі уақыт аралығында сандаған жаңа идеялардың тууына мүмкіндік беру. Идеяларды бағалау, талқылау және іріктеу оның келесі сатысының міндетіне енеді.

2. Топ мүшелері мейлі ол қандай болсын, әйтеуір ойына келген идеялардың, шешімдердің, мысалдардың барлығын ортаға тастауы қажет. Әрбір идея толық айтылуы тиіс. Келесі кезеңде жаңа идеяларды ойлап отырғаннан гөрі сол айтылғандарды електен өткізіп, ішінен ақылға сыйымдысын таңдау оңай болады.

3. Бұл кезеңде идеялардың сапасынан гөрі санының көп болуына назар аударылады. Идеялар саны көп болған сайын, олардың ішінен қажеттілерді табу оңайлайды деген сенімділік те арта түседі. Егер жеке жұмыс істесеңіз, онда басыңыздағы барлық идеяларды қағазға түсіріп алыңыз.

4. Айтылғандардың ішінен енді жаңа идеяларды ажыратып алыңыз. Оларға түсінік беру мен түзетулер енгізуде де шығармашылық шабыт қажет. Топ мүшелерінің қай-қайсысы да идеяларды жетілдіруге, басқа нұсқаларын ұсынуға құқылы. Сондықтан қолыңызда бар идеяларды тағы бір екшеп қарау артық болмайды, мүмкін олар тағы бір жаңа идеялардың тууына алғышарт қалыптастыруы ғажап емес.

Биік нәтижеге жетудің кілті мен ережесі – қатысушылардың белсенділігінен туындайтын достық қатынастың қалыптасуы.

«Миға шабуыл» кезеңдері:

- мақсатты анықтау (Сізді не қызықтырады: көпшілік алдындағы сөздің идеялары ма, әлде белгілі бір мәселені шешу ме, әлде тақырып па? ...);
- қатысушыларды өз идеяларын айтуға үндеу (көпшілікпен жұмыс

жағдайында әр қатысушы кезекпен бір идеядан ұсынуы керек, ал топтық жұмыста - әр топтан бірнеше идея қатар ұсынылады);

- әр идеяны тақтаға жазып отыру;
- басқалардың идеяларын жетілдіру мақсатында қолдану;
- идеялардың бірін-бірі қайталамайтындай анық әрі дұрыс құрылуын қадағалау;
- идеяларды классификациялап, жинақтап топтастыру.

«Миға шабуылдың» соңында жеке адам немесе топтар айтылған ойлардан жалпы қорытынды жасау үшін үдерістің нәтижесін қарастырады. Шағын топтар бірлесе отырып мәселені шешеді, содан кейін сол ойларын жалпы топ алдында талқылауға ұсынады (әр топтан әр түрлі өкілдер сөйлейді). Барлық жұмыс өте жылдам әрі ұйымдасқан түрде атқарылады. Бұл әдіс тек қана қарым-қатынас мәдениетіне үйретіп қоймайды, сонымен қатар студенттердің шығармашылық әлеуетін арттырады, ойлаудағы жасандық пен біртектіліктен арылтады.

Студенттер мен білім алу барысында қолданылатын тиімді әдістер өзара немесе интербелсенді әдістер болып табылады. Интербелсенді оқу/оқыту бірінші мезетте білім игеру үдерісіне қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «интерактив» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «akt» -«әрекет жасау» дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Демек «интербелсенді» дегеніміз диалог арқылы үйрену/үйрету, яғни «үйретуші – үйренуші», «үйренуші – үйренуші», «үйренуші — өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «бірлескен әрекеттер»). Интербелсенді оқыту білім игеру үдерісін төмендегідей ұйымдастыруды қарастырады:

- барлық үйренушілерге бірлескен таным үдерісіне белсенді арласуға мүмкіндік жасау;
- әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін
- ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғануына мүмкіндік жасау;
- үйренушілер білімді өздігімен құрастыратын орта құру;
- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік бағытын (көзқарас, дүниетаным) ұстану;

Жоғары оқу орындарында қолданылатын белсенді және интербелсенді әдістер мен технологиялары білім алушылардың интеллектуалдық, шығармашылық деңгейін жоғарылатып, креативтілігін дамытады. Интербелсенді әдістер білім алушылардың өздік және өзіндік дамуына, олардың өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді.

Семинар - білім алушыларды білім, ғылым саласындағы жаңа бағыттар жайлы түсініктер беру үшін негізінен жаңа идеяны насихаттау, жаңа

хабарламалар жасау, жаңа тәжірибені жеткізу мақсатында қолданылатын кең тараған оқыту әдістерінің бірі. Семинардың маңызды сапасы оның ғылымилығы, өмірмен байланыстылығы, өміршендігі. Бағдарлама бойынша болашақ мамандардың өзін ойландыруға бағытталған семинар оқытудың интербелсенді әдістері мен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы өткізу тиімді деп санаймыз.

Интербелсенді семинар сабағында оқытушы интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттің еркін ойлануына, ақыл-ойын дамыуға, шығармашылық белсенділігін арттыруға, ұжымдық іс-әрекетке, тіл байлығын жетілдіруге, жан-жақты ізденушілігін арттыруға жағдай жасайды. Ал оқытушы үшін тиімділігі, ол түрлі әдістерді пайдалану арқылы сабақтың мәнін терең ашуға, аудиторияны толық қамтуға, әр студенттің білім деңгейін анықтауға, оларды ізденіске, өз бетінше жұмыс істеуге және барлығын бағалауға болады.

Жоғары оқу орындарында интербелсенді семинар (практикалық) сабағын өтуде оқыту әдістерінің интерактивті түрлерін пайдалануға болады. Интерактивті оқыту әдістерінің түрлері: топтармен жұмыс, пікірталас талас, оқу пікірсайысы; «Сократтық ойындар», ойындық жобалау; дөңгелек үстел, конференция сабақ және тағы басқалар жатады.

Көрсетілген интерактивті әдістердің кейбірінің семинар (практикалық) сабақта қолданылуына тоқталып өтсек. Интербелсенді семинар сабағында интерактивті оқыту әдістерін қолданудың негізгі мақсаты оқытылып отырған курстағы мәселелерді студенттердің меңгеру деңгейін, олардың ұстанымдары қаншалықты нық екендігін анықтау және бүгінгі күндегі күрделі, өзекті мәселелерді талдауға, өзіндік пікір айтуға, іздене білу қабілеттерін шындау болып табылады.

Тәжірибелік - эксперименттік жұмыс барысында болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайына байланысты кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға әсері болған жұмыстардың бірі студенттердің оқытушының басшылығымен жүргізетін өзіндік жұмыстары (СОӨЖ) Олар бойынша студенттер жасаған жұмыстар: глоссарий, ұғымдарды талдау, венн диаграммасын толтыру, слайд презентация, эссе жазу, кроссвордтар құрастыру жоспар құру т.б. түрінде ұйымдастырылды.

Студенттердің оқытушының басшылығымен жүргізетін өзіндік жұмыстары нақты жағдайды есепке ала отырып, педагогикалық үдерісті немесе белгілі бір құбылысты, мәселені зерттейтін ғылыми тәжірибе. Педагогикалық тәжірибеге сүйеніп оқу - тәрбие үдерісінің тиімді жолдары мен әдіс - тәсілдерін, үлгілерін, мазмұнын тексере алады. Сондай-ақ, кез-келген пән бойынша белгілі бір сұрақтарды немесе міндеттерді шешу барысында студенттер жүргізетін жеке, топтық, ұжымдық іс-әрекет нәтижелері. Ондай әрекет барысында студенттерде мынадай дағдылар қалыптасады:

- студенттің теориялық білім деңгейін арттырады;
- теориялық білімін тәжірибеде қолдану дағдыларын бекітеді;
- студенттің өз бетінше зерттеу біліктерін қалыптастырады;
- оқу - зерттеу жұмыстарын жүргізе білу дағдысының қалыптасуына әсер

етеді;

- талдай білуге және күтпеген жағдайларда жол таба білуге үйретеді;
- мамандығына, пәнге қызығушылығын оятады;
- студенттің жеке «ішкі» қабілетін ашады; сөйлеу мәдениетін дамытады.

Зерттеу жұмысымыздың эксперименттік бөліміндегі тәжірибелік сабақтарда білім алушылар мәселені талқылауға қатысу барысында алған мәліметтеріне әрі қарай тереңдей түсу, ол білімдерді өз бетінше толықтыру, теориялық білімді тәжірибемен салыстыру сияқты мәселелер шешілді. Сонымен қатар, білім алушыларды белсенді қатыстырудың жолдарын іске асырудың құралдары тиімді пайдаланылады. Мұндай сабақтар барысында болашақ мұғалімдер хабарламалар жасау, ойларын толықтыру, талдау, өзіндік талдау қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік алады. Семинар сабақтарында білім алушылар оқытудың белсенді әдістерін тиімді қолдана отырып, өзіндік талдау, сыни ойлау, ой қорыту, жинақтау, өзінің жеке пікірін қорғау арқылы әрбір тақырыптың мазмұнын терең меңгереді .

Біздің ойымызша болашақ мұғалімнің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға тиімді әсер ететін әдістің бірі - портфолио жинақтау. Бұл әдіс шет елдік оқу орындарында қолданылатын кең тараған студенттің білімдегі жетістіктерін, тұлғалық дамуын қадағалайтын басты құрал.

Портфолио – студенттің оқу үдерісіне қатысымшылдығын көрсететін жұмыстардың жиынтығы ретінде оқудың тиімділік деңгейін айғақтайды, оқу үдерісінің студент үшін қандай нәтиже беретіндігін көрсетіп, студенттермен кері байланыс құру тәсілі болып табылады. Бұған қоса портфолио студенттердің бірлесе жұмыс жасап, оқытушылармен әрекеттесуге септігін тигізеді, өйткені ол студенттердің жетістіктері мен дамуының динамикасын талдау жұмысына студенттердің өздері мен оқытушының қатысуын талап етеді.

Портфолио - студенттердің оқуын қорытынды әрекет (емтихан) бойынша бағаламай, үдеріс бойынша бағалау мүмкіншілігін береді. Қазіргі кезде портфолионың электрондық түрде қолдану жиі кездеседі.

Портфолио бірнеше қызмет атқарады:

- жинақтаушы - студенттің жұмысының жиынтығы;
- үлгі (модель) - студенттің жеке оқу траекториясын қалыптастырудың құралы, өйткені ол әр студентке оқудың өзіндік стратегиясын айқындап, қажетті материалдар мен жұмыс түрлерін таңдау мүмкіншіліктерін береді;
- ой - толғаныс пен шығармашылық тудырушы - студенттерге оқу-үйрену және кәсіби тұрғыдан қажетті әдістер мен тәсілдердің қолдануы ұғынып, оларды қолдану мен өзгерту мүмкіншіліктерін береді.

Портфолионың студенттердің кәсіби мәнді сапаларын дамытуда келесі мүмкіндіктері бар:

- оқытушы үшін - студенттердің жетістіктерімен танысып, олардың маңыздылығын айқындау мен бағалау;
- студент үшін - тұлғалық тұрғыдан дамып, мотивация мен өзіндік жетістіктер, кемшіліктер мен мүмкіндіктер туралы түсініктерінің өзгеруіне байланысты әрі қарай жетістіктерге жету;

– оқу орны үшін - студенттердің мүмкіндіктерін (әлеуетін) айқындап, соған байланысты оқу бағдарламалары, сабақ беру әдістемесі мен оқу үдерісін ұйымдастыруды студенттердің мүмкіншіліктеріне байланысты өзгерту;

– жоғарыда көрсетілген барлығы үшін - қажет болған жағдайда жасаған жұмыстары туралы құжаттар мен дәлелденген есеп беру.

Портфолио - материалдардың қарапайым жинағы ғана емес. Бағалауда портфолионың нақты мазмұнымен бірге материалдардың қалайша таңдалып алынғандығы және оларды дәлелдеу базасы да бағаланады. Студенттер портфолиоға өздерінің түсініктері, ой - толғаныстары мен дәлелдеулерін көрсетіп келесідей материалдарды жинақтайды:

- өткізілген пікірталастардың қорытындылары;
- оқыған материалдарының (кітап, дәріс, зерттеулер) конспектілері;
- мәселені шешудің өзіндік ұсыныстары;
- эссе мен басқа да жазу үлгілері;

Басқаша сөзбен айтқанда, портфолио үшін ең басты мәселелер - есеп беру (дәлелдер келтіру) және ой - толғаныс (рефлексия).

Портфолионы құрастыру үшін студенттерге оның формасына (құжаттар мен тапсырмалардың тізімі мен реттілігі) және әр құжаттың мазмұнына қойылатын талаптар туралы талаптарды тыңғылықты түсіндірген жөн.

Соның бірі мысалы (Лоне Йоренсен мен С.Хансен, 2004) педагогикалық тәжірибе бойынша есеп беруде студенттердің келесідей тапсырмаларды орындауын ұсынады:

- оқу\оқытуға деген өзіндік көзқарастарын келтіру;
- кәсіби дағдыларды әрекеттер арқылы көрсету;
- сабақ жоспарларын құрастыру;
- сабақтарда тәртіпті қалайша қадағалайтындықтарын көрсету;
- оқытылып жатқан пәннің мазмұнын білетіндігін көрсету;
- оқу бағдарламасын білетіндігін көрсету;
- студенттердің жұмысын әртүрлі критерийлер бойынша бағалай білу.
- әртүрлі оқу құралдары мен ресурстарын тайдау, құрастыру және қолдану;
- өзінің кәсіби деңгейін бағалау.

Әдетте портфолионың екі түрін ажыратады: өсу портфолиосы (мұнда студенттің жеке тұлғалық және кәсіби дамуы көрсетіледі) және нәтижелер портфолиосы (жыл бойы қол жеткізген ең елеулі нәтижелер). Алайда портфолионың түрі студент пен оқытушының мақсаттарына орай таңдалатындықтан, оны әртүрлі тұрғыдан құрастыруға болады.

Кесте 10 - Портфолионың түрлері (М.Лебедева мен О.Шилова бойынша)

МАҚСАТЫ БОЙЫНША	МЕНШІКТІ ПОРТФОЛИО	СТУДЕНТТЕР ӨЗДЕРІ ҮШІН ҚҰРАСТЫРАДЫ
	Есеп беру портфолиосы	Студенттер оқытушы үшін құрастырады
	Портфолио – жоба	Студенттер өз әрекеттерін ұйымдастыру үшін құрастырады
Мазмұны бойынша	Жетістіктер портфолиосы	Студенттердің белгілі бір уақыт аралығындағы жұмыстарын жинақтамасы (немесе материалдың қомақты бөлігі бойынша) жұмыстары
	Ой - толғанис портфолиосы	Студенттің мақсаттарға жетуін бағалау (Студенттің өзін - өзі бағалауы)
	Мәселені шешуге бағытталған портфолио	Нақты мәселені шешудің мақсаттарын, шешу үдерісі мен нәтижелерін көрсететін барлық материалдар
	Тақырыптық портфолио	Белгілі бір тақырып (немесе модуль) аумағында студенттердің жұмысын көрсететін материалдар

Портфолио біз ұсынып отырған *«Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері»* деп аталатын элективті курсты оқыту барысында пән мазмұнына қарай *жетістіктер портфолиосын* жинақтау тапсырылды. Студенттерге оны жүргізуге қойылатын талаптар мен бағалау критерийлері алдын - ала беріліп қойды. Білімгерлер қызыға айналысқан бұл жұмыс олардың пәнді игеру деңгейлерін анықтауға ықпал етті.

Тәжірибелік - эксперименттік жұмысымыздың қалыптастырушы кезеңінде болашақ мұғалімдердің білімнің жаһандануы жағдайындағы кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған психологиялық *тренингтер* жүргізілді.

Тренинг - білімді дамыту немесе адамды оқытуда жоспарланған жағдайға жүйелі күш салу арқылы орындау. Тренинг- маманды кәсіби әрекеттің нақты әдістері мен процедураларына кезеңмен, практикаға сүйене отырып үйретуді қолдау. Тренинг – оған қатысушылардың өзара әрекеттесе отырып, мәселені әрқырынан талқылауды қамтамасыз етеді. Жұмыс жағдайында тренинг студенттердің бір немесе бірнеше әрекет түрлерін нәтижелі орындауынан білім мен дағдыны меңгеру мүмкіншілігіне бағытталады. Тренингтік жаттығулар болашақ мұғалімдердің тұлғалық өзгеруіне түрткі қызметін атқарады. Тренингке қатысу арқылы қарым - қатынас үйлесімділігін орната алады және қарым-қатынастағы қиындықтардың себебін ұғыну динамикасына ықпал етеді.

Біздің зерттеу жұмысымыздың аясында қолданылған психологиялық тренингтер болашақ мұғалімдердің біртұтас және орнықты дамуына, әрбір студенттің ішкі мотивациясын жоғарылатып, кәсіби білімге ынталануына, тұлғалық сапалары мен педагогикалық құзыреттіліктерін қалыптастыруға, бағытталған.

Бұл ретте біздің зерттеуімізге сәйкес болашақ мұғалімдердің алдағы кәсіби іс-әрекетінің өнімділігін арттыру үшін ішкі күштерін, оның әлеуетін дамыту маңызды болады. Сол себептен, құрастырылған психологиялық тренингте мына мәселелерге баса назар аударылды:

- тұлғаның кәсіби жетістіктерге жетуге бағдарлануы;
- ішкі мотивациясының болуы, болашақ мұғалімді дамыту мен тәрбиелеу;
- ынтымақтастыққа қабілетті танымдық іс - әрекеттің субъектісі ретінде болашақ мұғалімдердің өзін - өзі дамытуы;
- дамыта оқытуға сүйене отырып, оқытудағы табыстылықты арттыру тактикасының болуы.

Психологиялық тренингтің негізгі ерекшеліктері болашақ мұғалімдердің өзін - өзі дамыту кезеңдерін жүзеге асыру болып табылады:

- өзін - өзі жетістіктерге жетуге деген қажеттілікті қалыптастыру;
- өзінің жетістіктері мен кемшіліктеріне өзіндік талдау жасау;
- өзін -өзі ретке келтіру;
- рефлексияны жетілдіру;
- болашақ мұғалімдердің өзіндік санасын білім беру субъектісі ретінде дамытуға көмектесу.

Осыған орай, психологиялық тренинг жаһандану жағдайында еңбек етуге қажетті кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағдарланған. Ол үшін құзыреттілікті дамытуға негіз болатын мәнді сапаларын қалыптастыруға бағытталған жұмыс түрлерін қамтиды. Болашақ мұғалімдердің ғаламдық білім беру жағдайына қажетті кәсіби сапаларына мына төмендегілер жатады:

эмпатия, креативтілік, эмоциялық тұрақтылық, бақылағыштық, тыңдай білу білігі, жауапкершілік, рухани-адамгершілік, рефлексия, және т.б.

Психологиялық тренингтердің мақсаты: болашақ педагог-психолог мамандығы бойынша студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Міндеттері:

- болашақ педагог - психологтардың сыни ойлауын дамыту;
- болашақ мамандықтарына қажетті кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту және өзін-өзі дамытуға, өзектілендіруге дайын болуға ықпал ету;
- өзінің педагогикалық көзқарастары мен ұстанымдарын талдауға, тұлға және кәсіби маман ретінде жеке қасиеттерін ескеруге дайын болу мотивациясын қалыптастыру және олардың кәсіби іс-әрекеттің дамуына әсерін тигізетінін ұғындыру, мамандыққа деген қатынасындағы маңызды өзгерістерді өндіру қабілеттерін қалыптастыру;
- өзін-өзі тану мен дамытуда белсенді позициясын ұстануға бағдарлау және рефлексиялық ойлауын дамыту.

Психологиялық тренингті құрастыру барысында мәдени-білім беру үдерісінің ғаламдық ұстанымы; полимәдениеттік толеранттылық ұсатынымы; мәдениеттер диалогы ұстанымы; тұлғаның өзін-өзі белсендендіру ұстанымы осы ұстанымдар басшылыққа алынды.

Эксперимент барысында болашақ мұғалімдер алдымен кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру тренингінің негізгі бағыттарымен танысты, соның ішінде, өзіндік жұмыстарды орындау арқылы жаһандану жағдайында болашақ маманның кәсіби-маңызды қасиеттерін дамыту жолдарын зерттеп, оның әдіс-тәсілдерін игерді. Нәтижесінде кәсіби құзыреттілікке әсер ету маңыздылығын ұғынып оқытушының басқаруымен психологиялық тренингтердің жоспарын әзірледі.

Ұсынылып отырған элективті курс мазмұнында төмендегі тақырыптар қамтылған психологиялық тренингтер өткізу қарастырылған:

- 1.«Өзінің Менін ұғыну».
- 2.«Командалық даму».
- 3.«Креативтілік туралы пікір қалыптастыру».
- 4.«Тұлғалық өсу».
- 5.«Кәсіби өсу».
- 6.« Эмпатияны дамыту».

«Өзінің Менін ұғыну» жаттығулары болашақ мұғалімінің өзінің әлсіз және мықты қасиеттерін ұғынуға көмектеседі және оларды біртұтас қарастыруға мүмкіндік береді, өз мінез-құлығының түрткілерін анықтауға, оларды түсінуге ықпал етеді.

«Командалық даму» жаттығулары топта бірлесе жұмыс жасауға, өзгенің пікірін қабылдауға және оны тыңдай білуге үйретеді, сонымен бірге ынтымақтастықта жұмыс істеу стилімен танысады .

«Креативтілік туралы пікір қалыптастыру» осы жаттығу шығармашылық үдерістің кезеңдерін және креативтіліктің көрініс беруіне теріс ықпал ететін кедергілерді ұғынуға ықпал етеді. Тренингтегі жаттығулар

жаһандану жағдайында тұлғаның негізгі қасиеті ретінде қарастырылатын креативтіліктің белгілі бір жақтарын дамытуға бағытталған: ерекшелік, танымалдық, тапқырлық, сыни ойлауы, бақылағыштық және т.б.

«Тұлғалық өсу» жаттығулары жаңа тәжірибені сезіну, өз құндылықтарын ұғыну, шығармашылық ойлауын оятуға бағытталған, танымдық іс-әрекетіне, жалпы қабілеттілігін дамытуға, кез-келген іс-әрекетте тұлғаның жетістігін қамтамасыз етуге, кәсіби міндеттерді саналы түрде ұғыну арқылы тұлғалық жауапкершілік сферасын түсіну, өз жауапкершілігіне сәйкес әрекет ету механизмдерін игеруге көмектеседі. Сонымен қатар болашақ мамандығы бойынша кәсіби нормаларды орындаудың маңыздылығын түсінеді.

«Эмпатияны дамыту». «Эмпатия» ұғымымен таныстыру. Жаттығулар болашақ мұғалімдердің өзінің сезімдері мен сезінулерін ұғыну, психологиялық бақылағыштықты дамыту, серіктесінің вербалды емес белгілерін «оқу» дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Педагогикалық қызметтегі «эмпатияның» маңыздылығын түсіну. Сонымен қатар рефлексиялық ойлауды дамытып, өз іс-әрекетінің нәтижелерін өзіндік бағалауға сыни тұрғысынан қарау дағдыларын жаттықтырады. Рефлексияның дамуы барлық жаттығулардың аяқталуымен сұрақтар арқылы анықталынады. Рефлексияның дамуы өз ойлары мен сезінулерін үнемі айтып беру арқылы олар кері байланыспен толықтырылып тұрады.

Тренингтің атрибуттары: рөлдік ойындар, сахналау ойындары, жаттығулар мен тапсырмалар. Тренингтің өтілу реті тренингке қатысушылардың белсенділігінің көрініс беруіне ықпал етті: физикалық (түрлі суреттер салынды, түрлі қимыл-қозғалыстар жасады және т.б.); коммуникативтік (сұрақтарды талқылап, сұхбатқа түсті, топтық жұмыста қатынастар орнатып, идеяларды ұсынды және т.б.); танымдық (интеллектуалдық): қосымшалар мен түзетулер, өз пікірлерін білдірді, өз тәжірибесімен бөлісті, проблеманың себебін анықтады; жеке немесе топық идеялар туындап, оларды талдап, дәйектемелер келтірді.

Сонымен қатар, кәсіби құзыреттілікті дамытуға арналған тренингтерді жүргізу барысында болашақ мұғалімдер оқытушымен бірге өзінің кәсіби құзыреттілік қасиеттерін сезінуге дағдыланды. Ол үшін оқытушы оларға жеке немесе ұжымдық міндеттерді шешу варианттарының көптүрлілігін көру қабілеттілігін дамытуды ұсынды. Болашақ мұғалімдерге кәсіби, яғни мұғалімдік жағдайға байланысты мәселелерді шешу тапсырмалары берілді. Оның барысында болашақ мұғалімдер мәселені шешудің көптүрлі жолдарын ұсынып, ең тиімдісін анықтай алды. Осылайша болашақ мұғалімдердің кәсіби қасиеттерін дамыту үшін, олардың ойлау жылдамдығын, тапқырлығын, бақылағыштығын, қиялын дамытуға бағдарланған психологиялық жаттығулар ұсынылды. Мысалы, «шатасу» жаттығуы барысында сыни ойлау арқылы шешімді талап ететін топта мәселелік ситуацияны моделдеді. Топтағы идея берушіні (генераторын), орындаушысын және ұйымдастырушысын анықтауға мүмкіндік берді.

Біз жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттіліктің маңызын болашақ мұғалімдерге түсіндіру үшін, біріншіден, оның сипаттамасымен таныстырдық, одан кейін тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытуға ортаның ерекшеліктерін бірге зерттедік. Осындай тренингтік сабақта болашақ мұғалімдер топ болып, арнайы шығармашылық ортаны құру барысындағы міндетті түрде келесі қағидалардың сақталуын қамтамасыз ету керектігін түсініп, қорытынды жасадық: тұлғаның өзін-өзі белсендендіру ұстаным негізінде құрылады:

- ортада әр тұлғаның ерекшеліктері ескеріледі;
- жұмыс барысында тұлғаға өз шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға еркіндік берілді.

Нәтижесінде бірлескен шығармашылық әрекет болашақ мұғалімдердің ынтымақтастық, шыдамдылық, ынталылық сияқты жаһандану талаптарына сай адами қасиеттерді ұғынуына ықпал етеді, олардың өз күшіне, өзінің қабілеттері мен шығармашылық мүмкіндіктеріне сенімдерін арттырды, жауапкершілікке, дербестілікке тәрбиелейді.

Жүргізілген осындай тренингтік сабақтардың ерекшеліктері: тренингтік сабақта субъект-субъектілік қатынастар орнатылады, оқытушы мен тренингке қатысушылар арасындағы байланыстар субъектілік көзқарас тұрғысынан құралады.

Сонымен кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру тренингтерін жүргізу барысында ең бастысы - білім алушылардың танымдық әрекеттен болашақ мамандығы аясында өзін-өзі жетілдіруге, өзінің жаһандану жағдайындағы өзгерістердің жағымды жағына қарай ұмтылыстарын қалыптастыру бағытында кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің элементтерін орындауға және сол іс-әрекетке дайындық барысындағы өзінің әрекеттеріне баға беруге, оларды талдауға бағытталды. Зерттеу жұмысының нәтижелілігі тренингке қатысқаннан кейін болашақ мұғалімдердің қарым-қатынас барысында өздерін ұстауы, сөйлеу мәнері мен мәдениетінің жоғарылағандығын аңғартады.

Қазіргі уақытта ең басты мақсат - болашақ мұғалімдерді өзінің тұлғалық, кәсіби қорларын пайдалануға және тұтас педагогикалық қызметтің жеке жүйесін құра білуге үйрету болып табылады. Сондықтан тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды жоғары оқу орындарында білім беру жағдайында ұйымдастыру үдерісінің біз ұсынып отырған модель жүзеге асырған жағдайда өзбетімен білімін дамыта алатын, дүниетанымы кең, жаһандық ойлауға бейім тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді деп тұжырымдаймыз.

Тұлғалық деңгейінің жоғарылаған сәтінде болашақ мұғалімнің коммуникативті құзыреттілігі, өз ісіне деген жауапкершілігі артып, табандылығы, батылдығы қалыптасады. Бұл сапалар оның өз мақсаттарына жетуге бастайтын алғашқы деңгейі деп түсінеміз.

Инновациялық оқытуда қолданылған әдістің бірі - **коучинг** (ағылш. *coaching* — *оқыту, жаттықтыру*) — консалтинг және тренинг әдісі;

классикалық консалтинг пен тренингтен айырмашылығы — коуч кеңес және катаң ұсыныстар бермейді, ол шешімді клиентпен бірлесе отырып іздестіреді. Ал психологиядан айырмашылығы коучингтегі мотивацияның бағытында. Коучпен жұмыс істеуде белгілі бір мақсатқа, өмірде және жұмыста жаңа, позитивті тұжырымдалған нәтижелерге жету ұйғарылады.

Яғни, анықтаманы талдай кетер болсақ, коучинг адамға немесе компанияға мақсатқа, нәтижеге жетуге көмектеседі. Коучингті меңгерген маманды «коуч» не «коучер» деп атайды.

Коучингтің басқа әдістерден жалпы айырмашылықтарын да қарастырып өттік. Енді, **артықшылықтарына** ден қойсақ: коучинг — өте табиғи, яғни коучингте жалпылау немесе жалпылама шешім деген жоқ. Әр қойылған мақсат, әр табылған шешім сол адамның не компанияның ерекшеліктері мен артықшылықтарына тән болады; коучинг — өте икемді, коучинг өмірдің кез-келген саласында қолдануға мүмкіндік береді; коучинг — өте тиімді, коучингті қолдану арқылы уақытты да, ақшаны да әлдеқайда тиімді етіп қолдануға болады; коучинг — адамды жауапкершілікке тәрбиелейді, жауапкершілік өте кең және терең мағынасында. Коучинг - адамды өзінің шын арман - мақсаттарымен, құндылықтарымен түйістіреді.

Бұл тізімді әлі де жалғастыра беруге болады, бірақ біз ең маңыздыларын атап өттік. Айтылғандарды қорыта келе жасайтын тұжырымымыз: **коучинг** қазіргі кезде болашақ мамандарды дайындауда, олардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамытуды тиімді шешуге орасан зор мүмкіндік беретін әдістің бірі.

Жоғарыда сипатталған әдістемелер зерттеу барысында жүргізілген тәжірибелік экспериментте сыннан өткізілді. *«Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері»* атты элективті курсының мазмұнын жүзеге асыру барысында студенттердің дара тұлғалық қабілеттерін, кәсіби әрекетін жаңашылдық талаптарға сай ұйымдастыру, пәніне қатысты жаһандық жаңалықтарды тиімді пайдалана алу, кәсіби ұтқырлық таныту, әлеуметтік субъектілермен әрекеттесе алуды меңгерту сипатындағы жаттығулар мен тапсырмалар сынақтан өткізілді.

Әр тақырып мазмұнына сай таңдалып алынған әдістер мен жұмыс түрлерінің ең алдымен тақырыптың мазмұнын терең ашудағы әлеуетіне баса назар аударылды. Мазмұнның мағынасын ашуға көмектесетін әдістерді дұрыс таңдау міндетін жүктеді. Сонымен қатар студенттердің біз іздестіріп отырған кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуына тиімді әсер етуі ойластырылды. Таңдалған әдістермен білім алу жұмысын ұйымдастыруда студенттердің субъектілігіне, бірлесіп тануға, білім мен тәжірибе жинақтауға жағдай жасалуына, талданып отырған жағдаятты басынан өткізулеріне көңіл бөлінді. Болашақ мұғалімге өте қажет педагогикалық әрекетті жүзеге асырудағы шығармашылық, өзін - өзі ұйымдастыра алу мен жасаған жұмысына рефлексия жасай алуға қабілеттіліктің дамуына ықпал ету басты назарда ұсталды. Осы айтылғандардың тәжірибелік жұмыстар барысындағы тиімділігін эксперимент

кезіндегі бақылау және эксперимент топтарындағы көрсеткіштер анық танытты.

Жұмысымыздың келесі бөлімінде жоғарыда сипатталған жұмыстарды жүргізудің барысы мен біз зерттеп отырған жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы тиімділігін тексеру қорытындылары келтірілетін болады.

2.3 Зерттеу жұмысы бойынша жүргізілген қалыптастырушы эксперимент жұмыстарының қорытындылары

Болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайындағы кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға арналған қалыптастырушы эксперимент жұмысымыздың 2.1. тараушасында көрсетілген кезеңдерге сай, белгіленген жоспар бойынша жүргізілді.

Қалыптастырушы экспериментінің мақсаты – жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған нобайдың тиімділігін тексеру. Бұл мақсатқа жету төмендегідей міндеттердің шешімін табумен байланысты:

- элективті курс бағдарламасын әзірлеп, тәжірибеден өткізу;
- білімдегі жаһандану жағдайына сай болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруың әдістерінің тиімділігін сынақта тексеру;
- педагогикалық тәжірибе барысында студенттердің алған теориялық білімдерін бекіту, олардың кәсіби біліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

Қойылған мақсаттарға сай дайындалған *«Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері»* тақырыбындағы элективті курсты жүргізуде қолданылған белсенді әдістерден мысалдар келтіруді жөн көрдік.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында дайындалған элективті курстың алғашқы *«Жаһандану мәселесі»* тақырыбын өткенде студенттерді белсендіру үшін алдымен студенттер топтарға бөлініп, *«жаһандану»* дегенді қалай түсінесіңдер деген сұрақ арқылы *мига шабуыл* жасау әдісі қолданылды. Ойланып, бірлескен пікірлерін қағазға түсіру үшін берілген 3 минуттан соң, алынған жауаптарда: жаһандану - әлемдік ауқымдану, ғаламдану, «интеллектуалдық индустриялар экономикасы», «ақпараттық қоғам болу», «техникалық революция», «ақпараттық жарылыс», «діндердің, мәдениеттердің ұқсастануы», капиталдың, еңбек ресурстарының, тауарлардың және қызмет көрсетулердің ғаламшарлануы компаниялардың, фирмалардың, корпорациялардың іріленуі деген пікірлер білдірілді.

Бұдан кейін *топтарда* білім саласындағы жаһандық үдерістердің көріністеріне мысалдар келтіру тапсырылды. Студенттер оларға Болонья үдерісінің енуі, шет елдерге барып оқу, тағлымдамалардан өту, шетелдік ғалымдардың университетке шақырылуы, жаңа технологиялардың пайдаланылуы сияқты мысалдар келтірді. Әрі қарай оқытушы мультимедийялық презентация пайдалана отырып, жаһандану феноменіне

тоқталады. Бұл жағдайда да ол студенттерді талдау, түсіну әрекетіне қатыстырып отыру ойластырылды.

Дәріс соңында кері байланыс жасау үшін «мен бүгін не үйрендім?», «оны қайда пайдаланамын?», «болашақ мұғалім ретінде қандай нені жасауға машықтандым?» түріндегі сұрақтарға жазбаша жауап жазу сұралды.

Осылайша ұйымдастырылған дәріс студенттерді ең алдымен белсенді ізденуші жағдайына қойып, субъектілігінің жетілуіне ықпал етті деуге болады. Бастысы болашақ мұғалімдердің жаһандану, жаһандық мәселелер, олардың білім жүйесіне әсері туралы білімдері толықтырылды, өздерінің соған байланысты кәсіби дайындығының деңгейінің жоғары, қажетті сапаларының қалыптасқан болуы керектігін ұғынды. Оларды біз дәрістен кейін жүргізілген кері байланыс парақтарын талдау барысында анықтадық.

Тәжірибелік эксперименттік жұмыста болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайына қажетті құзыреттіліктері мен қасиет сапаларын дамытуға бағытталған психологиялық тренингтер жүргізілді. Олардың тақырыптары жұмысымыздың 2.1. бөлімінде берілді. Психологиялық тренингтердің әр тақырып бойынша студенттер, яғни болашақ мұғалімдер белгілі бір кәсіби-маңызды қасиеттермен танысып, педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетіндегі олардың маңыздылығын ұғынды. Енді солардың кейбіреулерінің өтілу барысынан үзінділер келтіреміз.

Тренингтік сабақтарда жаһандану жағдайында болашақ мұғалімге маңызды деген кәсіби қасиеттерді дамыту бойынша жаттығулармен таныстыру ұсынылды, тұлғалық және кәсіби өсу мотивациясы дамытуға ықпал етті, сонымен болашақ мұғалімінің өз мамандығына деген сүйспеншілігін, жауапкершілігін дамытуға арналған тапсырмалар кіріктірілді. Солардың бірі *«Менің сүйікті мамандығым»* тақырыбындағы семинар - тренинг. Семинар - тренингтің негізгі міндеті болашақ мұғалімдердің өздерінің кәсіби мамандығына бейімделуіне дағдыландыру.

«Менің сүйікті мамандығым» атты семинар тренинг жоспары төмендегідей қадамдардан тұрды:

1.Сергіту сәті

2.Түстер бойынша топтастыру

3.Ситуациялық тапсырмалар.

4.« Менің сүйікті мамандығым» жаттығуы.

5.«XXI ғасыр мұғалімі ол қандай?» (топтар эссе, бес жол өлең, ассоциация т.б қорғау)

Сергіту сәті «Австриялық жаңбыр» ойыны түрінде ұйымдастырылды. Бұдан соң гүл бейнесіндегі түстер бойынша студенттер 4 топқа бөлініп отырады. Әр топқа ситуациялық тапсырмалар беріледі.

I-топ. Сіз мектепте педагог-психологсыз пән мұғалімі үнемі қоңырау соғылғаннан кейін сабаққа кешігіп келетін оқушы туралы, шағым айтты. Сіздің іс-әрекетіңіз?

2.Сіз бірлестік жетекшісісіз, бірлестігіңіздегі мұғалімдер берілген тапсырманы дер кезінде орындамады, сізге директор шұғыл түрде тапсырманы

орындауға бұйрық берді, не істер едіңіз?

3. Сіз мектепте педагог-психологсыз, қабылдауыңызда бір мұғалім отыр, үстіңізден есік қақпастан екінші мұғалім кіріп келді. Осы іс-әрекетке қандай сипаттама берер едіңіз?

4. Сіз оқушылармен психологиялық сабақ өткізіп жатырсыз. Сабақ үстінде бір мұғалім рұқсатсыз кіріп, кешірім сұрамастан хабарландыру айтып, оқушыларға зілді сөйлеп кетті. Сіздің көзқарасыңыз?

II-топ. Жас маман психолог мектепке келді. Сіз оған тәлімгер болып тағайындалдыңыз. Оның сабақ беруден тәжірибесі аз. Ең алғашқы көмегіңіз?

2. Ұжымда жас ерекшеліктері әртүрлі мұғалімдер бар. Ұжымда сыйластық пен достық қарым-қатынас орнату үшін қандай іс-шараларды көбірек өткізген дұрыс деп ойлайсыз?

3. Сіз өз ұжымыңыздағы бір педагогтің педагогтік іс-әрекетке жатпайтын олқықылығының куәгері болдыңыз. Не істер едіңіз? (Дұрыс кеңес бересізбе, немқұрайлы қарайсыз ба?)

4. Әріптесіңіз отбасы жағдайына немесе денсаулығына байланысты 1-2 күн жұмысты алмастыра тұруын өтінді. Келісесізбе? Келіспеген жағдайда неліктен?

III-топ

1. Адамда бәрі де әдемі болуы керек: «Ақылы да, ойы да, келбеті де, әдебі де, мінез-құлқы да, киген киімі де, жүріс-тұрысы да». Психолог маманы ретінде осы туралы не айтар едіңіз?

2. Сіз 1-ші сабаққа ұйықтап қалдыңыз, әрине жұмысқа кешіктіңіз, оқушылардың алдына қалай кіресіз? Не себеп айтасыз?

3. Сіз журнал толтырар алдында журнал толтыру ережесімен толық танысасызба? Сіз қалай толтырасыз? Бұл жөнінде бірінші кімнен көмек сұрайсыз?

4. Сіз тәжірибеңіз мол педагог - психологсыз немесе мұғалімсіз сізден әріптесіңіз әдістемелік көмек сұрады. Көмектесе аласыз ба?

IV-топ

1. Сіздің тәжірибеңіз мол болғанымен, өз тәжірибеңізде кездеспеген қиын сауал кездесті. Кімнен, қайдан көмек аласыз?

2. Сіздің ойыңызша мектепте «қиын» мұғалім бар ма?

3. Біздің топ ұйымшыл да тату топ қатарына жатама? «Иә» деген жағдайда дәлелденіз, «жоқ» деген жағдайда қандай кеңес берер едіңіз?

4. Оқушыларды «ҰБТ»-ге психологиялық дайындыққа өз ұсынысыңыз, бөлісетін тәжірибеңіз?

«Менің сүйікті мамандығым» жаттығуы. (Әр топтағы студенттер бір жаттығуды орындап көрсетеді)

Жаттығудың мақсаты: кәсіптік іс-әрекет стилінің индивидуалдық эффективті тәсілдері мен шараларын іс-жүзінде көрсету.

Қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Психолог (басқарушы) топтың әрбір мүшесіне алдарында оқушылар тұр деп елестете отырып сәлемдесуді ұсынады. Мысалы, «Сәлеметсіңдерме, балалар!» Бұл жерде фразаны жестпен, позамен, бет әлпет қимылымен қуаттауға болады. Топ мүшелерінің барлығы сәлемдесіп

болғаннан кейін жалпы талқылау өткізілді. Сәлемдесудің қайсысы ашық және мейірімді, кімнің фразасы белсенді іс-әрекетке эффективті стимул болды, оқытушылар студенттер позициясы өз әсерлерімен бөлісті.

«XXI ғасыр мұғалімі ол қандай?» тапсырмасын топтар эссе, бес жол өлең, ассоциация, схема түрінде үлгісін жасап қорғады. Бұл жаттығуларды орындауда болашақ мұғалімдердің жеке индивидуалдық іс-әрекет стилін табуға көмектесу үшін әрбір қатысушымен кері байланыс орнатылады. Бұл жерде жекелік индивидуалдығын басу ізімен емес, өзіндік «Мені» мен кәсіби мүмкіндіктерін ашудағы үйлесімділік пен толық жетілуді табу.

Тренингке қатысушылар оқытушымен бірлескен іс-әрекетке белсенді қатысып, өзіндік тәжірибесін кеңейтіп, жүйеледі. Бұл тренинг арқылы біз болашақ мұғалімдердің ғаламдық білімдік кеңістікте еңбек етуге сәйкес мұғалім тұлғасына қойылатын талаптар, оның нобайы, өз таңдаған мамандығына деген құрмет, педагогикалық қызметте кездесетін қиындықтарды шешу, педагогикалық ұтқырлықты қалыптастыруға мүмкіндік алды.

Тәжірибелік – эксперименттік жұмыс барысында студенттердің қарым-қатынасқа түсуіне ықпал ететін «Жау-Дос» жаттығуына тоқталмақпыз.

Топтық психологиялық тренинг рәсімі төмендегідей. Қатысушылар "алғашқы әсер" ерекшеліктерін меңгереді. Жаттығу коммуникациялардағы ырықсыздық дағдысын, өзін-өзі таныстыру дағдысын, қарым-қатынастағы рефлексияны дамытуға мүмкіндік береді, сенім мен сенімсіздік тақырыбын көтереді, сынға деген қатынасты диагностикалауға, әлеуметтік қажеттілікке мінез-құлықтың бейімделуіне жол ашады.

Мазмұны. Адамның бойында басқа бейтаныс жанмен болатын қатынастардың сипатын жылдам анықтау қажеттілігі ырықсыз сезімдермен сақталған. Тренинг алдында мынандай хабарлама жасалды. Біздің арғы аталарымызға жолда оларға кім кездескенін барынша жылдам анықтау аса маңызды болды: ықтималды жау ма? ықтималды ниеттес жан ба? Ықтималды жаумен кездесу мүмкін опат болу қаупін төндірді. Ықтималды доспен (ниеттес жанмен) жолығу қандай да бір көмектің болып қалуын білдірді (тіпті ортақ жауға бірігуге қатысты болса да). Сондықтан екі түрлі қателіктің кездесуі мүмкін болды: 1) дер кезінде жауды айырып танымау, 2) дер кезінде досты айырып танымау. Әрине, бірінші аталған қателік айтарлықтай қауіпті болды.

Сондықтан біздің бойымызда бейтаныс жандардың келесідей жіктемесі сақталған:

- 1) жау
- 2) жау емес
- 3) дос.

Әлбетте, адам ол әлеуметтік қатынастардың аса күрделі жүйесіндегі жан және өзге адамдардың тұлғалық қасиеттерін бағалаудың едәуір дамыған алгоритміне ие тіршілік иесі. Ұзақ уақыт бойы екі адамның арасындағы (сонымен қатар екі әлеуметтік топтың да) қатынас достық қатынастан қатыстыққа дейін бірнеше рет өзгеріп отыра алады. Алайда, дегенмен, танысудың алғашқы секунды мен минутында адамның миы жаңа танысты үш

категорияның ("жау", "жау емес", "дос") қайсысына жатқызу мәселесі бойынша белсенді жұмыс істей бастайды.

Уақыт өте келе, өмірлік тәжірибеге байланысты әрбір адамда мұндай арақатынасты анықтаудың өзінің жеке алгоритмі, өзінің өлшемдері пайда болатындығын түсіну маңызды. Және де әрбір адамда мұндай экспресс-бағалаудың жүйесі өте қарапайым болады, өйткені ұзақ талдауға тіпті уақыт та жоқ.

Сондықтан көптеген коммуникативтік жағдайлар үшін өзің туралы «жау емес», керісінше «достың» бейнесін жасай алу аса маңызды. Бұл коммуникативтік байланыс орнату үшін аса қажет.

Тренинг «ой талылау» жүргізуден басталып, оның барысында үш сауалға жауап беру сұралды:

1. «Жау» бейнесінің қалыптасуына сыртқы келбеттің, мінез-құлықтың қандай элементтері мүмкіндік береді?

2. «Жау еместің» бейнесінің қалыптасуына сыртқы келбеттің, мінез-құлықтың қандай элементтері мүмкіндік береді?

3. «Дос» бейнесінің қалыптасуына сыртқы келбеттің, мінез-құлықтың қандай элементтері мүмкіндік береді?

Берілген жауаптар:

1. Физикалық күш көрсету, алкогольдік есіріктік күйі, дауыс көтеріп сөйлеу, тым белсенді қызығушылық, дөрекі сөйлеу, басқыншылықпен жұлқынып сөйлеу, аса зейінді көзқарас, қашықтықты белсенді қысқарту, жан-жаққа елеңдеп қарау, қиқарлық киім, дұшпандық мимика, шынтақтарын кең қою, түзетулі келбет.

2. Енжарлық, төмен қызығушылық, сылбыр түсініксіз сөз, бүкірлік, «жалпы сұрлық».

3. Зиялылық, сыпайылық, дұрыс сөз, орынды қызығушылық, ұстамды ымдау, жылы шырайлы ым мен ишарат, арақашықтықты сақтау, киім және жалпы келбеттің келістігі, сексуалдылық (белгілі жағдайлар үшін), түрлі камқорлық көріністері, риясыз көмек.

Ұсынылған сұрақтарға жауаптар алынған соң, қатысушыларға материалды бекітуге арналған бірнеше көрініс көрсету жүктелді. Көріністердің мазмұны төмендегідей:

1. Қараңғы түскен уақыт. Аялдама. Бір адам екінші адамға телефоннан қоңырау шалуды сұрау үшін жақындайды...

2. Қандай да бір ұйым. Маманның қабылдауына жазылу үшін бір клиент келеді. Бірақ оған келесі айда ғана жазылуға болады деген жауап береді...

3. Бірінші курс студенттерімен аудитория. Бірден "ортақ байланыс орнатуды" қалайтын жаңа оқытушы кіреді...

Әрбір көріністің (рөлдік ойынның) алдында жүргізуші оның қатысушыларына қандай да бір рөлде («жаудың», «жау еместің», «достың») болып көруін талап еттік. Рөлдер ойналып біткен соң шағын талдау жүргізілді. Тренинг барысында студенттер жаһандану заманының адамына қажетті

бейтаныс адамдарды тани алу, әрекеттесе білу сияқты сапаларды дамытты деп есептейміз.

Қалыптастырушы эксперимент барысында қолданылған тиімді әдістердің бірі пікіралмасу. Ендігі кезекте тәжірибелік жұмыс барысында өткізілген осы жұмыс түрінен мысал келтіре кетейік.

Пікіралмасу тақырыбы **«Мен барлығына жауаптымын».**

Оны ұйымдастыру үшін алдымен төмендегідей сұрақтар әзірленді:

1. Жауапты болуды сіз қалай түсінесіз?
2. Жауаптылықтың көрінісі қандай?
3. Қандай жауапкершілік алудан қорқасыз?
4. Жауапсыз адамдардан қоғамға зиян бар ма?

Пікірталас «жауаптылық» ұғымының мәнін ашудан басталды. Ақтаушылар және жақтаушылар болып бөлінген екі топ өз жауаптарын былайша білдірді. Жауаптылық - ол «өз ісіне жауап беру»; «тәрбиелі адамның белгісі»; «ең алдымен өзінің алдындағы ішкі жауапкершілігі» деген ойларын дәлелдеді.

Студенттер жауаптылықтың көрінісіне «ұятқа қалдырмау»; «өзіне де, өзгелерге де ілтипаттылық», «ақылдылық»; «даналықты»; «табыстылықты»; «мүқияттылықты» жатқызды.

«Сіз өзіңізге қандай жауапкершілік алудан қорқасыз?» деген сұраққа екі жақтың қатысушылары да «басқалардың өмірі үшін мойнына жауапкершілік алудан»; «туған туыстарының тағдыры үшін»; «жалпы адамдар үшін»; «қоғамдағы келеңсіздіктер үшін» сынды жауаптар беріп, оның белгілі бір дәрежеде «құрбандыққа бару» екендігі деген дәйектемелер келтірді.

«Жауапсыз адамдардан зиян бар ма?» сұрағына «ия» немесе «жоқ» жауабын беріп, ойлары мен пікірлерін қорғау тапсырылды. Соның нәтижесінде «жауапсыз адамдарға» - «өз сөзіне жауап бере алмайтындар»; «ақырының неге апаратынын ойламайтындар»; «маубастар»; «үндеместер»; «қой аузынан шөп алмайтын жуастар» деген сипаттамалар беріп, ондайлардың қоғам үшін пайдасынан зияны көбірек екендігіне нақты аргументтер келтірді.

Пікірталас соңы «Мен жауаптымын» сұрағына блиц жауаптар берумен жалғасып, «өзім үшін»; «отбасым үшін»; «жақындарым үшін»; «білім мен жұмысым үшін»; «айналамда болып жатқан үшін» деген жауаптар алынды.

Бұл педагогикалық әдіс студенттердің белсенділігін тудырып, «жауаптылық» сияқты ұғымның құрамаларын айқындауға, осы сапаны болашақ өз қызметімен байланыстыру тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік берді және оның барлық адамда болуға тиісті құзыреттілік екеніне көңіл бөлінді. «Жауапсыздықтың» салдарын ашып көрсету арқылы өз бойларында бұл қасиеттің болмауы үшін үнемі жұмыс жасап отырудың қажеттілігін сезінді. Біздің алдымызға қойылған міндет осылайша өз шешімін тапты.

Қалыптастырушы тәжірибеміздің барысында біз жаһандану жағдайына байланысты жаңа құзыреттіліктердің барлығына қатысты жұмыстар жүргізуге тырыстық. Енді эксперимент барысында элективті пән мазмұнында

жоспарланған мәдениаралық қарым – қатынас біліктеріне байланысты ұйымдастырылған *коучингтің* сипаттамасына тоқталамыз.

Коучинг студенттерді сабаққа психологиялық дайындаудан басталды. Ол үшін студенттерден ұлттық киімдерін киген әр ұлттың өкілдері бейнелеген суреттерді таңдап алу сұралып, олардың ерекше қасиеттерін, салттарын айтып беру, солардың атынан жақсы тілек айту тапсырылды. (5 минут).

Бұдан соң ой шақыру әрекеті бойынша «Мәдениаралық қарым – қатынас біліктері» туралы не білетіндері, қалай түсінетіндіктері жайлы ойлану, пікірлесу тапсырылды. Студенттер алдымен жеке, сосын жұпта, одан кейін топта жұмыс жасады. Әр топ атынан сөйлеген студент өздерінің қорытынды түйінді ойларын ұжым алдында ортаға салды. Оқытушы идеялардың қайталанбауын ескертті.

Теориялық материал (10 минут) презентация көрсету арқылы таныстырылды.

Топтық жұмыс (10 минут) студенттер үлестірме материалдардан «мәдениет адамы», «көпмәдениетті орта», «көпмәдениетті білім», «көпмәдениетті тәрбие», «толеранттылық» ұғымдарына байланысты ақпараттарды өз беттерінше оқып талдады. Түсініктерін кесте, суреттер арқылы бейнелеп көпшілік алдында қорғады.

Бұдан соң бейне жазбадағы әр түрлі дене қимылдарын жасау арқылы сергіту сәті жасалды (3 минут).

Топтық жұмыс (15 минут) таратылып берілген карточкалардағы жағдаятты тапсырмаларды оқып, олардың кейіпкерлерінің әрекетіндегі көпмәдениеттілік, толеранттылық, көптілділік, өз ана тілін білмеу сияқты жетістіктер мен кемшіліктер талданды, шағын пікіралмасу ұйымдастырылды. Студенттер «мәдениаралық қарым–қатынас білік» ұғымының мәнін ашып, кейбір түйткілді мәселелерді шешудің жолдарын өздері ұсынды.

Соңғы қорытынды рефлексияда (5 минут) студенттер таратылып берген стикерлерге «Мен не үйрендім?» «Маған сәттер қиындық туғызды?» «Менің айтар ұсынысым» деген сұрақтарға өз ойларын жазды.

Жүргізілген коучинг студенттердің жаһандық білім жағдайында қажетті мәдениаралық қарым – қатынас біліктілігінің мазмұнын, қызметін түсініп, өздерінің болашақ педагогикалық әрекеттерінде басшылыққа алуды меңгерді. Бірлесіп жұмыс жасау, бір-біріне құрмет көрсету, өзгеше пікірлерді қабылдай алу, ақпаратпен жұмыс жасау сияқты қасиеттерін дамытты.

«Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» тақырыбындағы элективті курстың жүргізілу барысында бақылау тобы студенттері жұмысымыздың алдыңғы бөлімінде сипатталған портфолио жүргізіп отырды. Студенттер портфолиосы олардың пәннің мазмұнына сай жинақтаған материалдарынан, өз шығармаларынан, дәріс, семинарларда дайындаған сызба, кестелерінен тұрды. Білімгерлердің пәнді оқу негізінде қол жеткен білімдік жетістіктерін бағалау үшін осы құрал таңдалып алынды. Портфолионы бағалауда оның құрылымына, студенттің ойлау дербестігіне, шығармашылық деңгейіне, сонымен қатар олардың өзін-өзі

сәйкесінше бағалау дағдыларына назар аударылды. Төменде пәнді жүргізу аясында жүргізілген студенттердің портфолиосын бағалау критерийін келтіріп отырмыз (кесте 11).

Кесте 11 - Студенттердің портфолиосын бағалау

Критерийлер	Қойылатын балл	Студенттің өз бағасы	Оқытушының түйіндемесі
Барлық бөлімдер қамтылған	2		
Өз тарапынан бөлім енгізген	5		
Портфолионы жинақтауда зерттеу әдістерін пайдалануы	10		
Портфолионы жинақтаудағы дербестік	10		
Материалдарды безендірудегі шығармашылық	8		
Портфолионың студент үшін пайдасы (қорытынды жасау)	10		
Материалдарға берілген пікірлер	5		
Студенттің ой-толғанысынан туған материалдар	10		
Портфолионы жариялау, қорғау (презентация)	10		
Барлық балл саны	70		

Жоғарыда сипатталған тәжірибелік - эксперименттік жұмыстардың қорытындысын шығару үшін 2.1 бөлімінде көрсетілген авторлық сауалнама мен тесттер бойынша қайта бақылаулар жүргізіліп, нәтижелер алынды. Енді қалыптастырушы эксперименттің қорытындыларына тоқталайық.

1. Авторлық сауалнаманың нәтижелері:


Тәжірибелік топтың нәтижелерінде біз авторлық сауалнаманың сұрақтарын талқылайық:

1- сұрақ бойынша студенттер «*Жаһанданудан тыс қалуға бола ма?*» деген сұраққа 74% «Ия» 9% «Жоқ» 17 % «білмеймін» деп жауап берді. Ал 2. «*Болашақ мұғалімдерге жаһандануға байланысты жаңа құзыреттіліктер болуы керек пе?*» - деген сауалға: 79% «Ия» десе, 7% «Жоқ». 14 % «білмеймін» Сауалнамамыздың нәтижесін одан әрі толықтыру барысында 3. «*Қазіргі адамдар арасындағы қарым-қатынаста жаһандану жағдайындағы құзыреттіліктер бар деп ойлайсыз ба?*» деген сұрақ берілген болатын. Оның нәтижесі. Сұраққа студенттердің 80%-ы «Ия», 5%-ы «Жоқ». 15 % «білмеймін» 4. «*Жаһандану жағдайына байланысты кәсіби құзыреттілікке болашақ мұғалімдер өз бетінше бейімделе ала ма?*» – деген сұраққа 70% «ия», 16% «жоқ», 14 % «білмеймін» - деп жауап берді. Студенттерден осындай нәтижелер алдық.

Кесте 12 - Студенттермен жүргізілген авторлық сауалнаманы қалыптастыру кестесі

Сауалнама сұрақтары	Ия	Жоқ	Білмеймін
Жаһанданудан тыс қалуға бола ма?	74%	9%	17%
Болашақ мұғалімдерге жаһандануға байланысты жаңа құзыреттіліктер болуы керек пе?	79%	7%	14%
Қазіргі адамдар арасындағы қарым-қатынаста жаһандану жағдайындағы құзыреттіліктер бар деп ойлайсыз ба?	80%	5%	15%
Жаһандану жағдайына байланысты кәсіби құзыреттілікке болашақ мұғалімдер өз бетінше бейімделе ала ма?	70%	16%	14%

Алынған нәтижелердің графикалық бейнесі төмендегі суретте келтіріліп отыр (сурет 9).



Сурет 9 - Студенттермен элективті курсынан кейінгі жүргізілген сауалнама нәтижесінің диаграммалық көрсеткіштері (сандық және % есебімен)

Дегенмен, әлі де болса студенттердің күрделі тақырыптарды кеңінен талдауға, өздігінен ізденіп, дербес шығармашылық жұмыспен айналысуға батыл қадамдарының болмауы арнайы берілген тапсырмаларды орындауда оқытушының көмегінсіз жұмыстар атқарудан бас тартулары студенттерді өз білімдері мен түсінігін тәжірибеде кеңінен қолдану қажет екенін аңғартты.

Бақылау топтарында алынған көрсеткіштер айқындаушы эксперименттің көрсеткіштерін қайталады. Сонымен тәжірибелік топтағы студенттерінің зерттеу мәселемізге сәйкес төмендегідей білім қалыптасқанын аңғардық:

- жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің мәні және оларды пайдалану бағыттары туралы білімі;

- алған білімді студенттердің жас және дербес ерекшеліктерін есепке ала отырып, педагогикалық, оқу-тәрбиелік және ғылыми-әдістемелік міндеттерді шешу үшін нақты жаһандану жағдайында педагогикалық жағдаяттарда қолдана білу;

- жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі негізінде білім беру мекемелерінің педагогикалық үдерісін құра білу;

- болашақ мұғалімдердің әртүрлі іс-әрекетін жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілік негізінде ұйымдастыру;
- шығармашылық жұмыспен айналысу дағдыларын меңгеру;
- жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі негізінде оқу-тәрбие жобаларын жасау және жүзеге асыру;
- инновациялық іс-әрекет түрлерімен шындалу дағдысы.


Осылайша, эксперименттік және бақылау топтарын салыстыра келіп, тәжірибелік топта оң өзгерістер динамикасы ұсынылған, бұл жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілік бойынша қалыптасқан білімдерінің деңгейі жоғары студенттер тобының пайда болғанын және зерттелетін сапаның төмен деңгейінде тұрған студенттер санының азаюын көрсетеді.

2.Т.И.Ильиннің «ЖОО–да білім алу мотивациясын зерттеу» әдістемесінің нәтижелері:

Кесте 13 – Т.И.Ильиннің ЖОО – да білім алу мотивациясын зерттеу әдістемесінің нәтижелері

Шкалалар	Тәжірибелі	Бақылау тобы	Тәжірибелік	Бақылау тобы
	к топ		топ	
	Қалыптастырушы экспериментке дейін		Қалыптастырушы эксперименттен кейін	
«Білім алу» шкаласы	9, 30%	10, 33%	14, 47%	11,37%
«Мамандықты игеру» шкаласы	8, 27%	8, 27%	13, 43%	10, 33%
«Диплом алу» шкаласы	13, 43%	12,40%	3,10%	9,30%
Барлығы	30, 100%	30, 100%	30, 100%	30, 100%

Болашақ мұғалімдердің ЖОО – да білім алу мотивациясының жағымды өзгергенін Мұндағы 1- қалыптастырушы экспериментке дейін, 2- қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелер кестеден байқаймыз.



Сурет 10 - Болашақ мұғалімдердің ЖОО-да білім алу мотивациясының динамикасы

Диаграммадан тәжірибелік топтың білім алуға мотивациялары (47%) және мамандықты игеру шкаласы бойынша нәтижелерінің жоғарылағанын байқаймыз. Аталған көрсеткіштердің сенімділігін анықтау үшін Спирменнің T-критериясын пайдаландық. Студенттердің білім алу мен мамандықты игеруге деген ниеттері тәжірибиелік және бақылау топтарының арасында байланыс маңызды емес ($t_{ЭМП} = 0,1$, $p \leq 0,05$) деңгейде. Бұдан болашақ мұғалімдерге оқуға деген мотивацияларын қалыптастыру бойынша жүргізілген тренингтік әдістердің оң нәтиже бергенін анықтадық. Тәжірибиелік топтың экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі көрсеткіштерінің арасындағы байланыс χ^2 – Пирсонның ($\chi^2_{ЭМП} = 8.771$, $p=0,05$) критериясы арқылы анықталды.

3.Өзіндік даму деңгейін анықтау диагностикасының нәтижелері

Сауалнама жұмыстарының нәтижесінде біз болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілік бойынша білімдердің қалыптасқанын байқаймыз. Берілген сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің 80%-на жоғары дұрыс жауаптар берді.


Әдістемелердің нәтижелері:

Кесте 14 - Өзіндік даму деңгейін анықтау тестінің нәтижелері

Өзіндік даму деңгейін анықтау тесті		Тәжірибелік топ	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы
		Қалыптастырушы экспериментке дейін		Қалыптастырушы эксперименттен кейін	
Өзіндік даму деңгейлері	Төмен	12, 40%	13,43%	3, 10%	12, 40%
	Орташа	9, 30%	10, 33%	11,37%	12,40%
	Жоғары	9, 30%	7, 24%	16, 53%	6, 20%

Болашақ мұғалімдердің өзіндік даму динамикаларын диаграммадан көрейік:

Мұндағы 1-қалыптастырушы экспериментке дейін, 2-қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелер.



Сурет 11 – Болашақ мұғалімдердің өзіндік даму динамикасы

Қалыптастырушы эксперименттің нәтижесінде тәжірибелік топ көрсеткіштерінің пайыздық үлесінің жоғарылағанын байқадық. Енді студенттердің өздерін дамыту бойынша мақсатты белсенділік танытулары, өзіндік ізденістерінің жоғарылауы болашақ мұғалімдердің болашақта жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттіліктерін сәйкестендіріп, қоғам талабына сай жауап береді деген сенімді байқадық.

4.«Өзіңіздің шығармашылық әлеуетіңізге баға беріңіз» атты әдістеменің нәтижелері:


Тәжірибелік топ студенттерінің бойында шығармашылық қабілеттерін бағалауы эксперименттік топқа дейін 38%-ды құраса, эксперименттен кейін 53% - ды құрады. Бұдан студенттердің бойындағы шығармашылық әлеуеттің мүмкіндіктерінің арасындағы барьерлерін жеңгенін анықтадық.

5.«Дж.Роттер бойынша бағалау локусын зерттеу» әдістемесінің нәтижелері:

Кесте 15 - «Дж.Роттер бойынша бағалау локусын зерттеу» әдістемесінің нәтижелері

Дж.Роттер бойынша бағалау локусын зерттеу	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы
	Қалыптастырушы экспериментке дейін		Қалыптастырушы эксперименттен кейін	
Экстерналдар	12, 40%	14, 47%	19, 63%	15,50%
Интерналдар	18, 60%	16, 53%	11, 37%	15, 50%

Мұндағы 1-қалыптастырушы экспериментке дейін, 2-қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелер.




Сурет 12 - Болашақ мұғалімдердің бағалау локусы бойынша динамикасы

Қалыптастырушы эксперименттен соң экстерналдардың саны өскенін байқаймыз. Сонымен, кәсіби құзыреттіліктің компоненттеріне сәйкес әдістемелердің нәтижесінде біз келесіні анықтадық:


Кесте 16 - Кәсіби құзыреттіліктің компоненттеріне сәйкес әдістемелердің нәтижесі

Компоненттері	Деңгейлері	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы
		Қалыптастырушы экспериментке дейін		Қалыптастырушы эксперименттен кейін	
Мотивациялық	Төмен	12,40%	13,43%	8,27%	12,40%
	Орташа	9,30%	8,27%	12,40%	10,33%
	Жоғары	9,30%	9,30%	10,33%	8,27%
Танымдық	Төмен	11,37%	10,33%	6,20%	9,30%
	Орташа	12,40%	12,40%	11,37%	11,37%
	Жоғары	7,23%	8,27%	13,43%	10,33%
Іс-әрекеттік	Төмен	11,37%	12,33%	7,24%	10,33%
	Орташа	11,37%	11,37%	13,43%	12,40%
	Жоғары	8,27%	7,27%	10,33%	8,27%



Сурет 13 - Қалыптастырушы экспериментке дейінгі нәтижелер

Мұндағы 1-Мотивациялық, 2-танымдық, 3-іс-әрекеттік компоненттер Қалыптастырушы экспериментке дейінгі бақылау және тәжірибелік топтардың компоненттері бойынша көрсеткіштерінің арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ.



Сурет 14 – Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі бақылау және тәжірибелік топ көрсеткіштерінің нәтижелері

Мұндағы 1-Мотивациялық, 2-танымдық, 3-іс-әрекеттік компоненттер. Қалыптастырушы эксперименттен кейін тәжірибелік топтың компоненттері бойынша көрсеткіштерінің жоғарылағанын диаграммадан байқаймыз.

Студенттердің жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда өз бетінше берілген тапсырмалар бойынша орындалған жұмыстар нәтижелері, түрлі тақырыптарда өткізілген пікірталастар, әңгімелер мазмұны олардың кәсіби құзыреттілігінің деңгейін өзгерісін байқатты.

Қорыта айтқанда, тәжірибелі - эксперименттік жұмыстың жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру мәселесіне қатысты теориялық білімдерін, іскерлік дағдысын арттырудағы мүмкіндігінің зор екендігіне көз жеткіздік. Бұл зерттеу жұмысының алға қойған мақсаттарының орындалғанын, зерттеудің ғылыми болжамының дәлелденгендігін көрсетеді.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Екінші бөлім бойынша жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында айқындаушы эксперимент нәтижелелері талданып, жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мазмұны анықталды.

Оқу пәні мазмұнын анықтауға қойылатын талаптар жүйеленіп, «5В010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша элективті курстың негізгі мақсаты талданды.

Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін оқыту мақсаттары мен міндеттерінің мәні нақтыланды. Болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне қатысты теориялық білімдерін, іскерлік дағдысын арттырудың әдістемелік жүйесінің компоненттері анықталды.

Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздеріне бағытталған элективті курс мазмұнын іріктеуде негізгі рөл келесі ұстанымдардан алынды: гуманистік, көпмәдениеттілік; мәдениетке сәйкестік; субъектілік.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жаһандану жағдайында қалыптастыру мақсатында «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» әдістемесі элективті курс мазмұны анықталды.

Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың формалары, құралдары мен әдістері анықталды.

Тәжірибелік-педагогикалық эксперименттік зерттеу жұмысының қалыптастыру кезеңі мен бақылау кезеңінің ұйымдастырылуы, мақсат, міндеттері нәтижелері туралы кеңінен баяндалды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында қолданылған технологиялар (педагогикалық, психологиялық, акпараттық - коммуникациялық), арнайы тренингтер мен әдістер болашақ мұғалімдердің білімдегі жаһандық үдерістер жағдайына дайындығының тиімділігі, білімдегі ғаламдық өзгерістер жағдайындағы кәсіби құзыреттіліктерге қол жеткізудің теориясы мен практикасын меңгеруге ықпал етті, студенттердің жаһандану жағдайындағы педагогикалық қызметтеріне қажетті құзыреттіліктерін қалыптастыруға негіз болатын әлеуеті тәжірибеде тексерілді.

Эксперимент барысында тәуелсіз және тәуелді зерттеу жұмысын айқындау үшін теориялық, эмпирикалық, сауалнамалы-диагностикалық, эксперименттік, математикалық және статистика әдістері пайдаланылды.

Жүргізілген тәжірибелік жұмыс нәтижелерін талдау арқылы біз ұсынған әдістемелік жүйе, жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ғылыми болжамның дұрыстығы жүйелі жүргізілген тәжірибелік эксперимент жұмысы нәтижесінде дәлелденді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеуімізді қорыта келе, мәселенің оң шешімінің табылуы Қазақстанның таяу болашақта бәсекеге қабілетті ел ретінде қалыптасуының қажетті және міндетті алғышарттары болып табылады деген тұжырым жасаймыз.

Осындай аса маңызды мәселеге қатысты жүргізілген зерттеу барысында төмендегідей нәтижелер алынды.

1.Болашақ мұғалімдердің жаһанданудың - жалпы саяси экономикалық, басқа да әлемдік дамудың алдағы кезеңі, өндірістік дамудың жоғары сатысы, ұлттардың, мемлекеттердің, технологиялардың, нарықтың бірігуі, әр текті әлемнің біртұтастыққа айналуына байланысты өзгерістердің жиынтығы екендігі және оның түбегейлі жаңа нәрсе ретінде жаһандық мәселелерді шешуге бағытталатындығы жайлы теориялық білімдер жинақтаулары, пайымдай білулері қажет ететіндігі дәлелденді.

2.Жұмыста жаһанданудың қоғамдарды және мәдениеттерді қайта жасақтаудағы, өзгеріс уақыттың үлкен талабы екендігі дәйектеліп, оның ішінде білім беруге әсер етіп отырғандығы негізделді. Себебі жақсы білім алып, басқа елдермен бәсекелестікке қабілетті болу үшін адам капиталының рөлі үлкен. Қазақстандағы білім саласындағы жасалған реформалар еліміздің әлемдік білім кеңістігіне ену қажеттілігінен туындап отырғаны белгілі. Зерттеуде жаһанданудың табиғаты және жаһандану мен білім беру арасындағы байланыс сараланды.

3. Білімдегі бұл үдеріс жаһандық ауқымда ойлап, жергілікті ауқымда жұмыс істейтін тұлғаны, жалпы адамзаттық, демократиялық, гуманистік құндылықтар негізіндегі өзара түсінушілікке негізделген келешек өскелең ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған педагогикалық үдеріс екендігіне көз жеткізілді

4.Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі: пәніне қатысты жаһандық мәселелерге бағыттала алу білімдері, мәдениаралық қарым-қатынас (оқушыларын көпмәдениетті ортада өмір сүруге дайындау біліктері), 3) ақпараттық біліктері (оқушыларды әлемдік ақпараттарды, әртүрлі көзқарастарды талдауға үйрететін педагогикалық біліктері), 4) жергілікті және ғаламдық жауапкершілікке қатысты қабілеттерінен (жастардың бойында өзінің, отбасының, айналасының, жалпы қоғамның алдындағы жауапкершілікті қалыптастыру қабілеттері) тұратын, өзгеріп жатқан әлемнің білім беру кеңістігінде танымның әмбебап тәсілдерін жүзеге асыруда, іс-әрекеті мен тәжірибесіне қажетті педагогтың дайындығының кіріктірілген күрделі сапасы деген анықтама беріліп, негізделді.

5. Жаһандану жағдайындағы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің моделі әдіснамалық негіздері айқындалған, өлшемдері мен көрсеткіштері, қалыптасу деңгейлері анықталған, әдістемелік жолдары негізделген мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттердің

бірлігін құрайтын жүйе ретінде тәжірибеде сынақтан өткізіліп, тиімділігі дәлелденді.

6. «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» атты элективті курстың мазмұны болашақ мұғалімдердің жаһандану үдерісі жайлы жалпы білімдерін арттырып, білімдегі ғаламдық өзгерістер жағдайындағы кәсіби құзыреттіліктерге қол жеткізудің теориясы мен практикасын меңгеруге ықпал етті, студенттердің жаһандану жағдайындағы педагогикалық қызметтеріне қажетті құзыреттіліктерін қалыптастыруға негіз болатын әлеуеті тәжірибеде тексерілді.

7. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында қолданылған технологиялар (педагогикалық, психологиялық, акпараттық - коммуникациялық), арнайы тренингтер мен әдістер болашақ мұғалімдердің білімдегі жаһандық үдерістер жағдайына дайындығының тиімділігін арттыруға ықпал етті. Зерттеу нәтижелері студенттердің белсенді танымдық, шығармашылық әрекет жағдайында болуына, субъектілігін дамытуға жағдай жасалғандығын көрсетті.

Қоғамдағы қарқынды интеграциялық өзгерістерді есепке ала отырып, жоғары оқу орындарындағы болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайындағы кәсіби құзыреттілігінің қалыптастыру мәселесіне арналған зерттеу жұмысын қорытындылай келе, төмендегідей **ұсыныстар** жасалады:

1. Әлемдегі қазіргі жағдайларға байланысты жаһандық білім берудің мазмұнын түсініп, оған болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін сәйкестендіруді маңызды мәселе деп танып, болашақ педагогикалық мамандарды дайындау ісін жаһандық идеяларға бағыттаудың ғылымы мен тәжірибелік жүйесін дамытуды кеңінен қолға алу.

2. Оқытылатын оқу пәндерінің ерекшелігіне сай жаһандану аспектілері нақтыландырған қосымша элективті курстар мен модульдерді және технологияларды пайдалану.

3. Болашақ мұғалімдерге жаһандық ойлауды, заманауи әлемде қажетті кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға байланысты ғылыми зерттеулер, жобалық ізденістер жүргізуді қолға алу.

4. Болашақ мұғалімдердің жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үдерісінде өзін - өзі дамытуына, шығармашылықтарын жетілдіруге ықпал ететін іс-шараларға қатыстыру. Бұл мақсатта оқу орындарының, білім мекемелерінің әлеуетін толық пайдалану.

Болашақ мұғалімдердің жаһандану жағдайына байланысты кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру өте ауқымды, күрделі мәселе. Сонымен қатар алғаш рет зерттеліп отырғандықтан оның барлық қырларын бір ғылыми жұмыста қамту мүмкін емес. Болашақта бұл бағыттағы ізденістер болашақта педагогтарды дайындауда интеграциялық үдерістерді жетілдіру, ғаламдық азаматтар тәрбиелеудің психологиялық астарларын зерттеу тұрғысында өзінің жалғасын табуы тиіс деп санаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ҚР Президенті – Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қараша Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы.
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадам» бағдарламасында //http://bnews.kz/kk/news/post/267946/
- 3 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2007.
- 4 Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2011.
- 5 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. №319 -III ҚРЗ. – Астана: Ақорда, 2007, шілде - 27.
- 6 Қазақстан Республикасының «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты бекіту туралы» №1080 бұйрығы. -2012, тамыз - 23.
- 7 Global Education Guidelines: A Handbook for Educators to Understand and Implement Global Education / ed.Miguel Carvalho da Silva. The North-South Centre of the Council of Europe. Lisbon, 2008. – P. 20 //http://lib.iitta.gov.ua/2315/1/.pdf.
- 8 Авшенюк Н.Н. Подготовка педагогов к профессиональной деятельности в условиях транснационального высшего образования: зарубежный опыт // http://lib.iitta.gov.ua/2320/1/.pdf
- 9 Devlin-Foltz D., McIlvaine S. Teacher Preparation for the Global Age: the Imperative for Change. - Longview Foundation for Education in World Affairs and International Understanding, 2008. - 40 p.
- 10 Brown D., Prieswerk D. M., Sand I., Stocco A. Young Meeting Teachers' Global Education Resource Needs with Strategies and Supports. - Ontario: Council for International Cooperation, 2005. - 37 p. // http://lib.iitta.gov.ua/2315/1/.pdf.
- 11 Алексашина И.Ю. Глобальное образование: идеи, концепции, перспективы. – СПб., 1995. – 144 с. //http://www.dissercat.com/content/formirovanie-globalnoi-kompetentnosti-budushchego-uchitelya-
- 12 Кукушкин В.С. Общие основы педагогики. - М.: Ростов-на-Дону, 2006. - 224 с.
- 13 Устинова Е.С. Устинова Е.С. Роль и место парафраза в формировании коммуникативной компетенции у студентов языкового вуза. Иностранные языки в высшей школе. - Рязань, 2012. - №1(20) – 23 с.
- 14 Шайдуллина Г.Ф. Формирование глобальной компетентности будущего учителя начальных классов: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.08. – Бирск, 2006. //http://www.dissercat.com/content/formirovanie-globalnoi-kompetentnosti-budushchego-uchitelya-nachalnykh
- 15 Архангельский С.И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы. - М.: Высш. Школа, 1980. - 368 с.

- 16 Вербицкий А.А., Бакшаева Н.А. Психология мотивации студентов: учебное пособие. - М.: Издательство - Логос, 2006. - 184 с.
- 17 Слостенин В.А. Педагогика творчества // Советская педагогика. - 1991. - №1. - С. 147-149.
- 18 Бабанский Ю. К. Оптимизация учебно - воспитательного процесса: методические основы. - М.: Просвещение, 1982. -192 с.
- 19 Кузьмина Н.В. Предмет акмеологии. -СПб.: Политехника, 2002. -189 с.
- 20 Сериков В.В. Образование и личность. Теория и практика проектирования педагогических систем. - М.: Издательская корпорация Логос, 1999. - 272 с.
- 21 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. - Алматы, 1998. - 320 с.
- 22 Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. - Түркістан, 2006. - 312 б.
- 23 Беркимбаев К.М. Болашақ экология мамандарын кәсіби даярлаудағы информатикалық пәндерді оқыту үрдісінің педагогикалық жүйесі: пед. ғыл. док. ... дис. - Түркістан, 2006. - 283 б.
- 24 Әбдіғалпбарова Ұ.М. Оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек өнерін пайдалануға студенттерді даярлау: пед. ғыл. док. ... автореф. - Алматы, 1998. - 23 б.
- 25 Жарықбаев Қ. Жалпы психология. -5-ші бас. өңделіп. - Алматы: Эверо, 2004. - 378 б.
- 26 Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. - 2 изд. - Алматы: Казак университет, 2009. - 308 с.
- 27 Перленбетов М.Ә. Тұлға қасиеттері мен психикалық процестердің байланысы: психол. ғыл. док. ... автореф: 19.00.01. - Алматы, 2010. - 39 б.
- 28 Жиенбаева Н.Б. Коммуникативная парадигма современного образования. - Алматы, 2012. - 43 с.
- 29 Ерментаева А.Р. Студенттерді психологиялық дайындаудың негіздері. - Өскемен, 2007. - 37 б.
- 30 Намазбаева Ж.И. Жалпы психология. - Алматы, 2005. - 293 б.
- 31 Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. - Алматы: Полиграфия-сервис К°, 2012. - 316 б.
- 32 Абсатова М.А. Теоретико-методологические основы формирования поликультурной компетентности старшеклассников: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. - Алматы, 2009. - 38 с.
- 33 Қурманалина Ш.Х. Дидактические основы совершенствования профессиональной подготовки учителей начальных классов в условиях педколледжа. - Алматы, 1995. - 188 с.
- 34 Кудайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамалық және ғылыми- теориялық негіздері. - Алматы, 2008. - 328 б.
- 35 Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың

кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед. ғыл. док. ...: дис. 13.00.08. - Қарағанды, 2005. - 267 б.

36 Меңлібекова Г.Ж. Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың кәсіби –дидактикалық құзіреттілігін қалыптастырудың ғылыми - педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. ... автореф. - Астана, 2003. - 50 б.

37 Қасқатаева Б. Р. Болашақ математика мұғалімінің кәсіби дайындауда оның әдістемелік құзырлылығын қалыптастыру. пед. ғыл. док. ... автореф. 13.00.08. - Алматы, 2009. – 50 б.

38 Семёнов М.В. Педагогические условия формирования профессиональной компетентности будущих педагогов в вузе: автореф. ... док. пед. наук. - Караганда, 2005. - 28 с.

39 Ферхо С.И. Формирование профессиональной компетентности учителей по использованию электронных учебных изданий в процессе обучения: автореф. ... канд. пед. наук. - Алматы, 2004. - 24 с.

40 Теодор Левитт. Глобализация рынков (Globalization of Markets). - Harvard Business Review, 1983. // <https://hbr.org/1983/05/the-globalization-of-markets>

41 Теодор Левитт: маркетинговая лизорукость // <http://jkpersyblog.com/>

42 Арыстанбекова А.Х. Глобализация. – Алматы: Дайк. - Пресс, 2007. – 304 с.

43 Синагатуллин И.М. Роль глобализации и языка международного общения в решении актуальных вопросов нового времени // Иностранные языки в школе. - 2003. - №6. - С.13.

44 Фридман Т. Педагогический опыт глазами психолога. - М.: Педагогика, 1997.- 224 с.

45 Кефели И.Ф. Глобализм на перекрестке мнений // Социально-гуманитарные знания. - 2003. - №2. - С. 1-3.

46 Скотт П. Глобализация и университет // Alma Mater. - 2000. -№4. - С. 3-8.

47 Мацуура Коитиро. Глобализация – это также культурный процесс // Международная жизнь.- 2000. - №8-9. - С. 25-32.

48 Аверьянов Ю.И. Политология: Энциклопедический словарь / общ. ред. и сост: - М.: Московский коммерческий университет, 1993. - 431с.

49 Зарецкая С. Л. Глобализация и образование - М.: ИНИОН, 2001. - 69 с.

50 Делятин И.А., Григорьев В.П. Культура языка и языковая политика // Русская речь. -1990. - №1. - С. 70-76.

51 Пядышев Б. Глобализация и Россия (круглый стол) //Мировая экономика и международные отношения. -2002. -№9. – С. 5-25.

52 Родионова И.А. Глобальные проблемы человечества. – М., 1993. – 87с.

53 Чешков М.А. Глобальное видение и новая наука. – М.: Наука, 1998. - 187 с.

54 Оразбаева К.О. Ұлттық құндылықтар – педагогтің жаһандану

құзыреттілігінің негізі ретінде // С. Торайғыров атындағы «Мәшһүр Жүсіп - әлемдік Ғаламат»: халықаралық ғылыми-практикалық конф. матер. - Павлодар, 2013. - Б. 229-231.

55 Оразбаева К.О. Жаһандану – педагогика ғылымының даму факторы ретінде // Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы». - Алматы, 2013. - №3.(39). - Б. 191-195.

56 Зарецкая С.Л. Международная составляющая современного высшего образования. Глобализация и образование. - М.: ИНИОН, 2001. - 38 с.

57 Кукушкин В.С. Общие основы педагогики. - М.: Ростов-на-Дону, 2006. - 224 с.

58 Фурсов А. Мир на рубеже столетий // Культура. - 2002. - №11. - С.4.

59 Программа «Культура мира» ЮНЕСКО. - 1994. // <http://grani.agniage.net/articles/unesco.htm>

60 Степин В.С., Семигин Г.Ю. Новая философская энциклопедия // В 4 т. - М.: Мысль, 2010. - Т.1. - 533 с. // <http://ponjatija.ru/node/8211>

61 Синагатуллин И.М. Роль глобализации и языка международного общения в решении актуальных вопросов нового времени // Иностранные языки в школе. - 2003. - №6. - С. 8-13.

62 Кукушкин В.С. Общие основы педагогики. - М.: Ростов-на-Дону, 2006. - 224 с.

63 Лысенко В. Философию и практику глобального образования – российской школе // Народное образование. – 1994. - № 9-10. - С. 10-16.

64 Устав Организации Объединенных наций по вопросам образования, науки и культуры. Ассоциированные школы ЮНЕСКО и международное образование. - М.: Этносфера, 2004. - С. 21-24.

65 Мацуура Коитиро. Глобализация – это также культурный процесс // Международная жизнь. - 2000. - №9. – С. 27-32.

66 Armenakis A.A., Harris S.G. Crafting a change message to create transformational readiness // Journal of Organizational Change Management. - 2002. - Vol. 15, №2. - P. 169 -183.

67 Шевченко Е.В. Термины международного академического сотрудничества // <http://www.prof>.

68 Дроздова Г.Г. Идеи глобального образования в школе Чувашской Республики./Республиканский центр псих-пед. помощи детям. - Чебоксары, 1995. - С. 62-71.

69 Cropley A. J. Global Learning. The International Encyclopedia of Education. Supplementary Issue. - N-Y: Pergamon, 1989. - P. 384-387.

70 Щевелева Г.М. Образовательное пространство. Современный взгляд. подходы к формированию. - Воронеж, 2001. - 104 с.

71 Лысенко В. Философию и практику глобального образования – российской школе // Народное образование. - 1994. - №9-10. – С. 10-16.

72 Hanvey R. An Attainable Global Perspective. - New York: The American Forum for Global Education, 1976. - 160 p.

- 73 Вернадский В.И. Философские мысли натуралиста. - М.: Наука, 1989. – 520 с.
- 74 Hanvey R. An Attainable Global Perspective. - New York: The American Forum for Global Education, 1976. - 160 p.
- 75 Савельев А. НОВЫЙ ВЫЗОВ // Высшее образование в России. - 2002. - №1. – 112 с.
- 76 Hanvey R. An Attainable Global Perspective. - New York: The American Forum for Global Education, 1976. - 160 p.
- 77 Глобализм как феномен и мировоззрение // Мир психологии. – 1999. - №3.- С. 21-24.
- 78 Lamy S.L. Global Education: A Conflict of Images. Global Education: From Thought to Action. Yearbook of the Assoc. For Supervision a. Curriculum Development / ed. by K. A. Tey. Alexandria (Va). - ASCD, 1991. - P. 55-62.
- 79 Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века (В поисках практико-ориентированных образовательных концепций). - М.: Совершенство, 1998. - 608 с.
- 80 Лиферов А.П. Глобальное образование – путь к интеграции мирового образовательного пространства. – М.: Педагогический поиск, 1997. – 108 с.
- 81 Тоффлер Э. Шок будущего / пер.с англ. -М.: ООО Издательство АСТ, 2002. – Т.50.- 557 с. //http://yanko.lib.ru/books/cultur/toffler-future_shock-ru-1.pdf
- 82 Френе С. Избранные педагогические сочинения. - М.: Прогресс, 1990. – 296 с. //http://www.dolit.net/author/4250/ebook/12183/frene_selesten/izbrannyye pedagogicheskie_sochineniya/read
- 83 Лиферов А.П. Глобальное образование – путь к интеграции мирового образовательного пространства. – М.: Педагогический поиск, 1997. - С. 6-7.
- 84 Hanvey R. An Attainable Global Perspective. -New York: The American Forum for Global Education, 1976. – 160 p.
- 85 Hanvey R. An Attainable Global Perspective. -New York: The American Forum for Global Education, 1976. – 160 p.
- 86 Оразбаева К.О. Жаһандану жағдайында сапалы педагог мамандар даярлау мәселесі // С.Торайғыров атындағы ПМУ Хабаршы. - Павлодар, 2013. - Б. 173-179.
- 87 Мацуура Коитиро. Глобализация – это также культурный процесс // Международная жизнь. -2000. - №9. - С. 27-32.
- 88 Orazbayeva K.O. The usage of materials of national pedagogy in the formation of pedagogues' global competence // Leadership international Conference “Leadership in Education, Business and Culture”. – Almaty:Seattle, 2014. - P. 93-95.
- 89 Servet Özdemir Prof.Dr. “Eğitimde örgütsel yenileşme” Geliştirilmiş Ekim. - Ankara, 2013. –Baskı 7. - 201 p.
- 90 Хомский Н. Синтаксические структуры // Новое в лингвистике. - М., 1962. - Вып. 1. //http://www.twirpx.com/file/99996/
- 91 Философский энциклопедический словарь. - М.: Прогресс, 1975. – 300 с.

- 92 Дахин А.Н. Компетенция и компетентность: сколько их у школьника? // Народное образование. -2004. - №45. - 136 с.
- 93 Философиялық сөздік. Қазақ энциклопедиясы. /Бас редакциясы. Алматы, -1993. - 356 б.
- 94 Оразбаева К.О. Педагог мамандардың жаһандық құзыреттілігін қалыптастырудың кейбір мәселелері // «ЖОО-нан кейінгі білім беру жағдайындағы ғылыми-педагогикалық әлеуетін дайындаудың өзекті мәселелері» : Абай атындағы ҚазҰПУ ғылыми-тәжірибелік конф. матер. - Алматы, 2012. – Б. 263-268.
- 95 Арцишевская Е.И., Кабардов М.К. Типы языковых и коммуникативных способностей и компетенций // Вопросы психологии.- 1996. - №1. - С. 34-49.
- 96 Холодная Н.А. Психология интеллекта. – Томск, 1992. – 345 с.
- 97 Митина Л.М. Личностное и профессиональное развития человека в новых социально-экономических условиях // Вопросы психологии. -1997. - №4. - 122 с.
- 98 Присяжная А.Ф. Профессионально-личностное становление и развитие педагога на основе формирования прогностической компетентности: учебное пособие. – Челябинск: Челябинский ГПИ, 2005. - 110 с.
- 99 Рыжков М.В. Ключевые компетенции: возможности применения // Стандарты и мониторинг в образовании. -1999. - №4. - С. 21-22.
- 100 Милорадова Н.Г., Ишков А.Д. Формирование мотивационной компетентности // Гуманитарное сознание: проблемы, поиски, перспективы. - М.: МГСУ, 2008. - С. 137-142.
- 101 Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды // В 2 т. - М.: Педагогика, 1980. - №2. - 228 с.
- 102 Менлибекова Г.Ж. Социальная компетентность, сущность, структура, содержание // Высшая школа Казахстана. -2001. - №4-5. - С.153-159.
- 103 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. -2003. - №5. - С. 34-42.
- 104 Durand T. Strategizing innovation: competence analysis in assessing strategic change. In A. Heene & R. Sanchez (eds) Competence-Based Strategic Management. -Chichester: Wiley, 1997.
- 105 Кәсіптік білімдегі тұлға құзырлылығы // Журнал "Жасstar". - Көкшетау, 2011. - №2 (28) // <http://zhuldyz.kz/?type=magazine&iid=31&aid=774>
- 106 Кордуэлл М. Психология. А-Я: Словарь – справочник / пер. с англ. К.С. Ткаченко. – М.: ФАИР –ПРЕСС, 2000. - 448 с.
- 107 Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. – Алматы, 2007. - 67 б.
- 108 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту - Алматы, 2005. - 208 б.
- 109 Ниязова Г.Ж. Ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану - кәсіптік білім мамандығы студенттерінің кәсіби құзырлылығын

калыптастырудың маңызды элементі: дис. ... пед. ғыл. канд. - Алматы, 2008. - 121 б.

110 Менлибекова Г.Ж. Социальная компетентность, сущность, структура, содержание // Высшая школа Казахстана. - 2001. - №4-5. - С.153-159.

111 Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь для студентов высших и средних педагогических учебных заведений. - М., 2001. - 283 с.

112 Халитова И.Р. Жоғары мектеп педагогикасы. - Алматы, 2012. - 157 б.

113 Шамуратова Қ.Ш. Педагогтердің кәсіби құзыреттіліктері құрылымының кейбір ерекшеліктері // <https://infourok.ru>

114 Гришин Э.А. Теория и практика профессионально-этической подготовки учителя. - М.: МГПИ, 1979. - 98 с.

115 Муравьев Е.М. Компетентностный подход как одно из оснований обновления образования // Народное образование. - 2003. - №5. - С. 55-64.

116 Никандров Н.Д. Современная высшая школа капиталистических стран. - М., 1978. - 195 с.

117 Слостенин В.А., Исаев И.Ф., Мищенко А.И., Шиянов Г.А. Педагогика: учебное пособие. - М., 1997. - 354 с.

118 Оразбаева К.О. Научно-теоретический анализ формирования глобальной компетентности педагога XXI века // «Проблемы и перспективы развития образования»: материалы VI Международная научная конференция. - Пермь, 2015. - С. 9-13.

119 Fessler D. M. Home education regulations: What parents need to know about Ohio home education regulations. - Cassidy & Nells Pub. Dayton, OH, 2008. // <http://www.bologna-center.com/ru/node/711>

120 Веснин В.Р. Практический менеджмент: пособие по кадровой работе. - М., 1998. - 59 с.

121 Гарбер Е.И., Козача В.В. Методика профессиографии. - Саратов, 1992. // <http://www.google.ru/#newwindow=1&q=%D0%95>.

122 Маркова А.К. Психология профессионализма. Международный гуманитарный фонд. - М.: Знание, 1996. - 312 с.

123 Ларионова Г.А. Компетенции в профессиональной подготовке студентов вуза. - Челябинск, 2004. - 186 с.

124 Гришин Э.А. Теория и практика профессионально - этической подготовки учителя. - М.: МГПИ, 1979. - 98 с.

125 Павлутенков Е.М. Управление профориентацией в общеобразовательной школе. - Владивосток, 1990. - 176 с.

126 Ненашева Л.А. Методы формирования профессиональной мотивации (на примере педагогических специальностей). - М.: НИИВШ, 1990. - 214 с.

127 Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды. - М.: Педагогика, 1989. - 560 с.

- 128 Дяченко М.И., Кандыбович А.А. Психология высшей школы. - Минск:Изд.БГУ, 1981.- 383 с.
- 129 Тутолмин А.В. Становление и развитие творческой компетентности будущего учителя (на основе системного подхода): автореф. ... док. пед. наук: 13.00.08. - Чебоксары, 2009. - 14 с.
- 130 Перцева О.Ю. Формирование профессиональной компетентности будущих учителей технологии и предпринимательства: автореф. ... док. пед. наук. - Новокузнецк, 2007.- 25 с.
- 131 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. - Алматы, 1998. - 320 с.
- 132 Намазбаева Ж.И. Жалпы психология. – Алматы, 2005.- 293 б.
- 133 Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. – Астана, 2001.-275 б.
- 134 Жанбубекова М.З. Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. ... автореф.: 13.00.01. – Алматы, 2010. - 48 б.
- 135 Қазақстан Республикасының 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы // <http://www.google.ru/#newwindow=1&q=12>
- 136 Укке Ю.В., Кан-Калик В.А. Управление формированием личности специалиста с высшим образованием. - М.: НИИВШ, 1985. - 44 с.
- 137 Әбішев Қ., Әбжанов Т. Философия тарихындағы таным теориясы мен методология проблемасы. – Алматы: Ғылым, 1990. - 188 б.
- 138 Философиялық сөздік. Қазақ энциклопедиясы. - Алматы, 1996. -300 б.
- 139 Delor J. Learning: The Treasure Within. - Paris: Unesco, 1996 – 78 p.
- 140 Кручинина Г.А. Формирование системной готовности технологий обучения в индивидуально-творческой подготовке//Личность: развитие и реализация в творчестве. - Курск, 1996. - 340 с.
- 141 Kissock C. Cushner K., Brennan S. Intercultural Student teaching: Bridge to Global Competence. - Rowman & Littlefield Education: Lanham, 2007. - 246 p.
- 142 Orazbayeva K.O. Scientific and theoretical analysis of the issue of teachers' global competence formation // Life Science Journal. - 2013. -Vol. 10, №12. - P. 266 - 270.
- 143 Devlin-Foltz B., McIlvaine S. Teacher Preparation for the Global Age: the Imperative for Change. - Longview Foundation for Education in World Affairs and International Understanding, 2008. - 40 p.
- 144 Шайдуллина Г.Ф. Формирование глобальной компетентности будущего учителя начальных классов: автореф. ... канд.пед.наук: 13.00.08 // <http://www.dissercat.com/content/formirovanie-globalnoi-kompetentnosti-budushchego-uchitelya-nachalnykh>
- 145 Галиева З.Т. Формирование глобальной компетентности у учащихся начальной школы // Школа. Вуз. Наука: Материалы конференции аспирантов и студентов. – Бирск, 2002. - С. 61-63.
- 146 Hutmacher Walo. Key competencies for Europe //Report of the Symposium. - Secondary Education for EuropeStsburg, 1997. - P. 27.

[//http://www.google.ru/#newwindow=1&q=%D0%93.%D0%A5%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%B6+\(G.+Halasz\)+](http://www.google.ru/#newwindow=1&q=%D0%93.%D0%A5%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%B6+(G.+Halasz)+)

147 Оразбаева К.О. Педагог мамандардың жаһандық құзырттілігін қалыптастырудың теориялық тұстары // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. - 2014. - №1(41). - Б. 82-85.

148 Baker G.C. Planning and Organizing for Multicultural Instruction. Addison. - USA: Wesley Publishing Company, 1994.

149 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: Өлеңдер мен поэмалар. Көркем әдебиет. - Алматы, 1957. – 368 б.

150 Ларионова Г.А. Компетенции в профессиональной подготовке студентов вуза. - Челябинск, 2004. – 186 с.

151 Сушкова Н.А. Педагогические условия формирования межкультурной компетенции методом погружения // Вестник Тамбовского университета. - 2009. - №7 - С. 212-215.

152 Garcia R. L. Education for Cultural Pluralism: Global Roots Stew. - Phi Delta Kappa, 1981 // http://library.by/portalus/modules/shkola/readme.php?archive=1195596857&id=1193320202&start_from

153 Hoopes D. Intercultural Education. - Phi Delta Kappa, 1980. // <http://library.by/portalus/modules/shkola/readme.php?archive>

154 Абсатова М.А. Көпмәдениетті білім беру педагогикалық мәселе ретінде // Білім әлемінде = В мире образования. - 2013. - № 4. - Б.16-18.

155 Оразбаева К.О. Болашақ педагог мамандардың жаһандық құзыреттілігін қалыптастыруда ұлттық құндылықтардың алатын орны. Ш. Уәлиханов атындағы КМУ «Шоқан оқулары-18» // Халықаралық ғылыми-практикалық конф. матер. - Көкшетау, 2014. - Б. 232-238.

156 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. - Алматы, 1998. - Т. 1. -300 б.

157 Пошаев Д.К. Педагогика, педагог және заман талабы: оқу құралы. - Шымкент: ОҚМУ, 2007. - 40 б.

158 Черешкин Д.С., Смолян Г.Л. Сетевая информационная революция // Информационные ресурсы России. - 1998. - №1. - С. 8-13.

159 Концепция 12-летнего среднего общего образования в Республике Казахстан // <http://www.myuniver.kz/component/zoo/item/kontseptsiya-12-letnego-obrazovaniya-v-kazahstane.html>.

160 Зайцева О.Б. Формирование информационной компетентности будущих учителей средствами инновационных технологий: автореф. ... канд. пед. наук. - Брянск, 2002. - 19 с.

161 Семёнов А.Л. Роль информационных технологий в общем среднем образовании. - М.: Изд-во МИПКРО, 2000. - 12 с.

162 // <https://www.fsvps.ru/fsvps-docs/ru/usefulinf/files/es853-2004.pdf>

163 Данильченко В.М. Развитие педагогического стиля деятельности в глобальном образовании. – Комсомольск – на - Амуре: КГПУ, 2001. -116 с.

164 Оразбаева К.О. Болашақ мұғалімдердің жаһандық құзыреттілігін

калыптастыру мәселелеріне ғылыми теориялық талдау // Қазақстанның ғылымы мен өмірі: Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы. – Астана, 2016. - №2/2 (37). - Б.161-165

165 Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 10.06.2011.

166 <https://www.proza.ru/2012/08/30/1076>

167 http://window.edu.ru/catalog/pdf2txt/091/28091/11313?p_page=3

168 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

169 Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Қарасай баспасы. - Алматы, 2013. - 384 б.

170 Архангельский С.И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерности, основы и методы: учеб-метод пособие. - М.: Высшая школа, 1980. - 368 с.

171 Клаус Г. Сила слова. Гносеологический и прагматический анализ языка. – М., 1967. - 248 с.

172 Новиков А.М. Профессиональное образование России: перспективы развития. – М.: ИЦНПО РАО, 1997. - 253 с.

173 Горстко А.Б. Познакомьтесь с математической статистики в педагогических исследованиях непараметрические методы. – М.: Знание, 1991. – 160 с.

174 Штоффт В.А. Моделирование и философия. – М.: Наука, 1992. – 201 с.

175 Белялованың Л.А. Профессиональное образование и социально-профессиональная структура в России: Эволюция в постсоветский период. – РГНФ, 2008–2010. – 57 с.

176 Слостенин В.А. Формирование личности учителя в процессе профессиональной подготовки. - М.: Просвещение, 1976. – 158 с.

177 Дурай-Новакова К.М. Формирование профессиональной готовности студентов к педагогической деятельности: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.08. - М., 1983. – 32 с.

178 Динамов Б.С., Чернилевский Д.В. Формирование модели специалиста: цели образования // Среднее специальное образование. - 1987. - №2. - С. 33-35.

179 Архангельский С.И., Ильина Т.А. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные связи и методы: учеб. метод. пособие. - М.: Высшая школа, 1980. - 368 с.

180 Кыверялг А.А. Методы исследования профессиональной педагогики. – Таллинн, 1980. - С. 8-13.

181 Романкова Л.И. О мышлении и путях его исследования. - М.: Просвещение, 1985. – 147 с.

182 Вартофский М. Модели. Репрезентация и научное понимание / общ. ред. и послесл. И.Б. Новика и В.Н. Садковского. - М.: Прогресс, 1988. – 507 с.

183 Нургалиева Г.К. Ценностное ориентации личности: Методология, теория, практика формирования. – Алматы: АГУ им. Абая, 1994. – 44 с.

184 Подласый И.П. Педагогика. Новый курс: учебник для студентов пед. вузов: в 2 -х кн. - М.: Центр Владос, 1999. - Книга 1. - 575 с.

- 185 Смирнова В.Э. Пути формирования модели специалиста с высшим образованием. – Л., 1977.- 208 с.
- 186 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя.– Алматы:Наука, 1998. – 320 с.
- 187 Чмут Т.К. Культура общения: учебное пособие для студентов и преподавателей высших учебных заведений. –Хмельницкий: Хируп,1992.- 63 с.
- 188 Оразбаева К.О. Структурная модель формирования профессиональной компетентности будущих педагогов в условиях глобализации // Science and world International scientific journal. - Australia, 2016. -№ 1(29). - P. 80-84.
- 189 Таубаева Ш.Т. Логико - структурные схемы как средство методологической подготовки магистров педагогики //Образование. - 2004.- №4(18). - С. 56-59.
- 190 Философиялық сөздік. Қазақ энциклопедиясы. - Бас редакциясы, 1993. –356 б.
- 191 Краевский В.В. Общие основы педагогики. - М.: Изд. центр Академия, 2003. - 256 с.
- 192 Бекжанова Б. Ж. Жоғарыдан кейінгі білім жағдайында мамандардың акмеологиялық дайындығын қалыптастыру: философ. док. PhD ... дис. - Алматы, 2013. – 188 б.
- 193 Убниязова Ш.А. Оқыту үдерісінде интеграция негізінде студенттердің толеранттылығын қалыптастыру: философ. док. PhD ... дис. - Алматы, 2013. 166 б.
- 194 Смирнов С.А., И.Б.Котова., Е.Н.Шиянов Педагогика: педагогические теории, системы, технологии: учеб. п. заведений / под ред. - 4-е изд., испр. - М.: Издательский центр. - Академия, 2001. - 512 с.
- 195 Кузьмина Н.В. (Головко-Гаршина) Предмет акмеологии. -2-е изд., испр.и доп. - СПб.: Политехника, 2002. -189 с.
- 196 Рубинштейн Л.С. Человек и мир. - М.: Наука, 1997. -160 с.
- 197 Юдин Э.Г. Методология науки. Системность. Деятельность. - М.: Эдигориал УРСС, 1977. - 444 с.
- 198 Анохин П.К. Принципиальные вопросы общей теории функциональных систем. Принципы системной организации функций. -М., 1973. - 16 с.
- 199 Маркова А.К. Психология труда учителя. – М., 1993. - 190 с.
- 200 Чошанов М.А. Гибкая психология проблемно-модульного обучения. – М.:Народное образование, 1997. - 152 с.
- 201 Кенжебеков Б. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. -Астана, 2001. -275 с.
- 202 Менлибекова Г.Ж. Социальная компетентность, сущность, структура, содержание // Высшая школа Казахстана. - 2001. - №4-5. - С. 153-159.

- 203 Сериков В.В. Образование и личность. Теория и практика проектирования педагогических систем. – М.: Издательская корпорация Логос, 1999. – 272 с.
- 204 Слостенин В.А., Чижикова Г.И. Введение в педагогическую аксиологию. - М.: Академия, 2003. - 192 с.
- 205 Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе. - М.: Октябрь, 1996. -131 с.
- 206 Кефели И.Ф. Культурология в системе социогуманитарного знания // Социально-политический журнал. - 1984. - №9-10. - С. 3-9.
- 207 Каган М.С. Человеческая деятельность. Опыт системного анализа. – М., 1974. – 157с.
- 208 Бондаревская Е.В. Педагогика: личность в гуманистических теориях и системах воспитания: учеб. пособие. –М.: Ростов-н/Д: Творческий центр Учитель, 1999. - 560 с.
- 209 Балтабаев М.Х. Педагогическая культурология: учебное пособие. - Алматы: КАО им. Ы. Алтынсарина, 2000. - 268 с.
- 210 Жанабаев З. Синергетика бойынша қалыптасқан ұғымдардың сөздігі// Философиялық сөздік. Алматы, - 2002. - № 3. -С.14-16
- 211 Анохин П.К. Принципиальные вопросы общей теории функциональных систем. Принципы системной организации функций.-М., 1973. -16 с.
- 212 Князева Е.Н., Курдюмов С.П. Синергетика как новое мировидение: диалог с И. Пригожиным //Вопросы философии.- 1992. - №12. - С. 3-20.
- 213 Маркова А.К. Психология труда учителя. –М., 1993. -190 с.
- 214 Дистервег А. Избранные педагогические сочинения. - М., 1956. - 320 с.
- 215 Рубинштейн Л.С. Человек и мир. - М.: Наука, 1997. -160 с.
- 216 Ананьев Б.Г. Психология чувственного познания. -М.: АПН, 1960. - 372 с.
- 217 Деркач А.А. Акмеологические основы развития профессионала. - М.: Изд-во Московского психолого-социального института; Воронеж: ИПО «МОДЭК», 2004. - 752 с.
- 218 Абульханова-Славская К.А. Деятельность и психология личности. - М.: Наука, 1980. - 335 с.
- 219 Orazbayeva K.O. Professional Competence of Teachers in the Age of Globalization. International journal of environmental & science education. – 2016. - Vol. 11, issue 9. – P. 2659-2672.
- 220 Таубаева Ш.Т. Логико - структурные схемы как средство методологической подготовки магистров педагогики//Образование. - 2004. №4(18). - С. 56-59.
- 221 Orazbayeva Kuldarkhan. National values in the system of formation of future teachers' global competence // Bilimin ıçıǵında eǵitimsel liderlik üzerine uluslararası konferans. –Türkiye, 2014. - 148 p.

222 Қазақстан Республикасы жаңа формация педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, 2005 // <https://szh.kz/student/93/>

223 Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің // Қазақстан халқына Жолдауы. – 2014 // <http://www.zkoipk.kz/ru/b5/324-conf.html>.

224 Садыков Т. С., Абылкасымова А.Е. Дидактические основы преподавания в высшей школе. – Алматы, 2003. - 168 с.

ҚОСЫМША А

Жоғары оқу орнында оқытудың мотивациясын зерттеу әдістемесі
(Т.И.Ильин бойынша)

Нұсқау: Келесідей пікірлермен өзіңіздің келісетініңізді «+» немесе келіспейтініңізді «-» белгісімен белгілеңіз

1. Сабақ барысындағы қолайлы атмосфера – өз ойларын еркін жеткізу атмосферасы
2. Әдетте мен үлкен күшпен жұмыс жасаймын
3. Басымнан өткен қобалжулар мен қолайсыз жағдайлардан кейін менде жиі бас аурулары болады
4. Мен өзімнің ойымша менің болашақ мамандығыма қажетті пәндерді өз бетіммен меңгеремін
5. Сізге тән қасиеттердің қайсысын сіз жоғары бағалайсыз? Жауабыңызды қасына жазыңыз
6. Мен өмірді таңдаған мамандығыңа арнау керек-деп ойлаймын
7. Мен сабақ кезінде қиын мәселелерді қараудың рахат аламын
8. Біз оқу орнында жасайтын жұмыстардың көбінің мәнін түсінбеймін
9. Мен таныстарыма болашақ мамандығым туралы зор қуанышпен айтамын
10. Мен оқу үлгерімім орташа студенттің ешқашан жақсы болмаймын, сондықтан күш салудың қажеті жоқ
11. Менің ойымша, біздің уақытымызда жоғарғы білім алу міндетті емес
12. Мен мамандығымның дұрыс таңдалғандығына нық сенімдімін
13. Сізге тән қасиеттердің қайсысынан арылғыңыз келеді? Жауабыңызды қасына жазыңыз
14. Емтиханда қолайлы жағдай туса мен қосымша қосалқы құралдарды қолданамын (конспекттер, шпаргалкалар)
15. Өмірдің ең керемет уақыты – студенттік шақ
16. Менде шамадан тыс мазасыздық және ұйқының үзілуі болады
17. Менің ойымша мамандықты толық меңгеру үшін барлық оқу пәндерін бірдей дәрежеде терең меңгеру қажет
18. Мүмкіндік болса мен басқа оқу орнына түсер едім
19. Мен әдетте алдымен оңайлау жұмыстарды жасаймын, ал қиындарын кейінге қалдырамын
20. Мен үшін мамандық таңдауда біреуін таңдау қиынға соқты
21. Мен кез-келген қолайсыз жағдайдан кейін тыныш ұйықтаймын
22. Мен өзімнің мамандығымның өмірде моральды қанағаттану мен материалды ауқаттылық беретініне нық сенімдімін
23. Маған менің достарым менен жақсы оқитын секілді
24. Мен үшін жоғарғы білім дипломының болуы өте маңызды
25. Ойымдағы оқу орындарының арасында осы оқу орны ең қолайлы
26. Менің администрацияның ескертуінсіз оқуға күш жігерім жеткілікті

27. Өмір мен үшін әрқашан ерекше шиеленістермен байланысты
28. Емтиханды аз күш сала отырып тапсыру қажет
29. Есть много вузов, в которых я мог бы учиться с не меньшим интересом
30. Сізге тән қасиеттердің қайсысы сізге оқуға кедергі келтіреді?
Жауабыңызды қасына жазыңыз
31. Мен өте қызықты адаммын, бірақ менің барлық қызығушылықтарым болашақ мамандығыммен байланысты
32. Уақытында орындалмаған жұмыс немесе емтихан туралы мазалаулар маған жиі тыныш ұйқтауға кедергі келтіреді
33. Жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейінгі жоғары жалақы мен үшін маңызды емес
34. Топтың жалпы шешімдерін қабылдау үшін маған жақсы көңіл-күйде болу қажет
35. Мен қоғамда қалған орнымды алу үшін, әскерге барудан босатылу үшін жоғарғы оқу орнына түсуіме тура келді
36. Мен ақпатты емтихан үшін емес, өз мамандығымның иесі болу үшін меңгеремін
37. Менің ата-аналарым өз істерінің мамандары, мен соларға ұқсағым келеді
38. Жұмыста алға жылжуым үшін мен жоғары білімді болуым керек
39. Сізге тән қасиеттердің қайсысы сізге оқуға көмектеседі? Жауабыңызды қасына жазыңыз
40. Мен үшін менің болашақ мамандығыма тікелей қатысы жоқ пәнді меңгеру өте қиын
41. Мені алда кездесуі мүмкін қиындықтар мазалайды
42. Менің берілген оқу орнына таңдауым ақтық
43. Менің достарым жоғары білімді, мен олардан қалғым келмейді
44. Топты бір нәрсеге көндіру үшін маған қарқынды жұмыс жасауға тура келеді
45. Әдетте менің көңіл күйім қалыпты және жақсы
46. Мені болашақ мамандығымның ыңғайлылығы, тазалығы, оңайлығы қызықтырады
47. Жоғарғы оқу орнына түскенге дейін бұл мамандыққа қызығушылық танытып, ол туралы көп оқығанмын
48. Мен меңгеріп жатқан мамандық болашағы мол және ең маңызды
49. Бұл мамандық туралы менің білімім сенімді таңдау жасауға жеткілікті.

ҚОСЫМША Ә

«Өзіндік даму деңгейін анықтау» сауалнамасы.

(Е.П. Никитин, Н.Е. Харламенкова)

Сауалнама мақсаты: студенттің өзіндік дамуға деген қабілетін анықтау.

Сауалнамаға нұсқау: Төменде келтірілген пікірлербен қаншалықты келісетінінiзді немесе келіспейтiнiзді анықтаңыз.

Сауалнаманың жауап нұсқалары:

4. бұл менің шынайылығыма толық сәйкес келеді – 5ұпай;
5. жоққа қарағанда, иә жауабы басым – 4 ұпай;
6. иә және де жоқ – 3 ұпай;
7. шынайылығыма сәйкес келмейтін секілді – 2 ұпай;
8. мүлдем сәйкес емес – 1 ұпай.

Сауалнаманың сұрақтары:

1. Мен өзімді тануға ұмтыламын.
2. Мен қаншалықты жұмыспен немесе үй шарушылығымен айналыссам да, даму үшін уақыт табамын.
3. Пайда болған кедергілер, сәтсіздіктер менің белсенділігімді стимулдайды.
4. Мен кері байланысты іздеймін, өйткені бұл өзімді тануға және бағалауыма көмек береді.
5. Мен арнайы уақыт бөле отырып, өзімнің іс-әрекетіме рефлексия жасаймын.
6. Мен өзімнің тәжірибем мен сезімімді талдаймын.
7. Мен көп оқимын.
8. Мені қызықтыратын сұрақтар бойынша, мен көп пікір-таласқа түсемін.
9. Мен өзімнің мүмкіндігімен сенемін.
10. Мен ашық болуға ұмтыламын.
11. Қоршаған адамдардың маған деген ықпалын мен саналы түсінем және сеземін.
10. Мен өзімнің кәсіби дамуымды басқарамын және жағымды нәтижелер аламын.
11. Мен жаңаны игеруден қанағат аламын.
12. Менің алатын жауапкершіліктерім мені қорқытпайды.
13. Мен өзімнің қызмет бабында өсуімді жағымды қабылдар едім.

Сауалнаманың нәтижелері:

Сауалнама нәтижелерінің интерпритациясы

- 55 -75 ұпай – студенттердің өзіндік дамуға белсенділігі анық байқалады;
- 36-54 ұпай – өзіндік даму деңгейі жүйесінің ішкі және сыртқы жағдайларға тәуелділігі;
- 15-35 ұпай – тоқталған өзіндік даму.

ҚОСЫМША Б

«Өзіңіздің шығармашылық әлеуетіңізге баға беріңіз» диагностикалау тесті
(Е.И. Рогов бойынша)

Сұрақтар студенттің танымға қызығушылығын, өзіне сенімділігін, тұрақтылығын, көру және есту жадымен тәуелсіздікке деген ұмтылысын, ойын жинақтауды диагностикалауға мүмкіндік береді.

«Өзіңіздің шығармашылық әлеуетіңізге баға беріңіз»

Тестке нұсқау: Ұсынылған жауаптардың бірін таңдаңыз:

1. Сізді қоршаған әлемді жақсартуға болады деп санайсыз ба?
 - а) иә;
 - б) жоқ;
 - в) иә, бірақ тек кейбір заттарды.
2. Қоршаған ортаның өзгеруіне сіз өзіңіз қатыса аламын деп ойлайсыз ба?
 - а) иә, көп жағдайда;
 - б) жоқ;
 - в) иә, кейбір жағдайларда.
3. Сіздің кейбір идеяларыңыз шұғылданатын ісіңізге айтарлықтай жақсарым (проресс) әкеледі деп санайсыз ба?
 - а) иә;
 - б) менде бұндай идея қайдан туындауы мүмкін?
 - в) мүмкін, керемет нәтиже болмаса да айтарлықтай сәтіліктер болуы ықтимал.
4. Сіз болашақта принципті тұрғыда бір нәрсені өзгерте алатындай маңызға ие боламын-деп ойлайсыз ба?
 - а) иә, мүмкін;
 - б) болу мүмкіндігі аз;
 - в) мүмкін.
5. Сіз бір жұмысты бастар алдында жұмысыңыздың нәтижелі болатынына сенімдісіз бе?
 - а) әрине;
 - б) менің қолымнан келе ме?-деген жиі күдік мазалайды;
 - в) сенімсіздікке қарағанда, сенімділік басы
6. Сізде қазіргі уақытта сіз мүлдем білмейтін іспен шұғылданғыңыз келетін сәттер бола ма?
 - а) иә, мені белгісіз нәрселер қызықтырады;
 - б) жоқ;
 - в) барлығы істің өзіне және мәніне байланысты.
7. Сізге таныс емес іспен шұғылдануға тура келеді. Ол істе жоғары жетістіктерге жетуді көздейсіз бе?
 - а) иә;
 - б) егер қолдан келсе - жақсы;
 - в) егер ол тым қиын болмаса, онда иә.

8. Егер сіз білмейтін іс сізге ұнаса, онда сіз ол іс туралы барлығын білгіңіз келе ме?
- а) иә;
 - б) жоқ, ең негізгісіне үйрену керек;
 - в) жоқ, мен тек өзімнің қызығушылықтарымды қанағаттандырамын.
9. Сіз сәтсіздікті бастан кешірсеңіз, онда:
- а) ойға сиғысыз болса да, белгілі уақыт аралығында қарсылық танытамын;
 - б) оның жүзеге аспайтынын түсінген бойда, бірден қолымды сілтеймін;
 - в) кедергілерді жеңу мүмкін емес болып көрінгенше өз ісіммен шұғылдануды тоқтатпаймын.
10. Мамандықты таңдау керек:
- а) өзіңнің мүмкіндіктеріңізге қарап және болашағына байланысты;
 - б) тұрақтылығына, маңыздылығына, мамандықтың қажеттігі мен оған деген сұранысқа қарай;
 - в) мамандық қамтамасыз ететін абырой мен артықшылыққа байланысты.
11. Саяхаттау кезінде жүріп өткен бағытыңызда оңай бейімделе аласыз ба?
- а) иә;
 - б) жоқ;
 - в) егер орын ұнаса және есте қалса, онда әрине.
12. Әңгімелесуден кейін онда айтылғандарды бірден есіңізге түсіре аласыз ба?
- а) иә;
 - б) жоқ;
 - в) маған қызықты заттардың барлығын есіме түсіремін.
13. Сіз бейтаныс тілдегі сөздердің мағынасын білмесеңіз де буындарға бөліп қатесіз қайталай аласыз ба?
- а) иә;
 - б) жоқ;
 - в) қайталаймын, бірақ айна қатесіз емес.
14. Бос уақытыңызда сіз немен айналғанды ұнатасыз:
- а) жеке қалып ойланғанды;
 - б) көпшілікпен болғанды;
 - в) көпшілікпен немесе өзім боламынын ба, маған бәрібір.
15. Сіз бір іспен айналысасыз. Сіз ол іспен айналысуды тоқтатасыз, егер:
- а) іс бітті және өте жақсы біткендей көрінеді;
 - б) істелген іске разымын;
 - в) одан да жақсы істеуге болатынына қарамастан, іс біткендей көрінеді. Бірақ неліктен?
16. Сіз жалғыз қалғанда:
- а) бір нәрсе туралы қиялдағанды жақсы көресіз, абстрактты болуы мүмкін;
 - б) қайткен күнде де өзіңізге нақты іс табуға тырысасыз;
 - в) кей кезде қиялдағанды жақсы көресіз, бірақ ол сіздің ісіңізбен байланысты.

17. Сізге бір ой келгенде, ол туралы ойлайсыз:
- а) қай жерде және кіммен болғаныңызға қарамастан;
 - б) тек жеке қалғанда;
 - в) тек тыныштық бар жерде.
18. Сіз өз идеяңызды қорғайсыз:
- а) егер оған ұсынылған қарсылықтар сізге сенімді болса, одан бас тарта аламын;
 - б) оған қандай қарсылықтар айтылса да, өз ойыңызда қаласыз;
 - в) егер қарсылықтар тым күшті болса, сіз өз ойыңызды өзгертесіз.

Тест нәтижесін өңдеу және түсіндіру.

Тест нәтижесін өңдеу:

А жауабына – 3 ұпай, б жауабына – 1 ұпай, в жауабына – 1 ұпай. Сұрақтар сіздің қызығушылықтарыңыздың, өзіңе сенімділігіңіздің, тұрақтылығыңыздың, көру және есту арқылы есте сақтау, тәуесіздікке деген ұмтылыс, абстракциялауға және назарыңызды шоғырландыруға қабілеттілігіңіздің шегін диагностикалады. Бұл көрсеткіштер шығармашылық мүмкіндіктеріңіздің көрсеткіштері болып табылады.

Тест нәтижесін түсіндіру:

Егер сіз 48 немесе одан жоғары ұпай жинасаңыз, сізде шығармашылық мүмкіндіктердің көпетеген түрлерін таңдауға мүмкіндік беретін маңызды шығармашылық мүмкіндіктер бар.

Егер сіз өзіңіздің мүмкіндіктеріңізді пайдалансаңыз, онда сізге шығармашылықтың түрлі формалары қол жетімді.

Егер сіз 27-47 ұпай жинасаңыз, сізде шығармашылығыңызды жүзеге асыруға мүмкіндіктер бар, бірақ кейбір кедергілер де кездеседі. Ең қауіпті-қорқыныш, ол міндетті түрде биік мақсаттарға бағытталған адамдарда. Қорқыныш айналадағылардың кінәлауынан қорқатын – әлеуметтік болуы да мүмкін. Кез-келген жаңа идея айналадағылардың таңдану, мойындамау, талқылау этапынан өтеді. Басқалар үшін үйреншікті емес, жаңа әрекеттер, көзқарастар, сезімдердің талқыға түсуінен қорқу шығармашылық белсенділікті кемітіп, шығармашылық тұлғаны жояды.

ҚОСЫМША В

ДЖ. Роттер бойынша бағалау локусының диагностикалық зерттеу әдістемесі

Тест нұсқау:

№	вариант «а»	вариант «б»
1	Балаларды ата-аналары оларды жиі жазалайтындықтан сәтсіздікке ұшырайды	Біздің уақытымызда балалардың сәтсіздіктері ата-аналар оларға тым жұмсақ қарағандықтан болады.
2	Көптеген сәтсіздіктер сәттіліктің болмауынан болады.	Адамдардың сәтсіздіктері олардың өздерінің жіберген қателіктерінен болады.
3	Азғындық әрекеттердің жасалуының басты себебі – айналасындағылардың оған көнуі болып табылады.	Азғындық әрекеттерге айналасындағылар оларға қанша тосқауыл қоюға тырысса да, әрқашан болып тұрады.
4	Ақырында адамдар лайықты ықыласқа бөленеді.	Өкінішке орай, адамдар лайықты ықыласқа бөленбей жатады.
5	Оқытушылар білім алушыларға әділетті емес – деген пікір қате.	Көптеген білім алушылар олардың бағалары күтпеген себептерден болатынын түсінбейді.
6	Басшының сәтті болуы көбіне жағдайдың сәтті болуына байланысты.	Икемді адамдардың басшы болмау себебі – олар өз мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланбауынан.
7	Сіз қанша тырыссаңыз да кейбір адамдар сізді ұнатпайды.	Адамның айналадағылардың ұнату сезімін жаулай алмау себебі - басқалармен қатынас жасай алмағандығынан.
8	Адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетінің қалыптасуында – тұқым қуалаушылық басты рөл ойнайды.	Тек өмірлік тәжірибе ғана мінез-құлық пен іс-әрекетті анықтайды.
9	Мен "Болатын зат – болады» - деген мақалдың шынайылығын жиі байқаймын.	Менің ойымша, тағдырға үміт артқанша шешім қабылдап, әрекет еткен дұрыс.
10	Жақсы маман үшін қатал тексеріс те қиындық туғызбайды.	Тіпті жақсы даярланған маман да қатал тексерісті көтермейді.
11	Сәттілік – жақсы жұмыс істеуге байланысты.	Сәттілікке қол жеткізу үшін қолайлы сәтті жіберіп алмау қажет.
12	Әрбір азамат маңызды мемлекеттік шешімдерге ықпал ете алады.	Қоғамды қоғамдық орындарға ұсынылған адамдар басқарады, ал олардың қасында адамның бір нәрсені өзгертуі мүмкін емес
13	Мен жоспар жасағанда олардың орындалатынына сенімдімін.	Алдағыны жоспарлау әр кезде ақылды шешім емес, өйткені ол болатын жағдайға байланысты.
14	Оларды жақсы емес деп нақ айтуға болатын адамдар бар.	Әрбір адамның жақсы жағы бар.
15	Менің қалауларымның орындалуы әрқашан сәттілікпен байланысты емес.	Егер таңдау жасау қиын болса, мен тиын лақтырамын. Менің ойымша,

		өмірде осы тәсілге жиі жүгінуге болады.
16	Көбіне бақытты жағдайдың орын алуынан басшы болып кетіп жатады.	Басшы болу үшін адамдарды басқара білу керек. Сәттіліктің ешқандай қатысы жоқ.
17	Біздердің көбіміз әлемдік құбылыстарға маңызды әсерін тигізе алмайды.	Қоғамдық өмірге белсенді түрде қатыса отырып, адамдар әлемдік жағдайларды басқара алады.
18	Көптеген адамдар олардың өмірі қаншалықты кездейсоқ жағдайларға тәуелді екендігін түсінбейді.	Шындығына келгенде сәттілік секілді зат болмайды.
19	Әрқашан өз қателіктерінді мойындау керек.	Өз қателіктерінді байқатпау керек.
20	Сіз шынымен де адамға ұнайтығыңызды түсіну қиын.	Сіздің достарыңыздың көп болуы сіздің басқаларды өзіңізге ыңғайластыра алу қасиетіңізге байланысты.
21	Түптеп келгенде, бізбен болып жатқан сәтсіздіктер орны жақсы жағдайлармен толып отырады.	Көптеген сәтсіздіктердің барлығы қабілеттердің, біліктіліктің, еріншектіктің болуынан немесе бірге алынған барлық себептердің әсерінен болады.
22	Егер жеткілікті күш салса немқұрайлылық пен қаталдықты жоюға болады.	Күресу қиын заттар бар, сондықтан немқұрайлылық пен қаталдықты жоюға болмайды.
23	Кей кезде басшылардың мақтауы неге негізделгенін анықтау қиын.	Мақтау алу адамның қаншалықты жақсы жұмыс жасағандығына байланысты.
24	Жақсы басшы қол астындағылардан не істеуге міндетті екендіктерін олар өздері білуін күтеді.	Жақсы басшы әрбір қол астындағылардың әрбірінің жұмысы қайсы екенін нақ сездіреді.
25	Менімен болып жатқан оқиғаларға менің аз әсер етендігімді жиі сеземін.	Жағдай немесе тағдырдың менің өмірімде басты рөл ойнайтынына сенбеймін.
26	Адамдар айналасындағыларға мейірімділік танытпайтындықтан жалғыз.	Адамдарды өзіне тарту пайдасыз: егер ұнатса ұнатады.
27	Адамның мінез-құлқы тікелей ерік күшіне байланысты.	Негізінен адамның мінез-құлқы топта қалыптасады.
28	Менде болып жатқан жағдайлардың барлығының себебі - өзім.	Кей кезде мен өзімнің менің еркіме тәуелсіз бағытта дамып жатқанын сеземін емес.
29	Мен жиі басшылар басқаша емес тек солай істегендігін түсіне алмаймын.	Жұмыс орнының дұрыс басқарылмауы сол жерде жұмыс жасайтын қызметкерлердің өздеріне байланысты.

ҚОСЫМША Г

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тренингі

Тренингтің мақсаты: коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Міндеттері:

- сендіру дағдыларын игеру;
- өз көзқарасыңды қорғайтын дәлелдер таба алуды меңгеру;
- адамдарға жол таба білу дағдысын дамыту;
- коммуникация барысында дауыс ырғағының маңыздылығын белгілеп көрсету;
- қарым-қатынастың таңбалы құралдар икемін дамыту;
- қарым-қатынастың тиімді тәсілдерін үйрету.

Қатысушыларға қойылатын талаптар:

- Тренинг студенттерге арналған.
- Саны 10-16 адам.
- Адамдардың дайындық деңгейі - ыңғайлы аяқ киім.

Тренингтердің жоспары:

1. Ұйымдастыру кезеңі 1 мин.
2. Кіріспе әңгіме 2 мин.
3. Ширату:

Танысу

Қатысушыларды қарсы алып тренер өзі жайлы және жүргізілетін тренинг жайлы қысқаша мағлұмат береді. Сосын ол әр қатысушыға өздерін таныстыруды және осы тренингке қызығушылығы жайлы айтып беруді сұрайды. Осыдан кейін контрактіні құрастыруға болады.

Тренер топпен бірге тренинг кезіндегі мынадай этикалық және ұйымдастыру сәттерін талдайды.

- Құпиялықты сақтау (тренинг біткен соң қандай сәтті қолдауға болады және қандай сәтті талдауға болмайды);
- Ашықтық. Болып жатқан белсенді қатысу
- Тренингті орындау барысында ережені міндетті түрде сақтау;
- Тренингке қатысу (тренингтің барлық сабақтарына қатысу маңызды).

Контракт сонымен қатар мынадай пункттерді де қамтиды, мысалы:

1. Бір-бірін сынаудан аулақ болу және с.с.
2. Телефонның дыбысын өшіру
3. Бір-бірлеп сөйлеу (қол көтеру ережесін ұмытпау)
4. Тақырыпқа сай сөйлеу
5. Регламентті сақтау

Тренинг мақсаты: топқа қатысушыларды эмоционалдық жағынан біріктіру, қысымдықты шешу және топқа ұйымдастыру, студенттерді тренинг ережелерімен таныстыру, сонымен қоса жүргізуші мен қатысушылар арасында эмоционалды қарым-қатынас орнату.

Интервью жүргізу.

Мақсаты: топтық ұйымшылдықты дамыту, қатысушылармен қарым-қатынас орнату, сабаққа жағымды мотивация қалыптастыру, тренингке қатысушыларды таныстыру.

Өткізілу уақыты: 20 минут.

Жаттығу барысы: студенттер жұптарға бөлінеді, кезектесіп "журналистер" мен "жұлдыздар" болады. "Журналистер" "жұлдыздардан" интервью алады және ол туралы не білгісі келсе, соны сұрайды. "Жұлдыздардың" жауаптарын дәптерге жазып отырады. Егер де бір-бірінен интервью алып болғаннан кейін, кезектесіп топқа өз "жұлдыздарын" таныстырады.

Онға дейін санау.

Мақсаты: студенттер арасында позитивті қарым-қатынас орнату, тренингке қатысушылардың көңіл-күйін көтеру.

Өткізу уақыты: 20 минут.

Жаттығу барысы: Бір-бірінің шынтақтары мен иықтарына тимейтіндей болып, барлығы шеңбер жасап тұрады. "Бастадық" деген сигналмен көзді жұмып, мұрынды төмен түсіріп, онға дейін санау керек. Қулығы мынада, санаған кезде кезектесіп санау керек. Біреуі "бір", келесісі "екі" және ары қарай кезекпен. Бірақ ойында бір ереже бар: сөзді бір ғана адам айтуы керек. Егер екі дауыс бір мезгілде бір сөзді айтатын болса, онда санау қайта басталады. Сіздерде он мүмкіндік бар. Егер осы он мүмкіндікті санауды онға жеткізсеңдер, онда сендердің топтарың келісімге келген топсыңдар. Әр бір сәтсіз санаудан кейін көздеріңізді ашып, бір-бірлеріңізге қарауларыңызға болады, бірақ сөйлесуге болмайды. Бір-бірлеріңізді сөзбен емес көзбен түсінуге тырысыңыздар.

Қатысушылар тұрады. Жаттықтырушы олардың біреуіне, біршама уақыт дәлізде немесе басқа бөлмеге шыға тұруын ұсынады.

Шарты: "Барлығымыз бір-біріміздің қолымыздан ұстап, қатар құрайық. Бұл қатарды жылан дейік, ал жеткі екі адам - оның басы мен құйрығы. Көп жағдайда, жағдайда "шатасқан" - әртүрлі шығыршық құрап, оралып жатады. (жаттықтырушы өзін "жыланның басымын" деп атап, "жыланның" шатасып оралуын бастайды. Шатасу барысында біріккен қолдарды атап өтуге, астынан өтуге болады. Шатасудың соңында жыланның "басы" мен "құйрығы" бос қолдарын жасыруы тиіс, бірақ екеуі қол ұстаспауы қажет.)

"Жылан" шатасқан кезде, жаттықтырушы есіктің сыртында тұрған адамды "жыланды" тарқатуға шақырады. Оған жыланның "басы" мен "құйрығы" бар екенін айтуға болады. Кейде тарқату жылдам аяқталады, яғни қатысушы бұл тапсырмасы орындай алмайтынын сылтауратуы мүмкін. Бұл кезде, жаттықтырушы тағы да бір рет тырысып көру арқылы тапсырманы орындауға болады - деп жұмысты жалғастыруға итермелейді. Аталмыш жаттығу тығыз дене қатынасы арқылы орындалған болғандықтан, топтың бірлесіуне септігін тигізеді. Сондай-ақ, жаттығудың нәтижесін талқылау барысында тапсырманың жүзеге асу үдерісіне араласу, топтың мазмұндық жоспарда ілгері жылжуына септігі бар, жағдайларға назар аудару идеясы пайда болады.

"Бұл менің есімім" жаттығуы (20 мин.)

Шеңбер бойымен әрқайсысы кезекпен өз есімін айтады. Содан кейін ол өз есімі жөнінде қандай да бір мәлімет береді.

Мысалы, оған төмендегідей сұрақтарға жауап беріп көруге болады:

- Оны маға кім таңдағаны туралы білемін бе?
 - Менің есімім нені білдіретінін білемін бе?
 - Жанұяда мұндай есім тағы кімде болды?
- Рефлексия (5 мин.)
- Сізге өз есіміңіз жайында айтуға оңай болды ма?
 - Егер жоқ болса, онда неге?

Бізді көп қызықты нәрселер қоршайды және бүкіл әлем айналамызда қозғалыста және асығыста. Бүкіл өміріміз қозғалыспен өтуде: демалыс, жұмыс, туыскандар, достар, яғни бізді қоршап тұрған барлық айналамыз бір орында тұрмайды. Алайда, ұмытпаңыздар, барлығы сіздің айналаңызда қозғалады, ендеше сіз маңайыңызда болып жатқан барлық оқиғаларды басқара аласыз. Ең бастысы - сізді қоршаған адамдармен және бүкіл әлеммен дұрыс және жеңіл қарым-қатынас орнату. Сонымен бірге сізді барлығы түсініп, естерінде ұзақ сақтауы үшін дұрыс, еркін және жеңіл қарым-қатынасқа түсуді үйрету. Олар сіздің достарыңыз ба, дұшпандарыңыз ба маңызды емес, ең бастысы барлығына дұрыс жол таба білу, барлық адамдармен жеңіл қарым-қатынас орнату қажет.

Белгілі психолог Дейл Корнеги ысылдағыш улы жыланнан қашқандай, дау-дамайлардан алшақ болған жөн, деген кеңес береді. Оның ойынша, дауға қатысушылардың 90% өздерінің әділдігіне бұрынғысына қарағанда одан да артық сенеді. Дауды шынында жеңу мүмкін емес. Егер сіз даудан жеңімпаз болып шықсаңыз, онда досыңыздан немесе серіктесіңізден айырыласыз. Бұл, әрине, қалыпты жағдай, себебі даудан жеңілген адам өзін ыңғайсыз сезінеді.

Даудың орнына әңгімелесушіге өз көзқарасын дәлелдейтін деректер табуды ұсынуға болады. Қазір біз сендіруге жаттығып көреміз.

"Жеті батыр" жаттығуы (20 мин.)

Қатысушылардың бірі ханшаның рөлін ойнайды. Кім қалайды? Қалғандарыңыз 3-4 адамнан тұратын командаға бөлініңіздер. Сендіруге жаттығу үшін алдымен А.С. Пушкиннің жансыз ханша мен жеті батыр туралы ертегісін еске түсіріп, ойнап көрейік. Әсіресе, жеті батырдың үйінде өмір сүрген ханшаны, олардың біреуіне тұрмысқа шығып және солармен өмір бойына көндіру үзіндісін. Біздің ертегімізде де дәл солай болады, алайда бірқатар тренингтерден өткен және сендіру қабілетіне ие батырлар, ертегі кейіпкерлерінен гөрі ханшаны король ұлы Елисейден бас тартып, олардың үйінде қалуға жақсырақ сендіре алады. Әрбір шағын топ ханшаны өз үйлерінде қалдыру үшін қызықтыратындай ұсыныстар ойлап табулары керек.

Сіздерге дайындыққа 5 минут беріледі, олар кейін әр топтан бір уәкіл өз дәлелдерімен ханшаның алдына шығады.

Рефлексия 10 минут.

Барлық топтар өз ойындарын көрсетіп болған соң, ханша батырлардың үйінде қалғысы келді ме екен сол жайында айтады, әрбір қатысушының ойынында қандай жақсы, жаман жақтарын көргені жөнінде әңгімелейді.

Сіздер бұл жаттығуды орындау барысында қандай эмоцияларды сезіндіңіздер?

Келесі **"Кейіпкермен таңғы ас" жаттығуы (30 мин.)**

Қажетті құралдар: қағаз, қалам.

Келесі жағдайды елестетіңіздер: қатысушылардың әрқайсысында кез келген бір адаммен таңғы ас ішуге мүмкіндігі бар. Ол қазіргі кездің бір атақты адамы болуы мүмкін немесе өткен замандағы тарихи кейіпкер ма, немесе өміріңіздің қандай да бір бөлігінде сізге бір әсер қалдырған жай бір адам да болуы ықтимал. Әрқайсысыңыз кіммен және неліктен кездескісі келгені өзі үшін шешіп алу қажет.

Өз кейіпкеріңіздің атын қағазға жазыңыз. Енді жұпқа бөлініңіздер, жұпқа екі кейіпкердің қайсысымен кездесетіндеріңізді анықтап алыңыздар. Пікірлесуге 2 минут уақыттарыңыз бар.

Енді жұптар төртікке бірігеді, олар өз кезегінде, тағы бір ғана кейіпкерді таңдаулары қажет. Пікірлесуге тағы 2 минут уақыт бар.

Ал енді барлығыңыз бірігіп және кіммен таңғы ас ішетіндеріңізді шешесіздер.

Рефлексия: 10 минут.

- Неліктен дәл осы кейіпкер қалды?
- Жеңілу оңай болды ма және неліктен сіз көндіңіз?

Әңгіме барысында көңіл-күй үлкен рөл атқарады. Көңіл-күйді көтерудің қандай тәсілдері бар, қазір біз оны білетін боламыз және сонымен бірге қимылдап аламыз.

Келесі **"Леопольд" жаттығуы (25 мин.)**

Топ ішінен бір "тышқан" таңдалып алынады, қалғандары "мысық" болады. Әрбір "мысық" өз аты жазылған қағаз алады, олардың біреуінің аты Леопольд болады, қалғандары мысықтың әр түрлі аттарымен аталады: Мурка, Вася және т.б. Бұл арада Леопольд рөлінде ер және әйел адам да бола алады және мұны жаттықтырушы топқа ерекше ескертеді.

Жаттықтырушы топқа Леопольд туралы мультфильмді естеріне түсіреді. Бұл мультфильмде жылы шырайлы және зиянсыз Леопольд мысық тышқандармен достасуға тырысады, олар болса оған үнемі түрлі бүлдіргі істер жасайды.

Осы жаттығуда да мысықтарға тышқанды олар зиянсыз екендігіне және олармен дос болуға болатындығына сендіру қажет. Бізде бар мысықтардың ішінен біреуінің ғана аты Леопольд және дәл сол тышқандармен достасуға тырысады. Қалған барлық мысықтар - қауіпті жыртқыштар, олар тек бер жағынан ғана жылы шырайлы болып көрінеді. Әрбір мысықтың міндеті - жалғыз өзінің ғана залалсыз Леопольд екендігіне сендіру, ал тышқанның міндеті - нақты Леопольдты тану.

Мысықтарға дайындыққа 5 минут уақыт беріледі, одан кейін олар "тышқанға" өздерінің неліктен зиянсыз екендерін кезекпен түсіндіре бастайды. "Тышқан" олардың сөздерін бағалайды және қай мысыққа сенгендігі жөнінде айтады.

Рефлексия 5 минут.

Талқылауға арналған сұрақтар.

- Неліктен біз бір адамға сеніп, енді бір адамға сенбейміз.
- Бізге адамдардың көбірек сенуі үшін не істеуіміз қажет?

Қарым-қатынаста дауыс ырғағы үлкен рөл атқарады. Кез келген бір сөзді немесе сөйлемді әр түрлі айтуға болады.

"Бір сөзбен жеткізу" жаттығуы (20 мин.)

Мен сіздерге бір эмоцияның аты жазылған карточкалар үлестіремін, ал сіздер оны басқа қатысушыларға көрсетпей, сонда жазылған эмоциямен "Сәлеметсіздер ме!" деген сөзді айтасыздар. Қалған адамдар қатысушы қандай эмоцияны білдіргісі келгендігін табулары қажет.

Эмоциялардың тізімі:

- қуаныш;
- таңырқау;
- өкініш;
- түңілу;
- күдіктенушілік;
- мұңаю;
- көңілдің көтеріңкілігі;
- салқын немқұрайлылық;
- сабырлылық;
- қызығушылық;
- сенімділік;
- көмектесуге ықыласты болу;
- шаршағандық;
- толқу;
- құлшыныс.

Рефлексия (5 минут)

Дауыс ырғағы бойынша эмоцияны анықтау қаншалықты мүмкін болды? Күнделікті өмірде телефонмен сөйлеу барысында сізбен әңгімелесушінің ырғағынан оның алғашқы сөздерінен көңіл-күйін қаншалықты жиі анықтайсыз? Сөз арқылы қарым-қатынастан басқа вербалды емес қарым-қатынас бар. Вербалды емес қарым-қатынас – ол барлық сигналдар, белгілер, ым-ишарттар, мәнерлеп, дыбыс тембрі, мимика яғни өзара түсіністіктің, қарым-қатынастың сөзсіз формасы.

"Көпшіліктің назары" жаттығуы (10 мин.)

Ойынға қатысушылардың барлығы бірдей қарапайым тапсырманы физикалық әрекеттерді пайдаланбай, сөзсіз әйтеуір қалай болса да орындап, көпшіліктің назарын өзіне қарату қажет. Тапсырма қатысушылардың барлығы бір уақытта оны орындайтындығымен күрделене түседі.

Рефлексия: (5 минут)

Кім басқалардың назарын өзіне аудара алды және қандай құралдармен?

"Шоколад сұра" жаттығуы (15 мин.)

Жүргізушіні таңдап алайық. Ол үшін сіздердің топтарыңызда кім ең әділ, соны айтыңыздар (Дауыс беру). (Ең әділ адам ойынды жүргізеді. Ол ортаға отырады).

Мен оған шоколад беремін. Сіздердің міндеттеріңіз кезекпен жүргізушіден шоколадты, ол сізге бергісі келетіндей етіп, сұрау. Әрбір шеңберден соң жүргізуші кімге шоколадты бермес еді соларды айтып (2 адамды таңдап) ойыннан шығарады. Осылайша жеңімпаз қалғанша жалғаса береді.

Әрқайсыңызда өтініштеріңіз үшін 30 секунд бар.

Рефлексия: (5 минут)

Өтініштің қай түрі ең тиімді болды?

Үзіліс - 30 минут.

Үзіліс аяқталды енді біз жалғастырамыз.

Бәрі қарым-қатынасатан басталады. Ол қандай болуы қажет? Қарым-қатынастың белгілі ережелері бар. Әр заманда, әр түрлі халықта ол әр түрлі болған. Алайда, барлығы үшін жалпы, негізгі түрлері бар. Міне қарым-қатынастың ежелден келе жатқан парыздары:

- кіммен қарым-қатынастасыз сол адамға сенім білдіріңіз;
- кіммен қарым-қатынастасыз соны құрметтеңіз;
- адаммен қарым-қатынасты ең жақсы түрде орнатыңыз.

Қарым-қатынастың коммуникативтік жағы немесе тармағындағы коммуникация - мәлімет беру, алмасу мәселесімен анықталады, интерактивтік жағы қарым-қатынас жасаушы индивидтердің өзара әрекеттестігінің ұйымдасуымен қорытындыланады, перцептивтік жағы адамдардың бірін-бірі қарым-қатынас арқылы қабылдау мен тану және осы өзара танымның негізінде қалыптасу үдерісін білдіреді.

ҚОСЫМША Д

*Ақпаратты дұрыс қабылдау және жеткізу
I жаттығу:*

Барлық қатысушылар шеңбер құрап тұрады.

Нұсқау: "Бір" дегенде, әрбір қатысушы қандай да бір қимыл жасайды. Бірақ, барлығымыз өз орнымызда боламыз. Мүмкіндігінше, әрбір қатысушы жасай алатын қимылдар таңдау керек. "Екі" деген кезде, "бір" дегенде жасай бастаған қимылды тоқтатып, сол жағыңыздағы көршіңіз "бір" дегенде жасаған қимылды жасай бастайсыз. Егер барлығымыз мұқият болсақ, әр адамның қимылы шеңбер бойын айналып жасалынып шығады да, өз "авторына" оралады".

Жаттығу әрбір қатысушыға өзі бастаған қимылы қайтадан жеткенше жасалады. Көп жағдайда, қимылдардың алғашқы ауысуында-ақ қатысушылардың кейбіреулері қателесе бастайды. Одай кезде, жаттықтырушы топтың қимылдың қате жасалған сәтін анықтап, жаттығуды қайтадан бастауына жетелейді. Әрбір қатысушының қимылы айналым жасап болып, жаттығу аяқталғаннан кейін жаттықтырушы қатысушылардан кімге өзінің қимылы қайта оралды және оны жасау түрінде өзгерістер бар ма екен - деп сұрайды. Талқылау қимылдарды бұрмалаудың негізгі себептерін анықтауға және қатысушылар оны болдырмау үшін не істеу қажеттігін түсінуге бағытталады. Бұл жаттығуды негізінен хабарлама беру барысында ақпаратты бұрмалаусыз қабылдау және беруге мүмкіндік беретін түрлердің тобын қатысушылар сезіну үшін жұмыстың басында өткізу қажет.

2 жаттығу:

Барлық қатысушылар шеңбер құрап отырады.

Нұсқау: "Әрқайсымыз сол жағымыздағы көршімізге кезекпен сыйлық жасайық (сағаттың тілі бойынша) сыйлықты ештеңе айтпай, үнсіз (вербалды емес) бірақ, сіздің көршіңіз оған сыйлық беріп отырғаныңызды түсінетіндей тарту ету (береміз) қажет. Барлығы сыйлық алып болғанша, ештеңе айтпау керек барлығын үнсіз жасаймыз.

Барлығы сыйлық алып болғаннан кейін, жаттықтырушы ең соңғы сыйлық алған топ мүшесінен қандай сыйлық жасағанын сұрайды. Егер жауаптарда алуандық байқалса, түсініспеушілік неден туындағанын сұрау керек. Егер топ мүшесі қандай сыйлық алғанын айта алмаса, топтан сұрау керек. Алынған дерек қарым-қатынас жасау барысында ақпарат қабылдау мен беруге дайындық заңдылықтарына қатысты пікірлерді талқылауға мүмкіндік береді.

Жаттығуды талқылау барысында қатысушылар қарым-қатынас барысында түсіністікті жеңілдететін тәсілдерді қалыптастыра алады. Кей жағдайда бұл тәсілдерге "сыйлықтың" нақты және біркелкі белгілері жатады.

Мазмұндылық жоспарға тиісті нәтижемен қоса, қатысушылардың көңіл-күйі көтеріледі.

3 жаттығу:

Қатысушылар шеңбер құрап отырады.

Нұсқау: "Барлығымыз жорыққа шықтық деп елестетейік. Мына жерде (жаттықтырушы шеңбердің ортасын көрсетеді) жорыққа арналған сөмке жатыр, оның ішін жорыққа қажетті заттармен толтыруымыз керек. Әрқайсымыз оның ішіне кезекпен қандай да бір керек затты салайық. Ешқандай сөз айтпай, тек вербалды емес әрекеттер көрсету арқылы жасауымыз керек. Барлығымыз

кімнің сөмкеге не салатынын мұқият қадағалап, қайталамауға тырысуымыз қажет".

Әрбір қатысушы жорыққа арналған сөмкеге қандай да бір зат "салып" болғаннан кейін, жаттықтырушы топқа "Біздің жорыққа арналған сөмкеге не салдың...?", деп топ мүшелерінің әрқайсысының есімін атай сұрайды.

Бұл жаттығуды орындау барысында алынған нәтижелер, мазмұндылық тиімділігі жағынан жоғарыда суреттелген жаттығулармен іспеттес болады.

4 жаттығу:

Топ шеңбер жасап тұрады. Жаттықтырушы шеңберден шығып кетеді де, жаттығуға қатыспайды.

Нұсқау: "Сіз өз ойыңызда қатысушылар арасынан серік таңдаңыз да, серігіңізді ертеңгі күнді өткізуді ұсынатыныңызды шешіңіз. Өзіңіздің ұсыныстарыңыз туралы ақпаратты тек вербалды емес жолдармен жеткізу қажет. Ертеңгі күнді өткізудегі ұсыныстарыңызды менің арнайы белгімен кейін, барлығыңыз бірге бастайсыздар"[4].

Жаттығуды талқылау барысында жаттықтырушы әріптестердің бір-бірін дұрыс түсінуіне, сондай-ақ осы түсіністікке жетуге ненің септігі тиді және не кедергі жасағанына назар аударады. Әдетте, туындайтын ойлар әріптесіне зейін салу мен вербалды емес әрекеттерді көрсету және оларды түсіну үшін пайымдау жасауды қамтамасыз ететін бірдей құралдарды табу қажеттігі төңірегінде топтастырылады. Сонымен бірге, топта нақтылай түсетін қосымша ақпарат немесе оны қайталау қажеттігі туындайды. Жаттығуды орындау нәтижесінде жиналған мәліметтер ақпаратты беру және қабылдау заңдылықтарының мәселесін ашуға мүмкіндік береді. Жаттықтырушы көрініс алған нәтижелерді есіне сақтап, қарым-қатынас процесі барысында ақпарат беру мен қабылдауға жататын нысаналы негіздерді безендіру барысында пайдалана алады.

5 жаттығу:

Нұсқау: "Менің қолымда бірнеше текшелер бар. Онда әртүрлі заттардың, түсініктер мен жағдайлар атаулары жазылған. Мысалы, ұйқы, жарық, суық және т.б.

Мен текшені араларыңызда біреудің арқасына жапсырамын, айталық, Беріктің дейік, бірақ ол текшеде не жазылғанын көре алмайтындай жапысыруым керек. Одан кейін Берік топтың кез-келген бірнеше мүшесінің қасына келеді (өз қалауы бойынша), ол кімнің қасына келсе, сол адам вербалды емес қимылдармен текшеде не жазылғанын көрсетеді. Беріктің міндеті - текшеде не жазылғанын түсіну".

Жаттығу барысында жаттықтырушы қатысушының текшеде не жазылғанын анықтағанға дейін, қатысушыларды жетелейді, одан кейін текшені келесі адамның арқасына жапсырады.

Жаттығу топ мүшелерінің барлығына екі рөлде де ойнауға және ақпарат беру жолдарын іздестіруге вербалды емес көрсетілімдердің себептерін бейнелеп көрсетуде, оларды тура табуды және т.б. жаттығуға мүмкіндік береді.

ҚОСЫМША Е

«Бекітемін»

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
бірінші проректоры




М.Е.Ермағанбетов
«_____» _____ 2015 ж.

Ендіру актісі

Бұл ендіру актісі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты Оразбаева Кульдархан Оналбековнаның «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» зерттеу жұмысы Педагогика және психология институтының «Жалпы жас ерекшелік және әлеуметтік педагогика» кафедрасына қарасты 5В010300 «Педагогика және психология», 5В010200 «Бастауыш оқыту педагогика мен әдістемесі», 5В012300 «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығында 2014-2015 оқу жылдарында білім беру үдерісіне енгізілгендігін және студенттер арасында эксперимент жүргізілгендігін растаймыз.

Абай атындағы ҚазҰПУ
«Педагогика және психология»
институтының директоры
п.ғ.д., профессоры



С.М. Кеңесбаев

«Жалпы жас ерекшелік және
әлеуметтік педагогика»
кафедрасының меңгерушісі
п.ғ.д., профессоры



Р.К. Бекмағанбетова